Бұл қағидалар:

- экономикалық мақсатқа сәйкестілік - ол сол немесе басқа әлеуметтік – экономикалық мәселелерді, инвестиция тапшылығын, ішкі резервтер мен мүмкіндіктерін шектеулігін, шетел инвесторлары қатысуымен болатын инвестициялық жобалар шарттарының тартымдылығын шешуді тығысы қажеттілігінің туындай отырып анықталады:

- әлеуметтік экономикалық тиімділік - кез келген нысанда шетел инвестицияларын тартуды бірден-бір шарты.Бұл қағида: шетел компаниялардың қатысуымен болатын жобаларын жоғары табыстылығы мен пайдалылығы, қарыз бен несие беру шарттарының тиімділігі, жаңа жұмыс орындарын құру мен тұрғын халқын жұмыс бастылығын арттыруды пайымдайды:

- экономикалық-экологиялық қауіпсіздік - егемендік қауіпсіздігінің қағидасы республиканың табиғи байлықтарын айқындықпен пайдалануға, қоршаған ортаны ластауға, елден тысқары капиталды қансыз шығаруға, артта қалған технологиялар мен техниканы қолдануға, отандық тауар өндірушілерді нарықтан бәсекелестікке қарсы тәсілдермен ығыстыруға жол беретін жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік бермеуі тиіс. Бұл қағиданы қолдану ұлттық ресурстарын жекелеген түрлеріне (мысалы, жер) шетел капиталының еркін кіруін шектеу қажет:

- шетел инвестицияларын тарту барысында өзара тиімділік қағидасы. Бірде-бір мемлекет, бірде бір кәсіпкер өзіне пайдасыз болатын серіктестікке кірмейді, республика экономикасын инвестицияламайды

- экономикаға шетел инвестицияларына басымдылықты салу қағидасы. Бұл Қазақстанда жүргізіліп жатқан құрылымдалық пен инвестициялық саясатқа сәйкес оларды ең мәртебелі объектілерге бағыттауды білдіреді. Бұл қағиданың енді бір жағының мәні мынада ел белгілі бір елдердің, олардың компанияларының, фирмаларының инвестицияларына олардың экономикалық жағдайын, әлемдік экономикалық жүйедегі орны, экономиканың нақты сфералары мен салаларындағы жетекші жағдайын және басқа да сипаттамаларын ескере отырып, басымдылықтар беруі тиіс

- Республика үшін маңызды қағида болып, барынша аз коммерциялық тәуекел қағидасы табылады. Оны жүзеге асырудың негізі – осы процесті басқарудың толық құқылы органдарын, кәсіпорындарын жеткілікті хабардарлығын қамтамасыз ету болып табылады

- ең соңында, шетел инвестицияларын тартудың әлемдік тәжірибесін барынша ескеру қағидасы маңызды рөл атқарады. Әрбір елдің өзіне ғана тән көптеген ерекшеліктері бар экономикалық, технологиялық, қаржылық және басқа да потенциалдардың жекелеген аспектілерінің жетілгендігінен немесе қалуымен ерекшеленеді.

Аталған қағидалар инвестиция тартуды басқарудың тәжірибелік негізін құрайды. Оларды тарту елдің экономикасын жалпы алғанда және өтпелі кезенде реформалауда басты сәт болып табылады, әсіресе ол халық шаруашылығын реконструкциялау, құрылымын өзгерту, жапаландыру мақсаттарына қызмет етеді.

Сонымен қатар елде бұл процесті басқару барысында оның дамуының стратегиясын анықтаушы және тартымды күші бар бір қатар глобалды факторларды ескеру қажет. Мұнда ең бірінші, республиканың қуатты потенциалы туралы сөз болуы тиіс. Біздің мемлекетіміз мұнай, газ, көмір мен уран рудаларының әлемдік қорын жетекші иеленушіле-

рінің бірі болып табылады. Осы салаларды дамыту мен оларды басқаруды тиімділігін арттыру мемлекетін ерекше назар аударуын талап етеді. Республиканың жер қойнауынан алынатын минералды шикі заттын потенциалды құндылығы - 8,7 триллион долларға бағаланады. Минералды шикізат кешеніндегі реформалауға сәйкес заңдар, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану мен жер қойнауын қорғауды басқару мен реттеу қағидаларының негізінде жүргізіледі.

Келесі фактор, Қазақстанда ауыл шаруашылық өнімдерін өндірудің қуатты әлеуетінің болуы мен оларды ең алдымен, дәнді дақылдарды Орта Азия нарығына экспорттау мүмкіндіктері болып табылады.

Үшіншіден, Қазақстан дамуының ұзақ мерзіміңді стратегиясының басымдықтарының бірі көлік инфрақұрылымын дамыту болып табылуда. Бұл мұнай құбырларын, магистралды трассалар, темір жолдар, теңіз және өзен терминалдары, әуежайлар құрылысы. Басқаша айтқанда - бұл дамыған байланыс торабын құру.

Төртіншіден, адам ресурстарына капитал салу. Қазақстанның тұрғын халқының білім алу деңгейінің жетіктігі әрқашан оның интеллектуалдық әлеуетінің айрықша белгісі болатын. Бұл фактор республиканың бәсекелестікке қабілеттілігінің импульсивті негізін көрсетеді. Кадр әлеуетін қалыптастыру мен жеке тұлғаны дамытуға бағыттанған инвестициялар ең тиімді инвестициялар болып табылатындығы бұрыннан есептеліп келуде.

Инвестициялық қызметті басқаруда жоғарыда келтірілген қағидаларды тиімді және саналы қолдану, соңдай-ақ, елдіні потенциалды мүмкіндіктерін барынша ескеру, шетелдік және отандық инвестициялар үшін де қолайлы, тартымды атмосфера жасайды.

Шетел инвестицияларын тартудың тарту арналары мен нысандары бар.

Қазақстандағы шетел капиталы 3 арна бойынша түседі:

- экспорттық несиелер: инвестициялық және тауарлық;
- дамуға ресми көмек: қаржылық және техникалық;
- инвестициялар: тікелей және портфельдік.

Кредитор (несие беруші) – елден тауарларды немесе қызметтерді сатып алу шарты бар экспорттық несиелер . Инвестициялық несиелер технологияны, жабдықты және басқаны жеткізіп беру мақсатымен, ал тауарлық несие - дайын тұтыну тауарларын жеткізіп беру шартымен беріледі.

Дамытуға ресми көмек мемлекетке өкімет аралық деңгейде көрсетіледі. Мұнда техникалық көмек дегенде - әр түрлі салаларда қызмет көрсету: оқыту, кенесі беру, жұмысты ұйымдастыру мен оқыту барысында қолданатын жабдық кіреді.

Инвестициялар республика экономикасы шетел капиталының ағымы ретінде түсіндіріледі. Олардың 2 нысаны бар:

- тікелей;
- портфельдік.

Олардың біріншісі, кәсіпкердің өзіне тәуекел ала отырып, республика экономикасына шетел капиталын салуы, ал екіншісі, фиктивті капиталға акциялармен басқа да құнды қағаздарға қаржы қаражат салу.

Алушы ел үшін тікелей инвестициялардың басқа нысандармен салыстырғанда бірталай артықшылықтары бар. Біріншіден, олардың кейбір нысандары алатын жаққа ескірген технологиялармен техника әкелу мүмкіндігіне жол бермейді; екіншіден, олар елдің сыртқы қарызын құру және өсірумен байланысты емес; үшіншіден, олар ең бастысы тауарлармен қызмет көрсетулер өндіруге, өндірісті ұйымдастырумен басқарудың, маркетингтің, ноу-хаудың алдыңғы қатарда әдістеріне бағытталады. Соңында олар республика экономикасының әлемдік интеграциясына халықаралық экономикалық қатынастарын дамуына тікелей ықпалын көрсетеді.

Барлық сфералар мен салаларды қолданатын тікелей инвестициялардың ең таралған нысаны бірлескен кәсіпорындар (БК) болып табылады. Қабылдаушы жақтың табысы өнімнің өз үлесінен, роялтиден (нақты тұрақты төлемдер; марапаттау болып табылады) және шетел серіктесінің табысына салынған құралады.

Тікелей шетел инвестициясының нысанын өнім бөлінісі (Продакшн - ширинг) ат-

қарады. Бұл нысан экспорттық салалармен өзгерістерде кенінен қолданылуы мүмкін, ішкі нарыққа жұмыс істейтін салалармен өндірістерде біршама шектелген бұл тенгенің толық айыр бастылығының жоқтығымен байланысты.

Республикада шетел кәсіпорындарын құру сияқты тікелей инвестициялардың басқа да нысандары бар. Ең алдымен, жекешелендіруге қатысы арқылы әрекеттегі кәсіпорындарды сатып алу немесе жаңаларын салу. Соңдай-ақ, шетел инвестицияларының нысаны кепілдеген ақшалай сыйлық үшін жұмысты жекелеген түрлерін (темір жолдар, өткізгіш құбырлар салу (трубопровод) геологиялық барлау және басқа) шетел мердігерлері жүзеге асыратын, техникалық қызмет көрсетулер туралы келісім, басқару келісім шарттары (өндірісті ағымдық басқару) бола алады.

Бұрын айтылғандай, тікелей инвестицияларды тару үшін тартымды жағдайлар жасау бойынша жедел шаралар республикада қабылдануда, бұл олардың көбеюі үшін шынайы мүмкіндіктер береді.

Қазақстан республикасы Президентінің тұжырымдауынша халқыны жаң басына шаққандағы тікелей шетел инвестицияларын тарту деңгейі бойынша Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің, соңдай-ақ ТМД-ның алғашқы бестілі сенімді түрде кіреді.

Шетел инвестицияларын тартуды басқа нысандары шетел компанияларына республика кәсіпорындарының акцияларын сату; шетел мемлекеттері жеке компаниялар беретін инвестициялық қарыздар мен несиелер бола алады.

Ең бірінші кезекте, шетел инвестицияларының негізгі бағыттары капитал сыйымдылығы жоғары салалар мен өзгерістер, ең бастысы мемлекеттік сектор арқылы экспортқа бейімделген ірі кәсіпорындар болып табылады. Республика экономикасына шетелдік капитал салымдарының негізгі бағыттарының бірі - шағын мен орта кәсіпкерлік сферасы болып табылады. Мұнда салалар инвестициялар басымдылықты объектілерге өндірістер мен аймақтарға бағытталуының тиіс. Бұл басымдықтар республикада ресми түрде белгіленген.

Қазіргі кезеңде тікелей инвестицияның басымдылық маңызы мойындалып келеді.

Тікелей инвестиция әлемдік экономикаға және оның жүрегі халықаралық бизнеске елеулі әсер етеді. Экономикалық көзқарас және фирмалар тарапынан оған мыналар жатады:

- өзі үшін тұрақты нарықты тікелей қамтамасыз ету немесе үшінші ел нарығына шығатын басқыш ретінде қолдануы;

- өзінің «ішкі нарығын» құру, оның кейбір секторлары басқа елдерде орналасуы мүмкін;

- өз мүддесін аймақтық және кең ауқымды халықаралық деңгейде мемлекетаралық қатынастарға енгізу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Инвестиция туралы» ҚР Заңы (Өзгертулер мен түзетулер енгізілген)
2. Назарбаев Н.А. Новое время - новая экономика // Казахстан и современный мир, 2016 г.
3. Теңізбаев Т.Т. Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет // Журнал, 2016.
4. Ілиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С. Қаржы. - Алматы, 2015.
5. Сағындықов Е.Н., Жүнісов Б.А., Байжомартов Y.С., Комяши Б.И. Жалпы экономикалық теория. - Алматы, 2015.
6. Ерғалиев Ж. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында // Жас Алаш, 2017 ж.
7. Сәдуақасов А. Экономикалық дамудың кепілі - инвестициясы // Заң газеті, №2, 2017 ж.
8. http / www.Google.kz.

УДК 316.422.44

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Ысқақ А., Абылайханова Т.А.

Автор туралы мәліметтер. Ысқақ Асқар - С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың «Экономика» мамандығының магистранты, Абылайханова Тана Аблайхановна – экономика ғылымдарының кандидаты, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың аға оқытушысы.

Аннотация. Мақалада инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу механизмдеріне талдау жасалынған. Индустриалды-инновациялық саясаттың негізгі бағыттары берілген.

Түйін сөздер. Инновация, ғылыми-техникалық революция индустриалды-инновациялық даму, экономика, технология.

Сведения об авторах. Ысқақ Асқар - магистрант специальности «Экономика» ВКГУ им. С. Аманжолова, Абылайханова Тана Аблайхановна – кандидат экономических наук, старший преподаватель ВКГУ им. С. Аманжолова

Аннотация. В статье рассмотрены механизмы государственного регулирования инновационной деятельности. Определены основные направления индустриально-инновационной политики государства.

Ключевые слова. Инновация, научно-техническая революция, индустраильно-инновационное развитие, эффективность, экономика, технология.

About the authors. Yskak Askar – graduate student of major “Economics” at EKSU named after S. Amanzholov, Abylaikhanova Tana – Candidate of Economic Science, Senior Professor at EKSU named after S. Amanzholov.

Annotation. The article deals with the mechanisms of state regulation of innovation activity. the main directions of industrial-innovative policy of the state are defined.

Keywords. Innovation, scientific and technical revolution, industrial and innovative development, efficiency, economy, technology.

Елдегі инновациялық қызмет Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» мен «Ғылым туралы» Заңдарымен реттеледі [1]. Инновациялық қызмет саласындағы қолданыстағы заңнаманың кемшілігіне елдің инновациялық - технологиялық дамуы саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруға жауапты орталықтың болмауы және тиісінше мемлекеттік органдар мен институттар, ғылыми-зерттеу ұйымдары мен экономиканың нақты секторлар кәсіпорындары арасындағы бірыңғай инновациялық және үйлестіру стратегиясының болмауы жатады.

Индустриалды-инновациялық қызметті тікелей мемлекеттік реттеу ғылым мен техниканы дамытудың басым бағыттарын таңдау, «мәселелі технологиялар» қатарын анықтау, мемлекеттік бюджеттен жобалардың мақсатты қаржыландырылуы, мемлекеттік емес құрылымдармен жүзеге асырылатын жобалар мен бағдарламаларды қайта қаржыландырылуы, индустриалды - инновациялық қызметтің инфрақұрылымын қалыптастыру және басқа да шаралар негізінде іске асады. Индустриалды-инновациялық қызметті ынталандырудың жанама шаралары фискальдық әдістерді қолдануды, зияткерлік меншікті құру, беру және қорғау саласында нормативтік-құқықтық реттеуді, сондай-ақ, ғылыми білімді коммерциялауға қатысатын құрылымдарға қолайлы жағдай жасауды қамтиды.

Экономиканы мемлекеттік басқарудың жаңа стратегиясының негізгі бағыттарына мыналар кіреді: экономиканың мемлекеттік секторының қалыптасуы және нығаюы; артықшылықты бағыттар бойынша өнеркәсіптің өркендеуін мемлекеттік ынталандыру және индустриалды-инновациялық процессті қолдау; тауарлық, қаржылық және ақпараттық нарықтарды, сыртқы экономикалық процесстерді мемлекеттік реттеу; аймақтық деңгейде мемлекеттік басқару.

Мемлекеттік меншікті басқару, экономиканың мемлекеттік секторын басқарудың құрылымы. Қазіргі кезде негізгі ставканы реформа жылдары сатылуға ұшыраған мемлекеттік меншікті тиімді пайдалану жолымен мемлекеттің әсерін күшейтуге қою ұсынылып отыр. Бірақ одан алынған сомалар ЖІӨ-нің 1 пайыздан аз мөлшерін құрай отырып, мемлекеттік кірістерде шешуші рөл атқармайды. Мемлекеттік меншіктен түскен барлық дивидендтер 400 млрд. теңгені құрады. 2009 жылы дивидендтер түсімі күрт азаяды, оның мөлшері бюджет кірісінің 0,03%-нан аспайды. Осылайша, әлі де аз емес мемлекеттік меншік мемлекетке кіріс әкелмейді.

Индустриалды-инновациялық процесстерді мемлекеттік қолдау. Ғылыми-техникалық революция кезеңіндегі экономиканы мемлекеттік реттеудің тиімділігі көбіне оның индустриалды-инновациялық процеске әсерімен анықталады. Басқарудың орталықтанған жүйесінің негізгі артықшылығы ресурстар және ғылыми кадрлардың стратегиялық индустриалды-инновациялық бағыттарда шоғырлану мүмкіндігі болып табылады. Алдыңғы қатарлы елдер инновациялардың оптималды конвергентті жүйесіне жеткілікті түрде жақын келді. Олардың көпшілігі ғылым мен жаңашылдықтың өндіріске қатысты озық өсуі арқасында дамудың жоғары деңгейіне қол жеткізді. Сонымен қатар, Жапония сияқты елдер тарихтың қиын кезеңдерінің өзінде өндірістің болашақтағы өсуіне маңызы зор екенін ескере отырып, ҒЗТКЖ-ға қаржы бөлуді өсірді. Экономиканың мүшкіл жағдайына қарамай бюджеттік қаржыландырудың статьяларына сәйкес, қаржыландырумен қамтамасыз ете отырып, сол стратегиялық жолғы түсу керек [2].

Тауар, қаржы және ақпарат нарығын мемлекеттік басқару. Нарықтардың мемлекеттік басқарылуы экономиканы мемлекеттік басқарудың неғұрлым дамыған бөлігін құрайды. Нарықтың қай түрі болмасын әрқашан және барлық елдерде болған және мемлекет құрылған кезден бастап басқарылып келген.

Қазіргі кезеңнің шынайылығы нарықтарды басқаратын ақпараттық - қаржылық жаңа институттардың құрылуы мен қаржылық және ақпараттық нарықтардың көлемінің ұлғаюы мен маңыздылығының күрт күшеюі болып табылады. Бұл бағыттағы алдыңғы қатарлы елдерден әлдеқайда артта қалған Ресей жинақталған тәжірибені қолдана алады. Салалар мен кешенді салалар сияқты, соларға сәйкес нарықтар да елдің ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне маңыздылығы деңгейіне байланысты жіктеледі, компанияларындағы потенциалдың аталған нарықты шетел бәсекелестерінен жеңіп алу және сәйкес нақтықта ары қарай бекіту үшін қолданылуы маңыздылығына байланысты да жіктеледі. Жіктеу бағанасындағы алатын орнына байланысты сыртқы экономикалық қызметтің мемлекеттік басқарылуының үгісі таңдалады: шамалы протекционизмнен толық ашықтыққа дейін және тікелей мемлекеттік басқарудың қажетті деңгейі.

Мемлекет ішкі нарықтың 60-70 пайызын бақылайтын 3-4 ғылыми - өндірістік корпорациялардың құрылуына септігін тигізеді. Стратегиялық өмірлік маңызы бар нарықтар үшін бұл мемлекеттік холдинг формасына ие болу керек. Мақсатты түрде бәсекелестікке түсе алатын және өнім сапасын әлемдік деңгейге жеткізе алатын шетел ТҰК-рын кейбір нарық түрлеріне тарту [3].

Аталған нарықты басқаратын мемлекеттік орган (министрлік, мемлекеттік комитет) оған қатысушыларды лицензиялайды және нарықтағы қарым-қатынас ережелерінің орындалуын және нормативтердің орындалуын бақылайды. Стратегиялық маңызы бар немесе өмірлік қамтамасыз етуші нарықта холдинг өнімді сатып алу және тауарлық интервенция жолымен мақсатты бағаны сақтауға бағытталған мемлекеттік саясат жүргізеді. Экспортқа бейімделген жоғары технологиялы салалар үшін мемлекет мемлекеттік холдинг шеңберінде маркетингпен және тауарды сыртқы нарықтарға өткізумен айналысатын арнайы компаниялар құрады.

Тауарлық нарықтың басқарылуы көбінесе қаржы нарығын басқару арқылы анықталады. Сонымен қатар экономиканың өсуінің ең қажет шарты ұлттық валютаның долларға және басқа валюталардың орташа бағамына қатысты тұрақтылығы ғана емес, мемлекет тарапынан оның өзгергіштігін болжау болып табылады.

Алдыңғы қатарлы елдердің қаржы нарығы олардың ішкі нарықтарының жоғары кө-

лемін сақтауда маңызды орын алады, ЖІӨ-нің 50% құрайды. Біздің қор нарығының көлемі, әсіресе, акциялар нарығы қазіргі заманғы өнеркәсіп деңгейіне сай келмейді. Көптеген компанияларда өз акцияларын нарықта жылжыту үшін тәжірибе және қаражат жетіспейді, сондықтан осы кезеңде мемлекет компания активтерін кеңейтуге, олардың акцияларын алғашқы орналастыруда көмектесуі қажет.

Мемлекет экономиканы бақылау және басқаруды қамтамасыз ету үшін ақпараттық нарықтарға бақылау орнату бойынша келесі іс-шараларды жүзеге асыруы керек: негізгі тауар нарықтарын ақпараттық қамтамасыз ету, нарық қатысушыларын лицензиялауды, пайдаланылған ақпаратты сертификациялауды және т.б. қамтамсыз ету.

Аймақтық деңгейде мемлекеттік реттеу. Реттеуді мемлекеттік басқарудың проблемасы аймақтық саясатпен тығыз байланысты. Реформалардың бастапқы кезеңінде республика шегінде аймақтарға максималды дербестік беру көзделді. Бірақ аймақтарға трансферттерге және аймақтық бюджеттерге бақылаусыз иелік ету құқығын беру кейбір аймақтарда қаражатты тиімсіз пайдалануға әкеп соқты. Аймақтарда биліктің шектеу қою әрекеттері республика субъектілерінің қарсылығына ұшырады, олардың бір бөлігі ерекше шарттарға қол жеткізді. Ол сепаратизм және республиканың конфедерацияға айналу қаупін туғызды. Оның алдын алу экономиканы мемлекеттік басқарудың міндеттерінің бірі болып табылады. Бірегей экономикалық кеңістікті нығайту үшін аймақ аралық саудада кездесетін шектеулердің барлығымен күресу керек [4].

Экономиканы мемлекеттік басқару стратегиясын институционалды қамтамасыз ету. Экономиканы мемлекеттік басқарудың жаңа саясатын жүргізу ресми және бейресми институттардың жетілуін болжайды. Басқарудың және реттеудің мемлекеттік стратегиясын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету келесі іс-шараларды қарастырады:

- мемлекеттік компанияның мәртебесін және оған қатысты мемлекеттің құқын «Мемлекеттік компаниялар туралы» заңда анықтау;

- «Экономикадағы мемлекеттік меншік туралы» заңда мемлекет меншігі бар акционерлік қоғамдарға қатысты мемлекеттің ерекше құқықтарын талдау;

- ғылыми ұйымдардың, индустриалды-инновациялық қорлардың, венчурлік фирмалардың, инновация саласындағы мемлекеттік органдардың қызметтерін регламенттеуші индустриалды-инновациялық кодексті жасауды жылдамдату;

Мемлекеттің ақпараттық нарықтағы қызметін, оның нарыққа қатысушыларды лицензиялау, нарықтық ақпаратты сертификациялау құқықтарын регламенттеуші заңдар және мемлекеттік актілер кешені қажет.

Заң шығару базасын, ынталандырудың сенімді жүйесін және ақпараттық технологиялардың, глобалды компьютерлік жүйенің, тиімді байланыстардың дамуының бірінші кезекті міндеттерінің шешілу кепілдіктерін жетілдіру қажет. Экономиканы стратегиялық басқару реформаларының жаңа кезеңін идеологиялық қолдаумен айналысатын арнайы мемлекеттік орган құру қажет.

Нақты нарықты реттеудің минималды қажетті шекаралары ақша айналымын ұйымдастырумен, қоғамдық тауарларды өндірумен және сыртқы әсерлерді жоюмен анықталады. Экономикаға мемлекеттің араласуының максималды мүмкін болатын шекаралары кірістерді қайта бөлумен, жұмысбастылық деңгейін қамтамасыз етумен, монополия және инфляцияға қарсы әрекет етумен, фундаменталды зерттеулерді дамытумен, аймақтық саясатты жүргізумен, әлемдік нарықта ұлттық мүдделерді іске асырумен анықталады [5].

Мемлекет өз қызметтерін экономикалық және әкімшілік әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырады. Олар өзара байланысты және сонымен қатар қарама-қарсы болып табылады. Әкімшілік әдістерді қолдану тиімді, әрі нарықтық механизмге қарсы келмейтін облыстар бар. Мемлекет ұсынатын қоғамдық тауарлар ақшалай нысанда өлшеу мүмкін емес және осыған байланысты нарық өндіре алмайтын ұжымдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған.

Индустриалды-инновациялық қызметтің дамуы негізгі және қолданбалы ғылымның жағдайына және ғылыми-техникалық әзірлемелердің коммерциялық қажеттілігіне тікелей байланысты. Қазақстан индустриясы халық шаруашылығының индустриализация

деңгейін, егеменді ел экономикасының нақтылығы мен перспективасын, қазіргі әлемдік шаруашылықтағы орны мен рөлін ақтайтын басты фактор болып табылады.

Мемлекеттің ғылыми-техникалық прогреске қатынасын сипаттайтын көрсеткіштердің бірі – ғылымды қаржыландыру көлемі болып табылады.

Индустриалды-инновациялық дамудың басымдықтарын таңдаудың әдістемесі және НИОКР мен индустриалды-инновациялық әдістері әрбір елде әртүрлі жүзеге асырылады. Олар экономикалық дамудың ішкі және сыртқы жағдайларына байланысты үнемі өзгерістерге ұшырап отыратын, мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарына сәйкес келуі тиіс.

Индустриалды-инновациялық бағыттағы ғылыми-техникалық қызметті қолдау барлық елдерде нарықтық экономика принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады. Қаржылық көмек көрсету принципі елдің технологиялық дамуындағы олқылықтарды толтыруға бағытталған жұмыстарды қолдау болып табылады. Зерттеулер мен әзірлемелерді қолдау мемлекеттің нарықта қалыптасқан өз фирмаларының арасында қарым-қатынастарды сақтай отырып, тек жалпы қол жетімділік ғылыми-техникалық өнімге субсидия беруді құрайды.

Ғылыми-техникалық зерттеулер мен әзірлемелерді қолдау бойынша тиісті іс-шаралар әртүрлі агенттіктердің, несиелік және инвестициялық мекемелердің қызметімен түрлі мемлекеттік органдар іске асырады.

Дамыған елдерде индустриалды-инновациялық саясатты қалыптастыруға жүйелі бағыттылықты қолдану маңызды болып табылады және әлемдік экономиканың даму қарқындылығының мынадай ерекшеліктерін қамтиды:

- әлемдік индустриалды-инновациялық дамуда сапалы адами капитал үшін бәсекелестік, жоғары білікті персоналдың мобильдігі индустриальды-инновациялық білімнің таралу процесін қамтамасыз етеді;

- индустриалды-инновациялық белсенділікті әрі қарай дамытуда ақпараттық технологияларды пайдалану өзекті болып қалып отыр;

- жаһандану компаниялардың технологиялардың жоғары деңгейінде бәсекелесуіне және сондай-ақ инновацияға мамандандырылуы мен локализацияларға ынталандырады.

Индустриалды-инновациялық саясатты жүйелі бағытпен іске асырған елдер қысқа мерзім ішінде тиімді ұлттық индустриалды-инновациялық жүйе құрды. Ол мемлекеттің, бизнестің, ғылымның өзара қатынас механизмін қамтыды және ЖІӨ-дегі ғылыми сыйымдылық көлемінің өсуіне қол жеткізді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 23 наурыздағы № 135 Заңы // Егемен Қазақстан. – 2006. – 31 наурыз.
2. Алпысбаев С.Н. Жизненный цикл инноваций: рамки теоретического анализа / Саясат. – 2010. – № 3. – С. 49–54.
3. Есентугелов К. Инновационный малый бизнес // АльПари. – 2010. – №6. – С. 15 – 18.
4. Нестеренко А. Современное состояние и основные проблемы институционально-эволюционной теории. // Вопросы экономики. – 2009. - № 3. – С. 42-57.
5. Баймуратов У.Б. Национальная экономическая система. – Алматы: «Ғылым», 2000.

УДК 330.1(574)

БИЗНЕС-ЖОСПАР ЖӘНЕ ОНЫҢ БИЗНЕСТІ ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Мамырбекова Д.С., Сактаева А.А., Нұржан К.

Авторлар туралы мәліметтер. Мамырбекова Динара Самаркановна - бизнес кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан-Американдық еркін университеті. Сактаева Альмира Абешевна - экономика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы С. Аманжолов атындағы ШҚМУ. Нұржан

Керейхан - «Экономика» мамандығының студенті С. Аманжолов атындағы ШҚМУ.

Аннотация. Мақалада бизнес жоспардың мәні маңызы және элементтерімен үдерісі жанжақты қарастырылған. Бизнес жоспар кез келген фирманың даму әлеуетін бағалаудың, жобалаудың негізгі құралы. Осы арқылы кәсіпорындар болашаққа тұрақтылық пен сенімділікті қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер. Бизнес жоспар, бизнесті дамыту, бизнес жоспар элементтері, бизнес жоспарлау үдерісі.

Сведения об авторах. Мамырбекова Динара Самаркановна – старший преподаватель кафедры бизнеса Казахстанско-Американского свободного университета. Сактаева Альмира Абешевна – кандидат экономических наук, старший преподаватель ВКГУ им. С. Аманжоловна. Нұржан Керейхан – студент специальности «Экономика» ВКГУ им. С. Аманжоловна.

Аннотация. В статье подробно рассматриваются суть и элементы бизнес-плана. Бизнес-план является ключевым инструментом для оценки потенциала развития любой фирмы. Благодаря этому предприятия обеспечивают стабильность и надежность в будущем.

Ключевые слова. Бизнес-план, развитие бизнеса, элементы бизнес-плана, процесс бизнес-планирования.

About the authors. Mamyrbekova Dinara – Senior Professor at Business Department in Kazakh American Free University. Saktayeva Almira – Candidate of Economic Science, Senior Professor of EKSU named after S. Amanzholov. Nurzhan Kereikhan – undergraduate student of major “Economics” at EKSU named after S. Amanzholov.

Annotation. The article discusses in detail the essence and elements of the business plan. The business plan is a key tool for assessing the development potential of any firm. Thanks to this, the enterprises provide stability and reliability in the future.

Keywords. Business plan, business development, elements of the business plan, business planning process.

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру үшін негіз фирманың даму әлеуеті бағаланып, жобаланатын бизнес-жоспар болып табылады. Бұл фирманың кәсіпкерлік қызметінің барлық аспектілерін (нарықты зерттеуден персоналды басқаруға дейін) көрсетеді, жұмыстың бағыттары толық негізделеді және ықтимал проблемаларды шешу жолдары айқындалады. Тәжірибе көрсеткендей, нақты мақсаттарда қойылған мақсатты жүзеге асыратын теңгерімді және үнемі жаңартылған бизнес-жоспардың жоқтығы компанияның басқару жүйесіндегі кемшіліктерді көрсетеді және қаржы ресурстарын тарту мүмкіндіктеріне теріс әсер етеді. Қазақстан экономикасының даму тарихы, нақты кәсіпорындардың экономикалық дағдарыс кезінде төтеп беруге қабілетті екендігін көрсетіп, нарықта өз қызметінің ауқымын кеңейту үшін алғышарттар жасайтын көптеген мысалдар бар, олар басқару механизміне жоспарланған қағидаттарды енгізу.

Бизнес-жоспар компанияның даму стратегиясын анықтайтын кешенді құжаттардың бірі болып табылады. Сонымен бірге ол компанияның дамуының жалпы тұжырымдамасына негізделген, стратегияның экономикалық және қаржылық аспектілерін егжей-тегжейлі қарастырады, белгілі бір қызметтің техникалық-экономикалық негіздемесін ұсынады. Бизнес-жоспар тиімді менеджмент пен бизнес-жоспарлау үшін жасалады және кәсіпорынның тиімділігін анықтайтын кәсіпорындарды басқарудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Бизнес-жоспар кез-келген кәсіпорынның жұмысының негізі болып табылады, сонымен бірге мүліктік қауіпсіздікпен бірге инвестицияларды тартудың минималды кепілдіктеріне енгізіледі.

Компанияның бизнес-жоспарын жасау - сәнге деген құрмет емес, инвестордың құмарлығы емес. Инвестор егер сіз сапалы бизнес-жоспарды жасай алмасаңыз, оны шынымен де солай ете алмайтыныңызды анық түсінеді.

Бизнес-жоспар - белгіленген мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін алдын-ала жоспарланған, нақты келісілген, уақытша кәсіпкерлік іс-әрекеттердің іс жүзінде мүмкін болатын жүйесі. Кәсіпкердің өзі бизнес-жоспарды мәміленің жарамдылығы, сенімділігі жә-

не орындылығы туралы дәлелдеме ретінде талап етеді. Бизнес-жоспар ағымдағы және келешектегі кезеңдер үшін компанияның қызметінің үш негізгі бөлігін анықтайды: маркетингтік зерттеу; коммерциялық қызметтің мақсаттары мен міндеттерін негіздеу; экономикалық негіздеменің негізгі бөлімдерін әзірлеу. Бизнес-жоспар кәсіпорынның және жұмыс істейтін ортаны, сондай-ақ оның мақсаттарына қол жеткізе алатын басқару және басқару жүйесін қамтитын сипаттамасы болып табылады.

Ең дұрысы, бизнес-жоспарды жобаға қатысатын адамдар жазуы керек және авторлардың табиғаты мен олардың кәсіпкерлік жобасының (кәсіпорынның) ерекшеліктерін айқындауға тиіс. Жалпы, бизнес-жоспар төмендегілерге ықпал етуі тиіс: кәсіпорынның шаруашылық қызметінің мақсаттарын айқындау; белгіленген мақсаттарға жету үшін стратегия мен тактиканы дамыту; экономикалық қызметтің нәтижелерін өлшеу жүйесін құру; кәсіпорындарды басқару жүйесін құру; кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарын бағалау, сондай-ақ оны дамытудың баламалары.

Бизнес-жоспар кәсіпорынның таяу болашақта да, болашақта да қажет болатын мақсаттары мен міндеттерін сипаттайды. Онда ағымдағы жағдайды бағалау, жобаның күшті және әлсіз жақтары, нарықты талдау және өнім немесе қызмет тұтынушылары туралы ақпарат бар.

Бизнес-жоспарды әзірлеудің өзектілігі: жобаның бәсекеге қабілетті ортада өміршеңдігін анықтауға мүмкіндік береді; нұсқаулық бар, жоба қалай (кәсіпорын) дамуы керек; сыртқы инвесторлардан қаржылық қолдау алудың маңызды құралы болып табылады.

Әлемдік тәжірибе шектеулі ресурстар мен өнімдерді бөлудің үш жолмен тиімді түрде жүзеге асырылуын растайды:

- нарықтық өзін-өзі реттеу негізінде;
- тиісті жоспарлау тетіктері жүйесі;
- нарықтық және жоспарлы принциптерді бір мезгілде қолдану арқылы.

Нарық тұтастай жоспарлаудан басым емес және мүлдем бас тартпайды, бірақ оны бірінші кезекте бастапқы өндірістік байланыстарға - кәсіпорындар мен олардың бірлестіктеріне ауыстырады. Нарықтық ортада тұрақты кәсіпорындар бәсекелестікті жоспарлаудың артықшылықтарын кеңінен қолданады.

«Жоспар немесе нарық» деген келіспеушілік жоқ және «және нарық пен жоспар» интегративтік формуласы өз мәні бойынша кәсіпкерлердің жеке мүдделерін, сондай-ақ жалпы аймақтық және мемлекеттік тапсырмаларды толығымен қанағаттандырады.

Бизнес-жоспарлау мүмкіндігі:

- мақсаттарға қол жеткізу жолдары мен құралдарын анықтау;
- компанияның бәсекелестік артықшылықтарын барынша пайдалануға;
- қате әрекеттерге жол бермеу;
- экономиканың, технологияның және технологияның жаңа үрдістерін қадағалау және оларды өз қызметінде пайдалану;
- жобаның негізділігін, сенімділігін және орындылығын дәлелдеу және көрсету;
- компанияның әлсіз тұстарының әсерін азайту;
- капиталдың және ақшаның қажеттілігін анықтайды;
- тәуекелдердің әр түрлі түрлеріне қарсы қорғаныс шараларын уақтылы қабылдау;
- өз қызметінде инновацияларды толыққанды пайдалану;
- кәсіпорынның өндірістік және коммерциялық қызметінің нәтижелерін бағалаудың мақсаты;
- кәсіпорынның даму бағытының экономикалық негізділігін (жобаның стратегиясы) негіздеу [1].

Ең жалпы жағдайда, жоспар - бұл нәрсенің бейнесі, қалаған болашақтың үлгісі немесе белгіленген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған шаралар жүйесі. Қазіргі уақытта жоспарлардың ең көп таралған түрлерінің бірі ретінде бизнес-жоспар болып табылады:

- өз жұмысын ұйымдастыру үшін кәсіпкердің жұмыс құралы;
- шығыстар мен кірістерді бағалауды көздейтін, бизнес-жобаны іске асыруға арнал-

ған кеңейтілген бағдарлама (рационалды түрде ұйымдастырылған шаралар, іс-әрекеттер);

- кәсіпорын қызметінің дамуының негізгі аспектілерін сипаттайтын құжат;
- белгілі бір нарықтағы бизнестің белгілі бір бағытын зерттеу және негіздеу;
- бизнес-жоспарлау функциялары мен принциптері.

1-сурет. Бизнес-жоспардың мақсаты және оның негізгі элементтері [2]

Басқарудың қажетті элементі ретінде бизнес-жоспарлау кәсіпкерлік қызмет жүйесінде бірқатар маңызды функцияларды орындайды, олардың ішінде ең маңыздысы:

- бастама - жоспарланған іс-шараларды, жобаларды және мәмілелерді жандандыру, ынталандыру және ынталандыру;
- болжау - факторлардың жиынтығын талдау мен есепке алу процесінде фирманың қалаған күйін болжау және негіздеу;
- оңтайландыру - белгілі бір әлеуметтік-экономикалық ортада кәсіпорынның дамуына рұқсат етілген және ең жақсы нұсқасын таңдауды қамтамасыз ету;
- үйлестіру және интеграция - компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерінің ортақ жалпы нәтижеге бағдарланған өзара байланысын және өзара байланысын ескере отырып;
- қауіпсіздік менеджменті - жағымсыз салдарларды азайту немесе болдырмау үшін алдын-алу шараларын уақтылы қабылдау үшін ықтимал қауіптер туралы ақпарат беру;
- оңтайландыру - сәтті жұмыс және жауапкершілік үшін жалпы ортақ тәртіпті құру;
- бақылау - жоспарды іске асыруды жылдам бақылауға, қателерді және ықтимал түзетулерді анықтауға;
- тәрбиелеу және оқыту - қызметкердің мінез-құлқы туралы ұтымды жоспарланған іс-әрекеттердің мысалдарына және олардың қателіктеріне де оқыту мүмкіндігіне қолайлы әсер етуі;
- құжаттама - іс-әрекеттерді деректі түрде көрсету, бұл компанияның басшыларының сәтсіз немесе қате әрекеттерінің дәлелі болуы мүмкін [3].



2-сурет. Бизнесті жоспарлау процесі [4]

Экономикалық ниеттің пайда болуынан оның қатысушыларының пайда алуына және бөлінуіне дейінгі бизнесті жоспарлау процесі осы 2 суретте келтірілген.

Бизнес-жоспардың дамуы келесі кезеңдерді қамтиды:

- Жобаның идеясын негіздеу. Жобаның негізгі сипаттамалары. Жобаның мақсаттары және оның негізгі стратегиясы.
- Нарық туралы ақпаратты жинау және талдау. Маркетинг және өнімді сату.
- Өнім туралы ақпаратты жинау және талдау. Өнімнің сипаттамасы және олардың құрылымы, кәсіпорынның әлеуеті.
- Кәсіпорынның жағдайы мен мүмкіндіктерін талдау және саланың келешегі. Кәсіпорын сипаттамасы.
- Жобаға қолайлы ұлттық, салалық және дайындық факторлары.
- Экономикалық, өндірістік, қаржылық, әлеуметтік саясаттың контурлары.
- Аумақтарды, жабдықтарды, персоналды және басқа да ресурстарды қамтамасыз етудің қажеттілігі мен тәсілдерін анықтау. Өндірістік жоспар.
- Қажетті капитал мен қаржыландыру көздерін есептеу. Қаржылық жоспар.
- Жобаның бағыты мен ауқымын анықтау, тиімділікті есептеу. Жобаның бағыттары мен тиімділігі.
- Материалдарды іріктеу және қосымшалар жасау [5].

Бизнес-жоспар фирманың қызмет бағыттарының нақты бағыттарын анықтауға, сонымен қатар мақсатты нарықтарға және осы нарықтардағы фирманың орнын анықтауға көмектеседі, бизнес-жоспар ұйымның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарын, сондай-ақ стратегияны іске асыру үшін жауапты тұлғалармен қамтамасыз ету стратегиясын және тактикасын белгілейді, ұйымнан тұтынушыларға ұсынылатын тауарлар жазылып көрсетіледі.

Бизнес-жоспардағы ең маңызды нәрсе - нарықтың осы немесе басқа сегментінде сіздің мүмкіндіктеріңізді талдай білу. Менеджер компанияның әлеуетін қалай анықтауға және бағалауға болатынын білуі керек.

Бизнесті жоспарлаудың басты артықшылығы - компанияны дамыту перспективасын көрсететін дұрыс және сауатты бизнес-жоспары болып табылады, ол сатып алынған бизнесті инвестициялауға немесе жұмсамауға қатысты барлық сұрақтарға жауап бере алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сергеев И.В., Шипицын А.В. Оперативное финансовое планирование на предприятии. - М.: «Финансы и статистика», 2002.
2. Финансовый менеджмент / Под ред. проф. Е.И. Шохина. – М., 2003.
3. Деловое планирование (Методы. Организация. Современная практика). Учеб. пособ. / Под ред. В.М. Попова. – М.: «Финансы и статистика», 2006.
4. Букаяков М.И. Внутрифирменное планирование. Учебник. – М.: «Инфра-М», 2000.
5. Алексеева М.М. Планирование деятельности фирмы. - М., 2005.

УДК 332.12

ШАРУАШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУЫ

Рахимов А.Б., Ашимова А.С.

Авторлар туралы мәліметтер. Rakhimov Azat – undergraduate student of major “Finance” at Kazakh American Free University. Ashimova Altynai – master of Economic Science, Senior Professor at Kazakh American Free University.

Аннотация. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы - бірыңғай қаржы жүйесінің құрамды бөлігі және айырықша сферасы болып табылады, оның орталықтандырылмаған бөлігін құрайды, материалдық және материалдық емес игіліктер жасалатын және елдің қаржы ресурстарының негізгі бөлігі қалыптасатын қоғамдық өндірістің басты буынына қызмет көрсетеді. Елдегі ақша қатынастарының аса маңызды сферасын, атап айтқанда, жасалатын қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және ұлттық байлықты - халықтың қажеттіліктерін, өндірістік емес сфераның материалдық шығындарын қамтамасыз етудің көздерін алғашқы бөлуді қамтитындықтан бұл буынның қаржысы қаржылардың негізгі, бастапқы бөлігі болып табылады.

Түйін сөздер. Кәсіпорын; өндіріс; толық серіктестік; Сенім серіктестігі; Жауапкершілігі шектеулі серіктестік; Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік; Акционерлік қоғам.

Сведения об авторах. Рахимов Азат Бауыржанович – студент специальности «Финансы» Казахстанско-Американского свободного университета. Ашимова Алтынай Сериковна – магистр экономических наук, старший преподаватель Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. Фонды субъектов хозяйствования являются неотъемлемой частью единой финансовой системы, которая представляет собой децентрализованную часть, служит основным направлением общественного производства, где создаются материальные и нематериальные выгоды и формируется основная часть финансовых ресурсов страны. Фонды этого поколения являются основным источником финансирования, поскольку наиболее важной сферой денежных отношений в стране, в частности, является первичное распределение общественных благ, национального дохода и национального богатства - потребностей населения, материальных затрат непроизводственной сферы.

Ключевые слова. Предприятие; производство; полное товарищество; коммандитное товарищество; товарищество с ограниченной ответственностью; товарищество с дополнительной ответственностью; акционерное общество.

About the authors. Rakhimov Azat – undergraduate student of major “Finance” at Kazakh American Free University. Ashimova Altynai – master of Economic Science, Senior Professor at Kazakh American Free University.

Annotation. Funds of economic entities are an integral part of a single financial system, which is a decentralized part, is the main direction of social production, where tangible and intangible benefits are

created and the main part of the country's financial resources is formed. Funds of this generation are the main source of funding, since the most important area of monetary relations in the country, in particular, is the primary distribution of public goods, national income and national wealth - the needs of the population, material costs in the non-production sphere.

Keywords. Company; Production; General partnership; limited partnership; limited liability partnership; partnership with additional liability; Joint-Stock Company.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкін жалға бергенде айрықшалықты төлем – жалға берілген мүлік құнының амортизациялық аударымдарын, жалға беру мерзімінің өтуіне қарай объектілерді жөндеу үшін жалдаушының жалға берушіге беретін қаражаттарын, жалға алынған мүлікті қоғамдық қажетті пайдаланудан түсетін пайданың (табыстың) бір бөлігін (жалгерлік пайызды) кіріктіретін жалгерлік ақы қолданылады.

Өндірістің бастапқы қорларының қалыптасуына сәйкес шаруашылық қызметтің мынадай қаржылық нәтижелері бөлінеді және пайдаланылады: жалпы табыс, пайыздық табыс, дивидендтер, үлестік табыстар, бюджеттің (бюджеттік кредиттердің) және бюджеттен тыс қорлардың шығыстарын өтеу.

Үлестік жарна негізінде жұмыс істейтін кәсіпорындардың - шаруашылық серіктестіктерінің, кооперативтердің, бірлескен кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастыру мұндай кәсіпорындар қаржысының қалыптасу және алынған табыстарды әрбір қатысушының мүліктегі үлесіне сәйкес кейінгі бөлудің ерекшеліктерімен анықталады. Мұндай кәсіпорындардың құрылтайшылары мен қатысушылары өздерінің салымдарын ақша қаражаттары, мүліктің әр түрлі түрлері (үймереттің, ғимараттың, жабдықтың және басқаларының), мүлікті құқықтар (жерді, табиғи ресурстарды, мүлікті, зияткерлік (интеллектуалдық) меншікті пайдалану құқықтары) түрінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" заң күші бар жарлығына сәйкес шаруашылық серіктестігі - жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдарына (үлесіне) бөлінген, өз қызметінің негізгі мақсаты пайда түсіру деп есептелетін және заңды тұлға болып табылатын коммерциялық ұйым. Шаруашылық серіктестіктің мынадай нысандары белгіленген:

1) толық серіктестік;
2) сенім серіктестігі;
3) жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
4) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;
5) акционерлік қоғам.

Толық серіктестіктің пайдасы мен залалдары қатысушылар арасында, егер құрылтайшылардың шартында немесе қатысушылардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, олардың серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесінің мөлшеріне бара - бар бөлінеді; сенім серіктестігі мен жауапкершілігі шектеулі серіктестікте де осылай бөлінеді.

Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражаттарды тарту мақсатымен акциялар шығаратын заңи тұлға акционерлік қоғам деп танылады.

Қаржы қатынастарының акционерлік қоғамға сәйкес белгілі бір ерекшеліктері акцияларды өндірістік және коммерциялық қажеттіліктерді қаржыландыру ретінде қолданғанда көрінеді. Бұған акционерлік қоғамдар қызметінің ұйымдық нысандарының әр алуандығы (халықтық акционерлік қоғам) мүмкіндік туғызады. Қаржыны ұйымдастыруға акциялар категорияларының (кәсіпорынның акциялары, еңбек ұжымының акциялары, акционерлік қоғамдардың акциялары), олардың түрлерінің (артықшылықты, жай акциялар) әр алуандығы әсер етеді.

Акционерлік қоғамның баланстық таза табысы заңнамамен қарастырылған тәртіппен анықталады. Таза табыс (салықтарды төлегеннен кейін) қоғамның қарамағында қалады және акционерлердің арасында дивидендтер түрінде бөлінеді, резервтерге, өндірісті дамытуға немесе қоғам жиналысының шешімімен қарастырылған өзге мақсаттарға ауда-

рылады.

Меншіктің акционерлік нысаны экономикалық жағынан дамыған елдерде тиімді жұмыс істеуде және дүниежүзілік практикада көпшілікке танылған нысан болып табылады. Ол ұсақ меншік иелерінің көпшілігін - акция ұстаушыларды қазіргі кезеңде кәсіпорындардың немесе салалардың қаражаттарын неғұрлым тиімді қалыптастыруға қатысуға араластырады (тартады), қаржы ресурстарының қызметтің аса басымырақ сфераларына қайта құйылығына мүмкіндік жасайды. Акционерлік нысанның құндылығына қаражаттардың жеке иелері үшін, тіпті жеке қаржы институттары үшін қиын болатын жеткілікті ірі кәсіпорындарды құру мүмкіндігі жатады. Акционерлік кәсіпорынның көлемі тек оның нарықтық сұранымның ауқымымен, басқарушылықпен, рыноктың даму перспективаларымен ғана сәйкестенеді.

Экономикада едәуір орынды мемлекеттік сектор алады. Бұл секторда кәсіпорындардың мынадай түрлері жұмыс істейді:

1) шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорындар; бұл құқық мүлікті мемлекеттен меншік иесі ретінде алған және осы мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын заңнамада белгіленген шекте жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы болып табылады;

2) жедел басқару құқығына негізделген (қазыналық кәсіпорын) кәсіпорындар. Бұл құқық қазыналық кәсіпорынның меншік иесінен алған және өз қызметінің мақсатына, меншік иесінің тапсырмалары мен мүліктің мақсатына сәйкес заңнамалық актілерде белгіленген шекте сол мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын заттық құқық болып табылады.

Мемлекеттік меншіктің түріне қарай кәсіпорындар:

1) республика меншігіндегі кәсіпорындар - республикалық мемлекеттік кәсіпорындар;

2) коммуналдық меншіктегі кәсіпорындар - коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар болып бөлінеді;

Басқа мемлекеттік кәсіпорын құрған мемлекеттік кәсіпорын еншілес мемлекеттік кәсіпорын болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорын үшін мемлекеттің тапсырмасын орындау міндетті болып табылады. Мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің негізгі міндет-мақсаты (арналығы) қоғам мен мемлекеттің қажетіне қарай айқындалатын мынадай әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу болып табылады, олар:

1) мемлекеттің қорғаныс қабілетін материалдық жағынан қамтамасыз ету және қоғам мүддесін қорғау;

2) экономиканың жеке меншік секторы қамтыған немесе жеткіліксіз қамтылған қоғамдық өндірістің сфералары мен салаларында бірінші қажеттіктегі тауарларды өндіру (жұмыстар атқару, қызметтер көрсету);

3) мемлекеттік монополияға жатқызылған немесе мемлекеттің функциясы болып табылатын сфералардағы қызметті жүзеге асыру. Кәсіпорынға қатысты уәкілді орган меншік иесінің және мемлекеттік басқару органдарының басқару функцияларын орындайды.

Меншік иесі кәсіпорынды құру, оның қызметінің предметі мен мақсаттары, қайта ұйымдастыру және тарату, мүліктің сақталуын бақылау мәселелерін шешеді. Меншік иесінің кәсіпорын мүлкін пайдаланудан түскен таза табыстың бір бөлігін алуға құқығы бар.

Меншік иесіне аударуға жататын таза табыстың үлесі уәкілді органның Қаржы министрлігімен келісілген пайданы бөлудің жыл сайын анықталатын таза табысты бөлу нормативінде белгіленеді.

Мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін негізгі құрал-жабдықтар мен айналым қаражаттары, сондай-ақ кәсіпорынның дербес балансында көрсетілген құндылықтар құрайды. Мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлікті (ақшалай табыстарды қоса), заңдармен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметтің сан алуан сферасында құрылып, іс-әрекет етуі мүмкін.

Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (атқарылатын жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің) бағалары кәсіпорынның оларды өндіруге кеткен шығындарды толық өтеуге, оның қызметін шығынсыз етуге өз кіріс есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттік тапсырысты орындау есебіне кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын уәкілді органның келісуі бойынша жоғарыда айтылған талаптарды ескере отырып белгілейді.

Кәсіпорын мемлекеттік тапсырыстан тыс өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағасын өзі дербес белгілейді.

Кәсіпорын өз қызметінен алған меншікті табыстар есебінен ұсталады. Мемлекеттік кәсіпорынға қаражат заңнамада көзделген тәртіппен беріледі.

Кәсіпорын иесіне аударылуға тиіс табыстың (пайданың) үлесі жыл сайын уәкілді орган Қаржы министрлігінің (тиісінше - оның жергілікті органдарымен) келісімі бойынша белгіленетін пайданы бөлудің нормативінде көрсетіледі және тиісті бюджеттердің кірісіне аударылады.

Жедел басқару құқығындағы мемлекеттік мүлікке ие кәсіпорын қазыналық болып табылады.

Қазыналық кәсіпорындар заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) төтенше және авариялық жағдайларда кен - құтқару және өзге де арнаулы жұмыстарды орындау, өрттен, су тасқынынан және басқа сұрапыл апаттардан қорғау;

2) заңнамада қаржыландырудың арнайы тәртібі белгіленген мемлекеттік автомобиль жолдарының және басқа инфрақұрылым объектілерінің жүйесін ұстау мен дамыту;

3) пошта байланысы мен телекоммуникация, жалпы республикалық және халықаралық байланыс желісін пайдалану саласындағы қызмет;

4) топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізу;

5) денсаулық сақтау, табиғатты қорғау, білім беру, әлеуметтік қорғау, ғылым және мәдениет сферасында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін құрыла алады. Қазыналық кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (атқаратын жұмыстардың, көрсететін қызметтердің) бағаларын уәкілді орган белгілейді. Қазыналық кәсіпорындардың қызметі уәкілді орган бекітетін смета бойынша өз табысының есебінен қаржыландырылады. Кәсіпорынның меншікті табыстары оның шығындарын жабуға жеткіліксіз болған жағдайда қажетті жетпеген қаражаттар тиісті бюджеттен бөлінеді.

Қазыналық кәсіпорынның сметадан тыс алған табыстары тиісті бюджетке аударылуға жатады.

Еншілес кәсіпорын - өз мүңкінің есебінен басқа мемлекеттік кәсіпорын құрған заңи тұлға. Еншілес кәсіпорындар құру құқығын шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындар ғана пайдалана алады.

Еншілес кәсіпорындар негізгі кәсіпорынды, соның ішінде монополияға қарсы заң талабы күшіндегі кәсіпорынды ықшамдау, негізгі кәсіпорынның филиалдарын дербес заңи тұлға етіп қайта құру, негізгі өндірістің тиімділігін арттыру үшін қосымша және мамандандырылған өндіріс құру, негізгі өндірісті оған тән емес қызмет пен функция түрлерінен босату мақсатында құрылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүргізудің тиімді ұйымдық-құқықтық нысандарының бірі шетелдік фирмалар қатысқан бірлескен кәсіпорындар болып табылады. Бірлескен кәсіпорындардың мүлкі шартта анықталған мөлшерде қатысушылардың салымдары (жарналары) есебінен құрылады. Бірлескен кәсіпорындар заңнамамен белгіленген салықтарды төлейді, бірлескен кәсіпорын жойылғанда оның резервтік капиталының пайдаланылмаған сомасына қолданыстағы мөлшерлемелер бойынша салық салынады. Республикада шетелдік фирмалар қатысқан бірлескен кәсіпорындарды құрудың және олардың іс-әрекет етуінің тәртібі заңнамамен белгіленген. Кәсіпорын капиталындағы үлес уағдаластық бойынша анықталады. Әріптестерге қажетті кепілдіктер, соның ішінде олардың салықтарды төө-

легеннен кейін қалған табысының (пайдасының) бір бөлігін валюта түрінде шет жаққа аударуға, ұлғаймалы өндіріске жұмсағымға салу мүмкіндігіне, басқаруға қатысуға, республика аумағында олардың меншігін құқықтық қорғауға кепілдіктер беріледі.

Экономиканың кооперативтік секторы бірыңғай ұлттық шаруашылық кешені буындарының бірі болып табылады. Нарықтық қатынастардың қалыптасу барысында меншік нысандарының дамуы қызметтің жаңа сфераларында шаруашылықты жүргізудің бұл демократиялық нысанының қайта дамуына және дәстүрлі салаларда оның кеңеюіне кең жол ашты.

Қазіргі кезде кооперация жүйесінде кооперативтердің екі негізгі тұрпаты - өндірістік және тұтыну кооперативтері жұмыс істейді.

"Өндірістік кооператив туралы" заңда өндірістік кооператив азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізде, олардың жеке еңбегімен қатысуына және мүшелерінің мүліктік салымдарын (үлестерін) біріктіруіне негізделген ерікті бірлестігі делінген. Өндірістік кооперативтер тауарлар, өнімдер өндіріп, жұмыс атқарады, шаруашылық жүргізуші субъектілерге және халыққа қызмет көрсетеді.

Өндірістік кооператив коммерциялық ұйым және заңи тұлға болып табылады. Ол жеке кәсіпкерлік үшін заңнамалық актілермен тиым салынбаған кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрін жүзеге асыруға құқығы бар.

Өндірістік кооператив мүлкін жарғы салымдары, оның қызметінен алынған табыстар, заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздер құрайды.

Кооператив жыл сайынғы пайдасынан аударымдар жасаудың есебінен резервтік капитал құра алады, ол кооперативтің несие берушілер алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге және көзделмеген шығыстарды өтеуге арналады.

Өндірістік кооперативтің пайдасы жыл қорытындысы бойынша анықталады. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін қалған пайда кооперативтің толық қарамағында қалады және оның мүшелерінің жалпы жиналысы мен кооперативтің құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға бөлінеді.

Тұтыну кооперативі сауда-саттық және тұрмыстық қызмет көрсету арқылы өзінің мүшелерін және басқа азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандырып отырады.

Қазақстан Республикасының заңына сәйкес селолық тұтыну кооперативі мүшелік негізде оның мүшелерінің (пайшыларының) материалдық және өзге де қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (үлестік) жарналарын біріктіру жолымен жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі деп танылады.

Заңи тұлға да селолық тұтыну кооперативіне мүше бола алады.

Селолық тұтыну кооперативтері коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және кәсіпкерлік қызметпен өздерінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндей дәрежеде ғана айналыса алады.

Селолық тұтыну кооперативтері сауда, дайындау, өткізу, өңдеу, қызмет көрсету, жабдықтау қызметін және заңнамаларда тиым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру үшін "мүліктік (үлестік) жарналар есебінен құрылады.

Пәтерлер иелерінің тұтыну кооперативтері - ПИК өзгеше ұйымдық-құқықтық түр болып табылады, олар тұрғын үй қорын ұстаумен, оған қызмет көрсетумен және пайдаланумен байланысты болатын өзара қатынастарды реттеп отыруы тиіс.

Бұл буынның қаржысын басқаруды министрліктердің, ведомстволардың, концерндердің, ассоциациялардың, қоғамдардың, серіктестіктердің қаржы департаменті (басқармалары) мен бөлімдері, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы бөлімдері мен қаржы службалары жүзеге асырады.

Қоғамдық ұйымдардың қаржысын осы ұйымдардың қаржы бөлімдері мен топтары басқарады.

Министрліктер мен басқа жоғарғы органдардың қаржы басқармаларының аппараты жиынтық қаржыны болжау (жоспарлау), кірістер мен шығыстардың жиынтық балансын бақылау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады, ведомствоға қарасты кәсіпорындардың қаржы бөлімдерінің жұмысын үйлестіреді.

Қаржы жүйесінің бұл буынында нарық жағдайында басқару қаржы менеджменті деп аталады және кәсіпорындар мен ұйымдардың кәсіпкерлік қызметі арқылы және соның шеңберінде әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудың нысаны болып табылады. Қаржы менеджментінің мәні тиісті службалар тарапынан қосымша қаржы ресурстарын ең тиімді етіп тартуға, оларды неғұрлым ұтымды етіп жұмсауға, қаржы рыногында бағалы қағаздарды сатып алып, қайтып сатып пайдалы операциялар жасауға мүмкіндік беретіндей етіп қаржыны басқаруды ұйымдастыру.

Кәсіпорындарда қаржы менеджментінің объектілері мыналар болып табылады: жылжымайтын және жылжымалы мүлік, мүліктік құқықтар. жұмыстар және қызметтер, ақпарат, зияткерлік (интеллектуалдық) қызметтің нәтижелері, материалдық емес игіліктер.

Қаржы менеджменті уәждемелерге - адамдардың немесе ұжымдардың қажеттіліктері мен тиісті қылықтарын анықтайтын мақсаттарды іске асыру жөніндегі қызметке негізделеді. Уәждеме іскерлік белсенділікті, еңбек өнімділігі мен сапасын ынталандыру процесінде көрінеді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы бөлімдері (службалары) кредит және есеп айырысу операцияларының (акциялардың, вексельдердің, факторингтің және басқалардың) жаңа нысандарын пайдалана отырып, оперативті қаржылық жоспарлауды, қаржы ресурстарымен оңтайландыруды жүзеге асырады.

Шаруашылық жүргізуші субъектісінің қаржысын басқару

Шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржы бөлімі					
Жоспарлау-экономикалық бюросы		Банк және кассалық операциялар бюросы		Есеп айырысу бюросы	
ТОПТАР					
Қаржылық-кредиттік жоспарлау	Оперативтік-жоспарлау және бақылау	Экономикалық талдау	Сатып алушылармен есеп айырысу бюросы	Жеткізушілермен есеп айырысу	Кінәраттаған тобы

Сурет 1. Шаруашылық жүргізуші субъектісінің қаржысын басқару

Шаруашылық серіктестіктерінде қаржыны басқаруда басқа функциялармен қатар, жоғарғы органдар - олардың қатысушыларының жалпы жиналысы (өкілдіктердің жалпы жиналысы), акционерлік қоғамдарда - акционерлердің жалпы жиналысы үйлестіріп отырады. Атқарушы орган - басқарма өзінің лауазымды адамдарының, соның ішінде қаржыны басқару жөніндегі лауазымды адамдардың құрамына мыналарды қосады: қаржы жөніндегі вице-президентті (басқарушының орынбасарын); ол серіктестіктің (қоғамның) тиісті бөлімшесіне - қаржы бөліміне, топқа, секторға жетекшілік етеді немесе оның бағынышындағы жеке қызметкерлер - шаруашылық жүргізуші субъектісінің қаржылық қызметінің бағыттары жөніндегі қаржы менеджерлері жұмыс істейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау: оқу құралы. – Алматы, 2001.
2. Лисицина Н.А. Экономика, организация и планирование промышленного производства. - Минск: «Высшейшая школа», 1999.
3. Әбдікерімова Г.И. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы. - Алматы, 2007.
4. Экономика предприятия / Рос. эконом. акад. им. Г.В. Плеханова. – М, 2008.
5. Қазақстандағы өндіріс тиімділігін арттыруда материалдық ынталандыру жүйесін дамытудың бағыттары // Қаржы – Қаражат журналы. – Астана, 2006, №3-4.

УДК 336.71

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАНК СЕКТОРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Нұрсапарова Н.Е.

Автор туралы мәліметтер. Нұрсапарова Назерке Ерболқызы – Қазақстан-Американдық еркін университетінің «Қаржы» мамандығының студенті.

Аннотация. Белгілі бір уақыт кезеңінде әлем экономикасында, әсіресе қаржы саласында белгілі бір мәселелер туындап отырады. Алайда сарапшылардың біреуі де қазіргі таңға дейін айыға алмай отырған әлемдік экономикалық дағдарысты болжаған емес. 2006 жылы американдық ипотека саласында мәселелер туындай бастады. Оның алғашқы көрінісі тұрғын несиелерін жаппай қайтармаудан басталды. Америкада осының салдарынан ипотекалық сектордың жойылуына әкелсе, әлемде ақша ағымдарының ликвидтілігіндегі дағдарысқа да әкелді. Берілген мақалада еліміздің банк секторының мәселелері сипатталған.

Түйін сөздер. Банк, банк секторы, қаржы дағдарысы, ипотека, валюта, қаржы және несие, корпорациялар, холдингтер.

Сведения об авторе. Нұрсапарова Назерке Ерболқызы – студентка специальности «Финансы» Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. В определенный период времени в мировой экономике, особенно в финансовой системе, случаются определенные проблемы. Но никто из экспертов этой области не мог предсказать таких масштабов проблем и тем более всемирного финансового кризиса, который до сих пор еще переживает мир. С 2006 года начались трудности в американской ипотеке. В США первые признаки ипотечного кризиса возникли с увеличением объемов жилищного не возврата кредитов. В Америке это привело к гибели ипотечного сектора, а это, в свою очередь, вызвало кризис ликвидности мировых денежных потоков. В данной статье описываются проблемы банковского сектора нашей страны.

Ключевые слова. Банк, банковский сектор, финансовый кризис, ипотека, валюта, финансы и кредит, корпорации, холдинги.

About the author. Nursaparova Nazerke - undergraduate student of major “Finace” at Kazakh American Free University.

Annotation. In a certain period of time in the global economy, especially in the financial system, certain problems occur. But none of the experts in this field could predict the magnitude of the problems and the more so the global financial crisis that the world is still experiencing. Since 2006, difficulties began in the US mortgage. In the US, the first signs of a mortgage crisis arose with an increase in the volume of housing non-repayment of loans. In America, this led to the death of the mortgage sector, and this, in turn, caused a crisis of liquidity in global cash flows. This article describes the problems of the banking sector in our country.

Keywords. Bank, banking sector, financial crisis, mortgage, currency, finance and credit, corporations, holdings.

2007 жылы АҚШ-тан басталған қаржы дағдарысы Еуродақ, Оңтүстік - Шығыс Азия елдерінің қаржы нарығын тұралатып тастады. Дағдарыс, әсіресе, көптеген елдердің банк секторы мен қор нарығына мықтап соққы болып тиді. Банк активтерінің, жылжымайтын мүлік құнының төмендеуі барлық елдерде дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар кешенін қабылдауды талап етуде. Жаһандық қаржы жүйесімен тығыз байланысты болғандықтан бұл дағдарыс Қазақстанды да айналып өте алмады.

Бүкіләлемдік дағдарыс 2007 жылы тамыз айында АҚШ-та бастау алды. Басты себебі ретінде – ипотекалық несиелеуді айтады. Инвесторлардың жауапкерсіз қылығы, яғни ипотека және бағалы қағаздар арқылы жоғары табысқа жету мақсатында өздеріне үлкен мөлшерде несиелік қарыздарды алуы, несиелік кепілдің төмен сапалы болуы - әлемдік дағдарыстың себебі болды және әлемдік экономика үшін еш жақсылығы болмайтыны түсінікті.

Әлемдік экономикадағы, әсіресе қаржылық жүйедегі мәселенің ушығуы көптен бе-

рі күтіліп келген болатын. Бірақ, мұндай масштабқа дейін жетіп, бүкіләлемдік дағдарысқа айналуы болжанбаған еді. 2006 жылдан бері американдық ипотекада қиындықтар басталды. АҚШ-тағы ипотекалық дағдарысының алғашқы белгілері – тұрғын үй несиелерінің қайтарылмау көлемінің ұлғаюы болды. Бұл Американдағы ипотекалық сектордың күйреуіне әкелді, ал бұл өз алдына өтімділіктің әлемдік дағдарысын тудырды.

АҚШ-тағы ипотекалық дағдарыс салдары әлемдік нарыққа және экономикаға, соның ішінде халықаралық нарыққа терең интеграцияланған біздің елімізге де теріс әсерін тигізбей қоймады. Қаржылық дағдарыстың алғашқы толқынымен Қазақстан 2007 жылдың күзінде беттесті.

Еліміздің экономикасы АҚШ-та басталған ипотекалық дағдарыс салдарынан 2007 жылдың соңында-ақ (“бірінші толқын”) қиыншылықтарға душар бола бастады. Әлемдік қаржы рыноктарындағы ахуалдың шиеленісуі нәтижесінде, дәлірек айтқанда, жаһандық дағдарыстың 2008 жылғы “екінші толқынында” қиыншылық жағдайларына тап болды.

Әлемдік рыноктардағы капитал өтімділігі дағдарысы нәтижесінде Үкімет 2008 жыл бойына бүтіндей алғанда елдің қаржы жүйесінің, соның ішінде екінші деңгейдегі банктердің тұрақтылығын арттыру жөнінен бірқатар шаралар қабылдады. Бұл жұмыста негізгі салмақ елдегі жүйе құраушы банктерге түсірілді.

Қазақстанға да бұл дағдарыстың әсер етпей қоймағаны анық. ҚР-да дағдарыстың пайда болу себептеріне мыналарды жатқызуға болады:

- Қазақстан экономикасының әлемдік экономикаға интеграциялануы;
- Экономиканың шикізаттық мамандану, сол себептен елде өндірілген шикізаттың әлемдік бағасы тәуелділігі;
- Бос ақшалай қаражаттарының көптігі және оларды инвестициялау мүмкіншіліктің аздығы;
- Көптеген екінші деңгейлі банктердің агрессивті несиелік саясаты, қысқа мерзім ішінде сыртқы қарыздың күрт өсуі;

Баршаға мәлім, экономикадағы рецессия әдетте іскерлік белсенділіктің құлдырауы, ІЖӨ өсім қарқынының, тұтыну сұранысының төмендеуі секілді қазір бүкіл әлемде байқалып отырған түрлі құбылыстармен қатар жүреді. Еліміздің қаржы нарығына келсек, банктердің сырттан белсенді түрде қарыз алу саясаты бірқатар тәуекелдердің тууына және өсуіне әкелді. Ол турасында мемлекеттік реттеуші органдар бірнеше рет ескерткен болатын. Бұл ретте, әлемдік қаржы рыногындағы тұрақсыздық отандық банк секторындағы жағдайды да күрделендіріп, сол арқылы төлемпаздық тәуекелінің артуына, кері қаржыландыруға әкелді. Сыртқы әсерлерден кейінгі, қазіргі ахуалға келсек, біздіңше, жаһандық тұрақсыздықтың нәтижесінде туындаған сыртқы қатерлерді бәсеңсітуде. Қаржы нарығын қадағалау агенттігінің іс-қимылы айрықша рөл ойнады. Осы орайда, Үкіметтің қазір қабылдап жатқан шаралары әлемдік қаржы дағдарысының отандық экономикаға тигізер кері салдарларын мейілінше азайтуға мүмкіндік береді. Мұны отандық және шетелдік экономист-сарапшылардың соңғы кездері айтқан түсініктемелері де қуаттап отыр.

Үкіметтің 2009-2010 жж арналған дағдарысқа қарсы бағдарламасы осы мәселе бойынша баяндама жасаған Экономикалық даму және сауда министрлігінің айтуынша Үкіметтің, Ұлттық банктің және Қаржы қадағалау агенттігінің дағдарысқа қарсы бірлескен іс-қимылдар жоспары шеңберінде еліміздегі жүйе құраушы банкілер «БТА банк», «Альянс банк», «Қазкоммерцбанк», «Темірбанк» акционерлік қоғамдарына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ арқылы мемлекет қаржысын салу дағдарыс уақытында елдің қаржы жүйесін, соның ішінде халықтың да қаржыларын құтқарып қалуға жағдай жасады. Осы мақсатта 486 миллиард теңге қаржы бөлінді. Соның ішінде “БТА банкке” – 212 миллиард, “Қазкоммерц банкке” - 120 миллиард, “Халық банкіне” - 120 миллиард, “Альянс банкке” - 24 миллиард теңге бөлінді. Қордың банктер капиталына енуінен кейін өткен жылы олар өз міндеттемелерін қайта құрылымдауды табысты аяқтады.

Банктердің өтімділігін арттыру мақсатында осыған қосымша Ұлттық банк талап етудің төменгі шегін одан әрі төмендетті. Мұның өзі банктерге 490 миллиард теңгенің қаражаттарын босатып алуын талап етті.

Жай тұлғалардың салымдарына берілетін кепілдік бұрынғы 700 мың теңгеден 5 миллион теңгеге дейін арттырылды. Осының нәтижесінде халықтың банктердегі салымын қайта алып қоюының алды алынды.

Банктердің сыртқы қарыздары 11 миллиард долларға азайды. 2009 жылдың 4 ақпанында Ұлттық банк теңгені бұрынғы айқын емес дәлізде ұстап тұрудан бас тартып, долларға шаққандағы айырбас бағамын бір долларға плюс-минус 3 пайыз немесе 5 теңге ауытқушылықпен 150 теңге көлемінде жаңа дәліз белгіледі. Оған мұнай мен металдың әлемдік бағаларының күрт және айтарлықтай төмендеуі, Қазақстанның негізгі сауда әріптестері болып саналатын елдердегі ұлттық валюталардың құнсыздануы себеп болды. Сөйтіп алтын-валюта резерв¬терінің ағымдағы деңгейін сақтап қалу және отандық өнім өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне қолдау көрсету қажеттіліктері Ұлттық банктен валюта саясатына деген көзқарасты қайта қарауды талап етті.

Ұлттық банктің теңгенің айырбас бағамының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралары, сол сияқты қазақстандық экспорттың негізгі позицияларына қатысты әлемдік бағалар өсуінің қайта қалпына келуі ішкі валюта рыногындағы ахуалдың тұрақтануына жағдай жасады. Осылайша, 2009 жылдың соңына таман ұлттық валютаның нығаю тенденциясы байқала бастады.

2009 жылдың басынан бастап Ұлттық банк қайта қаржыландырудың ресми ставкаларын 10,5 пайыздан 7 пайызға дейін төмендетті. Ал соңғы 7,5 пайыздан 7,5 пайызға дейін төмендеу 2009 жылдың 4 қыркүйегінде жүзеге асты.

2009 жылдың наурызында банктерге қатысты ең төменгі резервтік талаптар ішкі міндеттемелер бойынша 2 пайыздан 1,5 пайызға дейін, қалған міндеттемелер бойынша 3 пайыздан 2,5 пайызға дейін төмендетілді.

Валюта рыногындағы тұрақты жағдай Ұлттық банктің теңгенің өзгермелі дәлізін 2010 жылдың 5 ақпанынан бастап 1 долларға 150 теңгеге дейін кеңейтуге жағдай жасады. Осы аталған жыл бойына теңгенің долларға шаққандағы айырбас бағамы Ұлттық банктің болмашы ғана қатысуымен бұрын белгіленген дәлізде өзгеріссіз күйінде қалды.

Еліміз әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың ықпалына іліккен жылдары Үкіметтің онымен күресте белгілеген бес басым бағытының бірі шағын және орта бизнесті қолдау мәселесі болатын. Өйткені халықты жұмыспен қамтуда, ішкі рынокты көпшілік қолды тауарлармен қамтамасыз етуде қашанда болмасын шағын және орта бизнестің қалыпты жұмыс істеп тұруының маңызы зор.

Дағдарысқа қарсы Үкімет қай салаға, қандай қызмет түріне жататындығына қарамастан мемлекеттік қолдауды барлық шағын және орта бизнес субъектісінен көрсету керек деп шешті. Осы мақсатта «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры бұрынғы көрсетілген көмекке қосымша 2009 жыл үшін 120 миллиард теңге қаржы бөлетін болды. Оның 70 пайызы іске қосылған және жүзеге асырылған жобалардың жұмыс істеуіне, 30 пайызы жаңа жобаларды жоспарлап, іске асыруға бағытталды.

Сонымен қатар «Самұрық-Қазына» қоры арқылы бір жобаны қаржыландыру көлемінің шекті мөлшері бұрынғы белгіленген 3 миллион АҚШ долларынан 5 миллион долларға дейін өсірілді.

Мұның сыртында Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесе отырып, шағын және орта бизнеске берілетін несиелердің банктік сыйақы ставкасының шекті мөлшерін бұрынғы дағдарысқа дейінгі деңгейде, яғни 14 пайыздан асырмай ұстап тұру жөнінде шешім қабылдады. Сондай-ақ, бұл шешім жаңадан берілетін несиелерге ғана емес, беріліп қойған несиелерге де қатысты болды.

Осынау күрделі де қиын шақта шағын және орта бизнеске берілген несиелердің қайтарылатынына банктер сенімін арттыру үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының кепілдік беру механизмі енгізілді. Екіншіден, «Самұрық Қазына» қоры ауыл тұрғындарын несиелендірудің олар үшін тиімді жаңа бағдарламасын әзір¬леді. Соның ішінде жұмыс орындарын сақтап, дамыту үшін ауылдағы кәсіпкерлерге де жеңілдікті несиелер берілетін болды.

Үшіншіден, шағын және орта бизнес субъектілерін тапсырыстармен тұрақты қам-

тамасыз ету мақсатында олар мемлекеттік органдардың, мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың тарапынан ұсынылатын мемлекеттік тапсырыстарға молынан қатысу мүмкіндігіне ие болды. Жаңадан қабылданған «Мемлекеттік сатып алулар» туралы Заң оларға осы бағытта бірқатар артықшылықтар берді. Сонымен қатар мемлекет тарапынан Қазақстанда жұмыс істейтін жер қойнауын пайдаланушылар мен сервистік компанияларға, олардың меншік түріне қарамастан өз тапсырыстарында қазақстандық үлесті арттыру жөніндегі талап күшейтілді.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің 2011-2015 ж.ж. арналған жоспарына сәйкес, банк секторының қаржылық тұрақтылығын және бәсекелестік қабілеттілігін нығайту, реттеу мен қадағалау жүйесін жалпы әлемдік қадағалау стандарттарына жақындату.

Ел Президентінің кеңейтілген Үкімет отырысында берген тапсырмасына сәйкес, Үкімет Ұлттық банкпен және Қаржы нарығын қадағалау агенттігімен бірлесіп, Қазақстанның қаржы жүйесі мен экономикасын тұрақтандырудың 2011-2015 жылдарға арналған жоспарын әзірледі. Онда өзге де іс-шаралармен қатар, қазақстандық банк секторының төлемпаздығы мен капиталдануын нығайтуға және қолдауға бағытталған кешенді шаралар да қарастырылған. Атап айтқанда, екінші деңгейлі банктерді қосымша капиталдандыру арқылы мемлекеттік қолдауды ұсыну, Ұлттық банк тарапынан төлемпаздықты сақтау, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» шығаратын облигацияларды ҚР Ұлттық қорының сатып алуы арқылы банктерге төлемпаздықтың қосымша көздерін ұсыну. Мәселен, Агенттік әзірлеген ұсынымға сәйкес, Үкімет еліміздің “Альянс Банк”, “Тұран Әлем Банкі”, “Халық Банкі” және “Казкоммерцбанкі” секілді жүйе құраушы төрт банкінің акционерлеріне олардың капиталдарын нығайту шарасы ретінде акционерлік капиталдарына қосымша қаражат құю туралы ұсыныспен шықты. Бұл ұсыныстың аясында қосымша капиталдануды қарапайым және басым акциялар эмиссиясы арқылы және жалпы көлемі 5 миллиард АҚШ доллары сомасында субординді заемдар беру арқылы жүзеге асыру көзделеді. Акционерлерге жаңа шығарылған қарапайым және басым акцияларды басымдықпен сатып алу құқығы беріледі де сол арқылы банктерге қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті капиталдану көлемі ұсынылады. Бұл ретте, Үкіметтің қандай да бір банктің капиталындағы бақылау пакетін сатып алуды жоспарлап отырмағанын атап айту керек. Жоспар іске асқан жағдайда, мемлекеттің меншігіне жоғарыда көрсетілген 4 банктің дауыс беретін 25 пайыз акциялар үлесінің түсуі көзделуде. Бұл банктердегі мемлекеттің мүддесін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» қадағалайтын болады. Банктердің жоғарыда аталған бағалы қағаздарын сатып алу үшін Қор мемлекет тарапынан қосымша 5 миллиард долларға капиталдандырды.

Тағы да қайталап айтамын, Үкімет банктердің үлескері болып ұзақ мерзімге қалуды жоспарлап отырған жоқ және әлемдік қаржы нарығындағы жағдайға байланысты олардың капиталынан орта мерзімді болашақта шығатын болады. Сол кезде мемлекетке тиесілі акциялар нарық қағидаларына сәйкес сатылады. Ал жоғарыда айтқан, банктерге төлемпаздықтың қосымша көздері ретінде ұсынылатын және Ұлттық қор арқылы сатып алынатын облигациялардан түсетін қаражат экономиканың нақты секторын, соның ішінде серпінді және инфрақұрылымды жобаларды да несиелеуге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға бағытталады. Ал уақытша бос қаражаттар бірқатар банктердің депозиттеріне салынып, олардың жаңа жобаларды несиелеуіне және ағымдағылар қаржыландыруына мүмкіндік береді. Сөз болып отырған жоспарда банктердің минималдық резервтік талаптарын азайту арқылы репо операциялар бойынша қабылданатын құралдар тізбесін кеңейту арқылы қосымша қаражат көзін ұсыну негізінде барлық екінші деңгейлі банктердің ағымдағы және қысқа мерзімді төлемпаздығын қолдау шарасы жүзеге асырылады. Мемлекет осының бәрін серпінді және инфрақұрылымдық жобаларды қоса алғанда, экономиканың нақты секторын несиелеуді ынталандыру үшін, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін істеп отыр. Төлемпаздық көлемінің одан әрі қысқаруы мен сыртқы қарыз алу көздерінің шектеулілігі банк активтері сапасының нашарлауына, экономиканың нақты секторын несиелеу көле-

мінің қысқаруына, түпкі нәтижеде қазақстандық кәсіпорындардың іскерлік белсенділігінің төмендеуіне әкелді. Мұндай жағдайда экономикалық үдерістерді ынталандыру мен үйлестіруде мемлекеттің рөлі айқындаушы мәнге ие болатынын бірқатар елдердің үкіметтері мен реттеуші органдарының әрекеттері көрсетіп отыр. Халықаралық қаржы көздерінің шектеулілігіне қарамастан, қазақстандық банктер бүгінге дейін сыртқы қатерлерге лайықты төтеп берді және өзінің ішкі-сыртқы міндеттемелерін толығымен өтеп келді.

Қайта құрылымды табысты өткізу нәтижесінде үш банктің, яғни «БТА Банк АҚ», «Альянс Банк АҚ», «Темірбанк АҚ» сыртқы берешегі 12 млрд. долларға төмендеген, бұл әрине банк секторының сауығуына ықпал етеді және отандық қаржы нарығының жалпы ахуалына оң әсерін тигізеді. Бұл ретте қайта құрылымдаудың оң нәтижелері айқын нәтижелері айқын байқалып отыр.

Қазіргі уақытта өтімділіктің жоғары маңызын екінші деңгейлі банктердің бос ресурстарын жоғары өтімді активтерге салудан (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі депозиттер, мемлекеттік бағалы қағаздар) көруге болады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі банктердің өзінің депозиттерінде бос ресурстарды жинақтауын және жоғары өтімді активтердің көлемін өсіруін ынталандырмау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде орналастырылатын банктердің депозиттері бойынша ставкаларды төмендетті.

Қазіргі уақытта болып жатқан кредиттік портфель сапасының нашарлау қарқынының баяулауы аясында резервілеу деңгейінің төмендеуі банк секторында пайданың жинақталуына әкеледі. Мысалы, 2010 жылдың 1-қарашасындағы жағдай бойынша табыс салығын төлегеннен кейінгі жиынтық кіріс 1 460,9 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте банктер кескінінде теріс қаржы нәтижесінің болуы белгіленбеген.

Осыған байланысты дағдарыстан кейінгі кезеңде акцент, бұрынғыдай, клиенттердің сенімін сақтап қалу, өтімділіктің тиімді деңгейін қамтамасыз ету, капиталдандыруды нығайту, тәуекелдерді барабар бағалау, провизиялардың тиісті деңгейін қалыптастыру, стресс-тестілеу жүргізу және қадағалау органының инспекторлық қызметін жетілдіру сияқты бағыттарға жасалады.

Тәуекелдерді барынша төмендету және ұлттық банк секторы қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында шоғырландырылған негізде банк секторын дамыту, қаржы ұйымдарының және банк холдингтерінің корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйелерінің деңгейін көтеру айтарлықтай маңызды болып отыр.

Банк секторының дамуы халықаралық тәжірибенің негізінде, банктік реттеудің халықаралық стандарттарын енгізу, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің қадағалау органдарымен өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылатын болады.

Нарықтық экономика ерекшеліктері банктік емес мекемелермен үйлестіре отырып көп деңгейлі банк жүйесінің, олардың ақша-несие және делдалдық қызметінің формалары мен түрлері бойынша көп түрлілігінің, Орталық (бірінші деңгей) және басқа банктер (екінші деңгей) арасындағы функцияларды заң жүзінде бөлудің қажеттілігін тудырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (бұдан әрі Ұлттық банк) Қазақстан Республикасының орталық банкі болып табылады және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің жоғары деңгейін құрайды.

Банк ісінің әлемдік тәжірибесі көрсетіп отырғандай, барлық елдердегі несиелік институттардың ішінен елдің бүкіл несиелік жүйесін басқаруда басты роль атқаратын орталық банктер бөлініп шығатын болды. Ал олардың басшылық ролі мемлекет берген кең ауқымды өкілеттіліктерге байланысты. Банктердің банк функцияларын, ақша - несие эмиссиясын жүзеге асыруына байланысты орталық банктер коммерциялық банктердің, яғни екінші деңгейлі банктердің қызметіне әкімшілік бақылау мен нақты экономикалық ықпал ету құқығы несиелік мекемелер міндетті түрде қолдануы тиіс норма шығару құқығы бар. Коммерциялық банктер несиелік саясат жүргізуде және өз клиенттеріне толығымен дербес әртүрлі қызметтер көрсетуде.

Нарықтық экономикада арнайы банктік емес институттар құрылмаған жағдайда кез келген елдің несие жүйесі аяқталмай қалады. Халық салымдарын толығымен тарту мүд-

десі мен өзгеріп отырған нарықтық экономика талаптарын толық қанағаттандыру бұл институттардың құрылуын талап етеді, ал олар несие жүйесін толықтырып, байытады, экономикадағы өзгерістерді икемді және сезімтал ете түседі.

Мемлекет, экономикаға жетекшілік жасай отырып, Ұлттық банк арқылы бірегей ақша – несие саясатын жүргізеді. Бұл принцип айналыстағы ақша массасының көлемін реттеу жолымен ұлттық валютаның ішкі және сырқы тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін, ақша-несие саясатын жалпы экономикалық саясатты жүзеге асыру және оны әлемдік экономикаға интеграциялау саласында республика мүдделерін қорғау үшін қажет.

Әлемдік тәжірибеде, нарықтық экономика жағдайында Орталық банкінің жұмысын ұйымдастырудың әр түрлі құқықтық формалары бар:

- оның капиталының қалыптасуы 100% мемлекеттің қаражаты есебінен болатын унитарлық банк;
- акцияларының бөлігі мемлекетке тиесілі (немесе мемлекеттің қатысуынсыз) акционерлік қоғам;
- бірлестік типтес ұйым (мемлекеттің қатысуымен немесе қатысуынсыз);
- Орталық банкінің қызметін бірігіп атқаратын тәуелсіз банктер жүйесі.

Негізі Ұлттық банк унитарлық орган болып табылады. Мемлекет – жарғылық қордың жалғыз иесі. Негізгі қор – ғимараттардан, құрылғылардан, көлік және басқа да құндылықтардан тұрады, ал айналым қаражаты – банкіге тиесілі ақша қаражаттарынан тұрады. Ұлттық банк резервтік және басқа қорлар құрады. Резервтік қор жарғылық көлемінде құрылып, ол өзіндік табыс есебінен толтырылады және осы қорға байланысты нормаларға сәйкес жүргізілетін операциялар бойынша шығындарды жабуға арналады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің негізгі міндеті – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Коммерциялық банктердің басқа қаржы институттарынан айырмашылығы және ерекше бір қабілеті ол ақшаны жасауы мен жоюында болып табылады. Бұл жерде ақша деп, тек қолма – қол ақшалар ғана емес, сондай-ақ талап етуге дейінгі салымдар түсініріледі. Банктердің ақша жасау мүмкіндігі экономика үшін өте маңызды. Ол тиімді несие жүйесін іске асыра отырып, экономиканың өсуіне қажетті жағдай туғызады. Банк несиелерінің жетіспеушілігі және өте жоғары пайыз мөлшерлемесі тұсында өндірісті кеңейту мүмкін емес. Халық шаруашылығындағы осы сияқты іс – тәжірибелер тиімсіз, себебі бір жағынан, мынадай ірі ақша сомасы белгісіз уақытқа қозғалыссыз жататын болса, екінші жағынан, мұндай ақшалар қажетті емес.

Тәуекелдерді барынша төмендету және ұлттық банк секторы қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында шоғырландырылған негізде банк секторын дамыту, қаржы ұйымдарының және банк холдингтерінің корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйелерінің деңгейін көтеру айтарлықтай маңызды болып отыр.

Банк секторының дамуы халықаралық тәжірибенің негізінде, банктік реттеудің халықаралық стандарттарын енгізу, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің қадағалау органдарымен өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж., 30 тамыз.
2. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» заң күші бар Жарлығы.
3. 1 наурыз 2006 жылы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына арнаған өзінің кезекті Жолдау. Егемен Қазақстан, 2 наурыз, 2006 ж.
4. ҚР-сы Президентінің № 1720 «ҚР – ң мемлекеттік басқару жүйесін одан ары жетілдіру туралы» жарлығы, 2015 ж.
5. Кушербаев Б.П. Банктер және несие алушылар қарым - қатынастарын реттеу. – Қарағанды, 2012.
6. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасындағы банктер

және банктік қызмет туралы» заң күші бар Жарлығы
7. Жүнісов Б., Мәмбетов Ұ., Байжомартов Ү. Нарықтық экономика негіздері. – Алматы: «Экономика», 2015.
8. Көшенова Б.А. Ақша, Несие, Банктер, Валюта қатынастары. – Алматы: «Экономика», 2016.
9. Шаяхметова К.О. ҚР-ның екінші деңгейлі банктеріндегі шағын және орта бизнесті несиелеу жағдайы // Хабаршы-2016, N 1.
10. Қазақстан Республикасының «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің» 2016-2020 ж.ж. арналған жоспары.

УДК 336.71

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЖҮЙЕСІНІҢ ӨТІМДІЛІКТІҢ МӘНІ

Тоғанбаева Қ.Н., Ашимова А.С.

Авторлар туралы мәліметтер. Тоғанбаева Құралай Нұрланқызы – Қазақстан-Американдық еркін университетінің «Қаржы» мамандығының студенті. Ашимова Алтынай Сериковна – экономика ғылымдарының магистрі, Қазақстан-Американдық еркін университетінің аға оқытушысы.

Аннотация. Қазақстан Республикасының осы заманғы әлеуметтік-экономикалық даму кезеңі нарықтық қатынаспен сипатталады. Бұл қатынаста жаңа ақша-несие жүйесі қалыптасып, қаржы-несие институттарының жаңа түрлері пайда болып жатыр, нарықтық экономикаға тән жүйеге сәйкес банк жүйесінің құрылымы өзгереді. Еліміздің банктік жүйенің халықаралық банк жүйесінің жұмыс істеу принциптеріне көшуі барысында Қазақстан Республикасындағы өтпелі кезеңнің ерекшеліктерімен әлемдік банктің технологиясын ұштастыра білудің маңызы өте зор.

Түйін сөздер. Өтімділік; төлем қабілеттілігі; капитал; банк.

Сведения об авторах. Тоганбаева Құралай Нұрланқызы – студентка специальности «Финансы» Казахстанско-Американского свободного университета. Ашимова Алтынай Сериковна – магистр экономических наук, старший преподаватель Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. Период современного социально-экономического развития Республики Казахстан характеризуется рыночными отношениями. В связи с этим возникает новая валютная система, появляются новые виды финансово-кредитных учреждений, а структура банковской системы меняется в соответствии с системой рыночной экономики. Важно сочетать технологии Всемирного банка с переходным периодом в Республике Казахстан при переходе банковской системы страны на принципы функционирования международной банковской системы.

Ключевые слова. Ликвидность; платежеспособность; капитал; банк.

About the authors. Toganbayeva Kuralai - undergraduate student of major “Finance” at Kazakh American Free University. Ashimova Altynai – master of Economic Science, Senior Professor at Kazakh American Free University.

Annotation. The period of modern socio-economic development of the Republic of Kazakhstan is characterized by market relations. In this regard, there is a new monetary system, there are new types of financial and credit institutions, and the structure of the banking system is changing in accordance with the market economy system. It is important to combine the technologies of the World Bank with the transition period in the Republic of Kazakhstan during the transition of the country's banking system to the principles of functioning of the international banking system.

Keywords. Liquidity; solvency; capital; bank.

Өтімділік – банктің сенімділігін қамтамасыз ететін, оның қызметінің жалпы сипаттамаларының бірі.

Банк өтімділігі- бұл салымшылар мен қарыз берушілер алдында банктің өз міндет-

темелерін уақытында және шығынсыз орындау қабілеттігі.

Банктің төлем қабілеттілігі оның қаржылық тұрақтылығының маңызды белгілерінің бірі және сонлықтан онымен тығыз байланысты болады. Сол себепті нарық экономикасы жағдайында оған көп көңіл бөлінеді.

Арнайы есептік-талдау әдебиеттерінде төлем қабілеттілігін анықтау жөнінде әр түрлі көзқарастар кездеседі. Қаржылық талдау бойынша кейбір авторлар төлем қабілеттілігі ретінде кәсіпорынның өзінің ұзақ мерзімді міндеттемелері бойынша есептесе алу қабілеттілігін түсінеді. Мысалы О.С. Ефимова төлем қабілеттілігі: «кәсіпорынның өзінің ұзақ мерзімді міндеттемелері бойынша есептесе алу қабілеттілігін түсіну қабылданған», - деп жазады.

«Төлем қабілеттілік деп -компанияның ұзақ мерзімді қарыздарын уақыты келген кезде өтеу қабілеттілігін анықтау үшін бағалайды». Басқа авторлар төлем қабілеттілігі деп кәсіпорынның тек қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеуге дайындығын түсінеді. Осылай, «Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі деп оның өзінің жедел міндеттемелері бойынша өз мерзімінде төлем жүргізу қабілеттілігі түсіндіріледі» деп есептейді. Бұл түсінікті М.Н. Крейнина толығырақ баяндайды. «Төлем қабілеттілігі, - деп жазады ол, - бұл кәсіпорынның кредиторлары жағынан төлемдер туралы қойылған талаптары қарыздарын өтеуге дайындығы». Сөз, тек қысқа мерзімді қарыздар туралы екендігі анық. Ұзақ мерзімді қарыздарды қайтару мерзімі алдын ала белгілі болады. Төлем қабілеттілігі – бұл барлық қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша қарыздарды өтеу және өнім процесін үзіліссіз іске асыру үшін жеткілікті қаржының болуы.

Профессор И.Т. Балапановтың анықтамасы: «Төлем қабілеттілігі – ол бар ақша сомасының белгілі бір мерзімді жедел төлемдердің сомасына қатынасын көрсететін төлем қабілеттілігінің коэффициенті арқылы көрінеді. Егер төлем қабілеттілігінің коэффициенті бірден үлкен немесе тең болса, онда бұл шаруашылық жүргізуші субъект төлем қабілетті екенін білдіреді. Егер төлем қабілеттілігінің коэффициенті 1-ден аз болса, онда талдау процесінде төлем қаражаттарының жетіспеу себептерін анықтау керек» [2].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындай келе, банктің төлем қабілеттілігі деп, оның дер кезінде өзінің барлық міндеттемелері бойынша төлемдер жүргізуге дайындығын түсіну керек деп есептейміз.

Теориялық түрде қарыздарды өтеу банктің барлық ағымдағы активтерімен қамтамасыз етіледі. Нақ осылай теорялық түрде, егер банктің ағымдағы активтерң қысқа мерзімді міндеттемелерінің сомасынан артса, онда ол қарыздарды өтеуге дайын деп есептеуге болады. Бірақ, егер банк барлық ағымдағы активтерін қарыздарды өтеуге бағыттаса, онда дәл сол кезде оның өндірістік қызметі тоқтатылады, себебі онда өндіріс құралдарын тек негізгі құралдары құрайды, ал материалды айналым құралдарын алуға қаржы жоқ, олар толығымен қарыздарды төлеуге кетті,

Сондықтан төлем қабілеттілігі бар деп, ағымдағы активтің сомасы ағымдағы міндеттемелерін көп жоғары банктерді есептеуге болады банктің тек қарыздарды өтеуге ғана емес, сонымен бірге үздіксіз өндіріс үшін қаржылары болуы керек.

Банктің міндеттемелері нақты және потенциалды деп екіге бөлінеді. Банктің нақты міндеттемелері: талап ету депозиттері, мерзімді депозитттер, тартылған банкаралық ресурстар, несие берушілердің қаражаттары түрінде банктің балансында көрсетілді .

Ал потенциалды немесе баланстан тыс міндеттемелерге: банктен берген кепілхаттар, клиенттерге несие желілерін ашу, тағы басқа арқылы көрсетіледі .

Егер коммерциялық банктің борыштық және қаржылық міндеттемелерді уақытында орындау үшін қолма-қол ақшалай қаражаттар мен басқа да өтімді активтері болып, сонымен қатар басқа көздерден қаражаттарды тез арада жұмылдыру мүмкіндігі жеткілікті болса, онда бұл өтімді банк болып табылады.

Банк өтімділігі аталған барлық міндеттемелерді, сонымен бірге болашақта пайда болуы мүмкін міндеттемелерді уақытында орындауын сипаттайды. Міндеттемелерді орындау үшін кассадағы және корреспонденттік шоттардағы (Орталық банкте және басқа коммерциялық банктерде) қалдықтарымен сипатталған банктік ақшалардың барлығы;

қолма-қол ақшаға тез айналатын активтер; банкаралық нарықтан немесе Орталық банктен алынатын банкаралық несиелер сияқты қаражат көздері пайдаланады.

Осы аталған қаражат көздерін пайдалану банк үшін шығыстармен байланысты болмау керек. Мысалы, өтімді қаражаттардың көзі ретінде бағалы қағаздарды немесе басқа активтерді сату қалыпты тәртіпте алдын ала келісіп қойған шарттардың негізінде жүзеге асырылуы керек.

Банк өтімділігі мынадай қызметтерді атқарады:

- депозиттерді алу мен несиелерге байланысты сұранысты қанағаттандыру;
- тиімділік тәуекелін азайту және банктің сенімділігін қамтамасыз ету;
- активтерді зиянсыз сату;
- тартылған қаражаттары бойынша төлей алмау тәуекелі үшін сыйақы мөлшерін шектеу.

Банк өтімділігінің екі формасы, яғни міндеттемелерді өз уақытында және шығынсыз орындауы көптеген ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен анықталады.

Ішкі факторларға қатарына мыналар жатады:

- банк капиталының базасы;
- банк активтерінің сапасы;
- депозиттердің сапасы;
- сыртқы қаражат көздеріне орташа тәуелділігі;
- мерзімі бойынша активтер мен пассивтердің өзара сәйкестігі;
- сауатты менеджмент;
- банктің жоғары дәрежелі беделі.

Банк капиталының базасы - бұл салымшылар қаражаттары мен депозиттеріне кепіл беретін және олардың мүдделерін қорғайтын меншікті капиталдың жеткілікті мөлшерін сипаттайды. Меншікті капиталдың көзіне: жарғылық капитал және әр түрлі мақсаттар үшін бағытталған банктің басқа да қорлары жатады. Банктің меншікті капиталы неғұрлым жоғары болса, оның өтімділігі соғұрлым жоғары болады [3].

Банк активтерінің сапалылығы мынадай төрт критерийлермен анықталады:

– өтімділік;
– тәуекелділік;
– табыстылық;
– диверсификация.

Активтердің өтімділігі – бұл қарыз алушының міндеттемелерді өтеу немесе осы активтерді сату арқылы олардың қолма-қол ақшаларға айналу қабілеті.

Активтердің өтімділік дәрежесі олардың айналымына байланысты. Ақшалай формадағы банктің активтері төлем қызметін орындауға бағытталған.

Активтер тәуекелі критериийі, олардың ақшалай формаға айналдыру кезінде шығындарға ұшырау мүмкіндігін сипаттайды. Активтердің тәуекел дәрежесі, олардың әр түрі үшін ерекше көптеген факторлармен анықталады. Мысалы, несиелік тәуекел қарыз алушының қаржылық жағдайына, қарыз көлеміне, беру мен өтеу тәртібіне, тағы басқа факторларға байланысты.

Банк активтерінің тәуекелі неғұрлым жоғары болған сайын банктің өтімділігі соғұрлым төмен болады.

Активтердің табыстылығының критерийі ретінде: активтердің жұмыс жасау қабілеті, тиімділігі, яғни табысты әкелу қабілеті, сонымен қатар банктің дамуы үшін қаражат көзін табу және банктің капитал базасын нығайту қабілеті. Табыстылық дәрежесі бойынша активтер: табыс әкелетін және табыс әкелмейтін боылп екіге бөлінеді.

Активтердің диверцификациясы критерийі банктің ресурстарын әр түрлі орналастыру аялары бойынша бөлу дәрежесін сипаттайды. Активтердің диверсификациялау көрсеткіштері мынадай:

- ресурстарды орналастыру бағыттары бойынша банк активтерінің құрылымы, объектілері мен субъектілері бойынша несиелік жұмсалымдардың құрылымы; бағалы қағаздар портфелінің құрылымы, валюталар құрылымы;

- банкпен корреспонденттік және несиелік қатынастарда болатын басқа банктердің құрылымдық құрамы. Активтер неғұрлым көп диферсификацияланса,соғұрлым банктің өтімділігі жоғары болады.

Банк өтімділігін анықтайтын фактор - банктің депозиттік базасының сапалылығы. Депозиттік базаны мерзімді депозиттік және жинақ салымдары, есеп айырысу және ағымдағы шоттардағы қаражаттарды ретінде банкте жинақталған заңды және жеке тұлғалардың қаражаттары құрайды. Депозиттердің сапалылығының басты критерийі олардың тұрақтылығын сипаттайды. Депозиттердің тұрақты бөлігі неғұрлым көп болса, банктің өтімділігі соғұрлым жоғары болады. Депозитттердің тұрақты бөлігінің көбеюі өтімді активтерге мұқтаждығын азайтады. Талап етілгенге дейінгі депозиттер жоғары тұрақтылыққа ие, өйткені бұл депозиттердің түрі сыйақы мөлшерлемесіне байланыссыз. Банкте осы депозит түрінің көп болуы банктің қызмет етуінің сапалылығы мен жылдамдығы, банктің клиентке жақын орналасуы сияқты факторларға байланысты. Ал мерзімді және жинақ депозиттерінде қалдықтары тұрақтылықтың төмен дәрежесіне ие ,себебі оған банктің сыйақы мөлшерлемесі ықпал етеді.

Банк өтімділігі оның сыртқы қаражат көздеріне, яғни банкаралық несиелерге деген тәуекелдігімен де сипатталады. Банкаралық несие өтімді қаражаттарға деген қысқа мерзімді жетіспеушілікті жоя алады, бірақ осы несиенің жалпы тартылған ресурстардың құрамындағы үлесі жоғары болса, онда банк банкротқа ұшыруы мүмкін. Егер банктің сыртқы көздерге тәуелділігі жоғары болса, онда бизнес үшін өз базасының даму перспективаларының жоқтығын көрсетеді.

Банк активтері мен пассивтерінің арасында мерзім мен сомма бойынша сәйкестілігі де банк өтімділігін анықтайды. Банктің клиенттер алдында міндеттемелерді орындауы инвестицияланатын ақша қаражаттары мерзімдері мен салымшылары берген ақша қаражаттарының мерзімдері сәйкес болуын білдіреді.

Менеджмент, яғни жалпы банктің қызметін және өтімділігін басқару жүйесі де банк өтімділігін анықтайтын ішкі факторлардың бірі болып табылады. Банкті басқару сапасы мыналармен анықталады:

1) банк саясатының болуы және оның мазмұны;

2) стратегиялық және ағымдағы міндеттемелерді жоғары деігейде шешуге мүмкіндік беретін банктің аймақтық ұйымдастыру құрылымы;

3) банктің активтері мен пассивтерін басұару механизмі;

4) әр түрлі пруденциялардың нақты мазмұнын анықтау;

5) білікті мамандардың болуы;

6) банк қызметін басқару жүйесінің ғылымилығы.

Банктің беделі де банк өтімділігін анықтайды. Жақсы беделі бар банк депозитттік базасының тұрақтылығын оңай қамтамасыз ете алады.

Банк өтімділігің жағдайы бірқатар сыртқы факторларға, яғни банк қызметінен тыс факторларға байланысты оларға мыналар жатады:

- елдегі жалпы саяси және экономикалық жағдайы;
- бағалы қағаздар нарығының дамуы;
- банкаралық несие нарығының дамуы;
- қайта қаржыландыру жүйесін ұйымдастыру;
- Орталық банктің қадағалау қызметінің тиімділігі.

Елдегі жалпы саяси және экономикалық жағдай банк операцияларының дамуының және банк жүйесінің сәтті жұмыс істеуінің алғышарттарын қалыптастырады, банктер қызметінің экономикалық негізінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Банктерге деген отандық және шетелдік инвесторлардың сенімділігін арттырады. Осы аталған жағдайларсыз банктердің тұраөты депозиттік базаны құруы, операциялардың тиімділігіне қол жеткізуі, өз құралдарын дамытуы, активтерінің сапалығын жоғарлатуы және басқару жүйесін жетілдіруі мүмкін емес.

Бағалы қағаздар нарығының дамуы өтімді қаражаттар құрудың оңтайлы вариантын қамтамасыз ете алады, себебі көптеген шетел мемлекеттерінде банктің активтерін ақша-

лай қаражаттарға тез арада айналдыру жолы қор нарығының жұмысымен байланысты.

Банкаралық нарықтың дамуы уақытша бос ақшалай ресурстарды банктер арасында жылдам қайта бөлуге көмектеседі. Банк өз өтімділігін ұстап тұру үшін банаралық нарықтан әр түрлі мерзімге, сонымен қатар бір күнге болсын, қаражаттарды тарта алады. Банкаралық нарықтан қаражаттарды тарту жылдамдығы жалпы қаржылық конъюктураға, банкаралық нарықтың ұйымдастырылуына банктік беделіне байланысты.

Орталық банкі коммерциялық банктерді қайта қаржыландыру жүйесі банктердің өтімді активтерін Орталық банктен алынған несиелер арқылы жабуға мүмкіндік береді.

Орталық банкінің қадағалау қызметінің тиімділігі өтімділікті басқарудағы коммерциялық банктер мен мемлекеттік қадағалау органы арасындағы қарым-қатынастың дәрежесін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің екінші деңгейдегі банктер үшін өтімділіктің белгілі бір нормативтерін белгілеуге мүмкіндігі бар. Көрсеткіштер банктің өтімділік жағдайын неғұрлым нақты көрсететін болса, соғұрлым банктің өзі және қадағалау органы өтімділікпен байланысты проблеманы уақытында шешуге мүмкіндігі бар.

Банктің өтімділігі тұрақты өзгерісте болатын көптеген факторлармен анықталатын банк қызметінің сапасын сипаттайды. Сондықтан банктің өтімділігі бірте - бірте қалыптасатын тұрақты факторлармен және әр түрлі тенденциялармен сипатталатын динамикалық жағдайды білдіреді.

Банк өтімділігінің коэффициенті – бұл банк балансының мәліметі бойынша белгіленетін, несиелік және «өтімді» деп аталатын активтер жиынтығының активтердің жалпы сомасына немесе пассивтің бірқатар тиісті баптарына арақатынасын көрсететін көрсеткіші.

Әдебиеттерден көбінесе өтімділіктің кеңінен тараған қаржылық коэффициенттерін кездестіруге болады. Мәселен, мыналар секілді:

1) ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелердің қатынасына тең болатын ағымдағы өтімділік коэффициенті (% есебімен);

2) дебиторлық берешектің ағымдағы міндеттемелердің қатынасын қоса алғанда өтімді құнды қағаздар мен қолма-қол ақша сомасына тең өтімділіктің шапшаң коэффициенті (% есебімен).

Сондай-ақ, өтімділік коэффициентіне мына көрсетікіш жатады:

К өтім, өзіндік қаражаттың (банк капиталының) міндеттемелердің сомасына қатысты қатынасы.

К өтім дамыған елдердің көбісінде төлем қабілеттілігін сипаттау үшін пайдаланылады. Банк міндеттемесі мен капиталының арасындағы бұл арақатынас банк міндеттемесінің оның өзіндік қаражатымен қаншалықты өтелгенін көрсетеді.

Коммерциялық банктердің өтімділік коэффициентін, әдетте орталық банк белгілейді және ол міндетті сипатқа ие немесе ұсыныс түріндегі сипатқа ие болады.

Франция мен Германияда өтімділіктің міндетті коэффициенті анықталған, ал, басқа елдерде орталық банк коммерциялық банктердің өтімділік коэффициентін белгілемейді. Коммерциялық банктердің өтімділік коэффициентін белгілемейтін бұл елдердің орталық банкісі тек кейбір коэффициенттердің есептелуін ғана талап етеді әрі оны қадағалап отырады [4].

Қазақстан Республикасы Ортылық банкісінің екінші деңгейдегі банктердің өтімділігін реттеудегі рөлі мынады: ТР Президентінің «Ортылық банк туралы» Жарлығына сәйкес екінші деңгейдегі банктердің қызметі Ортылық банк белгіленген нормативтермен (пруденциялық нормативтермен) реттеледі.

Капитал жеткіліктілігі коэффициенті мен жарғылық қордың ең аз шамадағы мөлшерінен өзге онда аз немесе 0,2–ге тең болатын өтімділік коэффициенті анықталған. Бұл өтімді активтердің барлық міндеттеме сомасына қатынасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақша, несие, банктер / Жалпы ред. бас. Сейтқасымов Ғ.С. – Алматы, 2001.

2. Сейтқасымов Ғ.С. Ақша, несие, банктер. – Алматы, 2005.
3. Міржақопов С.Т. Банктегі бухгалтерлік есеп. Оқулық. - Алматы, 2004.
4. Көшенов Б.А. Ақша, несие, банктер. Валюта қатынастары. - Алматы, 2000.
5. Антонов А.Г., Пессель М.А. Денежное обращение, кредит, банки. - М., 2013.

УДК 336.7

ОСОБЕННОСТИ КЛИЕНТОЦЕНТРИЧНОЙ МОДЕЛИ ОБСЛУЖИВАНИЯ ПАО «СБЕРБАНК»

Климова Н.Н.

Сведения об авторе. Климова Наталья Николаевна, кандидат экономических наук, преподаватель МПЭК РЭУ им. Г.В. Плеханова (Москва, Российская Федерация)

Аннотация. В борьбе за клиентов банкам необходимо поддерживать необходимый уровень лояльности клиентской базы, а значит, стратегии по его бизнес-направлениям должны корректироваться в соответствии с этой задачей. Принципы эмпатии и дизайн-мышления должны стать основой при развитии современных бизнес-моделей работы с клиентами. Интеграция новых подходов к построению работы с клиентскими данными обеспечит банку возможность «массовой персонализации» предложения для всех категорий клиентов. В данной статье представлен опыт внедрения клентоцентричной модели банковского обслуживания в крупнейшем российском банке ПАО «Сбербанк».

Ключевые слова. Банк, банковское обслуживание, банковские бизнес-процессы, финансовая безопасность клиента, бизнес-модель банка, качество банковского обслуживания, клиент банка, клиентоцентричность, лояльность клиента

Автор туралы мәліметтер. Климова Наталья Николаевна – экономика ғылымдарының кандидаты, Г.В. Плеханов атындағы РЭУ оқытушысы (Ресей Федерациясы, Мәскеу)

Аннотация. Банктердің клиенттер үшін күресінде клиенттік базаның бейілділік деңгейін демеп отыру қажетті болып табылады. Демек оның бизнес бағыттары бойынша стратегиялар да осы міндетке байланысты түзетіліп отыру керек. Эмпатия мен дизайн-ойлау қағидалары клиенттермен жұмыс істеудің заманауи базнес-модельдерін дамытуда негіз болу керек. Клиенттің мәліметтерімен жұмысты ұйымдастырудың жаңа тәсілдерінің кірік тірілуі банкке клиенттердің барлық санаттарына арналған ұсыныстың «массалық персонализациялауына» мүмкіндікті қамтамасыз етеді. Берілген мақалада Ресейдің ең ірі банктерінің бірі «Сбербанк» КАҚ-дегі банктік қызмет көрсетудің клиенттерге бағытталған моделін енгізу тәжірибесі ұсынылған.

Түйін сөздер. Банк, банктік қызмет көрсету, банктік бизнес-процестер, қаржылық қауіпсіздік, клиенттің бизнес-моделі, банктің сапасы, банктік қызмет көрсету, банк клиенті, клиенттің адалдығы.

About the author. Klimova Natalya - Candidate of Economic Science, Professor at Moscow Industry and Economical College of Plekhanov Russian University of Economics (Moscow, Russian Federation).

Annotation. In the struggle for customers, banks need to maintain the necessary level of customer loyalty, which means that strategies for its business areas should be adjusted in accordance with this task. The principles of empathy and design thinking should be the basis for the development of modern business models of working with clients. The integration of new approaches to building work with customer data will provide the bank with an opportunity to “mass personalize” offers for all categories of customers. This article presents the experience of introducing a customer-centric model of banking services in the largest Russian bank SB Sberbank JSC.

Keywords. Bank, banking services, banking business processes, financial security of a client, business model of a bank, quality of banking services, a client of a bank, customer centricity, customer loyalty.

Современные технологии серьезно меняют способ взаимодействия клиента с банком, и в долгосрочной перспективе изменится сама суть банка как финансового института: из оператора финансовых транзакций по требованию клиента банк трансформируется в платформу взаимодействия с клиентом, где финансовые услуги станут лишь частью клиентского предложения.

Центральное место в управлении предприятием занимает комплексный экономический анализ производственно-финансовой деятельности. На его основе разрабатываются и обосновываются управленческие решения. Ни одно организационное, техническое и технологическое мероприятие не должно осуществляться до тех пор, пока не обоснована его экономическая целесообразность. Управленческие решения и действия должны быть основаны на точных расчетах, глубоком и всестороннем экономическом анализе. Они должны быть научно обоснованными, мотивированными, оптимальными. Экономиче-

ский анализ предшествует решениям и действиям, обосновывает их и является основой научного управления производством, обеспечивает его эффективность.

Преимущества комплексного системного анализа выражаются в том, что позволяют осуществлять комплексный поиск резервов повышения эффективности производства. Их оценка позволяет представлять деятельность предприятия как единый механизм, выделять наиболее важные звенья и на их основе разрабатывать комплекс мероприятий по мобилизации не использованных резервов.

Проведение комплексного экономического анализа требует не только соответствующей информационной базы, но и четкой классификации факторов, влияющих на деятельность предприятия. Основу классификации составляет деление их по характеру воздействия на результативные показатели (экстенсивные и интенсивные).

Экстенсивные факторы обуславливают количественный прирост результативного показателя, т.е. за счет расширения сферы его воздействия, как во времени, так и в пространстве. Специфику показателей, на которые рассчитывается влияние факторов, определяет их набор в алгоритме расчета. Количественный характер воздействия этих факторов проявляется в необходимости их количественного увеличения, чтобы обеспечить прирост результативного показателя. Однако для повышения эффективности бизнеса, мер количественного, т.е. экстенсивного воздействия недостаточно.

Каждое предприятие стремится усилить воздействие интенсивных факторов, в которых проявляется степень усилий предприятия, напряженности труда в бизнесе. В частности, если предприятие не будет обеспечивать рост производительности труда, повышение фондоотдачи по всем используемым ресурсам, рентабельности капитала и т.д., то не сможет поддерживать расширенное воспроизводство и успех бизнеса на перспективу.

Недооценка роли анализа, ошибки в планах и управленческих действиях в современных условиях приносят чувствительные потери. Напротив, те предприятия, на которых хорошо поставлен анализ, имеют хорошие результаты, высокую экономическую эффективность.

Важная роль анализа в подготовке информации для планирования и прогнозирования результатов деятельности, оценки качества и обоснованности плановых показателей, в проверке и объективной оценке их выполнения. Разработка планов для предприятия по существу также представляет собой принятие решений, которые обеспечивают развитие производства в будущем планируемом отрезке времени. При этом учитываются результаты деятельности за предыдущие периоды, изучаются тенденции развития экономики предприятия, выявляются и учитываются дополнительные резервы производства.

Экономический анализ хозяйственной деятельности является средством не только обоснования планов, но и контроля за их выполнением с целью выявления недостатков, ошибок и оперативного воздействия на экономические процессы, корректировки планов и управленческих решений. Планирование начинается и завершается анализом результатов деятельности предприятия. Анализ позволяет повысить уровень планирования, сделать его научно обоснованным. В условиях изменчивости внешней среды требуется систематическая оперативная корректировка текущих и перспективных планов [2].

В зависимости от потребностей управления можно выделить виды анализа. Классификация видов экономического анализа базируется на основе классификации функций управления и определяется потребностями практики.

По субъектам анализа выделяют внешний и внутренний анализ.

Внутренний анализ проводится в целях внутреннего управления, внешний – в целях принятия деловых решений по отношению к настоящим или потенциальным контрагентам (поставщики, покупатели, партнеры по совместной деятельности, банки и т.д.).

По степени ориентации анализа на отдельные подсистемы – технико-экономический анализ (технические службы управления), социально-экономический анализ (экономические и социологические службы, статистические органы), экономико-правовой анализ (юридические службы), экономико-экологический анализ (органы охраны окружающей среды).

По направленности во времени выделяют ретроспективный, текущий (итоговый), оперативный, предварительный, перспективный анализ. Ретроспективный анализ направлен на изучение прошлых периодов для выявления тенденций развития. Текущий (итоговый) анализ также является формой ретроспективного анализа и проводится по итогам работы за год: оценка результатов производится нарастающим итогом. Текущий анализ базируется главным образом на сравнении фактически достигнутого уровня показателей с их плановыми или нормативными значениями. Оперативный анализ означает постоянный контроль текущей хозяйственной деятельности и выполнения плана; в значительной степени основан на данных первичного учета и непосредственного наблюдения за процессом производства и реализации продукции. Главная задача оперативного анализа – выявление отклонений по основным показателям, причин отклонений, разработка мероприятий по устранению негативных явлений. Предварительный анализ – это анализ, предшествующий принятию конкретного управленческого решения, в том числе и оперативного.

Возможные варианты решения оцениваются с позиций момента принятия решения и с учетом возможных последствий. Предварительный анализ нацелен на будущее, по содержанию может быть как тактическим, так и стратегическим. Перспективный анализ включает оценку будущих результатов, возможных темпов развития, оценку рисков, анализ при составлении годовых и перспективных планов, прогнозирование банкротства.

По цели исследования выделяют анализ для оценки результатов хозяйственной деятельности, выявления резервов и путей их мобилизации, с целью подготовки материалов для выбора управленческого решения, а также прогнозирования результатов хозяйственной деятельности.

По характеру объектов управления выделяют анализ стадий расширенного воспроизводства, отраслевой анализ, анализ ведомств и предприятий, анализ составных элементов производства и производственных отношений.

В зависимости от пользователей экономической информации и задач анализа различают управленческий и финансовый анализ (не взаимоисключающие, а дополняющие друг друга на правления анализа).

По уровням управления выделяют макро- и микроанализ.

В зависимости от периодичности анализа - годовой, квартальный, месячный, декадный и ежедневный анализ.

По различию в полноте и содержании изучаемых вопросов: полный, локальный, тематический анализ.

В зависимости от методов изучения объекта различают комплектный, системный, сравнительный, сплошной и выборочный анализ.

По степени автоматизации работ выделяют анализ с применением компьютерной техники и без ее использования. На практике отдельные виды экономического анализа встречаются редко. В процессе управления для обоснования принимаемых решений используется совокупность различных видов экономического анализа [3].

Потребности в экономическом анализе существуют всегда, независимо от вида экономических отношений, складывающихся в обществе, но акценты, делающиеся в его процессе, различны, и зависят они от социально-экономических условий.

Благодаря этому управляющие могут оценить слабые места и сильные стороны компании, возможность использования ей имеющихся капиталовложений, а также способность противостоять внешним рискам. Конкуренты на основе отчетности могут понять, насколько организация устойчива в данной отрасли, а акционеры - принять решение о вложении в ценные бумаги предприятия. Анализ играет важную роль в постановке будущих задач и позволяет осуществлять своевременный контроль над деятельностью компании.

Совершенствование хозяйственного механизма управления предприятием - процесс непрерывный. Каждый этап экономического развития выдвигает ряд новых задач, реше ение которых предполагает более полное применение тех или иных механизмов и стиму-

лов. Все действия и решения в управлении предприятием должны быть мотивированными, научно обоснованными и оптимальными. Ни одно организационное, технологическое и техническое мероприятие не должно осуществляться до тех пор, пока не обоснована его экономическая целесообразность. Поэтому очевидно, что хорошо поставленный экономический анализ позволяет раскрыть и использовать имеющиеся в настоящее время и выявить скрытые резервы для достижения максимальной прибыли предприятия.

ЛИТЕРАТУРА

1. Райзберг Б.А.. Курс экономики: Учебник / Под ред. Б.А. Райзберга. - М., 2006.
2. Савицкая Г.В.. Экономический анализ: учеб. - М., 2005.
3. Литвинюк А.С.. Экономический анализ. Шпаргалки. – М., 2009.

УДК 338.1

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ысқақ А., Абылайханова Т.А.

Авторлар туралы мәліметтер. Ысқақ Асқар - Аманжолов ат. ШҚМУ-дың «Экономика» мамандығының магистранты. Абылайханова Тана Аблайхановна – экономика ғылымдарының кандидаты, Аманжолов ат. ШҚМУ-дың аға оқытушысы.

Аннотация. Мақалада инновация түсінігіне ғалымдардың көзқарасының салыстырмалы теориялық талдауы жасалынған. Инновациялардың қолдану аясын анықтайтын, белгілері бойынша жіктемесін берілген. Инновация түсінігінің авторлық анықтамасы берілген.

Түйін сөздер. Инновация, ғылыми-техникалық революция индустриалды-инновациялық даму, экономика, технология.

Сведения об авторах. Ысқақ Асқар - магистрант специальности «Экономика» ВКГУ им. С. Аманжолова, Абылайханова Тана Аблайхановна – кандидат экономических наук, старший преподаватель ВКГУ им. С. Аманжолова.

Аннотация. В статье рассмотрены теоретические основы инновационного развития. Сделан теоретический анализ эволюции взглядов ученых экономистов. Рассмотрена классификация инноваций по признакам, определяющие область их применения. Дана авторская трактовка понятия инноваций.

Ключевые слова. Инновация, аймақ, капитал, тиімділік, экономика, технология

About the authors. Yskak Askar – graduate student of major “Economics” at EKSU named after S. Amanzholov, Abylaikhanova Tana Ablaikhanovna – Candidate of Economic Science, Senior Professor at EKSU named after S. Amanzholov.

Annotation. The article deals with the mechanisms of state regulation of innovation activity. the main directions of industrial-innovative policy of the state are defined.

Keywords. Innovation, scientific and technical revolution, industrial and innovative development, efficiency, economy, technology.

«Инновация» термині латынның «innovate» деген сөзінен бастау алады, негізгі мағынасы жаңарту және жақсарту дегенді білдіреді. Бұл мағына алғаш рет батыс мәдениеттанушыларының зерттеулерінде көрініс табады және бір мәдениеттің элементтерінің екіншісіне енгізілуі деп түсіндіріледі [1].

Ал инновацияның бастапқы зерттелуі және қолданылуы XX ғасырдың басында көрініс тапты. Инновацияны экономикалық категория ретінде қарастырған ғалым И.А. Шумпетер болатын. Ол өзінің «Экономикалық даму теориясы» атты еңбегінде жаңашылдық экономикалық жүйені алға сүйреуші, оның бір жағдайдан екінші жағдайға өтуіне ықпал етуші деп қарастырады. И. Шумпетер инновацияның негізгі бес себебін атап көрсе-

теді: жаңа шикізат көздерін пайдалану; жаңа техниканы, технологиялық үрдістерді немесе нарықтың жаңа талаптарын пайдалану; өндіріс пен оның материалдық-техникалық қамсыздануын ұйымдастырудағы өзгерістер; жаңа сипаттағы өнімдерді енгізу; жаңа өткізу нарықтарының пайда болуы [1, 14 б.].

Кейіннен, инновацияның сипаты мен пайда болу себептерін зерттеуші ғалымдар бұл тұрғыда көптеген еңбектер жазып, ғылыми зерттеулер жасады. Мәселен, Т. Кун инновациялардың пайда болу себептеріне кәсіпкерлік ортаны жатқызса, К. Маркс еңбек жағдайының сапасының артуы деп түсіндіреді, В. Рюгемер интеллектуалдық еңбекті пайдаланудың жоғары деңгейі десе, Б.Твисс, В.Г.Медынский, Ю.Яковец нарықтың қажеттілігінен деп топшылайды, М. Портер бәсекенің жандануын көрсетсе, Г. Менш, С. Фрмен, А. Глубер экономикалық ауытқулардың кезектілігі дегенді айтады, ал П. Друкер өндіріс пен тұтыну құрылымындағы өзгерістерді негізгі себептер ретінде келтіреді [2].

Инновацияның экономикалық мағынасын зерттеуші ғалым Б. Сантоның пікірінше, инновация – жаңа сипаттағы өнімдердің, технологиялардың келуіне, ал егер инновация экономикалық тиімділікке немесе пайдаға бағытталса, онда үстеме табысқа жеткізетін қоғамдық технико-экономикалық үрдіс [3].

Н.Н. Молчановтың пайымдауынша инновация ғылыми еңбектің нәтижесі бола отырып, қоғамдық тәжірибені жетілдіруге бағытталады және дәл осы қоғамдық өндірісте көрініс табады [4].

Американдық экономист Б. Твисс инновацияны «интеллектуалдық тауар: жаңалық, ақпарат, ноу-хау немесе идея экономикалық мазмұнға ие болатын үрдіс» деп анықтайды [5].

Батыстың бірқатар ғалымдары «инновация - қарастырылып отырған қоғамда белгілі бір деңгейде қолдау тапқан кез-келген жаңалық» деген ой білдіреді.

П.Н. Завлин «өндірістік қызмет үрдістерін, ғылым, мәдениет, білім беру және қоғамның басқа да салаларында экономикалық, құқықтық және әлеуметтік қатынастарды жетілдіруге бағытталған ғылыми ізденістер мен дайындамалардың нәтижелерін пайдалануды» инновация деп түсіндіреді [6].

Ресейлік бір топ ғалымдар инновацияға төмендегідей өз анықтамаларын берген. Мәселен, С.Д. Ильенкова инновацияны «капиталды жаңа техника мен технологияға, өндірісті, еңбекті, қызмет көрсетуді және басқаруды ұйымдастырудың жаңа әдістеріне, бақылаудың, есептеудің, жоспарлаудың, талдаудың жаңа түрлері мен әдістеріне салу нәтижесінде алынған материалданған нәтиже» деп түйіндесе, А.И. Николаев «пайдалану аясына байланыссыз жүзеге асырылған жаңалық», «жан-жақты жаңалықтар негізінде әлеуметтік, экономикалық, білім, басқарушылық және басқа да салалардың дамуының сәтті синонимі» деген пікір айтады, ал В.Г. Медынский «жаңалықтарды тәжірибеде пайдалану нәтижесінде сипаты жақсарған тауарлар мен қызметтердің пайда болуына алып келетін қоғамдық, техникалық, экономикалық үрдісті» инновация деп анықтайды [7].

Жаңалықтың барлық уақытта инновацияға айнала беруі мүмкін емес. Өйткені, инновация ол тәжірибеде көрініс тапқан нәтиже. Бұл орайда И.Т. Балабановтың пікірін келтіре кеткен жөн. Оның пікірінше «жаңалық іргелі ғылымдардың қызмет нәтижесінде пайда болады, ал инновациялар қолданбалы немесе технологиялық сипатта орын алады; жаңалықты бір ғана ізденуші табуы мүмкін, ал инновация топпен арнайы лабораторияларда, зертханаларда, ғылыми орталықтарда инновациялық жоба ретінде дайындалады; жаңалық әрдайым пайда табуды көздей бермейді, ал инновация жаңа өнім ретінде, жаңа технология немесе техника, әлде өндірістегі еңбекті ұйымдастыру және басқа да экономикалық қатынастар ретінде ылғи да пайда табуға бағытталады; жаңалық тосыннан пайда болуы мүмкін, ал инновация терең ізденістің нәтижесінде қалыптасады және арнайы технико-экономикалық негіздеуді қажет етеді» [8].

«Қазіргі заманғы экономикалық сөздікте» инновация – техника, технология, еңбекті ұйымдастыру мен басқару аясында ғылым мен алдыңғы қатарлы тәжірибеге негізделген жаңалықтар, сондай-ақ осы жаңалықтардың әртүрлі тәжірибелік қызмет аясында және салаларында пайдаланылуы деп түсіндіріледі.

Елімізде инновацияның мазмұнына қатысты экономикалық тұрғыда анықтама берген ғалымдар бар. Атап айтқанда, Е.З. Сулейменов пен Н.В. Васильева «инновациялар – еңбекті ұйымдастыру мен экономиканы басқаруды жақсарту және басқа да іс-әрекеттер нәтижесінде жаңа немесе жетілдірілген бұйым, технология, құрал-жабдық, материал, энергия көздері ретінде көрініс табады» деп пайымдаса [8], Ф.М. Днишев инновацияның мағынасын «адамзат ақыл-ойының жетістіктерін (жаңа идеяларды, жаңалықтарды, дайындамаларды және т.б.) қандай-да бір салада тиімділікке жету үшін пайдалану, яғни, жаңа еңбек құралдарын немесе өнімдерін дайындауда, тиімді технологияларды, энергия көздерін пайдалануда, жаңа қару-жарақты дайындау мен одан қорғану әдістерін ойлап табуда, еңбекті ұйымдастыру әдістерін жақсартуда, халықаралық байланыстарды жетілдіруде, сауда, қаржы жүйелерін жақсартуда және т.б. жағдайларда. Адамзат ақыл-ойынан туындаған жаңалықтар осы адамзаттың таусылмас қажеттіліктері мен алуан түрлі қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталып отырады» [9].

Инновация мен инновациялық инфрақұрылым төңірегінде біршама ғылыми зерттеу жасаған отандық ғалым С.В. Могильныйдың бұл тұрғыда өзіндік пікірі бар. Ол, ең алдымен, инновацияны – қандай-да бір салада пайдалануына байланыссыз ғылымның, техника мен творчество жетістіктерінің тәжірибеде қолданылуы арқылы көрініс тапқан интеллектуалдық қызметтің соңғы нәтижесі деп түсінеді. Бұл нәтиже жаңа немесе жетілдірілген өнім, қызмет, үрдіс, белгілі бір құбылыс, бұрын енгізілмеген тәсіл немесе басқа да сипатта болуы мүмкін.

Екіншіден, инновация ерекше тауар түрі болып табылады. Ол нарықта әртүрлі қызмет аясына енгізілу арқылы өткізіледі. Бұл жерден шығатын ұғым, инновацияға нарықтық ортаның негізгі заңдары қолданылады, яғни бағасы, сапалық және тұтынушылық белгілері болады, тауар сипатында сұраныс пен ұсыныс қалыптасады, бәсекеге түседі. Алайда бұл жердегі бір ерекшелік, инновация тауарлық сипатқа тек салыстырмалы түрде басқа тауарлардан, қызметтерден, өнімдерден артықшылығы болғанда, идеяның нәтиже алып келетіні дәлелденгенде, оның қолданылу аясы нақтыланғанда ғана ие болады. Инновацияның тауарлық сипаты патент, техниканың, технологияның жаңа түрі, өнім немесе басқа да түрде болуы мүмкін.

Үшіншіден, инновация – бұл әлеуметтік құбылыс, яғни қандай да бір қоғамның жаңалықтарға, қалыптасқан дәстүрлерді өзгертуге, бір кезеңнен екіншісіне өту құлқын анықтайды. Басқаша айтқанда, инновация мәдениеттің бөлшегі ретінде танылады, сондықтан да жаңалықтарға деген құлшыныста тек экономикалық тұрғыда ынталандырып қана қоймай, оны тәрбиелеп отыру керек. Мұның мысалы ретінде Азияның бірқатар елдерін келтіруге болады (Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур және т.б.), оларда жаңалықтар ұлттық мәдениеттің құраушы бөлігі ретінде қалыптасып, білім басты ресурсқа айналған. Аталған мемлекеттердің басымдығы білімге, білікті еңбекке және алдыңғы қатарлы технологияларға беріледі. Бұл құбылысқа қарама-қарсы жағдай Африка мен Латын Америкасының бірқатар елдерінде байқалады, олар қазба байлықтарды өндіру мен ауыл шаруашылығына иек артып, қалыптасқан дәстүр бойынша шаруашылық жүргізуге ынталы.

ҚР «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңында инновацияның мағынасы кеңірек сипатталады. Заңға сәйкес «инновация - өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және (немесе) әлеуметтік, экологиялық тұрғыдан маңызды болып табылатын, зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі» деп түсіндіріледі.

Ғылыми жұмыс авторы инновацияның мағынасы туралы ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті пайдалана отырып, бәсекелік ортада кәсіпкердің табыс табуымен байланысты жаңа немесе жетілдірілген өнім шығарып, қызмет көрсетіп, жұмыс орындауын, мемлекеттің немесе ынталы топтардың қоғамдық, әлеуметтік қатынастарды жетілдіру, қоршаған ортаның тазалығын немесе тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында атқаратын маңыздылығы жоғары және ұтымды шараларын атқаруын жатқызуға болады деген

пікірді ұстанады. Яғни, зияткерлік меншік объектісі нәтижеге айналған кезде ғана ол инновация болады.

Жаңалық деңгейіне байланысты инновациялар негізгі төрт категорияға бөлінеді:

1) базистік инновациялар - нарықта бұрын болмаған өнімдердің, қызметтердің, жұмыстардың пайда болуына мүмкіндік береді;

2) жақсартылған инновациялар - нарықта бар тауарлардың, қызметтердің, жұмыстардың параметрлерін жетілдіруге бағытталған;

3) кешенді инновациялар - әлемдік тәжірибеде сынақтан өткен жетістіктерді жинақтай отырып, әртүрлі салалар мен өндірістердің мүмкіндіктерін бірге пайдалануға ықпал етеді (мәселен, ұялы телефондарды сөйлесу құралынан басқа фотоаппарат, радио, есептегіш құрал, плейер және басқа да мақсаттарда пайдалануға болады);

4) радикалды инновациялар - жаңа ғылыми идеялар мен ізденістерге негізделеді, жаңа салалар мен бағыттардың қалыптасуына алып келеді (ғылымдағы жаңа бағыттар – гендік инженерия, биотехнология, нанотехнология, жәндіктерді клондау және т.б.).

Қазіргі нарықта базистік инновациялардың пайда болуы күрделірек болып саналады, сондықтан да инновацияны жасаушылар жақсартылған инновациялар мен кешенді инновацияларға көбірек мән береді. Ал радикалды инновациялар терең ғылыми зерттеулерді қажет етеді және ол үрдіс ұзақ уақыт бойы жүреді, сонымен қатар, бірнеше ғылыми орталықтар мен зертханалардың, тәжірибелік, өндірістік орталықтардың, қаржы топтарының қатысуымен ғана белгілі бір нәтижеге жетуі мүмкін.

Инновациялар пайдалану аясына байланысты келесідей жіктеледі:

- ғылыми инновациялар - жаңа ғылыми бағытты қалыптастыруға немесе қандай-да бір салада ғылымның жетістіктерін пайдалануға ықпал етеді;

- ұйымдастырушылық - басқарушылық инновациялар - ұйымда бұрыннан қалыптасқан басқару әдістерін, еңбекті немесе өндірісті ұйымдастыру формаларын, шешімді қабылдау жүйесін жаңартуды көздейді;

- әлеуметтік инновациялар - әртүрлі әлеуметтік топтарда қарым-қатынасты өзгертумен, еңбек жағдайы мен еңбекке ынталандырудың жаңа әдістері мен тәсілдерін қолданумен және осы бағыттағы басқа да іс-әрекеттерді жақсартумен байланысты;

- технологиялық (өндірістік) – ғылыми-техникалық жетістіктерді өндіріс пен тұтынуда пайдаланып, қолданыстағы техника мен технологияны, технологиялық әдістер мен тәсілдерді өзгертуге және жаңартуға бағытталады. Технологиялық инновациялар, өз кезегінде, инновациялық өнім (жаңа, жаңартылған немесе жақсартылған өнімдерді дайындауға қатысты) мен инновациялық үрдіске (өндірісте шығарылатын өнімдер мен қызметтерді дайындауда жаңа технологияларды қолдану) бөлінеді;

- экологиялық – қоршаған ортаның ластануын азайтатын, зиянды қалдықтарды тазалайтын, шикізатты қалдықсыз өңдейтін, қоқыстарды өңдейтін инновациялық үрдістерді қамтиды;

- саяси – мемлекеттің әлеуметтік, халықаралық, сыртқы, ішкі бағыттағы іс-әрекеттерін жетілдірумен және оның халық үшін тиімділігін көтерумен байланысты;

- мемлекеттік-құқықтық – жаңа мемлекеттік институттар, демократиялық құқық, заңдық актілер, мемлекеттік басқару тәсілдері, әділетті сот жүйесі түрінде көрініс табады;

- рухани саладағы инновациялар – білімде, мәдениетте, ғылымда жаңа жүйелер мен ізденістердің, туындылар мен жетістіктердің пайда болуы.

Таралу аясына байланысты инновацияларды төмендегідей жіктейді:

- жаһандық – бірнеше мемлекеттерде немесе әлем деңгейінде өзгерістердің пайда болуына алып келетін инновациялар;

- ұлттық – бір мемлекет деңгейінде қолданысқа енгізілген, тиімділігі негізделген жаңа жүйелер, үрдіс, құбылыс және т.б. инновациялар;

- аймақтық – белгілі бір аймақтың ерекшелігіне байланысты маңыздылығы бар инновациялар;

- нақты – қандай-да бір кәсіпорын, мекеме, ұйым деңгейінде қолданылатын инновациялар.

Біздің ойымызша инновацияларды белгілі бір деңгеймен байланыстырып, оның ауқымын шектеп қоюға болмайды. Өйткені, инновацияның тиімділігі кез-келген субъект немесе қоғам үшін дәлелденгенде, оны пайдаланушылар тобы бірден кеңейеді. Әлемдік ортаның қазіргі байланысы, ақпараттық кеңістіктің кеңейуін, мүдделі топтардың тарату аумағын ұлғайтуға деген ұмтылысы инновациялардың жандануына себеп болады.

Ең алдымен, ол экономикалық орта. Өнім өндірушілердің, қызмет көрсетушілердің, жұмыс орындаушылардың табатын пайдаларын өсіруге мүдделілігі. Бәсекелі нарықтың талабы да өндірушілерге неғұрлым тиімді түрде қызмет етуін жүктейді.

Екіншіден, қоғамдағы қарама-қайшылықтар. Мәселен, белгілі бір топтың, ұйымның қалыптасқан дәстүр мен құндылықтарға, ережелер мен тәртіптерге қанағаттанбай немесе мойындамай, оны өзгертуге талпынысы. Бұл топ өзінше жаңа құндылықтар мен тәртіптерді қалыптастырып, оған қалған көпшілікті тартуға ынталанады.

Үшіншіден, табиғи ресурстардың азайтуы. Бұл тауарлық, өндірістік инновациялардың қалыптасуына ықпал ететін негізгі себеп. Бұл жерде дәстүрлі өндірушілердің, яғни табиғи ресурстарға иелік етуші топтардың басқа мүдделі топтарға осы бағытта жұмыс істеулерін шектеуі, олардың жаңа әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып, дәстүрлі немесе табиғи өнімдерді алмастырғыш тауарларды дайындауларына түрткі болады. Төртіншіден, әлеуметтік орта немесе қоғамдық сана. Көп жағдайда бұл орта инновацияларды жасаушыларға өздерінің талаптарын жүктейді. Яғни, олардың қалыптасқан көзқарастары, жаңалықтарды қабылдау деңгейі, білімі мен мәдениеті осы деңгейге сай өнімдер мен қызметтердің пайда болуын қажетсінеді. Сонымен қатар, еңбек ету мәнері, біліктілік деңгейлері де инновацияларды бірден қабылдауды немесе біртіндеп енгізілуді анықтап отырады.

Бесіншіден, алпауыттардың ойыны. Бұл жерде алпауыттар қатарына нарықтағы ірі өнім, қызмет шығарушы компаниялар мен монополистерді жатқызуға болады.

Олар, керісінше, нарыққа өздерінің талаптары мен ережелерін енгізеді. Яғни, дайындаған өнім мен қызметтерін кең көлемді жарнама, шаралар, ойындар өткізу арқылы, қажет болса мемлекеттің ресурстарын қолдану арқылы нарыққа өткізеді. Тұтынушылар өздерінің қажеттіліктеріне сай сұраныс жасаудан гөрі, ұсынылған тауарларға ыңғайланып, бейімделеді. Бүгінгі жаһандық ортада инновацияларды қалыптастырып отырған басты себеп дәл осы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шумпетер Й.А. Теория экономического развития: исследование предпринимательской прибыли, капитала, кредита, процента и цикла конъюнктуры. - М., 1982.
2. Медынский В.Г., Шаршукова Л.Г. Инновационной предпринимательство. - М., 1997.
3. Санто Б. Инновация как средство экономического развития. Пер. с венг. - М., 1990.
4. Молчанов Н.Н. Формирование рынка инновационных ресурсов. - М., 2006.
5. Толыбаев А.Н. Повышение инновационной активности экономических систем: приоритеты и механизм: дисс.... канд. экон. наук. - Алматы, 2006.
6. Завлин П.Н. Инновационное развитие и инновационная культура // Наука и науковедение, 2001. - №2. - Б. 54-63.
7. Николаев А.И. Экономическая теория технического развития. – М., 2001.
8. Балабанов И.Т. Инновационный менеджмент. – М: ИНФРА-М, 2006.
9. Сулейменов Е.З., Васильева Н.В. Инновационная деятельность в Республике Казахстан: Аналитический обзор. – Алматы: НЦ НТИ РК. – 2006.
10. Днишев Ф.М. Инновационный менеджмент.– М., 2009.

УДК 332.1(574)

АУДАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН БАСҚАРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Мамырбекова Д.С., Сактаева А.А., Қажыбекова С.Н.

Авторлар туралы мәліметтер. Мамырбекова Динара Самаркановна - бизнес кафедрасының аға оқытушысы Қазақстан-Американдық еркін университеті. Сактаева Альмира Абешевна – экономика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Қажыбекова Салтанат Ниязқызы - «Экономика» мамандығының студенті С. Аманжолов атындағы ШҚМУ.

Аннотация. Мақалада ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы басқарудың әдістемелік аспектілері қарастырылған. Ең алдымен, аудандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудың, өңірлік дамудың мемлекеттік реттеуін оңтайландыруды, аймақтық экономиканы қайта құрылымдау бағыттарын негіздеуді және тағы басқаларды жүйелі түрде қамтамасыз етуді көздейтін маңызды мәселелердің бірі.

Түйін сөздер. Экономика, әлеуметтік-экономикалық даму, басқару, әдістемелік аспектілер

Сведения об авторах. Мамырбекова Динара Самаркановна – старший преподаватель кАфедры бизнеса Казахстанско-Американского свободного университета. Сактаева Альмира Абешевна – кандидат экономических наук, старший преподаватель ВКГУ им. С. Аманжолова. Қажыбекова Салтанат Ниязқызы – студентка специальности «Экономика» ВКГУ им. С. Аманжолова.

Аннотация. В статье представлены методологические аспекты социально-экономического развития района. К числу насущных проблем, требующих скорейшего решения, относятся, прежде всего, такие, как обеспечение системного подхода к управлению социально-экономическими процессами в регионе, упорядочение государственного регулирования регионального развития, обоснование направлений реструктуризации регионального хозяйства и ряд других.

Ключевые слова. Экономика, социально-экономическое развитие, управление, методологические аспекты.

About the authors. Mamyrbekova Dinara – Senior Professor at Business Department in Kazakh American Free University. Saktayeva Almira – Candidate of Economic Science, Senior Professor of EKSU named after S. Amanzholov, Kazhybekova Saltanat Niyazkyzy, undergraduate student of major “Economics” at EKSU named after S. Amanzholov

Annotation. The article presents the methodological aspects of the socio-economic development of the area. The urgent problems that need to be resolved as soon as possible include, first of all, such as ensuring a systematic approach to managing socio-economic processes in the region, streamlining state regulation of regional development, justifying directions for restructuring a regional economy, and a number of others.

Keywords. Economics, socio-economic development, management, methodological aspects.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын басқару жүйесін қалыптастырудың негізгі тұжырымдамалық позициясы аймақтық экономика мен әлеуметтік саланың әртүрлі салаларының қызметіне және олардың теңестірілген дамуына жүйелі тәсілдерді (ресурстық және әлеует тұрғысынан) пайдалану болып табылады.

Белгілі бір саланы дамытудың басқару стратегиясы ағымдағы, кейде қолайсыз жағдайларда әлеуметтік-экономикалық прогрестің оңтайлы жолдарын таңдауды, сондай-ақ өңірдің бәсекеге қабілеттілігін барынша арттыруды қамтуы тиіс [1, б. 12].

Ауданның бәсекеге қабілеттілігін арттыру - жекелеген кәсіпорындардың, өндірістердің, аумақтардың және олардың толығымен бәсекелестік артықшылықтарын арттыруды көздейтін ең өзекті мәселе.

Жалпы алғанда, өңірдің бәсекеге қабілеттілігі инновацияның негізгі рөл атқаратын, нарықтағы табыстарды, жетістіктерді және ұтып алған ұстанымдарды қамтамасыз ететін қарқынды динамикалы аймақаралық және халықаралық экономикалық бәсекелестік жағдайында бәсекелестік артықшылықтардың болуы, нығайту, көбейту және дамыту ретінде

сипатталуы мүмкін.

Біздің ойымызша, ауданның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мынадай негізгі жүйелік элементтерді іске асыру арқылы қол жеткізуге болады: аудандық әлеуетті жұмылдыру; құрылымдық түзетулер енгізу; инновацияны кеңейту; инвестициялық тартымдылықтың өсуі; кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайлар жасау; әлеуметтік бірлестікті қалыптастыру. Барлық осы компоненттер тиісті құқықтық және институционалдық негізге негізделіп, ауданның даму стратегиясында көрініс табуы керек [2, б. 59].

Ауданның дамуын басқарудың тағы бір маңызды міндеті әр түрлі экономикалық субъектілердің іскерлік белсенділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады. Бұл нарық қатысушылары үшін мінез-құлықтың тең жағдайлары мен ережелерін қалыптастыруды, негізсіз жеңілдіктерді жоюды, монополиялық үрдістерді жеңілдетуді және жеңуді және сонымен бірге кәсіпкерлік қызметтің және бизнес-бастамалардың дамуына ықпал ету үшін ынталандыру шараларын кеңейтуді талап етеді [3, б. 6].

Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде инновациялық қызмет ретінде қарастыру керек. Инновация тиімділігін арттыру үшін механизмі, атап айтқанда, ғылыми-техникалық прогресс және жеке және меншікті капиталы тарту арқылы аймақ экономикасының түрлі салаларындағы ғылыми әзірлемелерді тез енгізу арқылы жинақталған инновациялық әлеуетін тиімді іске асыру ең басым бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер жандануын қамтиды. Инфрақұрылым, сондай-ақ, инновациялық қызметті дамыту перспективалы жобаларды, облыстың және ауданның инновациялық даму бағдарламаларын жетілдіру үшін мемлекеттік қолдау қажет. Міндет, сондықтан, бүкіл аудандық шаруашылық жүйесін жүзінде, барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметінде инновациялық компоненттердің таныстыру.

Аймақтағы инвестициялық қызметті арттырудың тиімді механизмін әзірлеуге инвестициялық жобаларды өңірлік қолдау және олардың нарығын қалыптастыру, ғылыми-техникалық салада венчурлық инвестициялық жүйені дамыту, әкімшілік тарапынан венчурлық бизнесті қолдау, инвестициялық инфрақұрылымды дамыту және т.б. қамтуы керек [4, б. 9].

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын басқарудың тағы бір маңызды элементі - белгілі бір аумақта жұмыс істейтін өңірлік және жергілікті билік органдарының, халықтың және бизнестің бірлескен жауапкершілігі. Бұл олар қолайлы іскерлік ахуалы осы маңызды тақырыпқа ең алдымен мүдделіміз, өйткені бизнес, бизнес ауданы, тиісті аумақта әлеуметтік тұрақтылықты қолдау үшін жауапты болуы тиіс деп атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта мамандардың басым көпшілігі өңірлік әлеуметтік-экономикалық дамуды басқару әдістеріндегі түбегейлі өзгерістердің қажеттігі туралы келіседі. кәсіби болмауы, басқару және мемлекеттік қызметшілердің ұйымдастырушылық мәдениет жеткіліксіз деңгейі күрт теріс азаматтардың өмір сапасына әсер етеді, олардың жауапкершілігін, бастамасын және кәсіпорын, азайту.

Сондықтан, түрлі білім салалары арасында, атап айтқанда, әлеуметтік маңызды басқару болып табылады - осы саладағы тиімді басқару қабілетті болашақ мамандарды қалыптастырады басқару ауданы, оның сипаттамалары берілген, заманауи ғылымның әдістерін пайдалануға және бүкіл заттар қосу үшін [5, б. 21].

Экономикалық, әлеуметтік және саяси салалар - аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы нысандары болып табылады. Мұндай менеджмент тек ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жоспарлары мен бағдарламаларын жүзеге асыру құралы ретінде ғана емес, сондай-ақ өмір сүруді қамтамасыз етпейтін мәселелерді шешудің құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге жергілікті қауымдастықтың дамуы мен халықтың өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін де қарастырылуы керек [6, б. 128].

Облыстық әкімшілікте жұмыс істейтін мамандар мен қызметкерлер тек жоспарлау, көшбасшылық, үйлестіру, бақылау, ынталандыру функцияларын жүзеге асыруға ғана емес, сондай-ақ университеттің оқу бағдарламалары бойынша толығымен ұсынылмаған функцияларға бағытталған әдістер мен құралдарды жақсы меңгеруі тиіс мемлекеттік және муниципалды мамандар - менеджерлер. Бұл функцияларға мыналар жатады:

- проблемаларды басқару (форсайт және проблемаларды анықтау, проблемаларды талдау және зерттеу, шешімдерді дайындау, шешімдердің нәтижелерін талдау);
- заңды және құрылымдық реттеу (институционалдық ортаны жаңарту);
- мәдениетті басқару (жаңа мәдени құндылықтарды қалыптастыру және енгізу);
- проблемалық білімді басқару (проблемаларды анықтау және шешу үшін қажетті ақпаратты жинақтау және жаңарту).

Тәжірибе талдауы, бұл функциялардың әлеуметтік-экономикалық басқарудың әрбір жұмыс істейтін жүйесі арқылы белгілі бір деңгейде жүзеге асырылғанын көрсетеді, бірақ бұл ғылыми әдістерді пайдаланбай жеткілікті түрде жасалмайды. Әлеуметтік мәселелерді алдын-ала болжау және анықтау, іс жүзінде ешкім айналыспайды, өйткені қиын проблемаларды шешу үшін жиі қаражат жетіспейді («тесік тесіктері»). Мәселелер, әдетте, халықты тұрақты әлеуметтанулық зерттеу арқылы емес, сонымен бірге халықтың хаттары, бұқаралық ақпарат құралдарына немесе шағымдардың арқасында өздігінен жүзеге асырылады. Ең маңызды мәселелерді бағалау және іріктеу жиі түрлі саяси топтардың, партиялар мен қозғалыстардың мүдделерін мобилизациялаудың нәтижесі ретінде жүзеге асырылады. Шешімдер қабылдау және тиісті бағдарламаларды дайындау әдетте терең ғылыми зерттеулерсіз жүргізіледі. Қабылданған шешімдердің нәтижелерін талдау сирек кездеседі, бұл сол қателерді жиі қайталауға әкеледі [7, б. 176].

Мұндай кемшіліктер әлеуметтік мәселелерді басқару функцияларына ғана емес, жоғарыда аталған әлеуметтік-экономикалық басқарудың басқа функцияларына да қатысты. Осы кемшіліктерді жою әлеуметтік менеджмент жүйесін жетілдіруге және оның тиімділігін арттыруға тиіс.

Бұл үшін екі әдісті қолдануға болады: функционалды диагностика және «ақыл-ой орталықтары» деп аталатын негізделген реинжиниринг әдісі.

Бірінші әдіс (1-кесте) басқару функцияларын орындаудағы кемшіліктерді анықтау, оларды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар бағдарламасын дайындау және іске асыру мақсатында қазіргі әлеуметтік басқару жүйесін зерттеу болып табылады.

Әдіс үш кезеңнен тұрады. Біріншіден, жоғарыда аталған басқару функцияларының әрқайсысы үшін оларды кім және қалай орындағаны анықталады. ағымдағы менеджмент жүйесінің құрылымдық бөлімшелері және басқару функцияларын іс жүзінде жүзеге асыратын белгілі тұлғалар (ресми немесе бейресми түрде) анықталып, оларды жүзеге асыру тәртібі сипатталған.

Кесте 1. Функционалды-диагностикалық әдісті енгізу кезеңдері

Функционалдық-диагностикалық әдіс Басқару функцияларын бөлу	Функцияларды орындау рәсімдерінің сипаттамасы
Бірінші кезең	Басқару функцияларын нақты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер мен нақты тұлғаларды анықтау
Екінші кезең	Басқарушылық функциялардың сапасын төмендететін кемшіліктерді анықтау
Үшінші кезең	Әрбір басқару функциясын жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар дайындау Басқару функцияларын іске асыруды жетілдіру бойынша шаралар бағдарламасын құрастыру Әзірленген іс-шараларды жүзеге асыру, әлеуметтік басқарудың қазіргі жүйесінің тиімділігін арттыру

Екінші кезеңде осы функциялардың сапасын төмендететін кемшіліктер анықталады. Үшінші кезеңде оны жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әрбір функция үшін дайындалады. Басқару функцияларын жетілдіру бойынша ұсыныстарды негізге ала отырып,

іс-шаралар мен жұмыс бағдарламаларын іске асыру қазіргі әлеуметтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға әкелуі тиіс.

Бұл әдіс әлеуметтік менеджмент жүйесінің біртіндеп жақсаруымен байланысты. Сонымен қатар, соңғы өзгерістерді тым баяу жүзеге асыруға болады, қабылданған шешімдердің сапасына аздаған ықпалы және сайып келгенде, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейіне әсер етуі мүмкін [8, б. 156].

Екінші әдіс (2-кесте) барынша түбегейлі сипатқа ие және қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін арнайы «ақыл-ой орталықтары» әлеуметтік басқару жүйесімен құрылады. Әлеуметтік басқарудың көптеген функциялары, атап айтқанда проблемаларды басқару функциялары, жартылай құпия болып табылады. жеткіліксіз саналы түрде орындалады, бұл оларды заңдастыруға және оларды кәсіби негізде орындау қажеттілігіне әкеледі. Осы мақсатта аталған функцияларды жүзеге асыратын арнайы бөлімшелер облыстық басқару жүйесінің құрамында болуы керек. Әлеуметтік басқарудың дәстүрлі емес функцияларының басым бөлігін ескере отырып, осы функцияларды және тиісті мамандарды «бір шатырдың астына» жинау ұсынылады.

Кесте 2. «Ақыл-ой орталығының» құрылымы және оның негізгі топтарының функциялары

Топтар	Функциялар
Мәселені анықтау тобы	Сыртқы және ішкі ортадағы барлық үрдістерді үздіксіз бақылау. Ақпарат жинау және талдау
Сарапшылар тобы	Мәселелерді жіктеу және жүйелеу. Мәселелердің қозғалысын қадағалау.
Құқықтық реттеу тобы	Жаңа нормативтік актілерді дайындау және қабылдау ескірген нормативтік құжаттарды қадағалау және жою
Құрылымдық реттеу тобы	Жаңа құрылымдық бөлімшелерді жобалау және енгізу. Әлеуметтік басқарудың қазіргі жүйесін жетілдіру жөнінде ұсынысты дайындау
Жаңа мәдени құндылықтарды қалыптастыру және енгізу жөніндегі топ	Халықтың құндылықтар жүйесін қалыптастыру, халықтың мүдделері мен мақсаттарын кеңейту
Инновацияларды басқару тобы	Жаңа өнертабыстарды, жаңалықтарды, технологияларды зерттеу және жалпылау. Ең тиімді инновациялық жобаларды іске асыру
Ауданаралық қатынастарды реттеу тобы	Ауданаралық қарым - қатынастарды құру және заңнамалық реттеу. Жалпы мәселелерді шешу үшін басқа өңірлермен шарттар, келісімдер, одақтар мен бірлестіктер құру
Қаржы және бюджет тобы	Жергілікті бюджетті басқару Бюджеттің қаржылық көздерін қамтамасыз ету
Басқылау тобы	Интеграцияланған даму бағдарламаларын іске асыруды бақылау Бағдарлама нәтижелерін талдау. Қол жеткізілген нәтижелерді күтілген нәтижелермен салыстыру
Білім мәселелерін жүргізу туралы тобы	Кіріс туралы ақпаратты жинақтау Барлық мүдделі бөлімшелерге ақпарат беру

Шындығында бұл аймақтық басқару органдарының қазіргі заманғы құрылымында олардың орнықты дамуына жауапты арнайы орган болуы тиіс («ақыл-ой орталықтары»).

Құқықтық реттеу тобы осы жергілікті қауымдастық аумағында қолданыстағы жаңа нормативтік-құқықтық актілерді әзірлейді және енгізеді, сондай-ақ ескіргендерді қайталайды.

Құрылымдық реттеу тобы әлеуметтік менеджмент жүйесінің жаңа құрылымдық бө-

лімшелерін жобалауды және іске асыруды жүзеге асырады және қолданыстағы қызметтерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Жаңа мәдени құндылықтарды қалыптастыру және енгізу тобы халықтың құндылықтар жүйесін, оның мүдделерін және нысаналы қондырғыларын қалыптастырумен айналысады.

Инновацияларды басқару тобы жаңа өнертабыстарды, жаңалықтарды, технологияларды және т.б. ұсынады.

Ауданаралық қатынастарды реттеу жөніндегі топтар ортақ мәселелерді шешу үшін бірқатар аймақтардың ресурстарын (қажет болған жағдайда) біріктіруге мүмкіндік беретін келісімшарттарды, кәсіподақтарды, келісімдерді қолдану арқылы ауданаралық қатынастарды қалыптастыру мен заңнамалық реттеу мәселелеріне маманданған.

Қаржы-бюджеттік топ жергілікті қауымдастықтың бюджетін басқарады және өз проблемаларын қаржыландыру мәселелерін шешеді.

Бағдарламаларды іске асыру бойынша мониторинг тобы және оларды іске асыру нәтижелерін талдау интеграцияланған бағдарламаларды жүзеге асыру барысын қадағалайды және нәтижелерді проблемаларды шешуде оң тәжірибе жинақтауға және оны проблемалық білім банкінде бекітуге мүмкіндік беретін нәтижелерді салыстырады.

Проблемалық білім банкін жүргізу тобы шешілетін мәселелерге байланысты барлық кіретін ақпаратты жинақтайды және оны әлеуметтік басқару жүйесінің барлық мүдделі бөлімшелеріне ұсынады.

Бұдан басқа, «ақыл-ой орталығы» құрылымында аймақтық проблемаларды талдау және зерттеу тобы, кешенді бағдарламаларды жоспарлау және дамыту тобы, сараптамалық кеңес (аудандық үкіметтің жанындағы) құрамына енгізу ұсынылады.

Әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да қиын мәселелерді шешу үшін адвокаттар, әлеуметтанушылар, экономистер, саясаттанушылар, психологтар және басқа да мамандар кәсіби негізде біріктіретін өте күрделі басқару құрылымдары болып табылатыны анық, сондықтан мұндай орталықтар құру мүмкін емес үлкен аудандар [9, б. 143].

Өңірді басқаруды жетілдіру біртіндеп емес, бірақ тұрақты негізде жүргізілуі тиіс. Бұл дегеніміз, әлеуметтік менеджмент жүйесінің құрылымында тұрақты бөлімшелер (әлеуметтік менеджментті жетілдіру бөлімдері) құрылуы керек. Осындай құрылымдық бөлімшелердің негізгі міндеттері қолданыстағы менеджмент жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды дайындау және іске асыру болып табылады.

Басқарудың осындай практикалық әдістерін табысты дамытудың негізгі мақсаттары - персоналды кәсіби даярлау тұжырымдамасын түсіндіру және түпкілікті тұжырымдау, менеджердің адамына заманауи менеджменттің талаптарын белгілеу.

Осылайша, бүгінгі таңда өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын басқаруды жетілдіру және өңірлер әкімшілігінің күштерін ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қолдауын талап ететін тиісті жоспарлар мен бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша жұмыстарды кеңінен енгізу үшін қажетті теориялық және ғылыми-практикалық алғышарттар бар [2, б. 105].

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын басқарудың теориялық негіздерін зерделегеннен кейін біз аймақтағы әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудың ерекшеліктерін зерттеуді қажет деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маннапов Р.Г. О формировании стратегии экономического развития района // Экономика и управление. - Уфа: РИО БАГСУ, 2000. - №1.
2. Пикалов, С.А. Управление социально-экономическим развитием района На примере Московской области: Дис. ... канд. экон. наук : 08.00.05.-М., 2003.
3. Потапов Л. Финансовый механизм саморазвития района // Экономист, 1999. - №6.
4. Викторов А., Румянцев А. Стратегия инновационного развития района // Экономист, 1998, №6.
5. Гурьев Р.В. Особенности формирования и реализации программ социально-экономи-

ческого развития регионов. // Российское экспертное обозрение. - 2004. - № 12. - С. 21-26.
6. Дорогов Н. Районная экономика в системе рыночных отношений (методологические аспекты управления) // Проблемы теории и практики управления, 1997. - № 4.
7. Воронин А.Г. Муниципальное хозяйствование и управление: проблемы теории и практики. -- М.: «Финансы и статистика», 2002. - 325 с.
8. Стратегическое планирование в российских муниципалитетах. - М., 2006.
9. Иванов В.В., Коробова Л.Н. Муниципальный менеджмент. - М.: Инфра-М, 2002.

УДК 338

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТІНІҢ МӘНІ, МАЗМҰНЫ, ЕРЕКШЕЛІГІ

Мұташев С.М.

Автор туралы мәліметтер. Мұташев Санат Миратұлы - «Қаржы» мамандығының студенті Қазақстан Американдық еркін университеті

Аннотация. Қаржы менеджменті экономикалық ғылымдағы келешегі ең зор бағыт болып келеді. Қазіргі заманғы жағдайларда қаржы менеджері кәсіпорынның басты тұлғаларының бірі. Ол қаржылық сипатты мәселелердің дұрыс шешілуіне, кейде мақсатқа сәйкес соңғы шешімді қабылдау үшін жауапты. Көбінесе қаржы менеджері қабылданған шешімнің жауапты орындаушысы болып, сонымен бірге қаржылық қызметін де іске асырады. Қаржы менеджерінің негізгі міндеттері үш негізгі бағыттар бойынша шешімдерді қабылдауда тұрады: активтерді басқару, инвестициялық қызмет және кәсіпорын дамуының қаржыландыру көздерін іздеу.

Түйін сөздер. Экономика; қаржы; менеджмент; инвестиция

Сведения об авторе. Мұташев Санат Миратұлы - студент специальности «Финансы» Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. Финансовый менеджмент - одно из самых перспективных направлений в экономике. В современных условиях финансовый менеджер - главное лицо предприятия. Он отвечает за правильное решение проблем финансового характера, а иногда и за принятие последнего решения в соответствие с целью. Финансовый менеджер, являясь ответственным исполняющим принятого решения, также выполняет свои финансовые услуги. В статье описываются три основных направления работы финансового менеджера.

Ключевые слова. Экономика; финансы; менеджмент; инвестиция.

About the author. Mutashev Sanat - undergraduate student of major “Finance” at Kazakh American Free University.

Annotation. Financial management is one of the most promising areas in the economy. In modern conditions, the financial manager is the main face of the enterprise. He is responsible for the correct solution of problems of a financial nature, and sometimes for making the last decision in accordance with the goal. The financial manager, being the responsible executor of the decision, also performs his financial services. The article describes the three main areas of work of a financial manager.

Keywords. Economy; finance; management; investment.

Экономикалық тұрғыдан алғанда қаржылық менеджмент капиталды оңтайлы (ұтымды) және тиімді пайдалану жүйесі ретінде анықталады, яғни ақша құралдарының, инвестициялардың және капиталдың көбеюіне бағытталған.

Қаржылық менеджментіне жатады:

- әр түрлі қаржы құралдарын пайдалануымен фирманың қаржы саясатын әзірлеу және іске асыру;

- қаржы мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау, оларды нақтылау және іске асыру әдістерін әзірлеу;

- фирманың қаржылық есеп беруі мен талдауы арқылы ақпараттық қамтамасыз ету;
- инвестициялық жобаларды бағалау және инвестициялар қоржынын қалыптастыру;
- қаржылық жоспарлау мен бақылау;
- фирманың қаржылық – шаруашылық басқару аппаратын ұйымдастыру;

Қаржылық менеджментінің әдістері бағалауға мүмкіндік береді:
- қайсыбір ақша салымы тәсілінің тәуекелі мен пайдалылығын;
- капитал айналымының жылдамдығын, шапшаңдығын және оның өнімділігін.

Қаржылық менеджментінің міндеті: фирма қызметінің мақсаттарына жету үшін әдістерді, қаржы мен құралдарды тауып, қолдану. Бұл – келесі мақсаттар:
- пайданы көбейту;
- алдыңғы кезеңде пайданың тұрақты нормасына жету;
- қызметкерлер құрамы мен акционерлердің табыстарын көбейту;
- фирма акцияларының бағамдық құнын жоғарылату және т.б. [1].

Қорытындысында, барлық осы мақсаттар салымшылардың (акционерлердің) немесе иелердің (капитал иегерлерінің) табыстарын жоғарылатуға бағытталған. Практикалық тұрғыдан алғанда, қаржылық менеджмент кәсіпорынның ақша құралдарын және олардың көздерін басқару жүйесі ретінде қарастырылуы мүмкін. Кез келген басқару жүйесі ретінде оған объекті мен субъекті жатады, яғни басқаратын және басқарылатын кіші жүйелер (1 сурет).



Сурет 1. Қаржылық менеджментінің жүйесі

Мұнда басқару объектісі – кәсіпорынның ақша құралдары мен олардың көздері, сонымен бірге қаржы жүйесінің әр түрлі тізбектері және шаруашылық қызметінің басқа қатысушылары арасында пайда болатын қаржы қатынастары. Қаржылық менеджмент жүйесіндегі басқару субъектілері – иегерлер, қаржы менеджерлері және оның басқару кіші жүйесін құрайтын тиісті қызметтер мен ұйымдастыру құрылымдары.

Басқарудың басты субъектісі – кәсіпорын иегері болып келеді. Басқарушы кіші жүйесінің құрамында құқықтық, әдістемелік, кадр, ақпараттық, техникалық және бағдарламалық қамтамасыз етулерді айыруға болады. Экономикада кез келген жүйенің қызметі Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңдар шеңберінде іске асырылады. Олар: Қа-

зақстан Республикасының заңдары, министрліктер мен ведомстволардың нормативтік актілері, сонымен бірге нақты кәсіпорынның ережелері мен нұсқаулықтары. Қаржылық менеджментінің әдістемелік қамтамасыз етудің негізін жалпы экономикалық, аналитикалық және арнайы амалдар, әдістер, құралдар мен үлгілер (модельдер) кешені құрайды. Олар шаруашылық объектінің қаржылық ресурстарын тиімді басқаруын қамтамасыз етеді [2].

Қаржылық менеджменті жүйесінің басты элементі – кадрлық қамтамасыз етуі болып табылады, яғни адамдар тобы (қаржы директорлары, менеджерлері және т.б.) арнайы әдістер, құралдар мен тәсілдер арқылы объектіге мақсатқа сәйкес басқарушылық әрекеттерді іске асырады.. Кез келген экономикалық объектіні басқару оның құрылымдық элементтері мен қоршаған орта арасында ақпаратпен алмасуымен байланысты. Бұл ақпараттың дер кездігі, толықтығы, дәлділігі мен сенімділігі қазіргі заманғы бизнесте табысты анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып келеді. Осыған орай, қаржыны басқарудың қазіргі заманғы жүйесінің маңызды элементі – оның ақпараттық қамтамасыз етуі. Қалыптасу көздеріне байланысты ақпарат ішкі және сыртқы деп бөлінеді.

В таблице 4 представлены показатели анализа производительности труда и заработной платы на 2018-2019.

Таблица 4. Прогноз плановых показателей производительности труда и заработной платы в 2017 – 2019 гг. (тенге)

Показатель	2017	2018	2019
Численность персонала	37	35	35
Товарооборот, тг.	477529	506180,7	536551,6
Производительность труда, тг.	118950,7	126087,7	133653
Фонд заработной платы тг.	48000000	50880000	53932800
Среднегодовая заработная плата одного работника тг.	960000	1017600	1078656

Можно сделать вывод по результатам плановых показателей производительности труда и заработной платы о том, что предлагаемые мероприятия могут быть рекомендованы в практическое применение, поскольку возрастает производительность труда на 6% в 2018 и 2019 гг.

С целью формирования и укрепления организационной культуры предприятия ориентированной на достижения целей организации, рекомендуется разработать кодекс корпоративной этики, который направлен на решение проблем, выявленных при исследовании организационной культуры компании.

Предлагаемый кодекс корпоративной этики устанавливает основные принципы единства целей, подходов и системы взаимодействия работников ТОО «Стэлс» с государственными органами власти, местного самоуправления, филиалами, структурными под-

разделениями предприятия, коммерческими предприятиями и организациями, а также взаимоотношений между работниками самого предприятия.

Были предложены рекомендации по изменению организационной структуры и внедрению кодекса корпоративной этики. Изменение организационной структуры путем преобразования технического отдела и отдела контроля качества в технологический отдел, что позволит оптимизировать работу организации, а также сократить административный аппарат и перенаправить освободившиеся финансовые ресурсы на нужды организации. В свою очередь, кодекс окажет положительное воздействие на организацию труда на предприятии что приведет к увеличению экономических показателей ТОО.

Таким образом, можно сделать вывод, что предлагаемые мероприятия могут быть рекомендованы в практическое применение, поскольку возрастает эффективность системы управления предприятием, что способствует достижению стратегических целей предприятия.

ЛИТЕРАТУРА

1. Гукасьян Г.М. Экономическая теория: ключевые вопросы: Учебное пособие / Под ред. д.э.н., профессора А.И. Добрынина. – М.: ИНФРА-М, 2008.
2. Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия. - М., 2006.
3. Моргунов Е.Б. Модели и методы управления персоналом. - М., 2005.

УДК 331.108.23

ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Сабырбеков А.А., Оралбекқызы Ә.

Авторлар туралы мәліметтер. Сабырбеков Айбек Абайұлы - «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының студенті. Оралбекқызы Әйгерім - экономика ғылымдарының магистрі, Қазақстан-Американдық еркін университеті бизнес кафедрасының оқытушысы.

Аннотация. Мақалада Өскемен қаласындағы жұмыссыздық проблемаларын талдау, жұмыспен қамту көрсеткіштері қарастырылған. Жұмыссыздық қоғамның ең өзекті мәселесі болып қала береді. Өмір бойы үздіксіз оқыту саясатын жүргізуге қарамастан, жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігі мәселесі өзекті болып қалуда. Мақалада бұл ауыр проблеманы шешу жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер. Жұмыссыз, еңбек базары, жұмыспен қамту, квалификация, кадрларды дайындау, Мемлекеттік бағдарлама, вакансия, жалақы, өнеркәсіп, білім.

Түйін сөздер. Жұмыссыздық, еңбек нарығы, жұмысбастылық, біліктілік, кадрларды даярлау, Мемлекеттік бағдарлама, бос жұмыс орны, еңбекақы, өнеркәсіп, білім беру.

Сведения об авторах. Сабырбеков Айбек Абайұлы – студент специальности «Государственное и местное управление». Оралбекқызы Әйгерім – магистр экономических наук, преподаватель кафедры бизнеса Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. В статье рассматривается анализ проблем безработицы в городе Усть-Каменогорск, приведены показатели занятости. Безработица остается самой актуальной проблемой общества. Несмотря на политику беспрерывного обучения на протяжении всей жизни, острым остается вопрос нехватки высококвалифицированных кадров. В статье приведены пути решения данной наболевшей проблемы.

Ключевые слова. Безработица, рынок труда, занятость, квалификация, подготовка кадров, Государственная программа, вакансия, заработная плата, промышленность, образование.

About the authors. Sabyrbekov Aibek - undergraduate student of major “Public and Local Administration”; Oralbekkyzy Aigerim - master of Economic Science, Professor at Kazakh American Free University.

Annotation. The article considers the analysis of unemployment problems in the city of Ust-Kamenogorsk, shows employment indicators. Unemployment remains the most pressing problem of society. Despite the policy of lifelong learning throughout life, the acute question is the lack of highly qualified personnel. The article presents ways to solve this sore problem.

Keywords. Unemployment, labor market, employment, qualifications, training, the State program, vacancy, wages, industry, education.

Жұмыссыздық әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Макроэкономикалық зерттеулер нәтижесінде тұрақты жұмыссыздықтың ең өзекті мәселе екеніне назар аударуымыз маңызды. Еңбек нарығы – барынша күрделі және жетілмеген нарық түрі болып табылады. Өзінің жұмыс күшін ұсынатындар, әдетте, олардың еңбекке деген сұранымынан хабардар бола бермейді, олар тіпті өздерінің тұратын шеңберіндегі бос жұмыс орындары туралы да білмеуі мүмкін. Ал басқа аймақтардағы жұмыс орны туралы, одан да аз біледі. Еңбек нарығы да басқа нарықтар сияқты сұраныс, ұсыныстың және тепе-теңдік жағдайымен сипатталады. Еңбекке сұраным қисық сызығы – жалданушының тілегін, ал еңбекті – ұсыным қисық сызығы жалданушының тілегін көрсетеді. Еңбек – ұсыным жалақы динамикасына кері тепе-теңдікті тәуелділікпен әсер етеді. Басқаша айтқанда, егер, жұмыс күшін ұсыну басқа өндіріс факторларын ұсынумен салыстырғанда шектеулі болатын болса, онда жалақының өсуі орын алады. Еңбекті ұсыну мынадай факторлармен анықталады:

- тұрғындардың жалпы санындағы еңбек етуге қабілеті бар халықтың үлесімен;
- жұмысшының бір жыл ішінде атқарған жұмыс сағатының орташа санымен;
- жұмсалатын еңбектің саны және сапасымен, жұмысшының мамандық деңгейімен [1].

Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы халыққа Жолдауларында барлық қазақстандықтардың өмірін жақсартуға, экономикалық өркендеуге әкелетін саясатты жасау қажеттілігі аталады. Осыған байланысты қазіргі негізгі мәселе еңбек нарығындағы жұмыссыздықпен, кедейшілікпен күресу. Бұл орайда мемлекеттік бағдарламалар жасалуда. Қазіргі кезде Қазақстан экономикасында іс жүзіне асып жатқан жұмыспен қамтудың белсенді көмек көрсету бағыттарына келесілерді жатқызуға болады:

- жұмысты іздестіруге көмектесу және жұмысқа орналастыру арқылы қызмет көрсету;
- кадрларды қайта даярлау және біліктілікті жоғарылату;
- қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;
- жұмыспен қамтуды субвенциялау;
- өзін-өзі жұмыспен қамтуға материалдық көмек көрсету;
- өзін-өзі жұмыспен қамтуға шағын несиелер беру немесе кішігірім кәсіпорындарды құру және т.б.

Біздің зерттеуіміз Қазақстанның ең ірі экономикалық ауданы болып табылатын Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік орталығындағы жұмыссыздық деңгейі туралы. Шығыс Қазақстан облысында Қазақстан халқының 9,4%-ы шоғырланған. Тұрғындардың 59,4%-ы қалалық жерлерде, 40,6%-ы ауылдық жерлерде тұрады. 2015-жылғы деректер бойынша Өскеменде – 288,0 мың, Семейде – 277,0 мың, Риддерде – 52,0 мың, Зырянда – 40,1 мың, Аягөзде – 36,6 мың, Зайсанда – 15,2 мың, Шемонаихада – 16,1 мың, Шарда – 7,5 мың, Курчатовта – 10,1 мың, Серебрянскте – 0,3 мың, Глубокое, Үлбі, Шүлбі, Жезкент, Белоусовка, Жаңа Бұқтырма, т.б. кенттерде өнеркәсіптік маңызына қарай тұрғындар саны 0,3 мыңнан 10,0 мыңға дейін жетеді [2].

Облыс өнеркәсібінің негізін кен өндіру өнеркәсібі құрайтыны белгілі. Бұл бағытта 197 нысан жұмыс істейді және осы сала жұмыспен қамтушы негізгі сала. Негізгі өндірілетін өнімдері – түсті металл (мыс, мырыш, күміс), алтын, титан, көмір. Кентасты негізінен Риддер және Зырян полиметалл кен аудандарындағы «Қазақмырыш» АҚ-на қарасты кеніштер, Ертіс маңы полиметалл кенді ауданындағы «Қазақмыс корпорациясына» қарасты кәсіпорындар өндіреді. Асыл металл өндіру саласы бойынша Шығыс Қазақстан об-

лысында 27 кәсіпорын бар. Оларда 3,5 мыңнан астам адам жұмыс істейді, 17,3 т алтын өндіріледі. Негізгі алтын өндірушілерге «Бақыршық» кен кәсіпорны, «ФИК», «Алел», «Алтынтөбе» АҚ-ның, «Андас Алтын», «Даңқ», «Жерек», «Inter Gold Capital» ЖШС-терінің кеніштері жатады. Облыстағы көмір өндіру 6 нысан бойынша жүзеге асырылады. Ол негізінен «Қаражыра ЛТД» ЖШС-не қарасты Қаражыра, Кендірлік және Алакөл кен орындары. Облыс өнеркәсібінің басты түсті металлургиясы «Қазмырыш», «Өскемен титан-магний комбинаты», «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ-дары, «Қазақмыс корпорациясы» АҚ-ның «Шығыс Қазмыс» бөлімшесін, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің «Қазақстан теңге сарайы» РМК, «Қазниобий Ертіс химия-металлургия зауыты», «Ертіс сирек элементті компаниясы», «Қазмырыштех» ЖШС-терін қамтиды. Бұл кәсіпорындар өздерінің шығарған сан алуан, бағалы өнімдері бойынша дүние жүзіне белгілі [3].



Сурет 1. Өскемен қаласы бойынша жұмыссыздықтың гендерлік сипаты

1-суреттен көріп отырғанымыздай, 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыссыздар саны 1251 адамды құрады. Жұмыссыз әйелдер құрамында 54,0% құрайды, 16 жастан 29 жасқа дейінгі жастар – 19,3%.

Жұмыспен қамту қызметіне түскен кәсіпорындардың ақпараты бойынша 2016 жылғы 1 қаңтардан 1 наурыз аралығында жұмыстан босатуға болжамды санынан 15 адам шығарылды.

Толық емес жұмыс уақытында 1090 адам, 376 – өндірістің тоқтап қалуына байланысты уақытша жұмыс істемейді, 87 – жұмыс берушінің ықыласы бойынша еңбекақысы сақталмайтын демалыста.

2016 жылғы қаңтардан ақпанға дейін жұмыспен қамту қызметінің ықпал етуімен 760 адам жұмысқа орналасты, соның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына – 10, Жастар іс-тәжірибесіне – 34 түлек.

Қоғамдық жұмыстарға 217 адам орналасты.

2016 жылдың екі айында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау белсенді шараларымен 986 адам қамтылды.

2016 жылдың есеп беру кезеңінде шағын және орта бизнес саласында 657 жаңа жұмыс орны құрылды.

2016 жылы қаланың жұмыспен қамту қызметіне лайықты жұмыс іздеуге ықпал ету үшін 7817 адам өтініш жасады.

2017 жылғы 1 қаңтар жағдай бойынша жұмыссыздар саны 636 адамды құрайды. Жұмыссыз әйелдер құрамында 81,3% құрайды, 16 жастан 29 жасқа дейінгі жастар – 30,0%.

Жұмыспен қамту қызметіне түскен кәсіпорындардың ақпараты бойынша 2016 жылғы жұмыстан босатуға болжамды санынан 478 адам шығарылды.

2017 жылдың соңына дейін толық емес жұмыс уақытында 626 адам жұмыспен қамтылды.

2017 жылғы қаңтардан желтоқсанға дейін жұмыспен қамту қызметінің ықпал етуімен 6 273 адам жұмысқа орналасты, соның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына – 352, Жастар іс-тәжірибесіне – 312 түлек.

Қоғамдық жұмыстарға 1291 адам орналасты, оқытуға 574 адам жолданды.

Ағымдағы жылдың есеп беру кезеңінде шағын және орта бизнес саласында 5 506 жаңа жұмыс орны құрылды.

2017 жылғы қаңтар - желтоқсанда қаланың жұмыспен қамту қызметіне лайықты жұмыс іздеуге ықпал етуге 9146 адам өтініш жасады.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыссыздар саны 1 630 адамды құрайды. Жұмыссыз құрамында әйелдер – 62%, 16 жастан 29 жасқа дейінгі жастар – 43,1%.

Жұмыспен қамту қызметіне түскен кәсіпорындардың есептері бойынша 2017 жылдың он екі ай аралығында жұмыстан босатуға болжамды санынан 271 адам шығарылды.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өндірістің тұруына байланысты 4 адам уақытша жұмыспен қамтылмаған.

2017 жылғы қаңтардан қарашаға дейін жұмысқа орналастыру шараларды 7152 адамға көрсетілді, соның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына 282 адам, Жастар іс-тәжірибесіне 450 түлек, қоғамдық жұмыстарға 487 адам орналасты.

Ағымдағы жылдың есеп беру кезеңінде шағын және орта бизнес саласында 5 894 жаңа жұмыс орны құрылды [4].

Жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіштері бойынша Өскемен Қазақстанның барлық қалаларының ішінде ылғи дерлік ортада орналасады. Жұмыссыздықтың себептері неде, онымен қалай күресуге болатыны жайлы Өскемен қаласы тұрғындарынан жұмыссыздық туралы сауалнама алынды. Жалпы 100 адам сұралып, жауап нұсқалары келтірілген 10 сұраққа жауап берді. Бірінші сұрақтан кейін жұмыссыз жүрген 25 адам қалды, бірақ қалған 75 кісі жұмыссыз жүрген жағдайдағыдай жауап берді. Осыған орай сауалнама нәтижелері келесі сипатқа ие:

1. «Қазіргі уақытта жұмыс істейсіз бе?» деген сұраққа берілген жауап нәтижелері: сұралғандардың 75%-ы жұмысым тұрақты деп жауап берді. Ал қалған 25% жұмыссыз. Соның ішінде 5%-ның жұмысы мерзімдік. 10%-ы жұмыссыз және жұмыс іздеуге деген талпыныстарының жоқ екенін айтты. Тағы 10%-ы белсенді түрде жұмыс іздестіруде.



Сурет 2. «Қазіргі уақытта жұмыс істейсіз бе?» сұрағының жауап тұрпаты

2. «Жұмысты қайдан іздейсіз?» деген сұраққа берілген жауап нәтижелері: жалпы тұрғындардың 60%-ы ғаламтор арқылы іздестіреді екен. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрғындардың 15%-ы ғана қарастырады. Таныстар арқылы деген нұсқаны тұрғындардың 10%-ы таңдады. Көшедегі хабарландырудан 15% ғана іздестіреді.



Сурет 3. «Жұмысты қайдан іздейсіз?» сұрағының жауап тұрпаты

3. Жалақыға келетін болсақ «Қандай жалақыға жұмыс істеуге келісесіз?» деген сұраққа сұралған тұрғындардың 10%-ы 50-100 мың теңге көлемінде жалақыға келісетіндерін айтты. Ал 45% 100-200 мың деген жауапты таңдады. 200 мыңнан жоғары деген жауап нұсқасын тұрғындардың 40%-ы белгіледі. Тек 5% жалақы көлемі маңызды емес деп жауап берді.



Сурет 4. «Қандай жалақыға жұмыс істеуге келісесіз?» сұрағының жауап тұрпаты

4. «Жұмысқа орналасу үшін не қажет?» деген сұраққа берілген жауап сипаты: сұралғандардың жартысы жұмысқа орналасу үшін жоғары білім қажет деп жауап берді. Ал жұмысқа орналасу үшін тәжірибе керек деп сұралғандардың 35%-ы жауап қайырды. «Таныс арқылы» деген жауапты сұралғандардың 10%-ы белгіледі, бұл біздің қоғамда жемқорлықтың барын көрсетеді. Тек 5% ғана пара беру қажет деп есептейді.



Сурет 5. «Жұмысқа орналасу үшін не қажет?» сұрағының жауап тұрпаты

5. ««Халықты жұмыспен қамту орталығына» барып көрдіңіз бе?» деген сұраққа берілген жауап нәтижелері келесідей: «Иә» – 40%, «Жоқ» – 55%. Тек 2% сұралғандар «Халықты жұмыспен қамту орталығы» жайлы білмейді. Аталған мекемеге барып, нәтижеге қол жеткізе алмағандар – 3%.



Сурет 6. «“Халықты жұмыспен қамту орталығына” барып көрдіңіз бе?» сұрағының жауап тұрпаты

6. «Өскемен қаласындағы жұмыссыздыққа қандай баға бере аласыз?» деген сұраққа жұмыссыздық деңгейі жоғары деген жауапты сұралғандардың 45%-ы белгіледі. Орташа деп есептейтіндер – 15%. Төмен деп бағалағандар 30%. Ал 10% жұмыссыздық мүлдем жоқ деп белгіледі.



Сурет 7. «Өскемен қаласындағы жұмыссыздыққа қандай баға бере аласыз?» сұрағының жауап тұрпаты

7. «Жұмыс істем еуіңізге не себеп?» деген сұраққа сұралғандардың көпшілігі, яғни 55%-ы білім деңгейінің жетіспеушілігіне тоқталды. Ал 25% жоғары, жақсы біліктілік керек деп жауап берді. 11% жеке бастаманың жоғын алға тартты, яғни өздері аса белсенді жұмыс іздемейді. Қалған 9% өз нұсқаларын және ойларын айтты. Солардың ішінде бала туу туралы демалыстамын, іштей оқыту түрінде тағы бір жоғары білім алғым келеді, магистратура және докторантурада оқу дамын деген сияқты жауаптар болды.



Сурет 8. «Жұмыс істемеуіңізге не себеп?» сұрағының жауап тұрпаты

8. Жұмыссыздық мәселесін шешу және онымен күресу бойынша тұрғындардың 35%-ы «Халықты жұмыспен қамту орталығының» жұмысын күшейту керек деп жауап берді. Жұмыссыздық жастар арасында көп кездесетін болғандықтан сұралғандардың 30%-ы жастар үшін жұмыс берушілер сауалнамалар өткізуі керек деп жауап берді. Қалған 20% жемқорлықпен күресуді ұсынды. Қалған 15% тұрғындар «Жұмыссыздық туралы арнайы заң қабылдау керек» деп жауап қайырды, яғни Жұмыспен қамту туралы Заңға өзгерістер енгізуді ұсынды.



Сурет 9. «Жұмыссыздық мәселесімен қалай күресуге болады?» сұрағының жауап тұрпаты

9. Түйіндеме жазуға келгенде тұрғындардың көпшілігі, яғни 83%-ы түйіндемені шынайы жазады. Ал сұралғандардың 15%-ы түйіндемені мүлдем қажетсінбейді, бірақ бұл жауап жұмыс берушілерге қаншалықты ұнайтыны беймәлім. 1% сұралғандар түйіндемеде жартылай ғана шындықты жазады екен, қалған 1% жауап берушілер түйіндемені жұмыс берушіге ұнау үшін өтірік толтырады екен.



Сурет 10. «Түйіндемедегі ақпаратыңыз қаншалықты шынайы?» сұрағының жауап тұрпаты

10. «Тұрақты жұмыс істейтін адамға не маңызды?» деген сұраққа сұралғандардың көпшілігі – 83%-ы жалақы деп жауап берді. Қалған тұрғындардың 9%-ы жұмыс уақытының ыңғайлы болуын маңызды деп есептесе, 5%-ы әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болу маңызды деп ойлайды. 3% сұралғандар өз жауап нұсқаларын ұсынды: жұмыс орнының үйге жақын орналасуы, туыстармен қызмет жасау және ауыр емес (мысалы, қағаз жұмысы) еңбек болуы.



Сурет 11. «Тұрақты жұмыс істейтін адамға не маңызды?» сұрағының жауап тұрпаты

Қорытындылай келетін болсақ, еңбек нарығына байланысты мамандарды дайындау заман талабына сай болуы керек, әрбір азамат өмір бойы үздіксіз білім алуға талпыныс жасау керек. Еңбек нарығындағы ең үлкен мәселе әлі де қажетсіз мамандықтарға оқыту болып табылады. Техникалық мамандықтар бойынша мемлекеттік грант бойынша бакалавр дәрежесін алғандардың көбі мамандық бойынша жұмыс істемейді. Еліміз үшін өзекті мәселе – жастар арасында жұмыссыздықтың өсуі. Жастар 50 мың теңге айналасындағы төмен жалақыға жұмыс істегілері келмейді. Сондықтан жастарды жұмыспен қамтамасыз ету үшін жұмыс берушілер ақылы немесе тегін қажетті қосалқы мамандық алу үшін қайта даярлау курстарын ұйымдастыруы керек. Қазір мемлекет тарапынан Жұмыспен қамту орталығынан берілетін арнайы оқыту курстары жүргізіліп жатыр, бірақ бұнда шәкіртақы берілуіне қарамастан, олардың тиімділігі әзірше күмән тудыруда. Жұмыссыздықпен байланысты берілетін жәрдемақы жұмыс істейтін азаматтардың салығының есебінен төленетіндіктен, жұмыс таба алмай жүрген азаматтардың шын мәнінде жұмыс істеуге ынталы екенін білу маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мамыров Н.Қ., Тілеужанова М. Макроэкономика. - Алматы, 2003.
2. Шығыс Қазақстан облысы әкімінің ресми интернет-ресурсы // http:// www. akimvko. gov. kz/ru/statistika.html
3. Шығыс Қазақстан облысы әкімінің ресми интернет-ресурсы // http:// www. akimvko. gov. kz/ ru/promyishlennost-i-biznes/predpriyatiya-promyishlennosti-vko/
4. Өскемен қаласы әкімінің ресми сайты //http://oskemen.vko.gov.kz/kz/social2.htm

УДК 339.924

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕҢБЕК БӨЛІНІСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Сапарғалиев Ә.С.

Автор туралы мәліметтер. Сапарғалиев Әли Серікұлы – ҚАЕУ «Қаржы» мамандығының студенті.

Аннотация. Мақалада компания мүддесі үшін бірлескен өндірістік кәсіпорындар құру кезінде әріптестерді таңдау туралы мәселе қарастырылады. Автор бірлескен кәсіпорындармен келісім-шартты талдайды, корпорацияның ұйымдық формасын құрып, олар бойынша шешім қабылдайды. Мақалада ТМД елдерінде бірлескен өндірістік кәсіпорындарға кеңінен таралған, акционерлік қоғамдар, толық компания және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер жататындығы талданады.

Түйін сөздер. Өндірістік кәсіпорындар, бірлескен кәсіпорындар, акционерлік қоғам, ЖШС, серіктестерді таңдау, бірлескен бизнес.

Сведения об авторе. Сапарғалиев Әли Серікұлы – студент специальности «Финансы» Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. В статье рассматривается вопрос выбора партнеров при создании совместных производственных предприятий в интересах фирмы. Автор анализирует договора с совместными предприятиями, создание организационной формы корпорации и принятие решений по ним. В статье анализируется, что в странах СНГ к совместным предприятиям, как наиболее распространённым, относятся акционерное общество, полное общество, товарищество с ограниченной ответственностью.

Ключевые слова. Производственные предприятия, совместные предприятия, акционерное общество. ТОО, выбор партнеров, совместный бизнес.

About the author. Sapargaliyev Ali - undergraduate student of major “Finance” at Kazakh American Free University.

Annotation. The article discusses the issue of choosing partners when creating joint production enterprises in the interests of the company. The author analyzes the contract with joint ventures, the creation of the organizational form of the corporation and decision-making on them. The article analyzes that in the CIS countries joint-stock companies, a full company, and a limited liability partnership belong to joint ventures as the most common.

Keywords. Production enterprises, joint ventures, joint-stock company. LLP, choice of partners, joint business.

Халықаралық экономикалық қатынастардың мәнін және мазмұнын анықтайтын категориялардың бірі – халықаралық еңбек бөлінісі. Қазіргі уақытта халықаралық еңбек бөлінісіне тартылмаған елдер жоқтың қасы. Өндіргіш күштердің ғылыми – техникалық прогресс әсерімен жедел дамуы халықаралық еңбек бөлінісі тереңдеуінің негізгі кепілі.

Халықаралық еңбек бөлінісі қатысушы елдер мен аймақтарға қосымша экономикалық тиімділік келтіріп, олардың өз қажеттіліктерін неғұрлым аз шығындармен қамтамасыз етуге жол ашады.

Халықаралық еңбек бөлінісі – ел ішіндегі және еларалық бөлінісінің қорытындысы. Халықаралық еңбек бөлінісінің мәні өндіріс процесін бөлшектеу мен біріктірудің диалектикалық бірлігінен көрінеді.

Өндірістік процестің ойдағыдай жүруі ондағы атқарылатын әртүрлі еңбек процестерінің бөлшектеніп мамандануына, содан соң кооперацияланып, өзара жарасымды іс-қимылдарға көшуіне байланысты.

Еңбек бөлінісі – бұл қоғамдық еңбектің тарихи анықталған жүйесі. Ол қоғамның даму процесінде іс-әрекеттің сапалық дифференциация нәтижесінде қалыптасады.

Еңбек бөлінісі тек қана бөлектену процесі емес, сонымен қатар еңбекті біріктіру әдісі. Мұндай диалектикалық бірлік халықаралық деңгейде ерекше көрінеді.

Қоғамдық еңбек бөлінісі өндірістік әрекет түрлеріне байланысты мынадай нысандарға бөлінеді:

1) қоғамдық еңбек бөлінісінің жалпы түрі (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, байланыс, құрылыс, денсаулық сақтау, білім беру, қызмет көрсету т.б.);

2) қоғамдық еңбек бөлінісінің дербес түрі (сала ішіндегі еңбек бөлінісі);

3) қоғамдық еңбек бөлінісінің жеке-дара түрі (кәсіпорын ішіндегі еңбек бөлінісі).

Еңбектің аймақтық бөлінісі ел ішіндегі бөлініс және еларалық бөлініс болып келеді.

Халықаралық еңбек бөлінісі дегеніміз - қоғамдық еңбектің аларалық бөлінісінің жоғарғы сатысы. Ол жекелеген елдердің экономикалық пайдалы өндіріске тұрақты түрде маманданып, белгілі сандық және сапалық арақатынастар арқылы басқа елдермен өндіріс өнімдерімен алмасуы.

Халықаралық еңбек бөлінісінің қазіргі кездегі мәні бөліністің диалектикалық бірлігінен және өндіріс процесінің бірігуінен көрінеді. Өндірістік процесс әртүрлі еңбек қызмет түрлерінің мамандануы мен жекеленуін, сонымен қатар олармен айырбасын, олардың өзара әрекеттесуін болжайды. Еңбек бөлінісі тек қана бөліну процесі емес, еңбектің бірігу тәсілі ретінде де шығады, әсіресе әлемдік масштабта.

Халықаралық еңбек бөлінісіне қатысатын көптеген елдердің кәсіпорындары ішкі тұтынушылық немесе өндірістік сұранысты қанағаттандыруға қажетті өнімді мөлшерінен тыс анағұрлым көп өндіреді. Әр елдің шаруашылық субъектілері саналы түрде артық өнім өндіре және өзіне қажетті басқа елдердегі артық өнімді иелене отырып, оны әлемдік нарыққа өткізеді. Әрбір ел өндірісте белгілі бір тауар топтарына мамандануды жетілдіре, нығайта отырып, халықаралық нарықта басқа маманданған елдермен өздеріне қажетті тауарларды басқа тауар топтарына айырбас жасау арқылы алады. Нәтижесінде халықаралық еңбек бөлінісі әлемдік экономиканы ұйымдастырудың тәсілі ретінде көрінеді, яғни әрбір елдің кәсіпорындары белгілі бір тауарлар мен қызметтер өндіруге маманданады, одан кейін олармен айырбас жасайды.

Дүниежүзілік шаруашылықтағы үдемелі өндіріс процестерін жүзеге асыруда халықаралық еңбек бөлінісінің рөлі зор. Ол, біріншіден, осы процестерінің өзара байланысын қамтамасыз етеді, екіншіден, салалық, аймақтық және еларалық қажетті пропорцияларды қалыптастырады.

Халықаралық еңбек бөлінісі ғылыми теориясы классиктерінің басты еңбегі – “Өндірістік шығындардың салыстырмалы теориясы”. Бұл теориясының негізінде әр түрлі елдердің өндіріс жағдайларындағы айырмашылықтар, олардың өнім өндіру шығындарын да әркелкі етеді деген идея жатыр. Осы идеяға сәйкес, қандай бір ел болмасын оның табиғат жағдайына қарамастан кез келген тауар өндірісін қалыптастыруға болады.

Өндірістік шығындардың салыстырмалы теориясы бойынша өндірілетін өнімнің бір түріне мамандану, басқа бір елдегі сол өнімді өндірудің басым артықшылықтарына қарамастан, пайдалы екендігі дәлелденеді.

Өндірістік шығындардың салыстырмалы теориясы. Халықаралық еңбек бөлінісі ғылыми теориясындағы классиктердің басты жетістігі халықаралық сауда туралы экономикалық ілімнің негізгі өндірістік шығындардың “салыстырмалы теориясы” болып есептелінеді.

Салыстырмалы артықшылықтар теориясының негізіне әртүрлі жағрафиялық және табиғи ортада өмір сүретін елдер экономикаларының арасындағы табиғи өзгешеліктер идеясы қойылған. Бір елдер өнеркәсіпті дамыту, басқа бір елдер ауылшаруашылық өнімдерін, шикізатты өндіру керек. Өнімдермен өзара айырбас жалпы тұрмыстың жақсаруына әкеледі. Осы шарттардың бұзылуы ұлттық өндіріс шығындардың елеулі өсуін білдіретін болады. Мысалыға: Шотландияда жүзім өсіруге болады, бірақ оның құны айтарлықтай жоғары, ал одан алынған шарап сирек қолданылатын болар еді. Осы және басқа тауарларды өндіруге кететін шығындарды салыстыру мынадай қорытындыға әкеледі: сұраныс бар барлық тауарларды өндірудің орнына, шығындарды аз қажет ететін белгілі бір тауарларды өндірудің пайдалы екендігі. Өндірістің осы тауарға мамандануы айырбас арқылы сыртқы нарықта басқа барлық тауарларды иемденуге мүмкіндік береді.

Салыстырмалы шығындар теориясымен белгілі бір тауарды өндіруде мамандану-дың бір елдің екінші бір ел алдында тек қана абсолютті артықшылық шарттарында ғана емес, бұл шарттар болмаған жағдайда да пайдалы екендігі дәлелденеді.

Егер де халықаралық деңгейден төмен шығындармен бір де бір тауар өндіріле алмайтын болса, онда тауарларды өндіру кезінде біреуінің осы орта деңгейден асуы ең аз болады. Дәл осы тауарды өндіру шығындарын басқа тауарларды өндіру шығындарымен салыстыра отырып, мамандану керек. Осы жағдайдың өзінде де мамандану экономикалық әсер бере алады. Басқа да жағдай ескеріледі: оған жоғарғы артықшылық әкелетін тауарларды шығаруға мамандану керек.

Еркін бәсекенің капитализмі үшін салыстырмалы артықшылық теориясының мәнді, ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы бар. Мемлекеттерге басқа бұйымдарға қарағанда ұлттық өндіріс шығындары салыстырмалы төмен тауарларды сату, ал өз бетімен, бірақ басқа елдерге қарағанда жоғарғы шығындармен өндірілетін тауарларды сатып алу пайдалы болды.

Сонымен бірге салыстырмалы артықшылықтар теориясы өзінің тууы кезінде шектеулі сипатта болды: оның принциптері тек қана тәуелсіз мемлекеттермен жүзеге асырыла алатын болды. Колониялы және тәуелді мемлекеттер экономикалық қысымға ұшырады, сондықтан олар үшін салыстырмалы артықшылықтар принципі негізінен тиімсіз болды. Өзінің кейінгі зерттеулерінде салыстырмалы артықшылықтар теориясы халықаралық еңбек бөлінісінің нақты процестерінің алаңдатылған едәуір абстрактылы модель түрінде көрінеді.

Осы модельдің жетілмеуі мынадан тұрады:

- ол еркін бәсеке принципін абсолюттей;
- ол тек қана белгілі бір тауарлар мен елдерді қарастырумен шектеледі;
- онда тауардың тауарға тікелей айырбасталуы болжамдалады;
- өндіріс және көлік шығындар масштабтарына әсер етуі ескерілмейді.

Бұдан басқа халықаралық экономикалық қатынастардың мәнді белгілеріне көңіл бөлінбейді: еңбек және капиталдың трансшекаралық ауысуы, өндірістің мамандануына мемлекеттің және халықаралық корпорациялардың араласуы және басқа да факторлар.

Халықаралық еңбек бөлінісінің дамуына әсер етуші факторлар. Бұл факторларға:

1) Елдің ішкі нарығының көлемі.

Нарығы дамыған ірі елдерде қажетті өндіріс факторлары мен тұтынушы тауарларын табуға мүмкіндік жоғары. Сондықтан елдің халықаралық мамандану мен тауар айырбасына қатысу қажеттілігі төмен болады. Сол кезде елдегі жетілген нарықтық сұраныс экспорттық мамандануды кеңейтумен орнын толтыра отырып, импорттық сатып алуды кеңейтуге ынталандырады.

2) Ел экономикасының даму деңгейі.

Елдің экономикалық потенциалы неғұрлым төмен болса, соғұрлым елдің халықаралық еңбек бөлінісіне қатысу қажеттілігі жоғары болады.

3) Елдің табиғи ресурстармен қамтамасыз етілуі.

Елдің моноресурстармен (мысалы, мұнаймен) жоғарғы дәрежеде қамтамасыз етілуі елдің халықаралық еңбек бөлінісіне белсенді түрде қатысуына қажеттілік тудырады.

4) Ел экономикасы құрылымындағы негізгі өнеркәсіп салаларының (энергетика, металлургия, қағаз шығаратын сала) үлес салмағы.

Негізгі салалардың үлес салмағы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым елдің халықаралық еңбек бөлінісіне қатысу қажеттілігі төмен болады.

Осы аталған факторлар өзінің көрінуінде абсолютті емес екенін ескеру керек. Олардың әсері мынадай жағдайда төмендеуі мүмкін, мысалы, жергілікті өнімнің халықаралық бәсекелестік қабілеттілігінің өзгеруімен, экспорттық шектелуімен.

Халықаралық еңбек бөлінісінің даму процесінде бастығы – бұл әрбір қатысушының өзінің халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуынан экономикалық қызығушылық пен пайда іздеуі және табуы.

Халықаралық еңбек бөлінісінің артықшылықтарына экспортталатын тауарлардың халықаралық және ішкі бағалары айырмашылығынан және тиімді импортты ынталандырудан түсетін пайдаларды да қосуға болады.

Дүниежүзілік еңбек бөлінісіне белсенді түрде қатысу барлық мемлекеттер үшін пайдалы. Себебі, олар өндіріс құнының ұлттық және интерұлттық айырмашылықтарынан табысты болады. Сонымен, құн заңы дүниежүзілік еңбек бөлінісінің қозғаушы күші.

Дүниежүзілік еңбек бөлінісіне қатысу адамзаттың бүкіл әлемдік проблемалары – қоршаған ортаны қорғау, азық-түлікпен қамтамасыз ету, ғарышты, мұхиттанды игеру т.с.с. жобаларды шешуге көмектеседі.

Мамандардың болжауы бойынша болашақта өнеркәсібі дамыған елдердің өндірісі сыртқы тұтынушыға қарай бейімделеді де ішкі сұраныс импорт арқылы қанағаттандырылатын болады.

Үстіміздегі ғасырдың соңғы онжылдығы дүние жүзіне орасан зор саяси экономикалық, әлеуметтік өзгерістер әкелді. Олар халықаралық еңбек бөлінісіне елеулі әсер етті. Бұл әсерлер халықаралық еңбек бөлінісінің интеграциялық қуатын бұрынғыдан да арттырып отыр.

Халықаралық еңбек бөлінісі дамуының көрсеткіштері. Халықаралық еңбек бөлінісінің даму процесі оның өзгеруінің қажеттілік мәселелерін алға қояды.

Халықаралық еңбек бөлінісін өлшеу үшін экономистер бірқатар коэффициенттерді ұсынады. Олардың ішінде:

- өндірілген өнімнің жалпы көлеміндегі экспорттық үлес салмағы;
- экспорттың жалпы құнындағы саланың үлес салмағы;
- мемлекеттің барлық өнеркәсібінің өсу қарқынымен салыстырғанда экспорттық мамандану саласының өсу қарқыны.

Аймақтық деңгейде халықаралық еңбек бөлінісінің даму көрсеткіштері мыналар:

- әрекеттесуші елдердің қоғамдық өндірісінің өсуімен салыстырғанда өзара тауар айналым өсуінің өзу коэффициенті;
- осы елдердің қоғамдық өндірісте өзара тауар айналымының үлесі;
- жалпы сыртқы сауда айналымының өсуімен салыстырғанда өзара тауар айналым өсуінің озу коэффициенті.

Кейбір экономистердің ойынша халықаралық еңбек бөлінісінің негізгі көрсеткіштерін мыналар деп санайды: экспорттық, импорттық, және осыған сәйкес сыртқы сауда квоталары, әр тауар бойынша елдің халықаралық саудадағы үлес салмағы және т.б.

Халықаралық мамандану және өндірісті кооперациялау. Халықаралық еңбек бөлінісінің ішкі құрылымы және оған сәйкес даму бағыттары бар. Өндірістің халықаралық мамандануы және халықаралық кооперациялануы халықаралық еңбек бөлінісінің ажыратылмайтын белгілері болып табылады.

Өндірістің халықаралық мамандануы екі бағытта, өндірістік және территориялық болып өрбиді. Өз кезегінде өндірістік бағыт:

- салааралық;
- салалық;
- маманданған жеке кәсіпорындар болып үшке бөлінеді.

Өндірістік территориялық мамандануына:

- жеке елдердің;
- бірнеше елдер тобының;
- аймақтардың, дүниежүзілік нарық үшін белгілі тауарлар өндірісін ұйымдастыруы жатады.

Өндірістің халықаралық мамандануы түрлеріне заттық (дайын өнім өндіру), бөлшектік (өнімнің бір бөлігін жасау), технологиялық, яғни технологиялық тізбектің жекелеген процестерін жүзеге асыру түрлері жатады.

Дүниежүзілік шаруашылық байланыста заттық мамандану түрлері ішінен ең кең тарағаны – дайын өнім өндіруге мамандану. Дайын өнім өндіру бойынша халықаралық мамандану – халықаралық еңбек бөлінісінің динамикалық нысаны. 50-60 ж.ж. жетекші

орында бастапқы сала деңгейінде (машина жасау, ұшақ жасау, пластмасса өндіру, радиоаппараттар, подшипниктер және т.б. өндіру) өндірістің халықаралық мамандануы алды. 70-80 ж.ж. ішкі салалық өндірістің халықаралық мамандануы және әртүрлі тұтынушылық сипатқа ұқсас тауарлармен айырбасы көзге түседі. (мысалы, тері және резина аяқ киімі және т.б.).

Соңғы жылдары жекелеген өнімдерді өндіру бойынша мамандану дамуда. Кәсіпорындардың жекелеген өнімдерді өндіруге мамандануы қазіргі ғылыми-техникалық прогреске тікелей байланысты. Өндірістің технологиялық құрылымының күрделенуі өнім өндіру үшін пайдаланатын бөлшектер мен тетіктердің сандық мөлшерін көбейтіп жібереді. Мысалы: жеңіл автомобиль шығаруға қажет бөлшектер мен тетіктердің саны 20 мыңға, прокат станында – 100 мыңға, электровозда – 250 мыңға жуықтады. “Вольво” шведтік автомобилін шығаруға мамандану осыған мысал бола алады. Ресей тұтынушысы осы автомобильді ала отырып, шын мәнінде шведтік таза өнімнің 1/3-н ғана иемдене алады. Өнімнің 60%-ы Швециямен импортталған.

Технологиялық мамандану елдердің дайын өнімді бөлек операциялар орындау арқылы шығаруы (яғни жеке технологиялық процестерде жүзеге асыру, мысалы, құрастыру, пісіру, сырлау, бояу, құйма өндіру және т.с.с.), мысалы, шетелден глинозем (топырақта болатын алюминий тотығы) және оның қорытпасын жеткізу.

Өндірістің халықаралық мамандануы қоғамдық байланыстарды есепке ала отырып даму керек. Бірақ та өндіріс тиімділігін жоғарылату және өндірістің халықаралық мамандануының экономикалық пайдалылығын жүзеге асыру үшін, экономикалық мақсаттардың жүзеге асырылуына жету үшін, оны өндірістің халықаралық кооперациялануымен толықтыру керек. Оның объективті негізіне өндіргіш күштердің қарқынды дамуы арқылы мүмкін болатын ел ішіндегі, немесе халықаралық деңгейдегі дербес кәсіпорындардың өзара тұрақты өндірістік байланыстары жатады. Өндірістің халықаралық кооперациялануы фирмаларға, өндіріске және айналымға кететін шығындарды азайтуға көмектеседі, яғни өнімнің бәсекелестік қабілеттігінің жоғарлауы.

Өндірістің халықаралық кооперациялануы, өзінің жетілген формаларында кооперациялаудың әртүрлі сфераларын қамтиды:

1) Халықаралық өндірістік-технологиялық кооперациялау.

Бұл сфераның құрамына:

- меншік құқығын пайдалану және лицензиялар беру сұрақтары;

- жобалау-конструкторлық сызбаларды жасау, технологиялық процестер жөнінде алдын-ала келісу, өнімнің сапасы мен техникалық деңгейін анықтау, құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемін белгілеу, кооперацияланатын кәсіпорындарды қайта жарақтандыру іс-қимылдары;

- өндірісті басқаруды жетілдіру, стандартизация, сертификация, унификация жұмыстары кіреді.

Кооперант - елдер бірлескен бағдарламаларын жүзеге асырудың ұйымдастырушы формасы қымбат және күрделі жобаларды жүзеге асыруды жоспарлайтын халықаралық консорциумдар болып табылады. Бірақта бұл жоспарларды бір елдің компаниялары үкіметтің қолдауымен де жүзеге асыруға шамалары келмейді. Халықаралық консорциумдар авиациялық, ғарыштық өнеркәсіпте, энергетикада, халықаралық еркін экономикалық аймақтар құруда және кейбір басқа да қызмет сферасы мен салаларында құрылады.

2) Кооперацияланған өнімді өткізумен байланысты сауда-экономикалық процестер.

3) Техниканы сатудан кейінгі қызмет көрсету. Мысалы, А300 аэробусының бас фирмасы “Эрбас индастри” болып табылады. Онда бірқатар еуропалық елдер ұлттық компанияларының (Франция, Алмания, Ұлыбритания, Испания, Нидерланды, Бельгия) акция үлестері бар. Бас мердігер бола тұрып, “Эрбас индастри” әуекомпаниялармен, басқа қызығушылық білдіретін ел үкіметтерімен өз байланыстарын жүзеге асырады, сату сферасында саясатты анықтайды, сатудан кейін қызмет көрсетеді және ұшу техникалық персонал клиенттерін оқытады.

Кооперациялық байланыстарды қалыптастыру барысында негізінен үш түрлі әдіс қолданылады, олар:

1) бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру;

2) келісім шартқа сәйкес мамандану;

3) бірлескен кәсіпорындар құру.

Бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру өз кезегінде өндірісті кооперациялардың мердігерлік нысаны мен бірлескен кәсіпорын құру нысанынан тұрады.

Өндірісті кооперациялаудың мердігерлік нысаны бойынша жұмыс атқарушы тапсырыс берушінің талабын орындайды. Мердігерлік келісім талаптарды жұмыстың аяқталу мерзімі, көлемі, сапасы, т.т. туралы мәмілеге келтіреді.

Бірлескен өндірістік кәсіпорын құрудағы басты мәселелерге фирманың мүдделеріне сай әріптестерді таңдау, олармен бірлескен кәсіпорын туралы келісім-шарт жасау және кәсіпорын - корпорацияның ұйымдық нысаны жөніндегі шешімдер қабылдау жатады. ТМД елдерінде бірлескен кәсіпорындардың акционерлік қоғам, толық жауапкершілікті қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік сияқты түрлері кеңінен тараған.

Сонымен, бірлескен кәсіпорын деп қатысушылардың жинақталған капиталдарын пайдалану арқылы, өзара келісілген мақсаттарды жүзеге асыруды айтамыз.

Халықаралық өндіріс. XIX ғ. Соңында өндірістің және капиталдың интернационализациялануы, дүниежүзілік шаруашылық байланыстардың ғаламдану процестерінің барысында халықаралық өндірістің үдемелі дамуы байқалады. XXIғ. Басынан халықаралық өндіріс қазіргі дүниежүзілік шаруашылықтың маңызды, ерекше белгісі болды. Халықаралық өндіріс ондық және жүз мыңдық жұмысшыларды қамтитын, бірқатар ел мен аймақтарда жүзеге асырылатын бір орталықтан кооперациялық өндірістік процесті ұйымдастырушы болып табылады.

Халықаралық өнімнің жоғарғы дәрежелі стандартизация, унификация, сапалы және бәсекеге қабілетті болуы, бұл процестің нәтижесі болып табылады.

Халықаралық өндіріс “ескі” дәстүрлі халықаралық еңбек бөлінісіне, сонымен қатар өндірістік қатынастарда жаңа функциялары бар дамушы елдерді қатыстыра отырып, жаңа халықаралық еңбек бөлінісіне негізделеді. Мұндағы мәселе, бұл елдерде ең ірі халықаралық корпорациялармен тығыз өндірістік - кооперациялық қатынас жүйесімен байланысқан жаңа өнеркәсіп салаларының (электрондық, электротехникалық, тігін) бірқатар өндірістері мен кәсіпорындарын құру. Халықаралық корпорациялар өз филиалдарын шетелге шығарады, онда жартылай фабрикаттар, бөлшектер, компоненттер жасалады. Құрастыру халықаралық корпорациялар шоғырланған елде жүзеге асырылады, сол құрастырылатын өндіріс дамушы елдерге тасымалданады. Бұл бірқатар артықшылықтар береді. Машиналар мен құралдарды бөлшектенген күйінде тасымалдау арзан болғандықтан, көлік шығындарын үнемдеуге мүмкіндік туады. Халықаралық корпорациялар өз экспортының бәсекелестік қабілеттілігін құрастырылған машиналарға және осындай машинаның құрамдас бөліктерінің жиынтығына импорттық баж айырмасы есебінен жоғарылатады. Дамушы елдердегі халықаралық корпорация бақылауында істейтін жұмысшылардың еңбек ақысы халықаралық корпорация шоғырланған елдегі жұмысшылардың еңбек ақысына қарағанда әлдеқайда төмен.

Халықаралық корпорациялар шоғырланған елінен тыс өзінің өндірістік қызметін жетілдіре отырып, өндірістің заттық, бөлшектік, технологиялық мамандануын тереңдетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл мамандану халықаралық өндірістің ең ірі дүниежүзілік корпорациялары шеңберінде топталады. Нәтижесінде халықаралық еңбек бөлінісі формасы жағынан интернационалды бола тұрып, фирма ішілік сипат алуда. Бірақта бұл халықаралық еңбек бөлінісінің фирма ішілік сипат алуы шектеулілікті білдірмейді. Халықаралық еңбек бөлінісі мазмұны жағынан - ғаламдық

Дамушы елдерде өнеркәсібі дамыған елдердегі сияқты халықаралық корпорациялар өз қызметіне көптеген кіші және орта компанияларды тартады, шағын бизнесті тәуелді жағдайға әкеледі. Тәуелділік тікелей функционалды байланыс негізінде қалыптасады,

яғни өндіріс технологиясының, мамандануды, кооперациялаудың дамуы, өнімді өткізуді ұйымдастыруы, “ноу-хау” тапсыруы негізінде және т.с.с.

Халықаралық корпорациялармен қалыптасатын халықаралық өндіріс олардың дүниежүзілік шаруашылық байланыстарының, сыртқы сауданың, капиталдар, инвестициялар жылжуының, технологияларды тапсырудың негізі және ажырамас бөлігі болып табылады.

Халықаралық өндіріске халықаралық қызметінен басқа, шаруашылық субъектілер арасында фирмааралық өндірістік кооперациялануы формасында пайда болатын біріккен халықаралық өндіріс жатады.

Ағылшын экономистердің айтуы бойынша халықаралық өндірістің көлемі 1970 ж. 4,5%-н 1990 жылға дейін 7%-ке дейін өсті. Өнеркәсіп өндірісінде халықаралық өндірістің көлемі 15%-ке жетті. XXI ғ. Басында халықаралық өндірістің мәні айтарлықтай өсті. Мүмкін, келесі ғасырда оның көлемі әлі де болса өседі. Бірақ оның ұлттық өндірістен артықшылығын айту әлі ерте. Өйткені өнімнің негізгі көлемі ұлттық өндірушілермен өндіріледі.

XX ғ. Ортасында өрістеген халықаралық экономикалық қатынастарды мемлекетаралық реттеу процесі халықаралық еңбек бөлінісін қозғай бастады. Халықаралық еңбек бөлінісі жоспарланатын, басқарылатын процеске ауыса бастады.

Халықаралық еңбек бөлінісі жоспарланатын, басқарылатын процеске ауыса бастады. Халықаралық еңбек бөлінісінің теориясы және тәжірибесі 80 жылдан бастап жетіле бастады, әсіресе дамыған және дамушы елдер арасында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ашимбаев Т.А. Экономика Казахстана на пути к рынку: тенденции и размышления. - Алматы, 2000.
2. Берденов Қ. Қазақстан мемлекет ретінде қалыптасуы мен экономиканың дамуы. – Алматы, 2016.
3. Валовой В.В. Политэкономия. - М., 2000.
4. Елемесов Р. Переходная экономика: проблемы методологии и теории. - Алматы, 2015.
5. Ермекова Э.М. Состояние и перспективы развития социальной сферы в Казахстане: занятость и уровень жизни населения // Вестник КазГУ 2017 №5.
6. Казахстан: 2016-2017 годы: Информационно-статистический сборник. - Алматы, Агентство РК по статистике.
7. Кубаев Е. Экономичская политика и экономический рост. - Алматы, 2015.
8. Кенжегузин М.Б., Додонов В.Ю. Шевелев С.А. Формирование и реализация казахстанской модели устойчивого экономического роста. - Алматы, 2014.
9. Курс переходной экономики. / Под. ред. Л.И. Абалкина. - М., 2017.
10. Казахстан в цифрах за 2017 год. Агентство РК по статистике, 2017.

УДК 336.027

ӨҢДЕУШІ ӨНДІРІСТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Ашимова А.С.

Автор туралы мәліметтер. Ашимова Алтынай Сериковна – экономика ғылымдарының магистрі, Қазақстан-Американдық еркін университетінің аға оқытушысы.

Аннотация. Экономикалық жүйенің өзгеруі экономиканың негізгі өндірістік субъекті – кәсіпорынның іс–әрекетіне әсер етпей қоймайды. Сонымен қоса, шаруашылық механизімінің өзгеруінің негізгі субъектісі, экономика трансформациясының басты және қозғаушы күштерінің көзі кәсіпорын болып табылады. Өтпелі кезеңнің бір ерекшелігі - ескі қағидалар өз күшін жоймаса да іске аспайды, ал жаңа экономикалық ережелер экономиканың басты факторларының ішінде басым орын ала алмайды.

Түйін сөздер. Кәсіпорын; өндіріс; экономика; инновация.

Сведения об авторе. Ашимова Алтынай Сериковна – магистр экономических наук, старший преподаватель Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. Изменения в экономической системе оказывают влияние на бизнес основного экономического субъекта - предприятия. В то же время основным субъектом трансформации хозяйственного механизма является предприятие основной и движущей силы трансформации экономики. Одной из особенностей переходного периода является то, что даже старые правила не будут отменены, но новые экономические правила не будут доминировать среди ключевых экономических факторов.

Ключевые слова. Предприятия, экономика, инновации.

About the author. Ashimova Altynai – master of Economic Science, Senior Professor at Kazakh American Free University.

Annotation. Changes in the economic system affect the business of the main economic entity - the enterprise. At the same time, the main subject of the transformation of the economic mechanism is the enterprise of the main and driving force of transformation of the economy. One of the features of the transition period is that even the old rules will not be canceled, but the new economic rules will not dominate among the key economic factors.

Keywords. Enterprises, economy, innovation.

Қазақстанның нарықтық экономикаға өтуі кәсіпорындарда бәсекенің артуы, өндірістік шығындардың жоғары болуына өткізу нарығының қысқаруы, әріптес кәсіпорындардың төлем қабілетсіздігі, шикізат пен материалдар сипатталатын жаңа ортаға көшірді. Нарық жағдайында кәсіпорындардың тиімді қызмет етуі, экономикалық өсуі және дамуы адам ресурстары және басқа да ресурстарды ең тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін стратегиялық бағыттың дұрыс анықталуына тәуелді. Өндірістің экономикалық тиімділігі тұрақты экономикалық өсу және кәсіпорын дамуына, өндірілетін өнімнің бәсеке қабілеттілігінің артуына байланысты болады. Өндіріс сферасында кәсіпорынның дамуы тек оның өсуі арқылы емес, өзгеріссіз қызмет масштабы арқылы да жүреді [1].

Кәсіпорынның өсуі – бұл негізінен кәсіпорын көлемінің артуы және өндіріс көлемінің кеңеюі (өнім өндірудің, сату көлемінің, жұмысшылар санының артуы). Даму деген – шаруашылық жүйенің сапалық өзгеруі және жаңаруы, барлық құрылымдық бөлімшелерінде еңбекті ұйымдастыруды, технология және техниканы жетілдіру негізінде оның қызметінің тиімділігін арттыру.

Өндірістің экономикалық тиімділігі мәселесі бойынша әр экономист ғалымдар өз пікір - тұжырымдамаларын ұсынған.

Кейбіреулер еңбек өндірісінің өсуі немесе бір өнімді шығаруда – ең аз еңбек шығындары деп есептейді. Басқаларының ойынша - өнімнің немесе еңбек шығындарының нәтиже сандарының қатынасы немесе соңғы нәтижеге жету үшін қаншалықты шығын кеткенін көрсетеді.

Ғаламды өндіріс тиімділігі жұмыс уақытының үнемділік заңын сипаттайды. К.

Маркс былай деген «уақыт үнемі өндірістің әр салаларына жұмыс уақытының жоспарлы үлестірілуі сияқты, ұжымдық өндіріс негізіндегі ең басты экономикалық заңдылық болып қалуда». Өнім бірлігіне еңбек шығынының төмендеуі – жұмыс уақытын үнемдеу заңының мәні болып табылады.

Л.Э. Кунельскийдің тұжырымдауынша, өндірістің экономикалық тиімділігі дегеніміз – ең аз шығын шығара отырып үлкен нәтижелерге жету әрекеттілігі, нәтижелілігі. Ал М.Н. Тимохинның айтуынша, өнеркәсіптік өндірістің тиімділігі – бұл оның барлық объективті байланыстары мен үрдістерінің нәтижелілігін көрсететін күрделі категория.

А.П. Вавилов, А.И. Демичевтердің пікірінше, өнеркәсіптік өндірістің тиімділігі дегеніміз – қаржы, еңбек және материалдық ресурстардың салыстырмалы төмен шығындары арқылы жеке кәсіпорындар, салалар, жалпы индустрияның жеткен ең жоғары нәтижелері [2].

Н. Уоол, Л. Маркузе, Д. Лайну бойынша экономикалық тиімділік – ресурстарды тиімді пайдалану. Ол көптеген әдістермен есептесе алады, ең кеңінен:

- жұмыс күшін пайдалану тиімділігі;
- өндірістің экономикалық тиімділігі: өндірістік ысырап - өндіріс барысындағы қалдықтар пайызы;
- қаржылық тиімділік: активтердің айналымдығы (кәсіпорын активтері нәтижесінде қамтамасыз етілген сату көлемі).

Профессор Н.Қ. Мамыров атап өткендей, тиімділік – жалпы алғанда шығындар мен нәтижелердің қатынасы. Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау барысында оның техникалық және экономикалық деп ажыратады. Егер берілген өндіріс технологиясымен (әдісімен) тұрақты өнім көлемін өндіргенде өнім өндіру ең көп, ал ресурстарының шығындары ең аз, онда өндірістік тиімділік технологиялық тиімді деп саналады. Экономикалық тиімділікке жету өндіріс үрдісінде пайдаланылатын ресурстар түрлерінің баламалық құнын минималдаумен байланысты. Осының негізінде кәсіпорын өндірістің технологиялық тиімді әдістерін таңдайды.

Тиімділік – әлеуметтік – экономикалық процестермен мен құбылыстардың жиынтығын сипаттайтын, нәтижеге қол жеткізу мен ресурстарды пайдаланумен байланысты категория. Экономикалық тиімділіктің өсуі, өнім бірлігіне шаққандағы шығынның қысқаруымен немесе бұрынғы шығын көлемін сақтай отырып, тиімділіктің артуымен тікелей байланысты. Еңбекақының тиімділігіне сәйкес оның ынталандырғыш рөлін де айқындауға болады.

Өндіріс тиімділігі – экономикалық категория. Ол - өндіргіш күштер мен өндірістік қарым–қатынастың кең көлемді кешенді шарттарының қалыптасуы. Соның нәтижесінде кеңейтілген ұдайы өндірістік үдеріс қамтамасыз етіледі.

Тиімділіктің басты мәселесі – нарықтық экономика жағдайында тауар өндірушілердің мүддесі үшін тұтыну құнын өндіру кезінде ресурстарды мейлінше үнемдеу. Осы жағдайда кәсіпкерлік қызмет өзінің тәуекелділігіне мүліктік жауапкершілігі шегінде ұйымдастырушылық, құқықтық нормативті актілермен анықталып, өндіріс табыстылығының есебінде жүргізіледі.

Экономикалық тиімділік – ұлғаймалы өндірісті ұтымды жүргізудің алғы шарты. Ресурстарды таңдау кезінде баламалы нұсқаларды анықтау үшін пайдаланатын сапалы бағалау көрсеткіші болумен бірге, ол өндіріс резевтерін анықтау, өндіріс құрылымының қалыптасуын жалпы да тікелей бағалау кезінде қолданылады. Тауар – ақша қатынасы жағдайында өндіріс тиімділігі ұтымды экономикалық тиімділікті сипаттайды. Мұндай жағдай жалпы өндірістік шығындардан қол жеткен нәтиже шамасы абсолюттік мөлшерде артық болып тұрғанда ғана орын алады. Осындай ұтымды тиімділік кез келген ұйымдық – құқықтық шаруашылықтың оңтайлы жұмыс істеуінің, кеңейтілген өндірісті жүргізудің ең бір қажетті шарты болып есептеледі. Сондай– ақ ол материалдық өндірістің барлық буынында ғылыми – техникалық прогрестің дамуы үшін зор экономикалық қозғаушы күшке айналып, тұтыну құнының сапасын жақсартады. Бәсекенің салыстырмалы еркін іс-әрекет жасаған кезінде өндірісті тиімді жүргізудің басты міндеттерін бір уақытта шешуге жол

ашатын нарықтық тетік (механизм) біріншіден, тауар өндірудің дәл сол мезгілде қоғамдық сұранымға сәйкестігін бағаласа (сандық және сапалық жағынан) екіншіден, қойылған міндеттерді тиімді жолмен шешу үшін өндіріске жаңа тәсілдерді енгізуді ынталандырумен бірге, бағаның өзгеруі мен ауытқуы, пайда, тағы басқадай құнды категориялар арқылы халық шаруашылығында өндірістік ресурстар мен тауарларды ағымды нарықтық сұранымына сәйкес бөлуге, экономиканың оңтайлы дамуына оң ықпал ете отырып, экономиканың тиімділігін арттырады [3].

Өндіріс тиімділігі материалдық құндылықтардың өндіріс үрдісіне жататын, экономикалық жүйенің нақты қызметінің экономикалық тиімділігінің нақты құрамдас бөлігі. Барлық мемлекет шеңберінде қарастырғанда өндіріс тиімділігі қоғамдық еңбек өнімділігімен аталады.

Экономикалық тиімділік - өндірістік қызметтің нәтижелілігі, әлеуметтік – экономикалық нәтижелер мен өндірістік шығындар арасындағы қатынас.

Өндірістік қызметтің тиімділігі – кәсіпорынның табыстылығын және оның активтерді пайдалану қабілетін сипаттайтын тиімділік.

Өндіріс тиімділігінің сараланған көрсеткіштері – кәсіпорын ресурстарының (шығындарының) жекелеген түрлерін (материалдық, еңбек, энергетикалық ресурстарын, капиталды толығымен) пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер.

Экономикалық тиімділік экономиканың әр деңгейінде пайдалы соңғы нәтиженің пайдаланылған ресурстар көлеміне қатынасы ретінде, еңбек өнімділігі, қор қайтымдылығы, табыстылық, шығындардың қайтарымдылығы және т.б көмегімен өлшенеді.

Біздің ойымызша, өнеркәсіптік өндірістің экономикалық тиімділігі – кәсіпорын әзірлеген стратегияға тәуелді экономикалық категория. Ол стратегия кәсіпорынның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қысқа, орта және ұзақ мерзімді нәтижелерге сүйенеді. Сонымен қатар өндірістің экономикалық тиімділігі нарықты экономиканың шешімді категориясына жатады. Барлық түрде экономикалық өндіріс тиімділігі екі мөлшердің қатынасын көрсетеді – ол шаруашылық қызмет нәтижесі және өндіру шығындары. Ең басты – нарықты қызметтің нәтижесі, ол салынған капиталдан максималды табыс алу. Табыс пен шығындардың қатынасы. Өндіріс тиімділігін көтерудің қолайлы жолы нарықта.

Өндіріс тиімділігі кәсіпорын қызметінің соңғы нәтижесімен анықталып, ұйымдастыру, басқару қызметінің деңгейін көрсетеді. Сондықтан оны арттыру негізгі мақсат бұл мына шаралар арқылы жүзеге асады:

- өндірістің технологиялық базасын дамыту;
- өндірістегі инновация;
- өндірістік шығындардың экономикалық тиімділігін арттыру;
- инвестициялық саясатты оңтайландыру;
- өндірістік жүйенің құрылымын жетілдіру.

Өндіріс тиімділігі өндірістік шығындарды төмендетуге тәуелді. Кәсіпорын оларды төмендетудің арнайы бағдарламасын әзірлеуі қажет. Оның жүзеге асуы мынаны көздейді.

- өндіріс үрдісінің барлық кезеңдерінде материал, еңбек және қаржы ресурстарының жүйелі үнемін жүзеге асыру;
- төмендетілуі тиіс шығындардың түрін талдау, бірнеше шығындар түрінің есебін жүргізіп, олардың төмендетілуіне бақылау жасау;
- жұмысшылардан үнемдеу ұсыныстарын алу;
- шығындардың әр элементінің жағдайын жүйелі бақылау;
- ұсынылған жаңа әдістерді әзірлеу, олардың енгізілу және сақталуын бақылау;

Өнімділікті жоғарылату - өнімді немесе еңбекті өзгерту процесін басқару мен араласудың нәтижесі. Төменде келтірілген шарттардың кез келгені орындалатын болса, онда өнімділік өседі:

1) өнім көбейеді, шығындар азаяды;
2) өнім көбейеді, шығындар өзгермейді;
3) өнім көбейеді, шығындар өседі,бірақ өсу қарқыны төмен болады;

4) өнім көлемі өзгермейді,шығындар төмендейді;

5) өнім азаяды, шығындар төмендейді, бірақ мұның төмендеу қарқыны жоғары болады.

Өндіріс тиімділігін арттырудың объективтік қажеттілігі кеңейтілген ұдайы өндіріс процесінің экономикалық мүддемен тікелей байланыстылығында. Дамудың қозғаушы басым күштерінің бірінен саналатын экономикалық мүдделер, өндіріс тиімділігінің артуына ынталандырудың ғылыми негізделген жүйесін ұтымды қолдану арқылы әсер етеді. Сонымен қатар, экономикалық мүдделер, ынталандыруды қоғамның заңдылықтарымен байланыстырып тұратын орталық буын болып табылады[4].

Еліміздің қазіргі және орта мерзімді дамуындағы негізгі стратегиялық ұстаным – экономикалық өсуді экстенсивтік емес, интенсивті, индустриалды-инновациялық факторлардың басымдылығы есебінен қамтамасыз ету. Бұл үшін еңбек уәжі мен оған ынталандырудың жаңа жүйесін қалыптастырудың нақты жолдары анықталуы қажет.

Алайда, экономикалық әдебиетте «еңбекке ынталандыру» мәнін анықтауда ортақ пікір қалыптаспаған. Ғылыми зерттеулерде «экономикалық мүдделер», «қажеттілік», «ынталандыру», «материалдық ынталандыру», «уәж», «уәждік» сияқты ұғымдар кеңінен қолданылады. Олардың мәні мен функционалдық мағынасы да бірқатар шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі түсіндіріледі. Осыған байланысты, біз, «ынталандыру» категориясын нақтылауда бүгінгі заманға тән интеграциялық тәсілге сүйенуді, зерттеу шеңберінде тек экономикалық емес, сонымен қатар, тарихи, әлеуметтік-мәдени, құқықтық және саяси алғышарттардың да қамтылуы қажет деп санайтын экономистерді қолдаймыз [4].

Қоғамның басты өндіргіш күші, ең алдымен адам ресурстары. Демек, ынталандыру ұғымы олардың мүддесіне тікелей қатысты түсінік, яғни еңбекке талаптандыру уәжі болып табылады. Өз кезегінде, «еңбекке ынталандыру» дегеніміз қажеттіліктің кешенді жүйесі, адамдардың іс қабілетін дамытудың күшті құралы.

Экономикалық ынталандыру материалдық ынталандыруға қарағанда кең мағыналы категория. Экономикалық ынталандыру – адамдарды өнімді әрі табысты еңбекке қызықтыратын, олардың мүдделік белсенділігін арттырудың әртүрлі үрдістері мен әдістерін қамтиды. Сонымен, экономикалық ынталандыру дегеніміз өндірістік қатынастар субъектілерінің мүмкіндіктерін толығымен пайдалану мақсатында қолданылатын, олардың экономикалық және әлеуметтік жауапкершіліктерін нықтайтын материалдық және материалдық емес тетіктердің жиынтығы.

Нарықтық қатынастар жағдайындағы шаруашылықты тиімді жүргізудің ынталандыру жүйесі өнімді еңбек қызметіне талаптандырудың тағы бір тобын қарастырады, олар әкімшілік және либералды болып жіктеледі.

Экономикалық ынталандырудың қазіргі постиндустриялық жағдайында құндық бағдарлар мен қажеттіліктер, қызметкерлердің еңбек белсенділігінің даму барысындағы оңды өзгерістер мұқият ескерілуі тиіс. Бұлар:

- материалдық ынтаны тұлғаның өзі іске асыруы, зияткерлік әлеуетті дамыту, адамның шығармашылық қабілеттері мен білімін үдету;

- өнімді еңбек пен мол табыстың кепілі – жұмыскерлердің іскерлік қабілеті мен біліктілігін арттыру;

- барынша көп тұтынудан гөрі, өмір сүру мен еңбек қызметінің әлдеқайда жоғары сапасын қамтамасыз етуге бой ұру, қазіргі заманғы жаңа ынталар жүйесіндегі өзін-өзі дамытудың басыңқылығына ден беру;

- сапалы экономикалық өсімге қол жеткізуде еңбек белсенділігін ынталандыру міндеті қызметкердің еңбекке негізделген басым уәждерімен, әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандырумен сипатталады, демек материалдық ынталандыруда әлеуметтік фактордың ролі арта түседі.

Қазақстан Республикасының жедел дамуына, сондай-ақ өндірістің өнімділігіне экономиканың қазіргі жағдайы, яғни трансформация (түрлену) процесі әсер етіп отыр. Кез келген өтпелі кезеңнің негізгі белгілері: бұрынғы және жаңа жүйе элементтерінің қатар

жүруі, қарама-қайшылықтың ерекше көрінісі – бой көтере бастаған және ескірген экономикалық механизмдер мен тетіктердің арасындағы сәйкессіздіктер, тұрақсыздық. Трансформациялық жағдайдың кері әсері, бір жағынан, қоғамдағы экономикалық және өндірістік күрделі өзгерістерге тәуелді болса, екінші жағынан, өз ішінде қайшылық пен проблемаға толы нарықтық механизмнің қалыптасуымен тікелей байланысты.

Нарықтық қатынастарға көшкен кезімізде әкімшіл-әміршіл жоспарлы жүйенің негізі бұзылды, ол жаңа өзгерген жағдайда іске аса алмады. Осыған байланысты, өндіріс тиімділігін ынталандырудың жаңа механизмін құрудың объективті қажеттілігі туындайды. Мұнымен қатар, өндіріс тиімділігінің төмендеуіне, экономикалық процестерді реттеуге кері әсерін тигізген құбылыстардың бірі меншіктік қатынастардың өзгеруі. Реформаларда, ғылымға негізделген концепцияның болмауы өндірістің құлдырауын, экономикалық өсім шеңберінің тарылуын тудырады. Меншік иелері мен меншікке ие топтар әлі ешкім иелене қоймаған ресурстарды қолға алуға және меншікті өз пайдаларына қарай бөлісуге ұмтылады. Бұндай жағдайда, өндіріс табыс табатын құрал ретінде емес, иеленуге болатын байлық ретінде қабылданады. Осының барлығы, өндіріс тиімділігін ынталандыруға ықпал етпейді. Жекешелендіру нәтижесінде, пайда болған меншіктік құрылым және меншікті іске қосудың тиімді, заң шығарушылық базасының жетіспеуі, тиімділікті экономикалық ынталандыру механизмінің мүмкіндігін әлсіретеді [5].

Экономикадағы түрлендірулер тек меншік құқықтарының қайта бөлінісінде ғана емес, жеке меншікке негізделген өндірістік қатынастарды қалыптастыру. Шаруашылықты жүргізудің жеке меншіктік үрдісі өндіріс көлемін ұлғайтудың негізі, оның тиімділігін арттырудың қуатты құралы.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде экономиканы құрылымдық тұрғыдан қайта құру қажеттілігі кәсіпкерлікті жедел дамыту есебінен нақты іске асырылады. Кәсіпкерлік, дербес, ізденімпаз әрекетке дайын, мол табыс көзіне ұмтылуға қабілетті, іскер адамдар қатарының көбеюін қамтамасыз етеді.

Өндіріс тиімділігін ынталандыру механизмі тұрақты экономикалық өсімге, халықтың барлық топтарының материалдық жағдайын жақсартуға, бәсекеге қабілеттілікке, елдің ұлттық қауіпсіздігін сақтау ұсталымын орындауға бағытталуы қажет.

Біздің ойымызша, өндіріс тиімділігін экономикалық ынталандыруды мынандай белгілермен сипаттауға болады:

- экономикалық өсімнің тұрақты қарқыны, оның сапалық сипаты;
- өндірілген тауар сапасының артуы және оның отандық, әлемдік нарықты бәсекеге қабілеттілігінің өсуі;
- халықтың материалдық жағдайы мен әл-ауқатының жақсаруы;
- жаңа технологияларды меңгеру, ғылыми және инновациялық қызмет әсерінің күшеюі, адам капиталын нәтижелі қолдану;
- басқару тиімділігін арттыру нәтижесінде өндірістік ресурстарды пайдалануды үнемдеу, еңбек өнімділігін ынталандыру.

Қазақстан, қоғамдық өмірдің шешуші саласы – экономикада, әлеуметтік және саяси жаңару жолында сенімді қадам жасап ілгерілеп келеді. Ел экономикасы 2010 ж. бастап жылына орта есеппен 10%-ға өсіп отыр. Соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық әлеуеттің негізін құрайтын өнеркәсіп өндірісі де тұрақты даму үстінде. Егер 2003-2013 жж. аралығында өнімнің жылдық өсуі 5%-ды құраса, соңғы 5 жыл ішінде 11,8%-ға жетті (1-сурет).

Өнеркәсіптің макродеңгейдегі тиімділігі өндірілген тауар сапасының жақсарғанының, әлемдік нарықтық бәсекеге қабілеттіліктің көрінісі. Құрылыс өнеркәсібінің қарқынды дамуы экспорт және импорт құрылымына тиісті әсерін тигізуде. Алайда, экспорттың құрылымында шикізаттық тауарлардың үлесі басым.



Ескертпе – ҚР статистика жөніндегі Агенттіктің деректері бойынша

Сурет 1. Қазақстан Республикасы өнеркәсіп өнімінің динамикасы (2006-2017 ж.ж.)

Осылайша, өндірістің экономикалық тиімділігін арттыру әр кәсіпорын үшін маңызды мақсат болып табылады. Ол мақсаттың орындалуы әртүрлі факторларға байланысты. Оларды келесі бөлімшелерден кеңірек қарастырамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау. Оқу құралы. – Алматы, 2001.
2. Лисицина Н.А. Экономика, организация и планирование промышленного производства. - Минск: “Высшейшая школа”, 1999.
3. Әбдікерімова Г.И. Кәсіпорын экономикасы. Оқу құралы. - Алматы, 2007.
4. Экономика предприятия: Российская экономическая академия им. Г.В. Плеханова. - М.: «ИНФРА- М», 2008.
5. Қазақстандағы өндіріс тиімділігін арттыруда материалдық ынталандыру жүйесін дамытудың бағыттары // Қаржы – Қаражат журналы, №3-4. – Астана, 2006.

УДК 339.746

АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ НЕГІЗІ

Сағымбаев Б.Ф.

Автор туралы мәліметтер. Сағымбаев Бексұлтан Фазылбекұлы - Қазақстан-Американдық еркін университетінің «Қаржы» мамандығының студенті.

Аннотация. Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастарға өтуге байланысты елдің экономикасында, сондай-ақ тұтастай алғанда халық шаруашылығының барлық салаларында терең әрі ауқымды өзгерістер көрініс тапты. Яғни екі деңгейлі банк жүйесінің қалыптасуы және сыртқы экономикалық іс-әрекеттердің либерализациялануы көптеген ірі және шағын экспортерлар мен импортерлардың пайда болуына, сондай-ақ жекешелендірудің нәтижесінде коммерциялық шаруашылықтардың жеке объектілерімен қоса ірі өндірістік кәсіпорындар жеке меншікке иелігіне өтті.

Түйін сөздер. Ақша; инвестиция; салық; банк; валюта.

Сведения об авторе. Сағымбаев Бексұлтан Фазылбекұлы – студент специальности «Финансы» Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. В связи с присоединением Республики Казахстан к финансовым отношениям

как в экономике, так и во всех отраслях народного хазяйства появились значительные изменения в этих отраслях, т.е. образование двухуровневой банковской системы, либерализация внешних экономических действий, и, вледствие этого, появление множества крупных экспортеров и мини-экспортеров. Также, в итоге приватизации частные объекты коммерческого хозяйства и крупные производственные предприятия перешли на частную собственность.

Ключевые слова. Деньги; инвестиция; налог; банк; валюта.

About the author. Sagymbayev Bekcultan - undergraduate student of major “Finance” at Kazakh American Free University.

Annotation. In connection with the accession of the Republic of Kazakhstan to financial relations, both in the economy and in all sectors of the national economy, significant changes have appeared in these sectors, i.e. the formation of a two-tier banking system, the liberalization of foreign economic activities, and, consequently, the emergence of many large exporters and mini-exporters. Also, as a result of privatization, private businesses and large industrial enterprises transferred to private ownership.

Keywords. Money; investment; tax; bank; currency.

Қазіргі экономисттердің көпшілігі ақша - несие саясатын үкіметтің шамадан тыс үстеміне және дербес индивидумдардың шаруашылық дербестігінің азаюына тудырмайтын демократиялық қоғамдағы ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу құралы деп қарайды.

Ақша - несие саясатының ең ақырғы мақсаты бағалардың тұрақтылығын, толық жұмыс бастылық және ЖІӨ-ның нақты көлемінің өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

Ақша - несие саясатының негізінде жалпы экономиканың хал-ахуалына ақшалардың және ақша - несие саясатының әсер ету процесін зерттейтін ақша теориясы жатады.

Ақша-несие саясаты салық, инвестициялық, құрылымдық және т.б. сияқты кез келген дамыған қоғамның экономикалық саясатының бір бөлімі болып келеді. Ақша-несие саясаты мәнінде монетарлы өкіметтердің ақша-несие сферасындағы конъюктура және қайта даму процесін жөнге салуы мақсатындағы өзара байланысқан шаралардың кешенін түсіну керек. Шаралар кешенінің мінез-құлқы және мазмұны қоғамның экономикалық стратегиясымен және жалпы шаруашылық жағдаймен анықталады. Ақша-несие саясатының әрекеттілігі оның мүмкіншіліктерімен шектеледі, осы шектерді анықтау экономикалық теорияның аса күрделі мақсаты болып табылады.

Ақша-несие саясатының негізгі әсер ету объектісі ақша айналымы болып келеді. Ақша айналымы өз алдына қолма-қол және қолма-қол емес ақшалардың толассыз қозғалысын құрайды. Ақша айналымының кеңейтілген түсінігі оның құрылу принциптерін түбірінен өзгертеді. Осы анықтамаға сәйкес ақша айналымын реттеу ақша массасы, ақша массасының агрегаттары, орталық банкі ақшалары, несие мультипликаторы, ақша сұранысы және ұсынысы және т.б. сондай жаңа ұғымдардың негізінде жүзеге асады. Өз кезегінде түсінік аппаратын жаңарту кейнсиандық және монетарлық ақша айналымын реттеу концепцияларын зерттеу қажеттілігіне әкеледі, өйткені бұл теориялық құрылыстардың негізінде Маркстің ақша айналымының өзгертілген құрылымды заңы жатыр. Ақша айналымы заңы құн заңынан шығады. Демек айналымға қажет ақша массасын анықтағанда тек қана тауар айналымының көлемі мен құрылымын қарастыру жеткіліктіксіз, мұнда табыстың мөлшері мен құрылымын, ақшаға ұсыныс пен сұраныстың арақатынасын ескеру керек.

Ақша-несие саясатын негіздеу, оның стратегиясы мен тактикасын анықтау ең алдымен теориялық принциптердің айқындалуын және оның ішкі механизмдерінің ашылғанын талап етеді. Ақша-несие саясатының теориясы бойынша жүйелі түрде екі ірі мектепті бөліп көрсеткені өзімізге белгілі – кейнсиандық және монетарлық мектептер. Егер де кейнсиандықтар ақша - несие саясатын рольді бюджеттіктердің пайдасына, немесе табыстардың үстінен бақылауға беретін болса, онда монетаристтер ақша-несие саясатын жоғары бағалауды нақты қолдайды. Олардың арасындағы келіспеушілік әртүрлі методологиямен шартталған – біріншілері саясаттың әрбір жеке оқиға негізінде тиімділігі ту-

ралы айтса, екіншілері – барлық нәтижелер кешенінің негізіндегі тиімділік туралы айтады.

Ақша-несие саясатының нәтижелі жұмыс жасауына институционалдық негіз болып келетін екі деңгейлік банкілік жүйе және ақша-несие сферасындағы нарықтық жүйе.

Банкілік секторды қарастырғанда, монетарлық саясатты табысты орындау мақсатында жаңа банкілерді, олардың барлық деңгейдегі филиалдары мен бөлімдерін жасау, экономикалық мақсаттылық және нәтижелілік принцибімен банкілік қызмет бағыттарын таңдау, ерекше экономикалық әдістермен банкілердің мінез-құлқын реттеуді қамсыздандыру процесі демократизациялануға тиісті. Екі деңгейлік құрылымның нәтижелі жұмыс жасауына сенімді кепіл пассивтер, клиентура, қорлардың пайдалы орналастырылуы үшін бәсекелес шарттарының теңдігі болып табылады. Орталық банкі (бірінші деңгей) бірыңғай ақша-несие саясатын жасап, ақша айналымын және екінші деңгей банкілерінің қызметін белгілі дүниежүзілік тәжірибедегі әдістердің көмегімен реттейді. Ол клиентураға несие - есеп айырысатын қызметтерді көрсетумен шұғылданбайды, оның клиенттері тек қана банкілерден тұрады. Сайып келгенде, әңгіме иілгіш құрылым шектерінде жүйенің тұрақты эволюциясының жүріп жатқаны туралы айтылады.

Банкілік мекемелердің әр түрлілігі мен аса көптігіне, олардың әр түрлі елдерде түрлі үйлесушілігіне қарамастан, екі деңгейлік құрылымның болғаны орталық банкіге экономикалық әдістердің жиынымен екінші деңгейдегі банкілердің мінез-құлығын жөнге салуға және қайта өңдеу процесіне әсер етуге мүмкіндік береді. Банкілер арасындағы іскерлік бәсекенің болуы барлық елдерде олардың нәтижелі жұмыс жасауының негізгі шарты деп қаралады.

Қазіргі ақша-несие саясатының институционалдық негіздеріне нарықтық жүйе кіреді. Ақша-несие сферасындағы нарықтық жүйесіз екі деңгейлік банкілік жүйелердің нәтижелі жұмыс жасауын ұғыну қиынға соғады. Ол экономиканы ақша-несиелік реттеудің нарықтық үлгілерінің маңызды буыны болып келеді: мұнда несиелердің әртүрлі мезгілдерге сұранысы және ұсынысы шоғырланады, монетарлық саясаттың өте маңызды айнымалысы – пайыздық ставкалар қалыптасады.

Ақша-несие сферасында нарықтық классификациялаудың негізінде ең алдымен үш белгі жатады: келісім объектісі, уақыт арасындағы қатысушылардың құрамы және келісімдердің ұзақтығы. Осыған қарап нарықтың екі тобын айырып көрсетеді: несие және қаражаттық, олардың өз алдына нақтылы бір түрлері бар. Егер келісім несие нарығында 24 сағаттан бір жыл мезгілге жасалса, қаражаттық нарықта ұзақ мезгілдік келісімдермен сипатталады.

Несие нарықтары банкаралық және ақшалай болып бөлінген. Күнделікті банкілердің мезгіл бойынша активті және пассивті операцияларының теңелетін банкаралық нарыққа тек қана банкілердің қатысуға мүмкіндігі бар. Қатысушылар мен келісім объектілерінің құрамы көбірек болатын ақша нарығы болып табылады. Оған банкілерден басқа кәсіпорындар, қаржы мекемелер, сақтандыру компаниялары және зейнетақылық қорлар қатыса алады. Ұзақ мерзімге ақша қорларын сатып алу және сату келісімдері алғашқы және екінші қаржы нарықтарында жүргізіледі. Алғашқыларға облигациялардың және акциялардың эмиссиясы жатады, ал екіншіге – қор биржа.

Ақша-несие саясаты экономикалық саясаттың тек бір элементі болып келеді. Демек, оның стратегиялық мақсаттары елдің жоғарғы органдарымен анықталатын глобальды стратегияның бір бөлімі болып келеді. Жүйенің бір элементі болып ақша-несие саясаты тек қана анықталған жалпы мақсатқа жетуге жағдай жасайды. Өз алдына ол қажетті нәтижелерге жеткізуге мүмкіндігі жоқ.

Ақша несие саясатының стратегиясын жасау екі кезеңді ұсынады: оның ең маңызды ақырғы мақсатын анықтау; монетарлы өкіметтерге делегирленген аралық мақсат пен өкілеттіктерді анықтау.

Мемлекеттік органдардың басты мақсаты белгілі бір саясатты таңдап және оны орындап жоғарғы тұрақтылыққа жету және сол тұрақтылықты ұзақ дәуір ағымына сақтау болып табылады. «Жалпы экономикалық тұрақтылық» ұғымы негізінен макроэкономи-

калық параметрлердің күй-жағдайының айқын болуын көрсетеді, атап айтқанда: өндірістің тұрақты өсуі, тұрақты бағалар, жұмысшы күшінің толық жұмыс бастылығы және төлем балансының дұрыс сальдосы.

Ақша-несие саясатының мақсаттары оның стратегиясы болып көрсетіліп, былай классификациялады: іс-әрекет шегімен – ішкі және сырт қылар, іс-әрекет уақытымен – аралық және ақырғы. Ішкі және сыртқы, аралық және ақырғы мақсаттардың шектелуі олардың абсолютті қарама-қарсы қойып салыстырылмай қабылдануға тиісті. Негізінен олардың арасындағы байланыстарының бар болғанын шамалайтын жалпы ақша-несие саясаты ғана болып отыр.

Ақырғы мақсаттар. Ақырғы мақсаттарды анықтағанда «сиқыршылық төрт бұрыш» туралы жиі сөйлейді, оның шектері макроэкономикалық көрсеткіштер схемасында көрсетілген. Экономикалық саясаттың мәні осы параметрлердің оптималды үйлестіруінде жатыр.

Ақырғы мақсаттар арасында бір мақсат бар, оны орындау орталық банкінің жауапкершілігінде жүктеледі: күрес ұлттық валютаның ішкі және сыртқы құнын сақтау үшін инфляциямен. Бұл мақсат ақша активтерінің эмиссияларында емес, жинақтардың тұрақты артуына айрықша жағдай жасайтын инвестициялық қаржыландырудың нарықтық механизмдерінің даму жолымен шешіледі. Ақша-несие саясаты инфляцияның ақшасыз себептерімен күресе алмайтыны айдан анық. Құрылымдық және әлеуметтік факторлар экономикалық саясаттың басқа құралдарымен жойылуға тиісті (табыстар саясатымен, сауда-өнеркәсіптік құрылымдар саясатымен және т.б.).

Аралық мақсаттар. Орталық банкілер аралық ретінде ақырғы мақсаттардың орындалуына қолайлы мақсаттар анықтайды. Аралық мақсаттардың анықтамасы бірнеше болжамдардың қатарында құрылады. Аралық мақсаттар (мысалы, ақша массасы) мен ақырғы мақсаттар (мысалы, бағалар) арасында біршама байланыс бар. Басқаша айтқанда, ақша-несие саясатының аралық мақсаттан ақырғыға трансмиссия процесі тұрақты және жеткілікті түрде көрсетілген. Орталық банк оның бұйрығында бар құралдарға байланысты мақсаттардың бірлігін көрсете білуі тиіс.

Календарлық жылға ұсынылған аралық мақсаттарды ресми жариялай отырып орталық банк, болжауға арналған негізгі нүктені орнатып, сөйте тұра «құлағдар ету күшті әсерін» іске асыра алады. Оған қоса, ақша-несие саясаты табыстар саясатына қарағанда аса жеңіл өткізіледі, сонымен қатар экономикаға азырақ «ауырғыш» әсер көрсетеді.

Орталық банкі аралық мақсаттардың екеуінің біреуін ғана таңдау мүмкіншілігіне ие: пайыздық ставка немесе ақша массасы, немесе екі мақсатты бірге таңдайды. Бұл дегеніміз, ақша-несие саясатының стратегиясы сандық мақсаттардың екі категориясымен көрсетіледі: ақшалардың сынымен және несиелердің көлемімен.

Экономикасы дамыған елдердің орталық банкілері экономикаға әсер етудің белгілі бір әдістеріне ие. Оларға дәстүрлі түрде мыналар жатады: минималды резервтер саясаты; депозиттық саясат; есептік және кепілдік саясатын қосатын ұлттық несие жүйесін қайта қаржыландыру; ашық нарықтағы операциялар; валюталық саясат. орталық банк ақша-несие саясатының стратегиялық концепциясын жасайды, ол мақсаттарға жету үшін құралдар қолданылады. Сонымен қатар құралдардың белгілі бір құралдарын қолдануда реттелетін экономика күй-жағдайы ғана емес, сонымен қатар орталық банкінің банкілік жүйемен өзара қатынастарындағы дәстүрлері үлкен роль ойнайды.

Кейбір елдерде ақша-несиелік реттеудің негізгі түрлері заңмен бекітілген. Мысалға, Австрия мен Германияны айтуға болады, онда орталық банкілер құралдардың стандартты түрлерін қолданады. Англияның орталық банкінінің жүргізетін саясаты мүлдем заңмен реттелмейді, және әрбір нақтылы кезеңде Англия Банкісі ақша нарығына әсер етудің жаңа әдістерін қолданады. Сондықтан да Англия Банкінінің қолданылатын ақша саясатының негізгі құралдарын ерекшелеп көрсету жеткілікті түрде қиын, өйткені олардың жиыны саяси режимге аса тәуелді болады, яғни билік басында консервативті немесе лейбористік өкіметтің ауысып отыруы жиі болып тұрады. Неміс федералдық банкісі заңмен көрсетілген құралдарды модернизациялау жолын ұстанып отыр. Сөйте тұра неміс феде-

ралдық банкісі ақша-несие саясатының түрлі механизмдерін қолданады.

Ұзақ мерзімдік аспектіде орталық банк стратегиясының компромистікі вариантын таңдау туралы айтуға болады. Қазіргі кезде реттеудің әкімшілік механизміне қарағанда нарықтық механизмге үлкен маңызды бөліп отыр. Ұлттық Банк үшін өтпелі экономика шарттарында Австрияның және Германияның орталық банкілерінің тәжірибесін қолдану аса тиімдірек келеді, яғни ақша-несие саясатының құралдары заңменен бақылануы керек, сонымен қатар танымайтын әдістерді эксперименталды түрде пайдаланғанша қолда бар құралдарды тиімді қолданған дұрыс және маңызды болып табылады.

Орталық банкінің концепциясын бірнеше критериялар негізінде мінездемелерге болады. Орталық банкілердің стратегиясын классификациялаудың негізгі принциптерінің бірі болып қызмет ететін ақша массасының өсу қарқынын реттеу немесе ұлттық ақша бірлігінің басқа бір тұрақты шетел валютасына қатысты валюталық курсын реттеуге бағдарлану, яғни ішкі және сыртқы көрсеткіштер (1 кестені қараңыз).

Кесте 1. Валюталық курсты реттеудің ішкі және сыртқы көрсеткіштері

Ішкі көрсеткіштерге Бағдарлану	Сыртқы көрсеткіштерге бағдарлану
Ақша массасының өсу қарқынын реттеу	Ұлттық ақша бірлігінің валюталық курсын реттеу
Ескерту - Автормен құрастырылған: Нуреев Р.М «Ақша, Банк және ақша несие саясаты». Мәліметтер негізінде алынған.	

Мысалға Неміс федералдық банкісі жұмысының негізгі мақсаты ұлттық ақша бірлігінің тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Тұрақтылықты ішкі және сыртқы деп бөледі (ішкі дегенімізде инфляциясыз дамуды, ал сыртқыда – неміс маркасының валюталық курсының тұрақтылығын айтамыз). М3 индексі анықтайды, ол өзіне қолма-қол ақшалардың көлемін және резиденттердің ұлттық несие институттарында сақтайтын келесі салымдардың түрін қамтиды: талап еткенге дейінгі салымдар, 4 жылға дейінгі салымдар, жәй жинақ салымдары.

Айта кететін бір жайт ақша массасы Ұлттық Банкінің және екінші деңгейдегі банкілердің баланстарының шоттары консолидациясы негізінде анықталады және келесі компоненттерден тұрады:

1. М0 (айналыстағы қолма-қол ақшалар, яғни банк жүйесінен тыс ақшалар);

2. М1 (айналыстағы қолма-қол ақшалар және теңгедегі халықтың және банкілік емес заңды тұлғалардың аудармалы депозиттері);

3. М2 (айналыстағы қолма-қол ақшалар және теңгедегі халықтың және банкілік емес заңды тұлғалардың аудармалы депозиттері, теңгедегі басқа да депозиттер және шетел валютасындағы халықтың және банкілік емес заңды тұлғалардың аудармалы депозиттері);

4. М3 (М2 агрегатының және басқа да шетел валютасындағы банкілік емес заңды тұлғалардың аудармалы депозиттері сомасына тең).

Ақша базасы (резервтік ақшалар) ҚҰБ-нен тыс қолма-қол ақшаларын және екінші деңгейдегі банкілердің аудармалы депозиттерін қосады.

Ақша массасын елдің жалпы экономикалық ахуалына байланысты реттеген кезде ақша массасының өсуін ынталандыру шаралары (экспансиялық несие саясаты) және оның өсуін тоқтату шаралары (рестирикциялық несие және дефляциялық саясат) деп айырады. Ұлттық ақша бірлігінің валюталық курсын реттеу орталық банкінің стратегиясының екінші варианты ретінде экспортқа бағытталған дамыған экономикасы бар Европа елдері қолданады. Мысал ретінде Австрия, Бельгия, Нидерландығы келтіруге болады. Австриялық Ұлттық банкісі қайта қаржыландыру саясатының шеңберінде есептік ставканың өзіндік мөлшерін мүлдем белгілемейді, өйткені австриялық шиллинг неміс маркасына бағаланбаған. Австриялық Ұлттық банкісі есептік ставканы Неміс федерал банкісі-

нің есептік ставкасымен бір деңгейде немесе одан төмен деңгейде ұстауы керек. Австриялық банкінің негізгі мақсаты валюталық саясатты жүргізе отырып ұлттық валюта мен неміс маркасының бағамдарының арасында тұрақты пропорцияны сақтап отыру.

Орталық банкі өзінің бұйрығында ақша-несие сферасын реттеуге көмектесетін құралдары болады. Бұл құралдар барынша көп әрекеттілікке ие болуға тиісті және оны орталық банкі белгілі бір экономикалық жағдайда қолданады. Ақша-несие саясатының құралдарын осылай бағалаудың критериясы орталық банкінің экономикалық реттеу мақсаттарын дәлірек іске асыру қабілеттілігін түсіндіреді.

Орталық банкінің құралдарына қойылған келесі талабы оның бөлек топтар немесе барлық несие институттардың бәсеке қабілеттілігіне әсер етуінің біркелкілігі болып табылады. Біріншіге сауда банкілерінің бір бөліміне әсер ету шаралары жатады. Мысалы, Германияда әр түрлі бөлек несие институттар үшін міндетті резервтер бойынша әр түрлі ставкалар қою; Ресей банкінінің валюталық лицензия беру тәжірибесі. Екінші топ барлық несие институттерге тиесілі шараларды қамтиды. Үлгі ретінде, орталық банкінің рестрикциялық есептік саясатын өткізу болып табылады.

Жоғарыда аталған талаптар есепке ала отырып, орталық банкінің барлық құралдарын бірнеше белгілердің негізінде сипаттауға болады:

- Дәстүрлі немесе дәстүрлісіз;
- Әкімшілік немесе нарықтық;
- Жалпы әсер ету немесе сұрыпталған бағыттылық;
- Тіке немесе жанама әсер ету;
- Қысқа мерзімді, орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді.

Дәстүрлісіз операциялар халықаралық қаржы нарығында жағдайлардың өзгеруімен орайлас пайда болды. Әсіресе, өзінің қажетті құралдарын таңдауда ерікті Англия банкісі үшін дәстүрлісіз реттеу шаралар әдеттегі жағдай болып табылады.

Әкімшілікке директивалардың формаларын, нұсқаулардың және ережелердің түрін иеленетін құралдар жатады, сонымен қатар ұлттық банкіден шығатын және несие институттарының іс-әрекеттеріне және таңдау еркіндігіне шек қоюға бағытталған алдын ала белгіленгендер жатады. Әкімшілік әдістер дамушы экономикасы бар орталық банкілерге тән. Әкімшілік әдістердің арқасында Ұлттық банкі өзінің бақылау функциясын жүзеге асырып отырады.

60-шы жылдарда барлық европалық елдерде сауда банкілердің пайыздық ставкасын әкімшілік реттеу тәжірибесі кең қолданылған. Қазіргі кезде осы шек қоюлар Германияда, Данияда және Ұлыбританияда ғана толық алып тасталған. Әкімшілікке әдістерге сонымен қатар орталық банкіде несие институттерінің минималды резервтерін ұстауы жатады.

Нарықтық сипатындағы құралдардың мәнінде орталық банкінің ұлттық несие жүйесіне ақша нарығы мен капитал нарығында белгілі бір жағдайларды құрастыру жолымен әсер етуді айтады.

Соңғы он жыл ішінде өндірісі дамыған елдерде экономикалық реттеу процесінде нарықтық әдістерді пайдалану ұмтылысы анық көрініп жүр. Көптеген Европа елдерінде капиталың қозғалысы либерализацияланып, ашық нарықта операциялардың қолданылуы кең өріс алып отыр. Дәл осылай, 1991 жылы Австрияда несие институттарының ірі ақша сомаларына шетелдік операцияларын жасағаны туралы орталық банкілерге мәлімет беру жүйесі алынып тасталды.

Орталық банкінің экономикалық реттеуі тіке және жанама әсер етуі мүмкін. Мысалға, есептік саясатты жүргізгенде ақша нарығындағы жағдайды жанама реттеу жасалады, сонымен қатар бір уақытта капитал нарығындағы жағдайға жанама әсер жасалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Банковское дело / Под ред. О.И. Лаврушина. - М.: «Финансы и Статистика», 2000.
2. Банковское дело/ Под ред. д-ра экон. наук Г.С. Сейткасымова. – Алматы: «Қаржы-қаражат», 2008.
3. Банковское дело: Стратегическое руководство. / Под ред. В. Платонова, М. Хиггинса. –

М.: «Консалтбанкир», 2008.
4. Банковская система за десять лет независимости. / Авторский коллектив под рук. Н.К. Абдулиной. – Алматы, 2001.
5. Волынский В.С. Кредит в условиях современного капитализма. – М.: «Финансы и статистика», 2002.

УДК 334.7(574)

КӘСІПОРЫН ТАБЫСТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бахтыбаева А.Б.

Автор туралы мәліметтер. Бахтыбаева Аяужан Базарбекқызы - «Экономика» мамандығының студенті С. Аманжолов атындағы ШҚМУ

Аннотация. Кәсіпорында орын алатын барлық процестердің түпкі мақсаты – кірістің көлемін шығынды азайту немесе өндіріс көлемін арттыру арқылы көтеру болып табылады. Мақалада рентабельділік пен кірістіліктің негізгі тенденциялары қарастырылады. Пайда түсу экономикадағы негізгі қозғаушы күш болып табылады. Шығындардың өсуі өзін-өзі қаржыландырудың қаржылық қажеттілігіне байланысты өсіп отырады және нарықтық экономикадағы кәсіпорын нысандарын анықтайды. Экономикалық қызмет – табысты жұмыс істеудің алғышарты.

Түйін сөздер. Табыс, кірістілікті арттыру, кірістілік, пайда өсімі.

Сведения об авторе. Бахтыбаева Аяужан Базарбекқызы – студентка специальности «Экономика» ВКГУ им. С. Аманжолова

Аннотация. Конечной целью всех процессов, происходящих на предприятии, является повышение рентабельности за счет сокращения затрат или увеличения объемов производства. В статье рассматриваются основные тенденции рентабельности и прибыльности. Прибыль в экономике является главной движущей силой. Рост затрат зависит от финансовой потребности в самофинансировании, определяет форму предприятия в условиях рыночной экономики. Экономическая деятельность является необходимым условием для успешного функционирования.

Ключевые слова. Доход, повышение доходности, рентабельность, рост прибыли.

About the author. Bakhtybayeva Ayauzhan - undergraduate student of major “Economics” at EKSU named after S. Amanzholov.

Annotation. The ultimate goal of all processes taking place in the enterprise is to increase profitability by reducing costs or increasing production volumes. The article discusses the main trends of cost-effectiveness and profitability. Profit in the economy is the main driving force. The growth of costs depends on the financial need for self-financing, determines the form of the enterprise in a market economy. Economic activity is a prerequisite for successful operation.

Keywords. Income, profitability increase, profitability, profit growth.

Кәсіпорында болып жатқан барлық процестердің түпкі мақсаты – табысты (пайда) ұлғайту, бұл шығындарды төмендету немесе өндіріс көлемін ұлғайту есебінен болуы мүмкін.

Сонымен қатар табыс есебінен кәсіпорынның бюджет, банк, басқа кәсіпорындар мен ұйымдар алдындағы міндеттемелерінің бір бөлігі орындалады. Осылайша, табыс кәсіпорынның өндірістік және қаржылық қызметін бағалаудағы маңызды көрсеткіш болып табылады. Ол іскерлік белсенділіктің дәрежесін және қаржылық әл-ауқатын сипаттайды.

Жаңа немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды дамытуда табыстылық бірінші кезектегі ынталандыру құралы болып табылады. Табыстылық кәсіпкерлерді ресурстарды ұштастыруда тиімді тәсілдерді іздестіруге, сұранысқа ие болатын жаңа өнімдерді ойлап табуға, өндіріс тиімділігін арттыруға уәде беретін ұйымдастырушылық және техникалық жаңалықтарды қолдануға ынталандырады. Пайдамен жұмыс істей отырып әрбір кәсіпо-

рын ортаның экономикалық дамуына өз үлесін қосады, мемлекеттік байлықтың және халықтың әл-ауқатының өсуіне ықпал жасайды.

Экономикалық теорияда табыстың екі түрін қарастырады:табыс тек жеке шаруашылық ұғымы ретінде, яғни микро деңгейде: жалдық кірістер, кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс. Екіншіден, халық шаруашылығы ретінде, яғни макро деңгейде. Бүгінгі таңда пайда кәсіпкердің салған капиталына алынған табысы ретінде қарастырылады. "Пайда" қазіргі заманғы ұғымын И.А. Бланк жалпы түрде береді, ол пайданы «кәсіпкердің салынған капиталға алынған ақша түріндегі таза табысы, кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асу, аспау тәуекелі үшін алған сыйақысы ретінде сипатталады, осы қызметті жүзеге асыру барысындағы жиынтық табыс пен жиынтық шығын арасындағы айырмашылықты білдіреді» [2, б. 38].

Бұл анықтама пайданың нарық жағдайында негізгі сипаттамаларын ашып көрсетеді:

- пайда кәсіпкердің белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыратын және өзінің капиталын белгілі бір коммерциялық табысқа қол жеткізу мақсатында салған табыс табу нысанын білдіреді;
- пайда кәсіпкердің бизнеске салған капиталының кепілдендірілген табысы емес;
- пайда кәсіпкерлік қызмет процесінде алынған барлық табысты емес, тек қана осы қызметті жүзеге асыру барысында пайда болған шығындардан тазартылған бөлігін сипаттайды;
- пайда ақша түріндегі көрсеткіш болып табылады.

Табыстылықты талдау қаржылық нәтижелердің есебі негізінде орындалады, үдемелі қорытындыдан аралық есеп үшін ауыстырылған.

Табыстылықты талдауды кәсіпорын қызметінің жеке бағыттарының табысының жалпы сипаттамасынан бастау қажет, сондай-ақ талдау жасалып отырған кезең ішінде табыстылық динамикасының өзгеруін сипаттау қажет.

Талдау жасалып отырған кезең ішінде қандай негізгі себептердің әсерінен алынып отырған пайданың көлемі өзгерді осыны анықтау қажет. Мысалы, сатудан түскен түсімнің өзгеруі, айнымалы немесе тұрақты шығындардың өзгеру деңгейі, басқа да операциялық және өндірістен тыс кірістер (шығыстар) өзгеруінен болуы мүмкін. Өз кезегінде, сатудан түскен түсімнің өзгеруі сатылатын өнімнің номенклатурасының өзгеруіне байланысты болуы мүмкін(нарықта әр түрлі сұранысқа ие өнімдер сатылады), маркетингтік қызметтер жұмысының өзгерісіне, өткізілетін өнім бағасының өзгеруіне және т.б. байланысты болуы мүмкін. Айнымалы шығындардың шамасы сатылатын өнім номенклатурасының өзгеруі (әр түрлі бұйымдарды өндіруге шығын деңгейі әр түрлі болады), сатып алынатын материалдар мен шикізаттар бағасының өзгеруі салдарынан өзгеруі мүмкін. Тұрақты шығындар жаңа қорларды іске қосу, өнім өндіру технологиясының өзгеруі, тұрақты шығындарды құрайтын бағалардың өзгеруі нәтижесінде әр түрлі болуы мүмкін.

Келешекте кәсіпорын тұрақтылығы тұрғысынан қарағанда табыстың негізгі бөлігі кездейсоқ сипаттағы өзге де операциялар есебінен емес (өзге операциялық және өткізуден тыс табыстар), негізгі қызмет түрінен қалыптасуы орынды болар еді.

Егер ұйым қызметінің нәтижелері өзге де операциялық және өндірістен тыс кірістер мен шығыстар шамасымен анықталатын болса, онда оларды егжей-тегжейлі талдау және бақылау қажет.

Басқа операциялық және өндірістен тыс қызметті талдау үшін Баланс және №2 нысандағы ақпарат, аналитикалық есеп құжаттары жеткіліксіз.

Табыстылықты талдау кезінде кәсіпорын жеке қарастырылады және негізгі қызмет нәтижелері, өзге де операциялар және ұйым қызметін тұтастай алғанда бір-бірімен салыстырылады.

Кәсіпорын қызметінің процесі табыстар мен шығыстардың өзара байланыстарын көрсету нәтижесінде сол немесе өзге де пайда көрсеткіштерін бөліп көрсетуге болады, 1-суретте келтірілген.



1-сурет коммерциялық ұйым табысы мен шығысының өзара байланысының схемасы [3, б. 49]

Пайда кәсіпорын дамуының негізгі ынталандырушысы болып табылады. Табыстылық кәсіпкерлерді сұраныс пайда болуы мүмкін жаңа өнімдерді ойлап табуға, өндіріс тиімділігін арттыруға уәде беретін ұйымдастырушылық және техникалық жаңалықтарды қолдану ресурстарды ұштастырудың тиімді әдістерін іздеуге итермелейді.

Пайда (табыс) сомасын ұлғайтудың негізгі көздері бұл сатылатын өнім көлемін ұлғайту, оның өзіндік құнын төмендету және т.б. (сурет 2).

Сурет 2. Өнім сатудан түсетін табыс көлемін ұлғайту үшін резервтер көздері

Кәсіпорынның табыстылығы айтарлықтай дәрежеде мемлекеттің ықпалына байланысты. Мемлекет әрекеті, негізінен салық есебінен көрінеді. Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасында қолданылатын салық жүйесі жергілікті және республикалық деңгейлерде ауқымды және сараланған.

Кәсіпорынның ақша қаражаттарын жинақтаудың негізгі көзі – өнім сатудан түсетін түсімдер, атап айтқанда, осы өнімді өндіруге және сатуға кеткен материалдық, еңбек және ақшалай шығындарды шегеріп тастағандағы бөлігі.

Сондықтан кез-келген кәсіпорын негізгі міндеті қаражатты тиімді жұмсаудың, үнемдеудің қатаң режиміне бағыну арқылы ең төменгі шығындардан көбірек пайда табу болып табылады.

Өнімді өндіруге және сатуға кеткен шығындар оның өзіндік құнының құрылымын және деңгейін анықтайды. Ол баға құрылымында айтарлықтай үлесті алады, сондықтан өзіндік құнның төмендеуі өзге тең жағдайларда пайданың өсуіне айтарлықтай әсер етеді.

Осыдан, кәсіпорынның негізгі шығынсыз жұмысының көрсеткіші болып табылатын пайда өсімі, ең алдымен өнім өндіруге кеткен шығындардың төмендеуіне, сондай-ақ сатылатын өнім көлемінің ұлғаюына, тұтынушылар талаптарына жауап беретін және жоғары сұранысқа ие өнімдер мен тауарларды өндіруге байланысты.

Өзіндік құнның төмендеуіне жұмыс уақытын тиімді пайдалану сияқты іс-шаралар әсер етеді:

- қызметкерлердің санын анықтау және оңтайлы ұстап тұру;
- біліктілік деңгейлерін арттыру, еңбек өнімділігінің орташа жалақымен салыстырғанда жылдам өсуін қамтамасыз ету;

- еңбекақы төлеуде прогрессивті жүйені қолдану;
- еңбек жағдайын жақсарту;
- өндірістік процестерді механикаландыру және автоматтандыру;
- жоғары сапалы жұмысқа ынталандыру.

Материалды немесе энергияны көп қажет ететін салалар үшін өзіндік құнды төмендетудің басты бағыты бұл энергия ресурстарын және материалдарды үнемдеу болып табылады.

Кәсіпорындағы материалдық ресурстарды пайдалануды жетілдірудің негізгі жолдары келесілер:

- жаңа және қалдықсыз технологияларды енгізу;
- кәсіпорынның нормативтік базасын жетілдіру;
- озық материалдарды енгізу және пайдалану;
- шикізат пен материалдарды кешенді пайдалану;
- өндіріс қалдықтарын пайдалану;
- өнім сапасын жақсарту және брак тауарлардың пайызын азайту.

Кәсіпорын табыстылығына әсер ететін маңызды фактор өндіріс көлемінің өзгеруі болып табылады. Неғұрлым сату көлемі жоғары болса, соғұрлым кәсіпорын жоғары пайда алады және керісінше.

Ағымдағы экономикалық жағдайда өндіріс көлемінің төмендеуі, бағаның көтерілуі сияқты қарсы факторларды есептемегенде, сөзсіз пайда көлемінің төмендеуіне әкеледі. Осыған байланысты техникалық жаңару мен өндірістің тиімділігін арттыру негізінде өнім өндіру көлемінің өсуін қамтамасыз ету үшін шұғыл шаралар қабылдау қажеттігі туралы қорытынды жасалады. Өз кезегінде, кәсіпорындар арасындағы есеп айырысу - төлем қатынастарын жақсарту өнімдерді сату шарттарын жақсартуға көмектеседі, демек, пайданың өсуіне де ықпал жасайды.

Кәсіпорын қызметіне әр түрлі факторлар әсер етеді, оларды ішкі және сыртқы деп бөлуге болады. Сыртқы факторлар кәсіпорынның өндірістік және қаржылық ресурстарының пайдалану деңгейін анықтайды. Олар кәсіпорынның экономикалық көрсеткіштерінің деңгейінде көрсетіледі, бірақ кәсіпорынның қаржылық-экономикалық қызметінің тиімділігін арттырудың негізгі факторы, әдетте ішкі факторлар болып табылады. Ішкі факторлар кәсіпорын қызметіне байланысты және түпкілікті нәтижелілігін анықтайды. Факторлардың классификациясы қаржылық-экономикалық қызметті модельдеуге және өндірістің тиімділігін арттыру үшін ішкі шаруашылық резервтерді жан-жақты іздеуге мүмкіндік береді.

Өндірістің қарқындылығы ең алдымен, өндіріс нәтижесі шығындарға қарағанда жылдамырақ өсуін қамтамасыз етеді, салыстырмалы түрде азырақ ресурстарды пайдалана отырып, үлкен нәтижелерге қол жеткізуге итермелейді. Осылайша, өндірісті қарқындату дәрежесін талдаудың негізгі міндеті – бұл кәсіпорын ресурстарын интенсивті және экстенсивті пайдалану резервтерін іздестіру болып табылады.

Экстенсивті даму көрсеткіштеріне ресурстарды пайдаланудың сандық көрсеткіштері жатады:жұмыскерлердің саны, жұмсалған еңбек заттарының саны, амортизация көлемі, өндірістік қорлар және айналым құралдарының көлемі.

Интенсивті даму көрсеткіштеріне – ресурстарды пайдаланудың сапалық көрсеткіші, яғни еңбек өнімділігі, материал қайтарымы, қор қайтарымы, айналым қаражатын бекіту коэффиценті.

Сондай-ақ есептеулерде экономикалық көрсеткіштер қолданылады. Олардың ішінде:жалақы, негізгі өндірістік қорлар және айналым құралдарының айналымдылығы.

Осылайша, нарықтық қатынастар жағдайында әрбір кәсіпорынның басты міндеті оның болашақтағы қызмет жағдайының өзгерісін негізге ала отырып баға беру болып табылады. Кәсіпорынды басқарудың балама шешімдерін қабылдау үшін өндірістің стратегиялық және қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін жоспарлаудың озық жүйесі қажет. Кәсіпорынның стратегиялық жоспарлау үрдісіндегі мақсаттарының бірі оның іскерлік белсенділігінің және қызметінің шарттарына байланысты экономикалық әдістерінің деңгейін

гейін егжей-тегжейлі анықтау болып табылады.

Шығындардың ең үлкен төмендеуі ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізу арқылы қол жеткізуге болады, бұл өз кезегінде пайдаланылатын материалдық және еңбек ресурстарының көлемінің өзгеруіне әсер етеді.

Табыс – кәсіпорынның қаржылық қызметін ұйымдастырудағы маңызды көрсеткіш болып табылады.Ол кәсіпкерлік қызметтің қаржылық нәтижесін сипаттайды. Өндіріс тиімділігін, өндірілген өнім көлемі мен сапасын, еңбек өнімділігінің жай-күйін, өзіндік құнды неғұрлым толық көрсететін көрсеткіш.

Осылайша, табыс ұйымның дамуында және оның иелері мен қызметкерлерінің мүдделерін қамтамасыз етуде басты рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шемлер К. Прибыль корпорации / Пер. с англ. под ред. Ю.Н. Каптуревского. – СПб: «Питер», 2013.
2. Артеменко В.Г., Беллендир М.В. Прибыль предприятия. – М.: ДИС, 2013.
3. Балабанов И.Т. Финансовый менеджмент. - М.:. «Проспект», 2014.

УДК 338.5(574)

БАҒАҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР ЖӘНЕ БАҒА БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

Муканов И.Е.

Автор туралы мәліметтер. Муканов Имиджан Ерхатұлы – «Экономика» мамандығының студенті С. Аманжолов атындағы ШҚМУ

Аннотация. Мақалада мәні мен мазмұны, бағасы және баға белгілеуі жайлы түсіндіріледі. Факторлар бағасы анықталады. Авторы баға белгілеу процедурасы жан-жақты болып табылады деп санайды.

Түйін сөздер. Бағасы, бағаны қалыптастыру әсер ететін факторлар, баға әдістері, баға белгілеу.

Сведения об авторе. Муканов Имиджан Ерхатұлы – студент специальности «Экономика» «Экономика» ВКГУ им. С. Аманжолова

Аннотация. В статье объясняется значение и содержание цены и ценообразования. Определяются факторы, влияющие на цену. Автор считает, что процедура ценообразования является всеобъемлющей.

Ключевые слова. Цена, ценообразование, факторы, влияющие на цены, методы ценообразования.

About the author. Mukanov Imidzhan - undergraduate student of major “Eonomics” at EKSU named after S. Amanzholov.

Annotation. The article explains the meaning and content of price and pricing. The factors affecting the price are determined. The author believes that the pricing procedure is comprehensive.

Keywords. Price, pricing, factors affecting prices, pricing methods.

Баға – нарық реттеушісі, ол тауарлардың нақты түрлерін өндіруге мүмкіндік береді немесе тежейді, сұранысты шектейді немесе ұлғайтады, осылайша белгілі бір өнімнің өндірісі мен тұтынуына тікелей немесе жанама әсер етеді. Бағаға деген маркетингтік көзқарастың классикалық теориядан айырмашылығы тұтынушының сұранысына, мұқтаждықтарына және талғамына, сонымен қатар, нарықтың құбылмалы жағдайына байланысты бағаның икемділігінен көрінеді. Тұтынушыны өндіріс шығыны емес, оның нәтижесі, тауардың пайдасы мен сапасы, қажеттілігін қанағаттандыру деңгейі қызықтырады [1].

Баға – шығындарды талап етпейтін, ерекше күш-жігерсіз - ақ кіріс әкелетін маркетинг-микстің ең икемді элементі. Өндірістің бәсекеге қабілеттілігі, сату көлемі, рента-

бельділік және тағы басқа экономикалық көрсеткіштер көбіне баға қою бойынша дұрыс шешім қабылдауға байланысты. Кәсіпорынның баға саясатын жасайтын маркетинг бөлімдерінің маңызды міндеті – өткізу бағасын белгілеу және өзгерту.

Баға жөніндегі маркетингтік шешімдерге мыналар жатады: бағаның төменгі және жоғары деңгейін, олардың фирма мақсаттарына, тауар сапасына, сұранысқа, бәсекелестердің баға саясатына, ТӨЦ (тауардың өмірлік циклі) пен басқа факторларға байланысты өзгеруін анықтау, оңтайлы өткізу бағаларын белгілеу және жеңілдіктер жүйесін жасау. Осыған орай маркетингтің баға саясаты фирманың өз мақсаттарына нақты бағаларды белгілеу негізінде жету жолдарын межелейді.

Түпкілікті бағаны бекіту – маркетинг қызметінің өте жауапты кезеңі, өйткені ол кәсіпорын іс-әрекетінің көрсеткіштеріне әсерін тигізеді. Өткізу бағаларын қалыптастыру немесе өзгерту барысында маркетингтік мақсаттарды, бәсекелестердің іс-қимылын есепке ала отырып, баға белгілеудің дәстүрлі әдістерін үйлестіріп қолдану керек. Жоғары бағалар – тауар өткізуді тежейді, ал төмен бағалар – бәсекелестердің назарын аудартады, сондықтан нарықтық жағдайды үнемі талдап отыру керек.

Нарық жағдайында баға әр түрлі факторлардың тығыз байланысының нәтижесінде құралады, бұл факторлар есепке алынбайынша бағалар деңгейін анықтау мүмкін емес. Мұндай факторлар өте көп және олардың бәрін баға белгілеу кезінде анықтау, бағалау, есепке алу қиын. Сондықтан нақты бағаны таңдау осы факторларды талдаудан басталады.

Өндіріс шығындары. Өндіріс шығындары көбінесе мемлекеттің экономикалық жағдайына және салалық орташа өзіндік құнды бейнелейтін өндірістің қоғамдық шығындарына байланысты.

Бағаның негізгі элементі – өзіндік құн, ал оның құрылымының маңызды бөлігін материалды шығындар құрайды.

Өзіндік құнды азайту үшін факторлық талдау жүргізіп, жаңа технологияларды енгізу, өндірісті ұйымдастыруды, еңбек өнімділігі мен басқаруды жақсарту есебінен оны түсіру жолдарын анықтау қажет. Өнімнің өзіндік құнының азаюы пайда мен рентабельділіктің артуына едәуір әсер етеді. Өнім бағасына кіретін рентабельдіктің деңгейі өндірісті кеңейтуге, шығындарды жабуға және бюджетке салық пен төлемдерді төлеуге жеткілікті болуы тиіс.

Шығындардың өзгермелі және тұрақты деген 2 түрі болады.

Тұрақты шығындар - ол өндіріс пен өткізу көлеміне қатыссыз шығындар. Компания өндіріс көлеміне қарамастан, ай сайын жалға алу ақысын, несие пайызын, жылу ақысын, жалақыны және т.б. төлеуге міндетті. Бұлар тұрақты шығындарға жатады.

Өзгермелі шығындар – өндіріс көлеміне тікелей байланысты болатын шығындар. Өнімнің әрбір бірлігі үшін шығындар тұрақты болып қалады, бірақ олардың жиынтық көлемі өндіріс көлеміне байланысты өзгереді. Бұлар – шикізат, материалдар, құрал-жабдықтар және т.б.

Жиынтық шығындар – бұл белгілі бір өндіріс көлемі кезінде болатын тұрақты және өзгермелі шығындардың жиынтық сомасы.

Зиянсыздық нүктесі жалпы түсім жалпы шығындарға тең келетін өнімді сату көлемін анықтайды. Бұл нүктеден өткеннен кейін кәсіпорын пайда ала бастайды.

Сұраныс. Нарықтық экономика жағдайында сұраныс – нарықтық бағаның өзгеруіне әсер ететін негізгі фактор.

Баға мен нарықтық сұраныс арасында тығыз тәуелділік бар, олар бір-бірімен кері пропорционал байланыста болады. Бұл өзара байланыс сұраныс заңы мен баға икемділігі арқылы түсіндіріледі, оны нарықтық сұраныс қиғысы түрінде көрсетуге болады (1-сурет).

Бұл қисық баға мен сатылатын өнім көлемі арасындағы кері байланысты көрсетеді, яғни, басқадай өзгерістер болмаған жағдайда тауар бағасы өссе, онда осы тауарға деген сұраныс төмендейді. Бұл құбылыс – сұраныс заңы деп аталады.

Егер тауар массасының салыстырмалы өзгерісі бағалардың салыстырмалы өзгерісінен көп болса, ондай сұраныс икемді болады.



По результатам краткого анализа можно сделать вывод, что на сегодняшний день состояние гостиничной инфраструктуры города Усть-Каменогорск далеко от международных стандартов. Несмотря на то, что ежегодно количество предприятий размещения, как в городе, так и в области увеличивается, рост уровня предоставляемых услуг практически не наблюдается. Связано это со многими факторами, в первую очередь отсутствие мер по государственному регулированию этой отрасли, неразвитость инфраструктуры, неполное соответствие специалистов занимаемой ими должности, несоответствие показателя «цена-качество». Отсутствие мини-гостиниц, которые пользуются популярностью во всем мире, и за счет невысокой стоимости размещения способствовали бы развитию инфраструктуры, и увеличению турпотока.

Для решения проблемы, которые препятствуют развитию гостиничной индустрии, необходимо создание единого стандарта предприятий размещения, повышение уровня предоставляемых услуг за счет налаживания инфраструктуры и подготовки квалифицированных кадров, строительство мини-отелей, которые привлекут молодежь и бюджетных туристов, но для этого требуется содействие, как на местном уровне, так и на уровне государства.

Проанализировав гостиничную индустрию города Усть-Каменогорска, можно сделать вывод, что на сегодняшний день в городе существует один тип предприятий размещения – гостиницы. Но несоответствие показателю «цена-качество» вынуждает гостей останавливаться либо недорогих отелях, при этом явно переплачивая за ночлег, либо прибегать к услугам риелторов, которые пусть за небольшую доплату, но найдут квартиру или комнату, которая в сумме будет по цене более приемлема для туристов. В связи с этим возникает необходимость в совершенствовании системы организации мест временного пребывания туристов и контроль над соответствием их заявленным категориям звездности, а также повсеместное открытие мини-отелей, цены на услуги которых будут приемлемы для больших масс туристов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Азар В.И. Экономика и организация туризма. - М., 2009.
2. Ахмин А.М., Гасюк Д.П. Основы управления качеством продукции. - СПб., 2002.
3. Васьков С.Т. Территориальное управление в новых хозяйственных условиях. - М., 2003.
4. Медлик С., Инграм Х. Гостиничный бизнес (пер. с англ. Павлов А.В.). - М., 2005.
5. Гостиничный и туристический бизнес / Под ред. проф. Чудновского А.Д. - М., Ассоциация авторов и издателей «Тандем». – М., 1998.
6. Безрукова И.Ю. Материально-техническая база оформления гостиниц и тур. комплексов. - М., 2004.
7. Организация обслуживания в гостиницах и туристических комплексов: Учеб. пособие. – М.: Альфа - М; ИНФРА-М, 2006.

8. Сенин В.С., Денисенко А.В. Гостиничный бизнес: классификация гостиниц и других средств размещения. - М., 2004.
9. Темный Ю.В., Темная Л.Р. Экономика туризма. - М., 2003.
10. Федоров Р.Г. Гостиничный бизнес как составляющая современной индустрии туризма // Молодой ученый. – 2013.
11. Волков Ю.Ф. Введение в гостиничный и туристический бизнес. – Ростов-на–Дону, 2004.
12. Яковлев Г.А. Экономика и статистика туризма. - М., 2003.
13. Статистические данные с сайта: http://www.stat.gov.kz

УДК 338.486 (574)

ТУРИСТІК КӘСІПОРЫНДАР ҚЫЗМЕТІНДЕГІ МАРКЕТИНГТІК СТРАТЕГИЯЛАР

Ордабаева М.А., Адикова Н.Н.

Авторлар туралы мәліметтер. Ордабаева Майнур Айтказиновна – С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті экономика және басқару кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы, Адикова Назерке Нұрбекқызы - С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті «Туризм» мамандығы студенті

Аннотация. Мақалада туристік кәсіпорындар қызметін жақсартудағы маркетингтік стратегияларды қолдану мәселелері қарастырылған. Стратегия түсінігіне берілген анықтамаларға талдау жасалынған. Маркетингтік стратегияларды әзірлеу және жүзеге асыру мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер. Туризм, туристік кәсіпорын, стратегия, маркетингтік стратегия

Сведения об авторах. Ордабаева Майнур Айтказиновна – PhD, старший преподаватель ВКГУ им. С. Аманжолова. Адикова Назерке Нұрбекқызы – студентка специальности «Туризм» ВКГУ им. С. Аманжолова.

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы разработки маркетинговых стратегий для улучшения деятельности туристских предприятий. Проделана попытка анализа определения данных понятию стратегия. Рассмотрены вопросы разработки маркетинговых стратегий.

Ключевые слова. Туризм, туристское предприятие, стратегия, маркетинговые стратегии.

About the authors. Ordabayeva Mainur – PhD, Senior Professor at EKSU named after S. Amanzholov. Adikova Nazerke - undergraduate student of major “Tourism” at EKSU named after S. Amanzholov.

Annotation. The article deals with the development of marketing strategies to improve the activities of tourist enterprises. An attempt is made to analyze the definition of data to the concept of strategy. We consider the development of a marketing strategy.

Keywords. Tourism, tourist enterprise, strategy, marketing strategies.

Экономиканың қазіргі даму кезеңі бизнесте күрделі және қарама-қайшы үрдістердің үйлесуімен, ресурстардың шектеулілігімен, технологиялық жаңашылдықтардың жеделдеуімен сипатталады. Соған байланысты өндіру және бөлу мәселелері күрделеніп, экономикада және нарықта құрылымдық өзгерістер жүруде. Осыған орай XXI жүзжылдықтың басында бірінші жоспарға стратегиялық мәселелер шықты.

«Стратегия» түсінігін әлемдік тәжірибеде басқарудың 50-шы жылдарында қолдана бастады, ол кезде компанияның сыртқы орта өзгерістеріне әсер ету проблемасы қатты сезіле бастаған (бұрындары стратегия термині әскери термин ретінде қолданылған және күресте әскерлерді басқару өнерін білдірді). Қазіргі уақытта стратегияның көптеген анықтамалары бар, бірақ олардың барлығын кәсіпорынның сыртқы ортамен байланыс құралы ретінде кәсіпорынның болашақтағы жағдайына әсер ететін, стратегиялық шешімдерді жа-

сау және қабылдау негізінде жатқан нормалар мен ережелердің алдын ала ойластырылған жиынтығы ретіндегі стратегия түсінігі біріктіреді.

Бизнесті басқарудың стратегиялық жолының идеясын Г. Минцберг төмендегідей негіздеген:

– стратегия қол жеткізуге ұмтылатын мақсатты анықтайды, ол бәсекелестерден қорғануға, бәсекеге қабілеттілікті сақтауға және бизнестің болашақта өркендеуіне мүмкіндік береді;

– стратегияның болуы іс-әрекеттер мен ресурстарды соңғы нәтижеге жетуге шоғырландыруға көмектеседі;

– стратегия бизнесті нарықта және қызметкерлер алдында жайғастырады;

– нақты қалыптастырылған стратегия анық талмағандық деңгейін төмендетіп, ағымдағы міндеттерді неғұрлым білікті шешуге ықпал етеді [1].

Экономикалық әдебиеттерде «стратегия» термині ұзақ мерзімді қамтитын дұрыс болжамдарға негізделген жоспарлау, басқару өнері деп түсіндіріледі. Оның мазмұнын талдау «стратегия» ұғымының аз дегенде бес мағынасы бар екенін көрсетеді:

– кәсіпорынның мақсаттар мен міндеттеріне сәйкес келетін ұзақ мерзімдік нәтижеге қол жеткізудің жоғары басшылық әзірлеген жоспары;

– мінез-құлық принципі – қандай да бір мінез-құлық моделі;

– жайғасқым – нақты бір нарықтарда белгілі бір тауарлар мен қызметтерді орналастыру;

– келешек – кәсіпорынның болашағына бағытталған «бизнес теориясы», негізгі іс-әрекет тәсілі;

– тәсіл – бәсекелескен асып түсу мақсатында жүргізілетін ерекше әрекет.

Американ экономисі Альфред Чандлер өзінің «Стратегия және құрылым» кітабында бұл түсінікті келесідей түсіндіреді: «Стратегия – бұл кәсіпорынның негізгі ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттерін анықтау, әрекет ету бағытын қабылдау және қойылған мақсаттарды орындау үшін қажетті ресурстарды бөлу» [2].

Фин экономисті Тимо Санталайнен стратегия деп «бір жағынан ұйым ресурстары мен дағдыларының үйлесуі, екінші жағынан ұйым өзінің негізгі мақсатына жетуге сенетін қазір және болашақтағы қоршаған ортадан шығатын тәуекелдіктер мен мүмкіндіктердің үйлесуі» деген. Фирма үшін сыртқы жағдайлардың анық талмағандығы көптеген жағдайларда стратегияның пайда болуына алып келеді. Фирманың стратегияны жасауы өзгеріп отыратын жағдайлардағы оның өмір сүру қабілеттілігін жоғарылатады.

Стратегиялық басқару теориясының негізін қалаушылардың бірі К. Эндрюс «стратегия» ұғымының күрделілігін көрсететін кең анықтамасын береді. «Корпоративтік стратегия – кәсіпорынның мақсаттары мен міндеттерін анықтап ашатын, қойылған мақсаттарды жүзеге асыру жоспары мен негізгі саясатын қалыптастыратын, бизнес аясын анықтайтын, сонымен қатар кәсіпорынның акционерлерге, қызметкерлерге, сатып алушыларға, жалпы қоғамға ұсынатын экономикалық және сыртқы экономикалық жетістіктерінің табиғатын көрсететін қабылданған шешімдер жиынтығы...» [3].

А. Чандлердің анықтамасымен салыстырғанда К. Эндрюс стратегияны көпқырлы етіп түсіндіреді, оның түсіндіруінде стратегия – іс-әрекет бағдарламасы – жоспары емес, іс-әрекет логикасы. Бұл логика мақсаттар мен міндеттер таңдауды, оған қол жеткізу жоспарлары мен ережелерін дайындауды, компанияның сыртқы ортадағы орнын анықтау және оның ішкі құрылымын қалыптастыруды қамтиды. Сонымен қатар К. Эндрюс стратегияның аса маңызды сипаттамасын – кәсіпорын қызметіне мүдделі жақтарға ұсынатын соңғы нәтижемен тікелей байланысын көрсетеді.

Корпоративтік деңгейдегі стратегия – бұл әр тарап тандырылған компанияның стратегиясы, ол бизнестер қоржынын басқаруға бағытталады. Бұл басқару екі сұрақты шешуге келіп тіреледі: «компанияда қандай қызметтер бағыты жүзеге асырылады және компанияның бас кеңсесі барлық бағыттарды қалай басқарады». Осылайша, Портер корпоративтік деңгейдегі стратегияны «әр түрлі бизнестер жинағынан компанияны бір бүтінге айналдыратын нәрсе» деп анықтайды.

Мұның барлығынан Портердің анықтамасы сыртқы ортаға бағытталған сипатта екенін байқауға болады. Ол дұрыс жайғастыру бәсекелестік артықшылықтың көзі деп қарастырады. Сондықтан оның көзқарасын жақтаушыларды «жайғастыру мектебінің» өкілдері деп атайды.

Портерге қарама-қайшы көзқарастағы К. Прахалад және Г. Хэмел – бәсекелестік артықшылықтардың көзін компанияның ішкі ресурстарында дейді: оның материалдық базасы, персоналы, білімі, мәдениеті және т.б. олар стратегияны «корпорацияның компетенциялар өзегін қалыптастыру және таңдау» деп анықтайды [4].

Кәсіпорынның жалпы бизнес стратегиясы мен маркетингтік стратегиясы көп жағынан сәйкес келеді. Маркетинг тұтынушылардың қажеттіліктерін анықтап оны қанағаттандыру жолдарын іздейтін болса, компанияның миссиясы мен мақсатын да сол міндеттер анықтайды. Маркетинг компанияның стратегиясын әзірлеуде басты рөл атқарады. Біріншіден, маркетинг компания бизнесінің философиясын анықтайды: компанияның стратегиясы негізгі тұтынушылар тобының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы керек. Екіншіден, маркетинг стратегиялық жоспарды дайындаушыларды басты мәліметтермен қамтамасыз етеді.

Маркетингтік стратегиялардың пайда болуына келесі жағдайлар себеп болды:

- кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасында өзгерістердің күшеюі;
- табыстың артуы және таңдау еркіндігіне байланысты тұтынушы тарапынан тауар және қызметке қойылатын талап деңгейлерінің өсуі;
- тұтынушылардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыру мақсатында оларды дифференциалаудың қажеттілігі;
- ғылыми-техникалық дамудың өндіріс көлемімен оны жетілдіруге, және тауарды нарыққа шығаруға әсері нарықтың толығуына әсер етпей қоймады;
- қатайып келе жатқан халықаралық және ұлттық деңгейдегі баға және бағадан тыс бәсекелестік, нәтижесінде бұл жағдайдағы тауарды жылжытуға кететін шығынның өсуі;
- өсіп келе жатқан тұтынушылардың құқығын және қоршаған ортаны қорғау.

Демек маркетингтік стратегиялар жалпы кәсіпорын саясатының ажырамас бір бөлігіне айналып, ол қоршаған ортадағы барлық нарық субъектілерінің тілектерін ескеріп отыр. Маркетингтік стратегиялар қоршаған ортаның жағдайын болжауға және талдауға, сонымен қатар кәсіпорын қызметінің күшті және әлсіз жақтарын есептеуге бағытталған. Тиісінше ол қол жеткен нарықты сақтап, жетістіктерді дамытады, жаңа мүмкіндіктер ашады, кәсіпорынның ұзақ мерзімдік даму перспективасын құрып, оны қамтамасыз етеді. «маркетингтік стратегиялар» түсінігіне кіретін көптеген ғалымдардың тұжырымының мазмұнын талдай отырып, келесі қорытындыны жасауға болады, стратегиялық маркетингті өз бетінше зерттеу әдістемелері бар және өзіндік терминология қоры бар жаңа маркетинг қызметінің концепциясы ретінде қарастыруға болады.

Филип Котлер маркетинг стратегиясына былай деп анықтама береді: «Маркетинг стратегиясы – компания ұмтылатын мақсатқа қол жеткізуге көмектесетін маркетингтік іс-әрекеттердің логикалық сызбасы. Ол компания қолында бар артықшылықтарды пайдалана отырып мақсатты нарықтарда қалай жайғасып, өз тауарларын қандай жолмен тұтынушыларға жеткізе алатындығын көрсетеді. Ф. Котлердің ойынша маркетингтік стратегиялар мәнін «сегменттеу - мақсатты нарықты таңдау – нарықта жайғастыру» формуласы құрайды [5].

Маркетингтік стратегиялардың нақты мәнін Ж.Ж. Ламбенның сызбасынан көруге болады, онда «стратегиялық маркетинг» тек маркетинг процесінің екі кезеңінің бірі ретінде ғана емес, жалпы маркетингтік қызметтің түпкілікті негізін қалаушы ретінде қарастырылған. Стратегиялық маркетинг элементтеріне келесілер кіреді: қажеттіліктерді талдау және бастапқы нарықты анықтау; нарықты сегменттеу: макро- және микро-сегментациялау; тартымдылықты талдау: нарық әлеуеті және өмірлік циклі; бәсекелестік қабілетін талдау: бәсекелестік артықшылықтар; кәсіпорынның даму стратегиясын таңдау.

Ж.Ж. Ламбен операциялық маркетингке белсенді процесс ретінде келесі элементтерді кіргізеді:

- мақсатты нарық сегментін таңдау;
- маркетинг жоспары (мақсаттары, жайғастыру, тактикасы);
- маркетинг кешені: тауар, өткізу, баға, коммуникациялар;
- маркетинг бюджеті;
- маркетинг жоспарын бақылау және жүргізу.

П. Диксонның кітабында көрсетілгендей, маркетингтік стратегия – бұл тұтынушы қажеттіліктерін корпорацияның бәсекелестерінен қарағанда артығырақ қанағаттандыру басымдықтарын іздестіруге байланысты мақсатты әрекеттері. Біздің ойымызша, бұл түсінік толық емес, өйткені басымдықты іздеу – жақсы стратегияны жасаудағы мақсатты әрекеттер кешенінің бір бөлігі ғана, олардың көмегімен кәсіпорын нарықта тек белгілі бір позицияға ғана ие болады. Біздің тұжырым бойынша маркетингтік стратегиялар – басшылардың жүйелі ойлау тәсілі, ол кәсіпорынның нақты стратегиялық маркетингін жүзеге асыру түріндегі мүмкіндіктерімен маркетингінің, міндеттерінің, мақсаттарының үйлесімін қамтамасыз етеді.

Заманауи бәсекелес нарықтағы кәсіпорынның сәтті қызметі маркетинг принциптерін пайдаланған кезде ғана мүмкін болады, ол кәсіпорынның өндірістік - өткізу қызметінің соңғы нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған. Тек стратегиямен тактиканың өзара біріккен және байланысқан түрде жүзеге асырғанда, потенциалды тұтынушылардың қажеттіліктерімен сұранысына бейімделген жағдайда, оларға бір уақытта және мақсатты түрде әсер еткен жағдайда ғана нақты нәтижені береді. Бұл кәсіпорын қызметін бір мезеттік емес, ұзақ уақыттық нәтиже алуға бағыттайды, ол белгілі бір нарықтың үлесін иеленуді, өнімді сәтті өткізуді және пайда алуды білдіреді. Сол себепті маркетингтік шешімдерді қабылдау және олардың тиімді болуынан көбінесе заманауи нарықтағы кәсіпорынның сәттілігі немесе сәтті емес екендігі анықталады, және ол оның қызмет саласына, меншік түріне және заңды статусына қарамайды. Маркетинг стратегиясын белгілі бір жолдардың логикалық жиынтығы, әдістері, кәсіпорын мақсатын қол жеткізу құралы, нарықтың белгілі бір үлесін алу және оны ұстап тұруы, тауар және ұсынылатын қызметтер сапасын көтеру, тиісті пайда мөлшерін алу, бәсекелестік күресте өз артықшылықтарын иеленуші ретінде анықтауға болады. Тиісінше маркетинг стратегиясы келесілерді нақтылайды: не, қайда, қашан және кәсіпорынға қалай айналысу керек.

Біздің ойымызша, компанияның маркетингтік стратегиясы жоспарлау саласының маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Біріншіден ол басқару әдістемелік принциптерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, және ол компания стратегиясының тұтынушы топтарының маңызды қажеттіліктеріне бағытталады. Екіншіден маркетинг стратегиялық жоспарды жасауға қажетті шығатын мәліметтерді білдіреді, нарықтың тартымды мүмкіндіктерін және фирманың потенциалын бағалауға мүмкіндік береді. Компанияның әрбір бөлімшесінің шеңберінде маркетинг нақты міндеттерді шешуді орындау стратегиясын жасауға көмектеседі. Маркетинг қызметі компанияның әрбір бөлімшесіне стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуінің ең ұтымды тәсілін анықтайды. Демек, маркетинг бойынша менеджерлердің мақсаты сатылым өсімін қамтамасыз ету ғана емес. Олардың мақсаты қолда бар сату көлемін ұстап, тауарды нарыққа жылжытуға және жарнамаға кететін шығындарды қысқарту немесе сұранысты төмендету. Басқаша айтқанда маркетинг қызметі сұранысты жоғары басшылық бекіткен стратегиялық жоспарлар деңгейінде ұстап тұру. Компанияның маркетинг қызметі компанияның әрбір шаруашылық данасының потенциалын бағалауға, олардың әрқайсысына мақсат қойып, оны сәтті жүзеге асыруға көмектеседі.

Маркетинг теориясында маркетингтің әр түрлі стратегиялары бар. Стратегияларды жасау және таңдау үшін мынадай үлгілер пайдаланылады: тауар / нарық мүмкіндіктері матрицасы, «БКТ» матрицасы, Портердің стратегиялық моделі және тағы басқалары.

Фирманың нақты мүмкіндіктерін ескере отырып стратегиялар дайындау оның нақты ресурстық әлеуетін, жаңа тауар дайындау концепциясын, бәсекелестігін, компанияның өнімін ел ішінде, сонымен қатар, шетелдерде де позициялау мүмкіндіктерін ескере отырып компания басшылығымен жүзеге асырылады.

Бизнес-стратегиялар да маркетингтік стратегияның айналасында құрылады. Осыдан: бүгінгі маркетинг – бұл функция емес, бизнес жасаудың негізі деген тезис шығады. Осы проблеманы көптеген авторлар зерттеген: Аветисова А.О., Балабанова Л.В., Брэддик У., Войчак А.В., Дибб С. және т.б.

Маркетингтік стратегиялардың негізін компанияның нарықтағы сатып алушылармен, жабдықтаушылармен, делдалдармен, бәсекелестермен, инвесторлармен және билік органдарының құрылымымен тікелей байланысын көрсететін терең талдаулық зерттеулер құрастырады.

Маркетингтік стратегияны дайындау кезінде компанияның жұмысының нәтижесіне ішкі және сыртқы орталардың факторларының әсерін талдаулық бағалау өте маңызды.

Қазіргі жағдайда кез келген компанияның жеткен жетістіктерін оның жалпы стратегиясы шеңберіндегі сенімді көздерден алынған ақпараттар және компанияның іс-әрекетіне күнделікті өзгерістер енгізіп отыру арқылы іс жүргізудің тиімді әдістері негізінде ғана сақтап қалуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Минцберг Г., Альстренд Б., Лэмпел Дж. Школы стратегий. – СПб., 2001.
2. Chandler A. Strategy and structure: chapters in the history of American enterprise. – Cambrige, 1962, p. 16.
3. Эндрюс К. Концепция корпоративной стратегии. - М., 2003.
4. Прахалад К.К., Хамел Г. Конкурируя за будущее. - М., 2002.
5. Котлер Ф. Маркетинг менеджмент / пер. с англ. - СПб., 1998.

УДК 379.85

ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ БАҒЫТТАРЫ

Ратаева А.С.

Автор туралы мәліметтер. Ратаева Арай Сайранқызы - Қазақстан-Американдық еркін университетінің «Туризм» мамандығының студенті.

Аннотация. Мақалада туризм - бенчмаркингте жаңа әдісті пайдалану туралы сипатталған. Ағылшын тілінен аударғанда, бұл стандартты, бағытты деген мағынаны білдіреді. Бенчмаркетинг компанияның тиімді жұмыс істеуі үшін пайдаланылады, сонымен бірге бизнестегі мықты бәсекелестерді іздеуге көмектеседі.

Түйін сөздер. Туризмдегі маркетинг, тиімді іскерлік тәжірибе, бенчмаркетинг, компанияның бизнес стратегиясы, туристік бизнес.

Сведения об авторе. Ратаева Арай Сайранқызы – студентка специальности «Туризм» Казахстанско-Американского свободного университета

Аннотация. В статье описано применение нового метода в туризме – бенчмаркетинга. В переводе с английского языка это означает стандарт, направление, «эталон». Бенчмаркетинг применяют для эффективного функционирования фирмы, он также помогает с поиском более сильных конкурентов в предпринимательстве.

Ключевые слова. Маркетинг в туризме, эффективные методы ведения бизнеса, бенчмаркетинг, бизнес-стратегия компании, туристический бизнес.

About the author. Ratayeva Arai - undergraduate student PF major “Tourism” at Kazakh American Free University

Annotation. The article describes the use of a new method in tourism - benchmarking. Translated from English, this means standard, direction, "standard." Benchmarketing is used for the effective functioning of the company, it also helps with the search for stronger competitors in business.

Keywords. Marketing in tourism, effective business practices, benchmarking, company business strategy, tourism business.

Туристік қызметтің маркетингілік зерттелуінің маңызды бағыты болып оның бәсекелесу қабілеттілігін анықтау табылады. Осы кезде алынған нәтижелер келесі мәселелерді шешуде қолданыла алады:

- өнімдерді жетілдіру және жаңарту қажеттігін негіздеуде;
- бәсекелестік қабілеттің анық бір деңгейіндегі өнімдерді өткізудің мүмкіндікті көлемін бағалау;
- туристік қызметті өткізу процестерін басқару;
- нақты нарықта баға стратегиясын таңдау;
- кәсіпорындарда және т.б. өнімдердің бәсекелестік қабілеттіліктерін басқару жүйесін қалыптастыру және жетілдіру.

Туристік қызметтің бәсекелесу қабілеттілігін анықтау, тәжірибе жүзінде, мәселенің ғылыми өңделуінің әлсіздігімен күрделенеді. Қызметтің бәсекелесу қабілеттілігі қазіргі экономикалық әдебиеттерде барынша жалпылама тұрғыдан қарастырылады және көбінесе бәсекелестік жағдайында осы көрсетілетін қызметтердің өткізілу мүмкіндігі ретінде анықталады. Мұндай анықтама қарастырылатын категорияның мәнін ашпайды, он сызда белгілі қызметтің өтімділігінің оның бәсекелестік қабілетіне тәуелділігін қайталайды. Бұл кезде, өзі мен басқа бәсекелес – қызметтер арасындағы сұранымды бөлуді шарттайтын нақты туристік қызметтің бәсекелестік қабілеттілігінің мазмұны жоғалады.

Стратегиялық бизнес бірліктер – компания шеңберінде тауардың ассортиментті тобына және оны өндіру мен өткізу бойынша барлық қызметтерді атқаруға толық жауап беретін дербес бөлімшелер. Стратегиялық бизнес бірліктер – компанияның бөлімшесі, тауарлық топ, жеке тауар немесе сауда маркасы бола алады.

Стратегиялық жоспарлау үрдісі төмендегі кезеңдерден тұрады:

1) Кәсіпорын миссиясын жасау;
2) Ішкі ортаны стратегиялық талдау;
3) Қоршаған ортаны стратегиялық талдау;
4) Мақсаттарды анықтау;
5) Стратегияны қалыптастыру;
6) Бағдарлама жасау;
7) Бағдарламаны жүзеге асыру;
8) Бақылау.

Әрбір бизнес-бірлік жалпы компанияның ерекше миссиясын анықтай алады. Миссия іс-әрекеттің негізгі түрлерін анықтап, бизнестің дамуының басты бағытын, мақсаттар мен құндылықтар жүйесін әзірлеуге көмектеседі.

Стратегиялық талдау – микро және макроортаны талдау. Бұл нарықты, бәсекелік ортаны, саланың, әсіресе, оның шикізат базасының жағдайын, негізгі қорларды бағалау, мақсатты сегменттерді анықтау, тұтынушылардың мінез-құлқын талдау.

Қоршаған бизнестік ортаны зерттеудің негізгі мақсаты – жаңа стратегиялық мүмкіндіктерді айқындау. Сатып алушылардың мұқтаждықтарын қанағаттандыра білу – компания пайдасының көзі. Компанияның мүмкіндіктері олардың тартымдылығына және табыстың ықтималдығына сәйкес жіктеледі. Тұтынушы үшін өнімнің құндылығын жоғарылататын компания өте тиімді жұмыс істейді. Мүмкіндіктерді айқындау үшін мүмкіндіктер матрицасы жасалады.

Матрицаның жоғары сол жақ шаршысында компанияның келешегі зор нарықтық мүмкіндіктері, ал төменгі оң жақтағы шаршыда қарастырмаса да болатын – төмен мүмкіндіктері орналасқан. Жоғары оң және төменгі сол шаршыдағы мүмкіндіктер мұқият талдануы керек, өйткені белгілі бір уақытта олардың тартымдылығы мен табысының ықтималдығы ұлғаюы мүмкін.

Қоршаған бизнестік ортадан болатын қауіп-қатер – бұл компанияның іс-әрекетіне әсер ететін кейбір жағымсыз тенденциялар немесе жағдайлар. Олар стратегиялық қорғаныс шаралары болмаған жағдайда компания табысы мен сату көлемдерінің төмендеуіне алып келеді. Қауіптерді де пайда болу ықтималдығына сәйкес жіктеп, матрица ретінде көрсетуге болады. Қауіптер матрицасының жоғары сол жақ шаршысында компанияға

зиян келтіретін негізгі қауіптер, төменгі оң жақ шаршысында – онша көңіл бөлмесе де болатын болымсыз қауіптер орналасады. Жоғары оң және төменгі сол жақтағы қауіптерді үнемі бақылап отыру қажет. Қауіптерді болдырмау үшін фирма күтпеген жағдайларға арналған іс-әрекеттер жоспарларын жасауы тиіс.

Мақсатты анықтау. Көптеген стратегиялық бизнес бірліктер бірнеше мақсаттар қояды. Олар – рентабельділік, өткізу көлемі, тәуекелді азайту, жаңартулар (инновации), имиджді қалыптастыру, т.б. Мақсаттарды тиімді басқару үшін олар мынадай критерийлерге жауап беруі қажет.

Біріншіден, оларды сатылас құрылымда ұйымдастыру қажет, яғни аса маңызды мақсаттардан екінші дәрежелі мақсаттарға көшу. Мысалы, бөлімшенің белгілі бір мерзімдегі мақсаты – капитал айналымын күшейту, ол үшін рентабельділікті көтеру немесе инвестицияны қысқарту керек. Рентабельділікті табысты өсіру және / немесе шығындарды азайту арқылы көтеруге болады. Нарық сегментін ұлғайту және / немесе бағаны өсіру арқылы табыс табылады. Екіншіден, мақсаттар нақты болуы керек, мүмкіндігінше цифрлар арқылы белгіленуі тиіс. «Капитал айналымын күшейту» деген мақсаттан гөрі – «капитал айналымын 15 пайызға тездету» деп алғанымыз дұрысырақ. Үшіншіден, мақсаттар жүзеге асатындай болуы тиіс және төртіншіден компания мақсаттары дәйекті, қисынды және көзге көрінетіндей болуы тиіс.

Менеджер мақсаттар баламаларының ішінен ең бастысын таңдауы қажет. Мақсаттар – пайданың қысқа немесе ұзақ мерзімді болашақта өсуі, ескі нарыққа ену немесе жаңа нарықтарды дамыту, өсу қарқынын көтеру, не тәуекелді төмендету болуы мүмкін. Осы баламалардың әрбіреуі ерекше стратегияны талап етеді.

Стратегияларды қалыптастыру. Стратегия дегеніміз – стратегиялық бизнес бірліктердің мақсаттарға жету жоспары. Стратегияның мақсаты – компанияға жоғары тиімділікті қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді бәсекелік артықшылықтарға жету. Дамудың ұзақ мерзімдегі бағыттарын анықтау, экономикалық өсудің түрін таңдау – стратегиялық жоспарлаудың негізі болып табылады.

Маркетинг теориясында маркетингтің әр түрлі стратегиялары бар. Стратегияларды таңдау үшін мынадай үлгілер (модельдер) пайдаланылады: тауар / нарық мүмкіндіктері матрицасы, «БКГ» матрицасы, Портердің стратегиялық моделі және тағы басқалары.

Солардың көмегімен компания өз мүмкіндіктерін, шығаратын тауарларын, айналысатын қызметін және оларға кететін шығындарды анықтайды. Гарвард бизнес мектебінің профессоры М.Портердің бәсекелестік стратегиясы бойынша компания өз бәсекелестерінен асып түсу үшін мынадай үш стратегияның бірін қолдануы керек: шығындар бойынша басымдық, шоғырлану және дифференциация.

Шығындар бойынша басымдық стратегиясы фирманы тауарды көп көлемде өндіріп, кең нарыққа шығуын бейімдейді. Бұл стратегияның артықшылығы – жаппай өндіріс есебінен үлестік шығындарды төмендетіп, тауарларды арзан бағамен ұсыну. Бұл стратегия шығарылатын өнімнің өзіндік құнын төмендету негізінде пайда көлемін жоғарылатып, арзан бағаға бейімделген тұтынушыларды үйіруге мүмкіндік береді.

Дифференциация стратегиясы. Фирма өнімі бәсекелестің өнімінен ерекше болуы тиіс. Компания сыртқы түрі, сипаттамалары көпшілікке ұнайтын, сенімділігі, дизайны бойынша бірегей деп саналатын, тұтынушылардың қолы жететін тауарды өндіреді. Мұндай жағдайда тұтынушы үшін баға аса маңызды рөл атқармайды, сондықтан, олар тауар маркісіне түзу ниет білдіріп, тауарды сатып алады. Бұл стратегияда шығындар көбірек болады. Дифференциация стратегиясын қолдану өнімнің өзіне, өткізу әдістеріне немесе маркетинг жағдайларына байланысты болуы мүмкін.

Шоғырлану стратегиясы. Төменгі баға немесе бірегей ұсыныс арқылы фирма нарықтың бір өзгеше сегментін бөліп алады. Шығындарын төмендетіп немесе тұтынушылардың арнайы тобына арналған тауарларды ұсына отырып, фирма бәсекелестермен салыстырғанда жоғары сапалы қызмет көрсету арқылы өзінің айрықша бейнесін көрсетеді.

Өнімдердің бәсекелестік қабілеттілігі анықтамасына, оның барлық тұтынушылық және айырбастық қасиеттері көрсетілетін, өнімнің әмбебап сипаттамасы сияқты бағасы

арқылы келу әрекеттері кездеседі. Жәнеде бәсекелестік қызметтің мұндай қасиеттерінің дамуы бағалар айырымында байқалуы керек, өйткені оны осы өнімдердің бір – біріне қатынасы бойынша бәсекелестік қабілеттілігі деп есептеледі.

Кейбіреулер «бәсекелестік қабілеттілігі» категориясының мәнін айқындау үшін, ол тұтынушылар көзқарасы арқылы қарастырылуы керек деген болжамалар айтады.

Нарық, қызметтердің өзара бәсекелесе отырып, тұтынушылар талабына сәйкестігіне салыстырулар мен тексерулерден өтетін және олардың осы талаптардан ауытқулары айқындалатын қоғамдық қатынастың саласын көрсетеді. Сатып алу кезінде әрбір дербес сатып алушы ұқсас өнімдер ішінен өзіне қажетті қызметті таңдау процесін жүзеге асырады және оның қажетсінуін мейлінше қанағаттандыратын өнімді ғана сатып алады.

Қоғам масштабында қоғамдық қажетсінуді қанағаттандыруға арналған қызметтер арасында, бәсекелес қызметтермен салыстыру бойынша, ең толық сәйкес келетін қызмет мойындау табады. Оны жалпы тауарлық массадан осы сәйкестігі айрықшаларды, бәсекелестік күресте жеңісті қамтамасыздандырады, басқаша айтқанда, ол бәсекелестік қабілетті деп айтуға мүмкіндік береді.

Фирманың нарықтағы үлесі кішігірім болса да, өз күшін нарықтың бір «тауашасына» бағыттап, шоғырландырылған стратегияны әзірлеу арқылы пайда алады. Компания жалпы шығындарының аздығына байланысты немесе дифференциациялы стратегияны қолдану басымдылықтары арқылы нарықтың үлкен үлесіне ие бола алады.

М. Портердің зерттеулері мынадай қорытындыға әкелді: көздеген тиімділік деңгейіне, ең алдымен, нарық үлесі үлкен, ірі немесе маманданған шағын кәсіпорындар жете алады. Егер фирманың ерекше өнімі немесе шығындар бойынша басымдылықтары болмаса, онда ол орта жолда қалып қоюы мүмкін. Сондықтан фирманың орташа позицияда болуы өте қауіпті [4].

Бағдарламаны әзірлеу. Стратегия жасалған соң, оны қолдау бағдарламасы әзірленеді. Әрбір стратегиялық шаралар олардың тиімділігін есептеумен нақтыланады.

Маркетинг бағдарламасын жүзеге асыру. Стратегиялық мүмкіндіктер шектеулі уақыт аралығында болады, сондықтан тактиканы өз уақытында ауыстырып, стратегиялық бағдарламаны мерзімінде жасау қажет.

Бақылау. Компания аралық нәтижелерді қадағалап, микро, макро ортадағы өзгерістерді бақылап, өзгерістер көп болса, онда компания өз мақсаттарын, әрекеттерін, бағдарламалары мен стратегияларын қайта қарастыруы керек.

Жалпы стратегиялық жоспарды қызметтің әрбір бағытына, тауарға және тауар маркасына арнап жасау қажет. Тауарға стратегиялық жоспар жасау кезеңдері компанияның жалпы стратегиялық жоспарының кезеңдері сияқты болып келеді. Өнімнің маркетинг жоспары бір, үш, бес жылға жасалады. Өнімді жоспарлау үрдісі бірнеше кезеңдерден тұрады:

1) Жағдайлық (ситуациялық) талдау. Мұнда нарық ерекшелігі мен әлуеті, фирманың бәсекелестері, өткен кездегі сатулары, мәселелері мен мүмкіндіктері, табысы, пайдасы, шығындары зерттеліп, болжаулар жасалады. Зерттеулер өнім түрлері, географиялық аумақтар және мақсатты нарықтар бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар жағдайлық талдау бәсекелестердің тәжірибесін, күшті және әлсіз жақтарын зерттеу негізінде, олардың ықтимал болатын әрекеттерін болжайды.

Жағдайлық талдауды жүргізу үшін нарық, оның сипаттамасы мен әлуеті анықталады (мысалы, жеке компьютерлер, тұрғын үйлер нарығы және т.б.). Нарық сипаттамасы мынадай параметрлермен анықталады: нарық әлуеті, нарыққа енудегі кедергілер, бәсекелестерден артықшылығы, сұраныстың тұрақтылығы, инвестиция қайтарымдылығы, нарық үлесінің өсу келешегі.

Нарық әлуеті (потенциалы) – тауар ассортиментіне арналған барлық сұраныс немесе ұсыныспен анықталатын нақты нарықтағы тауарды сатудың ең шекті көлемі. Нарық әлуетін өлшеу әдістерін 6-тараудан қараңыз.

Нарықты алдын ала бағалау талдаудың келесі қадамы болып табылады. Тауарлардың соңғы жылдардағы өткізу көлемдері зерттеліп, олардың төмендеу себептері айқында-

лады. Мақсатты сегменттер, негізгі сатып алушылар сипатталып, олардың мінез-құлықтарындағы тенденциялар зерттеледі. Нарықтың бірнеше жыл ішінде өсу қарқыны мен көлемі заттай және құндық көрсеткіштерімен бейнеленіп, өнімнің нарықтағы жағдайы, бәсекелестер, макро және микроорта, сала жағдайы, оның шикізат базасы, өндірістік қуаттар, инвестициялық райы (климат) талданады.

Фирманың ағымдық жағдайын талдау сату көлемі, нарық үлесі, пайда, тиімділік және тағы басқа көрсеткіштер негізінде жүргізіледі.

2) Фирманың нарықтық мүмкіндіктері. Нарық мүмкіндіктерін айқындау үшін нарықты зерттеу жүргізіледі. Жағдайлық талдау негізінде пайда болған мәселелер мен мүмкіндіктер анықталады. Осындай мақсатпен SWOT талдау өткізіледі.

3) Мақсаттарды қалыптастыру. Мақсаттар басты және аралық болуы мүмкін. Олар сандық сипатталған, нақты, жасау мерзімі анықталған, қисынды болуы тиіс. Маркетинг жоспарында сату, нарық үлесі, пайда, маркетинг кешені бойынша мақсаттар көрсетілуі керек.

4) Маркетингтік стратегиялар. Маркетингтік стратегияларды жасау үшін нарықты сегменттеу, мақсатты нарықты айқындау керек. Оның негізінде басты сегменттердің, аймақтар, сала, тапсырыс көлемі принциптері бойынша тұтынушылар бейіні (профильдері) анықталады. Бәсекелестер және фирма тауарларының нарықтағы позициясы анықталып, нарықты қамту стратегиясы таңдалады. Тауарды нарықта жайғастыру картасы жасалады. Сегменттеу негізінде тауар, баға, өткізу және тауарды жылжыту стратегиялары әзірленеді. Негізгі бәсекелестердің стратегиялары анықталады.

5) Маркетинг бағдарламасы. Стратегиялық жоспарлар жүзеге асырылуы керек. Сондықтан ол маркетинг мақсатына жетуге мүмкіндік беретін, іс жүзінде жүзеге асыру бағдарламасы болып өзгертіледі. Бағдарлама маркетинг-микс элементтері бойынша құрылады. Оған тауар, баға, өткізу, жылжыту аумақтарындағы стратегиялық шешімдер енгізіледі. Маркетинг-микс шаралары бір-біріне сәйкес келіп, тиісінше бюджеті болуы керек.

Маркетинг-микстің негізгі элементі – өнім. Сондықтан тауар саясаты аумағында ассортиментке, ТӨЦ кезеңдеріне, сауда маркасына, тауар белгісіне, буып-түю, орауға, сапаға және бәсеке қабілеттілікке, сату алдындағы және одан кейінгі қызметке, патентті қорғауға қатысты шешімдер қабылдануы қажет. Тауарды сипаттап, оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін бағалаған дұрыс.

Келесі элемент – баға. Баға белгілеу өнімнің өзіндік құнын, бәсекелестер бағасын, сұранысты және шығынсыздық нүктесін талдау, сұраныстың бағаға икемділігін бағалау негізінде жүзеге асырылады. Баға белгілеудің әдістері мен стратегиялары таңдалып, төлем және несие шарттары белгіленеді.

Өткізу. Делдалдардың қаржылық мүмкіндіктері, жұмыс істеу тәжірибесі, өнім түрлері, аймақтар мен делдалдар бойынша заттай және құндық көрсеткіштері, сату көлемдері талданады. Сату мақсаттары мен стратегиялардың болжамдары жасалады. Сауда қызметкерлерінің міндеттері бөлініп, оларды оқыту шығындары жоспарланады.

Коммуникациялық бағдарлама бойынша (жарнама, PR, өткізуді ынталандыру, дербес сату, көрмелер) жарнама шараларының, PR, өткізуді ынталандыру, дербес сатудың жоспарлары жасалып, оларды жүзеге асыру шығындары анықталады. Бюджеті белгіленген жарнама, PR түрлерінің және құралдарының, өткізуді ынталандырудың шарттары мен түрлерінің тиімділері таңдалып, жүзеге асырылады.

Маркетинг бағдарламасы кесте ретінде әзірленеді, онда бағдарламаның жасалу мерзімі (ай, тоқсан) көрсетіліп, бөлінген қаражаттары айқындалады.

6) Табыс және шығындар бағаналары. Табыстар бағанында – болжанған сату көлемі және өнімнің орташа бағасы, шығындар бағанында – шығатын шығындар белгіленеді, осылардың негізінде жоспарланған пайда анықталады.

Маркетинг бюджетін жасау. Маркетинг жоспарын жүзеге асыру үшін оның бюджеті жасалады. Бюджет шығатын шығын мен табысты, түсетін пайданы көрсететін кесте түрінде болады. Табыс бөлігінде – көзделген сату көлемі, өнім бірлігінің орташа бағасы,

кірістер, ал шығын бөлігінде өзіндік құны және стратегиялық шығындар көрсетіледі. Табыстар мен шығындардың оң қалдығы (сальдосы) жоспарланған пайданы сипаттайды.

Кесте 1. Кең таралған маркетинг жоспары

Бөлімдері мен атауы	Беттер саны
1. Алғашқы бет. Фирма аты, құжат түрі, жасау мерзімі, жұмысқа жауаптылар	1
2. Кіріспе. Жоспар бөлімдерінің қысқаша сипаттамасы, негізгі көрсеткіштер	2-3
3. Ұйым мақсаттары, өнім бойынша мақсаттар	1-22
4. Жағдайлық талдау нәтижелері: нарық ортасы, сатып алушылар, бәсекелестер, нарықты шолу, сату көлемі	8-12
5. SWOT- талдау	2-5
6. Стратегиялар: негізгі мақсатты нарықтар, ерекше басымдылықтар, сауда маркасын нарықта жайғастыру	3-5
7. Болжаулар / күтілетін нәтижелер	1-2
8. Маркетингтік бағдарламалар: маркетинг-микс	8-12
9. Қаржы / бюджет	1-2
10. Қорытынды	1-2
11. Қосымшалар: SWOT талдау мәліметтері, бәсекелестер туралы ақпарат, талдау мәліметтері, маркетингтік зерттеулер нәтижелері, сілтемелер	20 және одан көп

Маркетинг бюджеті ережеге сәйкес, әрбір айға немесе тоқсанға арналып жасалады, оны жоғары басшылық бекітеді.

7) Соңғы бөлімде маркетинг жоспарын орындау жөніндегі шаралар көрсетіледі. Ай сайын қорытындылар жасалып, бақыланып отырады. Ауытқулардың себептері айқындалып, олардың алдын алу шаралары тізіледі. Осыны ескере отырып, маркетинг жоспарына түзетулер енгізіледі.

Жоғарыда аталған бөлімдер жазбаша маркетинг жоспарында көрсетіледі Кең таралған маркетинг жоспарларының бірін келтірейік

SWOT-талдауын кеңірек қарастырайық. SWOT-талдауының (ағылшын сөздерінің бастапқы әріптері: strengths – күшті жақтар, weaknesses – әлсіз жақтар, opportunities – мүмкіндіктер, threads – қауіптер) немесе TOWS - талдауының мақсаты – фирманың бәсекелестерінен қарағандағы күшті және әлсіз жақтарын, сонымен қатар оның қызметіне әсер ететін сыртқы факторларды анықтау. Бұл талдау компания жағдайын анықтап, мүмкіндіктерін арттыру үшін төнген қауіптер мен әлсіздіктерді азайтып, қандай бағытта жұмыс істеу керектігін анықтайды. SWOT - талдаудың қарапайым түрі сурет көрсетілген.

	Күшті жақтар	Әлсіз жақтар
Ішкі	Ішкі элементтер сатып алушыларға байланысты қарастырылады. Олар шектеліп, қысқартылуы керек	
	Мүмкіндіктер	Қауіптер
Сыртқы	Сыртқы элементтерге ортаның әр түрлі салаларына байланысты факторлар жатады: олар – заң, саясат, мемлекеттік реттеу, қоғам, экономика, технология	

Сурет 1. SWOT- талдаудың қарапайым түрі үлгісі

Жоспарлау тәжірибесінде талдауы толық жүргізілмеген жоспар немесе негізделмеген менеджерлердің субъективті ойлары жиі кездеседі. Барлық ұсыныстар стратегиялық

зерттеулердің объективті мәліметтері және фактілеріне негізделген болуы тиіс. Кей кезде компаниялар жалпы талдау жүргізеді, ал ондай жалпылама сипаттама нарықтағы нақты жағдайларды ашып көрсетпейді. Мұндай қателіктер болмау үшін мына ережелерді сақтау қажет:

1) SWOT- талдау фокусты түрде жүргізілуі керек, мысалы, жеке бір аймақ, нақты сегмент немесе өнім бойынша.

2) Фирманың күшті және әлсіз жақтарын олардың жағдайы мен қызметтерін бәсекелестермен салыстыру негізінде анықтау керек.

3) Ақпарат объективті, нақты және қысқаша болуы қажет. Екіұдай, керексіз мәліметтер болмауы тиіс.

4) Фирманың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін нақтылай анықтау қажет. Күшті және әлсіз жақтар – компанияның ішкі сипаттамаларына, мүмкіндіктер мен қауіптер – нарық ортасының сипаттамаларына байланысты, компания оны бақылай алмайды.

5) Фирманың күшті немесе әлсіз жақтарын тек тұтынушылар анықтайды, олар маңыздылығына байланысты тізбектеледі.

6) Талдау фирма мамандарының пікір алмасуы арқылы жасалса, объективті болады, сондықтан талдауды бір адамға жүктеуге болмайды.

Сатып алушының қабылдауына байланысты SWOT-талдаудың әрбір элементінің күшті және әлсіз жақтары болуы мүмкін. Фирманың күшті және әлсіз жақтарының тізімін құру кезінде қызметтің мынадай аумақтары қарастырылады:

1) Маркетинг (4Р, стратегиялық ақпарат, персонал, қызмет ету, сатып алушыларға қызмет көрсету);

2) Жаңа өнімдерді әзірлеу және инжиниринг;

3) Жедел қызмет (өндіріс, өткізу, маркетинг, мәмілелер);

4) Қызметкерлер (дистрибьюторлар, маркетинг мамандары, сатып алушыларға қызмет көрсету);

5) Менеджмент (басқару философиясы және басқару құрылымдары);

6) Компания ресурстары (адамдар және қаржылық).

Мүмкіндіктер мен қауіптер заң, саясат, қоғамдық күштер, экономикалық жағдай, технология, бәсекелестік сияқты макроорта элементтері бойынша қарастырылады.

Әр сегменттің күшті және әлсіз жақтары, қауіптілігі, мүмкіндіктері бойынша ең маңызды элементтері тізбектеліп, мәнділігі бойынша реттелуі тиіс. Талдау компания қызметіне әсер ететін маңызды элементтермен шектеліп сатып алушыға бағытталуы тиіс. Оның қорытындысын статистикамен, есеп берулермен, үкімет анықтамаларымен, делдалдардың мәліметтерімен, сатып алушының пікірімен нақтылау керек.

Стратегиялық мүмкіндіктерді тұтынушының қанағаттанбаған қажеттіліктері, бәсекелестердің әлсіз жақтары, жаңа технологиялар негізінде айқындайды. Әрбір мүмкіндікте бәсекелестің қайтарар әрекеті, сұраныстың төмендеуі секілді қауіптер бар.

GAP-талдау әдісінің мәні. Жоспарлау барысында белгілі бір мақсаттар қойылады, бірақ оларға жету әдістері берілмейді. Мақсаттар мен оларға жету жолдарын үйлестіру әдісі GAP-талдауы немесе стратегиялық бөліну (GAP – ағылшын тілінен аударғанда, қуыс немесе бөліну) деп аталады. Қандай стратегиялық бағыттар арқылы фирманың мақсатты өсуіне жетуді анықтау GAP-талдауының мәні болып табылады. Маркетингті жоспарлауда GAP-талдауын пайдаланудың мақсаты – белгілі бір нәтижеге жету жолдарын анықтау. Мысалы, кәсіпорын жоспарлы кезеңде сату көлемі бойынша мақсатты көрсеткіштерді көздейді. Қойылған мақсаттарға сәйкес шаралар құрамы белгіленеді (тауарды жаңғырту, сапаны жетілдіру, шегерімдер қолдану, бағаларды өзгерту, тұтынушыларды ынталандыру және тағы басқалар). Ең алдымен бұл шаралардың фирма қызметінің түпкілікті нәтижесіне қосатын үлесін бағалау қажет. Кәсіпорын өзінің мүмкіндіктерін ескере отырып, стратегиялық балама деп аталатын бірнеше әрекет түрлерін жоспарлауы мүмкін. Бұл баламаларды И. Ансоффтың тауар / нарық матрицасы немесе өндірісті сақтау, дамыту, қолдау немесе тарату стратегиялары ретінде қарастыруға болады.

А. Мески ұсынған 5х5 әдісі сыртқы ортаның неғұрлым маңызды элементтерін анықтауды талап етеді. Ол сыртқы ортаның 5 факторына қатысты 5 сұрақты қамтиды:

- Егер Сізде сыртқы орта факторлары жайлы ақпарат болса, онда аз дегенде солардың бесеуін атаңыз.
- Сыртқы ортаның қандай бес факторы Сіз үшін аса қауіпті?
- Бәсекелес теріңіздің жоспарларынан қандай бес фактор Сізге белгілі?
- Сіз анықтаған стратегиялық бағыттар бойынша мақсаттарға жету үшін қандай бес фактор аса маңызды болар еді?
- Компанияңыз үшін жағымды болуы мүмкін өзгерістерді қамтитын бес сыртқы кеңістікті атаңыз.

STEP (PEST)-талдауы макроортаның негізгі элементтерін талдау әдістемесі болып табылады. Мұндай талдау, әсіресе, корпоративтік деңгейде жоспарлауда аса маңызды. Дамыған сыртқы ортада STEP-талдау, дамушы сыртқы ортада PEST-талдау қолданылады. Бұл талдауда саяси, экономикалық, әлеуметтік және техникалық макроорта факторлары қарастырылады. Осы факторларға байланысты тенденциялар, олардың ықпал ету сипаты талданып, сол фактор бойынша іс-әрекет бағдарламасы дайындалады.

Кәсіпорын мақсаттарына жету үшін оның стратегиялық қызметі бақылануы керек. Стратегиялық бақылаудың үш негізгі типі бар:

1) Жылдық жоспардың орындалуын бақылау. Мұндай бақылауда нақты нәтижелер жылдық жоспармен салыстырылады, ауытқулар кездессе, түзетулер енгізіледі. Жылдық жоспардың орындалуын бақылау маркетинг шығындарын сатумен салыстыруды қажет етеді. Бұл бақылаудың мақсаты – сату мақсатына жету үшін жоспарланған деңгейден артық қаражат жұмсалды ма, жоқ па, соны анықтау. Сонымен бірге тұтынушы мінез-құлқын бақылау арқылы сапалы мәліметтер алуға болады. Осындай мақсаттарға орай, тұтынушылардың, делдалдардың мінез-құлқын бақылау жүйесі жасалып, керекті кезде шаралар қолданылады.

2) Пайдалылықты бақылау. Кәсіпорындар әр түрлі өнімдердің, сату аймақтарының, нарық сегменттері және тарату арналарының пайдалылығын анықтайтын зерттеулер жүргізеді.

3) Стратегиялық бақылау. Фирмалар белгілі бір уақыт аралығында жалпы стратегиялық шаралардың тиімділігін зерттеп тұруы қажет. Мұндай зерттеу жылдық жоспардың орындалуын және пайдалылықты бақылауға қарағанда кеңірек болып келеді.

Микро және макроортадағы өзгерістер фирманың стратегиялық мақсаттары, стратегиялары және жүзеге асыру бағдарламаларына түзету енгізуді талап етеді. Бұл бақылау түрі стратегиялық бақылау деп аталады. Ол аудит әдістерін пайдалану негізінде жүзеге асырылады. Маркетинг аудиті сыртқы ортаны, маркетинг мақсаттары мен стратегияларын, ұйымның және оның бөлімшелерінің маркетинг қызметі түрлерін жүйелі түрде, жанжақты тәуелсіз тексеру болып табылады.

Маркетинг аудитінің – өзіндік аудит, сәйкес аудит, жоғарыдағы ұйым немесе бөлімдер жағынан аудит, тәуелсіз аудиторлық фирмамен жүргізілетін аудит және сыртқы аудит сияқты түрлері бар.

Туристік қызметті таңдау кезінде тұтынушы оның өзі үшін маңызы бар ерекшеліктеріне ғана бағдарланады:

3 - бұл қызметтің сапасы мен пайдалылығын көрсететін параметрлер, өйткені оны таңдаудың маңызды шарты болып тұтынушы көңіл аударатын қасиеттері мен сипаттамаларының тура келуі табылады.

4 - бәсекелестік қабілетті анықтау үшін қызметтерді нақты қажетсінуге сәйкестік дәрежесі бойынша салыстыру ғана емес, сонымен қатар солармен байланысты тұтынушының шығынында ескерілуі маңызды болып табылады. Бұл кезде ескеретін нәрсе: сатып алынған зат тек міндетті шартты белгілейді, қажетсінуді қанағаттандырудың бастапқы пункті. Қосынды жұмсалған шығындар екі бөлімнен тұрады: бір жолғы (туристік қызметтің сатылу бағасы) және ағымдағы (жеткен орынындағы жұмсалатын шығындар – экскурсиялар, қосымша тамақтану, көлік, көңіл көтеру және т.б.), жалпы бұл жұмсалған

шығындардың жалпы сомасы тұтынушы үшін қажетсінуін қанағаттандыру бағасы ретінде алынады (тұтыну бағасы).

Жоғарыда айтылғандардан шыға отырып, келесідей қорытынды жасауға болады, бәсекелестік қабілеттілік туристік қызметтің кешенді көп аспектілі сипаттамасын көрсетеді, бұл қызметті нақты нарықта, анықталған кезеңде өткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін, қажетсінуге сәйкестігі бойынша, туристер жұмсаған шығын бойынша ұқсас өнімдермен салыстырғанда нарықтағы оның басымдылығын анықтайды.

Туристік қызметтің бәсекелестік қабілеттілігі сипатталады:

- сапа көрсеткіштерімен (қызметтің пайдалы тиімділігін анықтайды);
- экономикалық көрсеткіштермен (тұтынушының бағасын анықтайды).

Бәсекелестік қабілеттіліктің нақты (нарықтық) бағасы тұтынушыларға туристік қызметті сатып алу – сату процесінде берілетінін айқын білу керек. Дегенмен, маркетингпен басқару процесінде туристік қызметтің әулеттік, есептеме бәсекелестік қабілеттілігін бағалау маңыздылығы да кем емес. Осы соңғысы жаңа қызметтерді әзірлеу, қолданбалы қызметтерді жетілдіру қажеттігі туралы шешімдерді негіздеу, бағалық стратегия мен тактиканы қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

Мына бір жағдайды тағы белгілеп кету керек, яғни бәсекелік артықшылықты ұстап қалу әрбір бәсекелес кәсіпорын үшін ерекшелік көрсетуі мүмкін.

Сонымен бірге, бәсекеге қабілеттілігін көтеру үшін барлық талданған кәсіпорындар үшін жоғары қатардағы артықшылықтарға бағытталуын керек, яғни жаңа технологияларды, ноу-хауды, жаңа тауарлар мен қызметтерді, өзінің қызметтерін жоғарылатуын енгізу керек. Соның негізгі бір аса маңызды саласы болып кәсіпорынның бәсекелік артықшылығы болып тұрмыстық каналы мен бәсекелестердің сегменттері табылады. Маркетинг бойынша қызметтердің бар аршылын жетілдіру мақсатында пайда болған талаптарға ену үшін мүмкіндік көрсету, маркетингтік және қызметтік стратегияны өңдеу және бәсекелестерден бұрын оны енгізуді айқын көрсету керек. Бәсекелестер мен тұтынушылар туралы базаны құру керек, олар туралы ақпараттарды жүйелі жинай және талдай отырып маркетингтік стратегияны құруға мүмкіндік болады.

Бәсекелестерді оқып білу нарық бөлігі, «ой» бөлігі, «жүрек» бөлігі сияқты аса маңызды өзгерістердің дәрежесін талдауда талап етеді.

«Ой» бөлігі – мысалы белгілі бір нарықта қызмет ететін сол немесе басқа фирма туралы сұрағанда бірінші болып еске түсіретін тұтынушылар саны. Берілген көрсеткіш тұтынушылардың ой сезімінде фирманың қызмет көрсетуі сақталып қалғандығын көрсетеді.

«Жүрек» бөлігі – бұл тұтынушылардың қалауы мен қажеттіліктерін үкен дәрежеде қанағаттандыратын фирманың қызметін қалайтын тұтынушылар саны. Шетел фирмалары көбіне «жүрек» бөлігінің көлемін жарнамаға кеткен шығындармен өлшейді. Берілген көрсеткіштің жағдайы «ой» бөлігінің динамикасының өзгеруіне әкеліп соғады. Бұл көрсеткіштер стратегия мен маркетингтік саясатының дұрыс емес бағытталуын анықтауға мүмкіндік береді. Бұлардың өзгерісінің арасында өте күшті байланыс бар. «Ой» бөлігі мен «жүрек» бөлігінің төмендеуі нарық бөлігінің төмендеуіне әкеліп соғады және де керісінше.

Бәсекеге қабілеттілікті күшейту үшін күшті рычаг болып әдістерді іздеумен байланысты бәсекелік артықшылықты жеңу үшін бенчмаркетинг болып табылады, бұл ағылшын тілінен стандарт, бағыт, эталон деген мағынаны береді.

Оның мәні іздеумен бәсекелестерге қарағанда фирмаға тиімді жұмыс істеу үшін көмектесетін және бағыттаушы болатын оқып білу мен және кәсіпкерліктің аса күшті әдістерді қолданумен бекітіледі.Сонымен қатар, бенчмаркетинг – бұл бәсекеге қабілетті фирмалардың бизнес – үдерісін жетілдірудің өзіндік жағдайын іздеу, жеңу және үйрену әдісі. Бұл мәселемен жұмыс істейтін ғалымдар өте күшті болып табылатын фирманың қызметімен жұмысшы үдерісінің өзіндік тиімділігін салыстыру жүйелі үдерісі ретінде сипаттайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алтынбаев Б.А., Смыкова М.Р. Экономика и организация туризма. - Алматы, 2015.
2. Айгистова О.В., Забаев Ю.В., Сеселкин А.И. Введение в бизнес туроперейтинга. - М.: РМАТ, 2014.
3. Борисова Ю.Н. Маркетинг в туризме. – М.: РМАТ, 2011.
4. Браймер Р.А. Основы управления в индустрии гостеприимства. – М., 2005 .
5. Балабанов И.Т., Балабанов А.И. Экономика туризма. – М., 2014.
6. Гуляев В.Г. Туризм: экономическое и социальное развитие. - М., 2016.
7. Гузакова Е.П., Честникова В.В. Международный туристский бизнес. - М., 2017.
8. Гостиничный и туристический бизнес. /Под ред. Чудновского А.Д. – М., 2010.
9. Дуйсен Г.М. Основы формирования и развития индустрии туризма в Казахстане. - Алматы, 2015.
10. «Turist tur» турагенттігінің 2015–2017 жылдардағы бухгалтерлік балансы мен есебі.

УДК 338.48 (574)

ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІ САЛАСЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Ордабаева М.А., Ерлан Н.Е.

Авторлар туралы мәліметтер. Ордабаева Майнур Айтказиновна – С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті экономика және басқару кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы; Ерлан Назгерім Ерланқызы – С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті «Туризм» мамандығы студенті.

Аннотация. Мақалада емдік-сауықтыру туризмі саласы кәсіпорындарының қызметінде сапаны қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған. Курорттық мекемелерде сапаны жақсартуға арналған қызмет бағыттарының негізгілерін сипаттау мақсатымен сапаға әсер ететін факторлар анықталған. Осы факторларды есепке ала отырып, емдік-сауықтыру кәсіпорындарында қызмет көрсету сапасын жақсартуға арналған бірқатар шаралар өткізу ұсынылады.

Түйін сөздер. Туризм, емдік-сауықтыру туризмі, сапа.

Сведения об авторах. Ордабаева Майнур Айтказиновна – PhD, старший преподаватель ВКГУ им. С. Аманжолова; Ерлан Назгерім Ерланқызы – студент специальности «Туризм» ВКГУ им. С. Аманжолова

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы обеспечения качества услуг предприятии отрасли лечебно-оздоровительного туризма. Определены факторы, влияющие на качество услуг с целью улучшения на направлении деятельности курортных предприятии. С учетом этих факторов предложены мероприятия, направленные на обеспечение качества предоставляемых услуг лечебно-оздоровительных предприятий.

Ключевые слова. Туризм, лечебно-оздоровительный туризм, качество

About the authors. Ordabayeva Mainur – PhD, Senior Professor at EKSU named after S. Amanzholov. Yerlan Nazgerim - undergraduate student of major “Tourism” at EKSU named after S. Amanzholov.

Annotation. The article deals with the quality of services to the enterprise of the medical and health tourism industry. The factors affecting the quality of services in order to improve the direction of the resort company. Taking into account these factors, measures aimed at ensuring the quality of services provided by medical and health enterprises are proposed.

Keywords. Tourism, medical and health tourism, quality.

Сапаны басқару жүйесі деп сапаны жалпы басқаруға қажетті ұйымдық құрылымды, процедураларды, жауапкершіліктерді бөлу және үрдістер мен ресурстарды айтады. Басшылық сапа жүйесін қойылған мақсаттарға жету және белгілі бір саясатты жүргізу құра-

лы ретінде құрып, өңдеп, қолданысқа енгізуі тиіс. Курорттық мекемелерде сапаны жақсартуға арналған қызмет бағыттарының негізгілерін анықтап алу үшін сапаға әсер ететін факторларды көрсетейік [1].

Жоғарғы бөлім басшылығының қызығушылығы. Жұмысты жақсарту үрдісі жоғарғы бөлім басшылығынан басталады, олардың танытқан қызығушылығынан дамиды және басшылық жағынан қызығушылық жоғалса, шұғыл тоқтап қалады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, өнімнің төменгі сапасының 80% жағдайында бұған кәсіпорын басшылығы кінәлі, тек 20% ақаулық операторлардың үлесіне тиесілі.

Жалпылама қатысу. Сапаны басқару кәсіпорынның барлық жұмысшыларының міндеті болып келеді. Көрсетілетін қызметтердің шын мәнісіндегі сапасы оны басқару қызметімен емес, клиенттермен тікелей байланысатын бөлімшелермен анықталады. Сапаны қамтамасыз ету бөлімі жұмысты жақсарту үрдісін жалпылама басқаруды іске асырады.

Өнімнің тұтынушылар талабына сәйкестігі. Сапа, ең алдымен, белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты. Сапаны басқарудың осы тұстарына көңіл бөлу отандық тәжірибеде үлкен орын алады, себебі сапа ұзақ уақыт бойы техникалық көзқарас тұрғысынан, яғни техникалық тапсырмаларға, шарттарға және стандарттарға сәйкес келуі бойынша бағаланып келді. Қажеттіліктің түрі, тұтынушының бағасы тек қосымша рөлді атқаратын.

Өнімнің өткізілуімен айналысатын фирмаларға қызмет көрсету сапасы. СКМ басшылығының негізгі тұтынушылармен байланыстырушы буын болып келетін тиімді өткізу каналдарын қалыптастыру керектігін ұғынып және оған үлкен күш салып отыруы жағымды факторлардың бірі болып келеді. Маркетингтің дәл осы бөлімін басқару қиынға түседі. Әртүрлі жүйелерге жүргізілген талдаулар бойынша жуық арада кәсіпорындарға өз қызметтерінің шығындар бойынша тиімді және жақсы каналдар жүйесін қалыптастыру керектігін болжауға негіз береді, себебі бұл кәсіпорынға маңызды бәсекелестік артықшылық беретіні сөзсіз. Осыған байланысты біздің ұсынысымыз делдалдарға баға жағынан бақылау жүргізу жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Біздің ойымызша, өткізу каналдары мен делдалдар желісін құрғанда, бірінші орында, бүгінгі таңда емдік-сауықтыру кәсіпорындары үшін негізгі болып отырған және дамып келе жатқан аймақтарға көңіл бөлу қажет.

Еңбекті бағалау және ішкі маркетинг программаларын енгізу. Сауықтыру орындарының жұмысшыларын материалдық және моральдық жағынан ынталандырып отыру олардың өз міндеттерін сапалы түрде орындауға қажетті алғы шарт болып табылады.

Осы факторларды есепке ала отырып, курорттық сфералардағы кәсіпорындарда қызмет көрсету сапасын жақсартуға арналған бірқатар шаралар өткізу ұсынылады.

Ең алдымен, демалушыларға қызмет көрсету сапасын бақылайтын, орналастыру жұмыстары бойынша директордың орынбасарына құрылымды түрде бағынатын жұмысшыны тағайындап алу қажет

Сапаны бақылауға жауап беретін жұмысшының міндетті қызметтеріне келесі аталғандар кіреді:

- ұтынушыны ақаулы қызмет көрсетуден сақтау арқылы сауықтыру орынының репутациясын қорғау;

- қызмет көрсетуде пайда болған ақаулықтың пайда болу орынын, жиілігін және себебін, сонымен қатар мейрамхана қызметкерлері мен бөлімшелердің жұмыс істеу сапасы жайлы мағлұматтарды жұмысшылар мен администрацияға хабарлау;

- қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында үрдістер ұйымдастыру және оларды сараптау.

Бұл функцияларды қонақтармен тура кері байланыс арқылы іске асыруға болады. Бұл байланысты клиенттің қанағаттануы жайлы жүйе жұмысы туралы ақпараттарды келесі негізгі әдістерді қолдана отырып орындауға болады: бақылау; қонақтарға сауалнама арқылы пікір сұрау жүргізу; сауықтыру орынының және оның жеке бөлімшелерінің қаржы көрсеткіштерін талдау; байланыстырушы персоналдан ақпарат алып отыру; клиенттердің шағымдары мен тілектерін қарастыру.

Сапаны қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардан басқа, айына бір реттен кем емес жиілікте төрағасы директор болып табылатын «Қызмет көрсетудің сапасын қамтамасыз ету кеңесі» деп аталатын кеңес өткізіп тұру мақсатқа лайықты болады.

Әрбір бөлімшеде осы бөлімшенің қызметін мейлінше жетілдіріп отыратын топтар қалыптастырған дұрыс. Бұл топтардың жұмысы бөлімшенің жұмысының тиімділігін және сапасының деңгейін жоғарылатуға барлық жұмыс шылға мүмкіндік туғызатын әдісті ойлап табу және бағытын анықтау болып табылады. Кәсіпорынның қатардағы жұмысшыларын жұмысты жақсарту үрдісіне тартудың ықпалды формалары ретінде өз ұсыныстарын айту, сонымен қатар сапа үйірмелері де болуы мүмкін [2].

Сапаны басқаруға тік және көлденең үрдістер кіретін болғандықтан, оны басқару функциялары екі топқа бөлінуі керек.

Бірінші топқа келесі функцияларды кіргізу қажет:

- сыртқы ортамен әрекеттестік, бірінші орында – емдік-сауықтыру орындары клиенттерімен;
- стратегиялық және тактикалық сипаттағы шешімдерді қабылдау;
- сапа аумағындағы саясат пен мақсаттарды анықтау;
- сапаны жоспарлау,
- сапа жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру – сапа жүйесін құру немесе оны жақсарту, материалды ресурстармен қамтамасыз ету, қажетті жұмыс ортасы мен инфрақұрылымды құру;
- персоналды басқару.

Бұл функциялар сапаны жалпы басқаруға қатысты және «сапаның тік тұзағын» құрайды. Олар кәсіпорында өндірістік үрдісті ұйымдастырады және оған керекті параметрлерді беріп отырады.

Екінші топқа орналастырудың арнайы құралдары қызметтерінің сапасын оперативті басқаруға жататын функциялар кіреді және «сапаның көлденең тұзағын» құрайды:

- өндірістік үрдістегі сапаны бақылау;
- сапаның ақпараттық қамтамасыздандыруы;
- сапаны жоғарылату бағытындағы іс-шараларды өңдеу, сондай-ақ – ақауларды жою, алдын алу және сақтандыру;
- өңделген шаралар бойынша оперативті шешімдер қабылдау;
- өндірістік үрдісті басқаруда шаралардың іске асырылуы.

Сапаны тұрақты түрде жақсартып отыруға демалыс саласындағы тұтынушылардың талаптары мен бәсекелестердің жетістіктері жайлы ақпараттар түрткі болады, сапаны басқарудың барлық функцияларын орындаумен қамсыздандырылады, соның ішінде – әрбір басқару айналымының соңында сапаны көтеруге арналған шараларды енгізу және өңдеумен [3].

Сапа жүйесінің элементтерін бөлу дегеніміз өзара логикалық байланыстағы басқару функцияларын жүйелі түрде бөлу:

- сыртқы ортамен өзара байланыста болу, алдымен – аймақтағы курорттық сала қызметін тұшытушылармен;
- тік тұзақ бойынша сапаны басқару үрдісі барысында кәсіпорын басшылығының стратегиялық және тактикалық шешімдерді қабылдауы;
- көрсетілетін қызметтің сапасы аумағындағы саясат пен мақсаттарды анықтау;
- демалыс саласындағы көрсетілетін қызметтер сапасын жоспарлау;
- сапа төңірегінде жұмыстар ұйымдастыру, соның ішінде – сапа жүйесін өңдеу, қажетті материалды-техникалық ресурстармен жабдықталған инфрақұрылымды және жұмыс ортасын құру;
- персоналды басқару, соның ішінде персоналды оқытып үйрету;
- өндірістік үрдістің барлық сатысында сапаны бақылау;
- сапаның ақпараттық қамтамасыздандыруы;
- ұсынылатын қонақ үй қызметтерінің сапасын жақсарту немесе ұстап тұруға бағытталған түзететін, ескертетін және профилактикалық шаралар өткізу;

- көлденең тұзақ бойынша басқару үрдісіндегі өңделген шаралар бойынша кәсіпорын басшылығының оперативті шешім қабылдауы;

- өндірістік үрдістегі қабылданған шаралардың іске асырылуы, мұнда тік және көлденең тұзақтардың өзара байланысы қамтамасыз етіледі;

- қонақ үйлердегі сапаны басқару программаларын іске асыра алатын мамандарды дайындау [4].

Басқарудың функцияларына сәйкес курорттық кешен кәсіпорындарында сапаны басқару моделі келесі негізгі әрекеттер бағытын біріктіреді:

1) сапа аумағындағы саясатты қалыптастыру;
2) сапа жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
3) басшылықтың сапа жүйесінің жұмысын анализдеуі;
4) сапа жүйесінің құжаттық рәсімделуі;
5) тұтынушымен өзара байланыс;
6) документация өңдеу және енгізу;
7) үрдістерді басқару;
8) курорттық қызметтің сапасын бақылау және бағалау;
9) қызметтердің сапасының тұтынушы талабына сәйкестігін анализдеу;
10) түзеткіш әсерлердің іске асуы;
11) мамандар дайындау;
12) статистикалық әдістерді қолдану.

Курорттық кәсіпорындардағы сапа моделін өңдеу барысында аймақтың табиғи және рекреациялық ресурстардың сапасының параметрлерін кәсіпорынның тұрақты және орындықты компоненттерінің бірі ретінде ескеру қажет [5].

Енді курорттық қызметтердің сапасын басқару моделін санаторлық өнімнің сапасы облысындағы мәселелерді шешу үшін жоспарлайық.

Курорттық қызметтердің сапасын басқару моделінің болуы емдік-сауықтыру кәсіпорындарында материалдық өндіріс саласында дайындалған сапа менеджментінің құралдарын толық көлемде қолдануға мүмкіндік береді, олар:

- көрсетілетін қызметтің бәсекеге қабілеттілігін бағалауға және талдауға;

- жаңа қызметтерді жобалау кезеңінде санаторлық-курорттық қызметтердің сапасын болжау;

- курорттық қызметтердің сапасына статистикалық бақылау жүргізу және соның негізінде сәйкессіздіктің көздерін айқындау.

Жоғарыда аталғандар санаторлық-курорттық қызмет сапасын басқару моделінің бірінші және «құралдық» рөлі болып табылады.

Сапа моделіне сүйене отырып, санаторлық-курорттық қызметтердің сапасын басқару мәселелерін шешуге конструктивті түрде келуге болады, себебі адекваттық деңгейін жуықтап есептеуге, оны өсіру жолдарын көрсетуге, сапа саясатын дұрыс тұрғызуға мүмкіндік туады. Бұл санаторлық - курорттық қызмет сапасын басқару моделінің екінші – «саясаттық» рөлі болып табылады.

Санаторлық-курорттық қызметтер сапасын басқару моделін құрудың бастауы моделді таңдау болып табылады, себебі бұл арқылы қызмет көрсетудің базалық элементтер тізімі құрастырылады.

Моделді таңдау стратегиялық мәселелерді шешуде ұзақ уақыттық басымдықты береді. Ол шешімдерді қабылдау үшін үш негізгі жағдайды анықтап алу керек.

Бірінші: емдік-сауықтыру кәсіпорынында моделдік тәсілді өңдеудің қажеттілігі.

Бұл сұрақтың жауабы маркетингтік зерттеулердің нәтижелеріне сүйенуі керек. Мысалға, кәсіпорынға дәл қазір де, жақын болашақта да конкуренттер де, клиенттермен қиыншылықтар да қауіп төндірмейтіні белгілі. Бірақ бұған қарамастан, санаторий басшылығы жоғары мақсаттар қоймайтын болса, және де корпоративтік мәдениеттің деңгейі жоғары дәрежеде болмаса, онда сапа менеджментінің көкжиегі тек мемлекеттік стандартта жазылған міндетті талаптарды қамтамасыз ете алу деңгейіне дейін қысқарады.

Екінші: кәсіпорынның сапа мәселелерін анықтау.

Санаторлық-курорттық қызметтердің сапасын басқарудың жұмыс моделін таңдауды негіздеу мақсатында сапа функциясын құрылымдау қажеттілігі тууы мүмкін.

Үшінші: моделді таңдауды және соның негізінде сапа менеджментінің жүйесін тұрғызатын орындаушыларды анықтау.

Егер олар санаторий штатының мамандары болса, онда санаторлық-курорттық қызметтер сапасын басқару моделін таңдау критерийі олардың сапа менеджменті облысындағы білімдерінің деңгейі, сондай-ақ жүйелік талдау, математикалық статистикаға сүйенеді. Егер олар басқа жақтан жалданған мамандар болса, онда санаторлық-курорттық қызмет сапасын басқару моделін таңдау критерийі болып, жұмыс үшін сұралатын бағаның қол жетімділігі табылады.

Осы мәселелерді анықтағаннан кейін сапаны басқару моделі өңделіп, қабылданады. Қызмет көрсетудің базалық элементтерінің тізімінің толықтығы және оның түзулігі – бұл сапа менеджментінің тиімділігінің кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Михеева Е.Н., Сероштан М.В. Управление качеством. – М., 2009.
2. Джуран Дж. Качество в истории цивилизации. Эволюция, тенденция и перспективы управления качеством. - М.: РИА «Стандарты и качество», 2004.
3. Мендебаев Т.М., Габдуллина А.З., Альпеисов А.Т. Сапаны басқару. – Алматы, 2013.
4. Қаржаубаев К.Е. Стандарттау, сертификаттау және сапаны басқару. - Алматы, 2011.
5. Котлер Ф., Келлер К.Л. Маркетинг менеджмент. – СПб., 2007.

УДК 379.85

МЕЙРАМХАНА БИЗНЕСІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ИМИДЖДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Койшинова Г.К., Сакенов Б.

Авторлар туралы мәліметтер. Койшинова Гайний Касымовна - экономика ғылымдарының кандидаты, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ экономика және басқару кафедрасының доценты. Сакенов Биржан - С. Аманжолов ат. ШҚМУ-дың «Туризм» мамандығының студенті.

Аннотация. Маркетингтік зерттеулер жүргізіліп болған соң келесі кезеңде мейрамхана профилі анықталуы қажет. Мейрамхана профилі оның әлеуетті тұтынушылары жөнінде ойлай отырып жасалуы қажет. Көп жағдайда керісінше болады: біреуге қандайда бір профильмен мейрамхана ашу туралы ой келеді, жақын арада ол жаңа мейрамхананың өмір сүру қабілеттігін қамтамасыз ету үшін келушілер жеткіліксіз болады. Егер мейрамханалық бизнесте табыс формуласы бар болса, онда ол келесідей болғаны: жаңа тұжырымдаманы ойлап тауып, оны жүзеге асыру, және де ол тұжырымдама белгілі бір нарыққа идеалды түрде сәйкес келмесе де, бәсекелес – мейрамханалар негіздеген тұжырымдамалардан артық болуы тиіс. Әрбір мейрамхананың профилі оның тұжырымдамасымен анықталады, ал тұжырымдама оның имиджін анықтайды.

Түйін сөздер. Мейрамхана қалыптастыратын атмосфера, мейрамхана нарығы, бәсекелес мейрамханалар, мейрамхана профилі, кредо, аспаздық өнімдер.

Сведения об авторах. Койшинова Гайний Касымовна – кандидат экономических наук, доцент ВКГУ им. С. Аманжолова; Сакенов Биржан – студент специальности «Туризм» ВКГУ им. С. Аманжолова.

Аннотация. На следующем этапе после маркетинговых исследований ресторана, необходимо определять его профиль. Необходимо образовывать профиль ресторана учитывая особенности потенциальных потребителей. В большинстве случаев получается наоборот: кому-то приходит мысль открыть ресторан с каким-либо профилем, в результате будет недостаточно новых посетителей ресторана для обеспечения жизнедеятельности ресторана, если в гостиничном бизнесе присутствует формула успеха. В статье раскрывается данная формула. Концепция профиля определяет имидж гостиницы.

Ключевые слова. Восстанавливающая атмосфера ресторана, ресторан, рынок, конкури-

рующие рестораны, профиль, рестораны, кредо, кулинарные изделия.

About the authors. Koishinova Gainii - candidate of Economic Science, Associate Professor at the Economics and Management Department of EKSU named after S. Amanzholov. Sakenov Birzhan - undergraduate student of «Tourism» of EKSU named after S. Amanzholov.

Annotation. At the next stage after the marketing research of the restaurant, it is necessary to determine its profile. It is necessary to form a restaurant profile taking into account the features of potential consumers. In most cases, it turns out the opposite: someone has the idea to open a restaurant with a profile, as a result there will not be enough new visitors to the restaurant to ensure the life of the restaurant. If in the hotel business there is a formula for success. The article breaks this formula. The concept of the profile determines the image of the hotel.

Keywords. The restorative atmosphere of the restaurant, restaurant, market, competing restaurants, profile, restaurants, creeds, culinary products.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейін тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын, Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны, туризмді маңызды әлеуметтік-экономикалық бағыттардың бірі ретінде дамыту бөлігінде бәсекеге қабілеттілігі мен тартымдылығын көтеру үшін Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын іске асыру мақсатында әзірленді.

Тұжырымдама халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасы туристік саласының қазіргі жай-күйіне кешенді талдау жасау негізінде әзірленді және туризмді дамытудың стратегиялық пайымын, республиканың туристік саласын 2020 жылға дейінгі дамытудың негізгі қағидаттарын қамтиды, осы саладағы мемлекеттік саясатты іске асырудың мақсаттарын, міндеттерін және кезеңдерін айқындайды.

2020 жылға дейін инвестицияларға қажеттілік шамамен 9 785, 3 млн. АҚШ долларын, оның ішінде мемлекеттік бюджеттен 4 367,7 АҚШ долларын құрайды. Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін нақты қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 1048 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2015–2020 жылдарға арналған бағдарламаны әзірлеу сатысында мемлекеттік бюджет мүмкіндіктеріне қарай айқындалады. Тиісінше нысаналы индикаторлар түзетілетін болады.

Жүргізілген талдау нәтижесінде туристік нарықты дамытудың ұзақ мерзімді үрдістері, туризм түрлері, туристерді қабылдауға әзірлік және туристік тартымдылық деңгейі бойынша бөле отырып, негізгі туристік кластерлер, өнімдер мен объектілері айқындалды.

Тұжырымдама инфрақұрылым құру және жетілдіру, туристік бағыт ретінде оның тартымдылығын жоғарылату үшін Қазақстанның тартымдылығын арттыру үшін оның имиджін қалыптастыру жолымен туризм индустриясын тұрақты дамытуға бағытталған.

Тұжырымдама шеңберінде әзірленген Қазақстан Республикасының туризмін, Ақмола облысының Бурабай курорттық аймағын, Алматы қаласы маңындағы тау шаңғысы аймағын, Кендірлі демалыс аймағын дамытудың жүйелі жоспарларына, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамытудың кластерлік бағдарламасының мастер–жоспарына сәйкес ұлттық деңгейде іске асыруға ұсынылатын ірі жобалар тізбесі қалыптасты.

Сондай-ақ, халықаралық тәжірибе мен сала қажеттіліктері негізінде мемлекеттік реттеу мен ұлттық туристік өнімді ілгерілетудің тұжырымдамалық үлгісі айқындалды.

Сырттан келушілер туризмін дамыту үшін елдің тартымдылық деңгейін арттыру, инвесторларды тарту және туризм саласындағы ұлттық статистика жүйесін жақсарту, сондай-ақ, республиканың туристік өңірлеріндегі инфрақұрылымды дамыту жөніндегі

шаралар әзірленді.Мейрамхананың сәтті жұмыс істеуі көптеген факторларға байланысты. Кез келген басқа күрделі жүйе тәрізді мейрамхана да оны ұйымдастырушының ниетінен басталып, оның қызмет етуіне бақылау жасаумен аяқталады. Ниет пен бақылау – жүйенің сәтті қызмет етуіне ықпал болатын жалғыз факторлар емес. Мейрамхананың тиімді функционалдарын қамтамасыз ету үшін келесідей факторларға назар аудару қажет: Кредо, мақсаттар мен міндеттер; Нарық; Тұжырымдама мен профиль; Орналасу орны; Ас мәзірі; Атмосфера; Аренда соммасы; Басқа шығындар.

Кез келген кәсіпорынның жүрегінде оның иесі мен директорының тәжірибелік философиясы жатыр. Тәжірибелік философия – сол компанияға тән бизнес жүргізудің жалпы жолдары. Сол жолдар арқылы компания ұстанатын этикалық және моральдық құндылықтар айқындалады. Көптеген компаниялар өздерінің ресми кредосын, яғни басшылық іске асыруға тырысатын басты идеялардың формальды мазмұндамасын жариялайды. Басқаша айтқанда, кредо – ол кәсіпорынның құрылу мақсаты. Және де кәсіпорынды басқа кәсіпорыннан айрықшалай тын да осы кредо болып табылады.

Мейрамхана нарығын оның қызметтерін пайдаланатын адамдар қалыптастырады. Мейрамхананы ашпас бұрын оның болашақ иесі белгілі нарықтық үлесте қандай да бір өнімге, мысалға итальян кухнясына жеткілікті сұраныстың бар жоғын анықтау үшін нарық анализін өткізуі қажет. Үлес – белгілі бір нарықтың ерекше көлемін білдіретін маркетинг термині.

Маркетингтік зерттеулер жүргізіліп болған соң келесі кезеңде мейрамхана профилі анықталуы қажет. Мейрамхана профилі оның әлеуетті тұтынушылары жөнінде ойлай отырып жасалуы қажет. Көп жағдайда керісінше болады: біреуге қандайда бір профильмен мейрамхана ашу туралы ой келеді, жақын арада ол жаңа мейрамхананың өмір сүру қабілеттігін қамтамасыз ету үшін келушілер жеткіліксіз болады. Егер мейрамханалық бизнесте табыс формуласы бар болса, онда ол келесідей болғаны: жаңа тұжырымдаманы ойлап тауып, оны жүзеге асыру, және де ол тұжырымдама белгілі бір нарыққа идеалды түрде сәйкес келмесе де, бәсекелес - мейрамханалар негіздеген тұжырымдамалардан артық болуы тиіс. Әрбір мейрамхананың профилі оның тұжырымдамасымен анықталады, ал тұжырымдама оның имиджін анықтайды. Профиль келесідей болуы мүмкін: күнделікті, ресми, балаларға арналған, тек үлкендерге арналған мейрамхана, этникалық және т.б. Тұжырымдама жергілікті жерге сәйкес келіп, сол нарыққа бағытталуы қажет. Сыртқы көркемдеу мен меню ерекшеліктері тұжырымдамаға сүйенсе, тұжырымдама нарыққа бағытталады. Осылайша, нарық, меню және көркемдеу өзара үйлеседі. Мысалға, «Дастархан» жүйесі мейрамханаларының ішіндегі мейрамхана - мұражай «Жеруйық» тұжырымдамасы. Мейрамхана профилі – ұлттық, стильді. «Жеруйық» концепциясы негізінен Алматыға сапар шегіп келген, қазақ халқының ерекшеліктерімен танысқысы келетін шет ел азаматтарына, сондай-ақ ұлттық атмосферада болғысы келетіндерге бағытталған. Сәтті тұжырымдама, сөзсіз, табыстың басты компоненті болып табылады.

Мейрамхана тұжырымдамасы мейрамхана орналасқан орынға және орналасу орны оның тұжырымдамасына сәйкес келуі қажет. Мейрамхананың орналасу орны оған келушілерге, яғни ұйғарымды нарыққа ұнауы керек. Әрине басқа факторлар да (тағам сапасы, ас мәзірі, қызмет көрсету, баға, атмосфера, менеджмент) өте маңызды (1-сурет) [1].

Сурет 1. Тұжырымдама және нарық

Мейрамхана орнын таңдағанда ескерілетін басты критерийлер:

• демография – қанша адам ықшам ауданда тұрады;

• сол адамдардың орташа табыс деңгейі;

• сол ықшам ауданы даму кезеңінде ме, әлде құлдырау үстінде ме; мейрамхана қандай шеңберде орналасқан; канализация; дренаж, дәретхана жағдайлары қандай;

• ыңғайлылық – адамдарға мейрамханаға жету қиын ба;

• көзге түсуі – жолаушылардың көзіне мейрамхана бірден түсе ма;

• автокөліктерге арналған тұрақ – меншікті тұрақтың болуы қажетті ма. Егер қажетті болса, қанша орынға және ол қанша тұрады;

• көріктілік – мейрамхана қасынан жүріп өткен автомобильшілерге мейрамхана қаншалықты қонақжай болып көрінеді;

• орналасу орны – көрші үйлер қаншалықты тартымды болып көрінеді.

Рестораторлардың көзқарасы бойынша келесідей орындар перспективті болып саналады:

• мейрамхана жалғыз бөлек тұрса;

• мейрамханалардың шоғырлануы немесе мейрамханалық қатар;

• сауда үйінің ішінде;

• қала орталығы;

• қала маңындағы бай аудан.

Мейрамхана қалыптастыратын атмосфера қонақтарына саналы және ой түкпірлі (подсознательный) деңгейде бірден әсер етеді. Сезілетін эффект мейрамхананы таңдау процесіне әсер етеді: тым шулы? Үстелдер бір-біріне жақын орналасқан ба? Зал тым үлкен бе? Әлде зал іші тығыз ба? Ой түкпірлі эффект сезімтал құралдармен қалыптасады: жарықтандыру, жиһаз түрі және дастархан бояуы, музыка.

Мейрамханаға келушілер санын арттыру үшін олардың контингентін, мінез-құлық манераларын, сыртқы түрін қалыптастыратын қажетті атмосфераны құру өте маңызды. Қалыптасқан атмосфера – мінез-құлық стилін анықтайтын жазылмаған ереже деуге болады. Кеше ғана салондық мейрамханада элегантты киініп отырған адамдар келесі күні отбасылық мейрамханаға джинсымен келіп, өзін жеңіл ұстауы әбден мүмкін. Бұл саладағы мүмкіндіктер шексіз. Атмосфера болуы мүмкін: салтанатты; мерекелік; іскерлік; ли-

рикалық; әзіл-сықақтық; анархиялық; эротикалық; үй атмосферасы және т.б.

Мейрамхана қонақтары көп көңілді интерьер дизайнына бөледі. Интерьер бойынша мамандар соған байланысты тіпті атмосфера дейтін термин ойлап тапты. 1970 жылдары мейрамханалардың көркемделуі қарапайым болатын, ал енді атмосферасыз бір де бір тұжырымдама жасалмайды. Атмосферика мейрамханаға келушінің сенсорикасына бірден әсер етеді.

Музыкалдық немесе шоу-бағдарлама залда қажетті атмосфераны қалыптастырып, қонақтардың сезіміне, эмоциясына әсер етеді, сергітеді, қуаныш, күлкі, естелікті шақырады, бір сөзбен айтқанда белгілі бір көңіл-күйді қалыптастырады. Көптеген музыкалдық және шоу-бағдарламалардың ішінен келесілерді атап өтуге болады: варьете; мюзик-холл; концерт; тематикалық кеш; орындаушымен (ансамбльмен) кездесу; шығармашылық есеп; байқау; сән көрінісі; романс кеші; караоке.

Жоғары сапалы тамақтандыру өнімдерінің өндірісін жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру – оңай кәсіп емес. Әдетте оған мейрамхана менеджері мен бас аспаз жауапты болады. Басты өндірістік бағытқа жауапты бас аспаздың бұйрықтары қалай орындалатынын менеджер тексереді. Құрал-жабдықтар мейрамхана ас мәзіріндегі тағамдарды әзірлеу ыңғайлы болатындай ас даярлау бөлмесі кеңістігінде орналасуы қажет. Мейрамханалардың көпшілігінде ас бөлменің жобасы мен дизайны ұқсас болады:

- ішкі жұмыс орындары;
- стационарлы мұздатқыштар;
- мұздатқыш камера;
- құрғақ азық-түліктерге арналған қойма;
- дайындаушы цех;
- өндірістік конвейер;
- диспетчер;
- десерттер дайындау орыны;
- тарату бөлімі.

Өндірістік конвейер – ас бөлмедегі негізгі орын. Ол келесі орындарды қамтиды: ашық отта, табада қуыру, соустарды, салаттарды, пиццаларды әзірлеу, тарату бөлімі – бұлар жұмыс бөлме секцияларының ең негізгілері. Ас бөлме мен құрал-жабдықтың көлемі болжанатын өткізу көлеміне сәйкес болады.

Мейрамханалық бизнесте табыстың ең маңызды ингредиенті, ол сірә, ас мәзірі. Ол мейрамхананың жалпы тұжырымдамасымен үйлестірілуі қажет. Ал тұжырымдама қонақтардың талап-тілектеріне негізделсе, ас мәзірі де олардың күткен үмітін қанағаттандырып қана қоймай, одан асып түсуі қажет. Ас мәзірі – бұл сату құралы, аспаздық идеялардың каталогы немесе қонақтарға тағам мен сусындарды ұсыну тәсілі. Ас мәзірін жоспарлау – мейрамханаға қандай қонақтар келетінін болжау, ассортимент пен бағаларды анықтау. Ас мәзірінде мейрамхана жайлы барлық негізгі мәліметтер болуы қажет: аты және логотип, мекен-жайы, телефон номері, жұмыс істеу уақыты, демалыс күні, қабылданатын кредиттік карточкаларының түрі, банкеттерді өткізу бойынша арнайы қызмет көрсету туралы ұсыныстар. «Ас мәзірі» термині «menu» дейтін француз сөзінен туындайды және таңертеңгілік, түскі, кешкі асқа арналған тағамдар мен сусындардың кестесін білдіреді. Келесідей ас мәзірі түрлерін ажыратады:

1. a la carte (а ля карт) ас мәзірі - әрбіреуіне жеке бағасы бар порциондық тағамды көрсетеді. Мұндай ас мәзірін көбіне қымбат мейрамханаларда кездестіруге болады.

2.table d’ hote (табль дот) ас мәзірі – бір текті кешенді бағасы бар ас мәзірі. Бағаға салаттан бастап десертке дейінгі тағамдар кіреді. Мұндай ас мәзірі түрі көбіне қонақ үй мейрамханаларында және Еуропада қолданылады. Оның артықшылығы – қонақтар оны экономды деп есептейді.

3. du jour (дю жур) ас мәзірі дежурлық, яғни түскі тағамдар, сонымен қатар арзан, тез әзірленетін тағамдар көрсетіледі.

4. Туристік ас мәзірі – тағамның арзандығы мен сапасына екпін жасай отырып, туристің назарын аудару үшін құрастырылады.

5. Циклдық ас мәзірі – қандай да бір кезең аралығынан кейін қайталанып отырады.

6. Статикалық ас мәзірі – алдын-ала ұзақ уақыт кезеңіне анықталған ас мәзірі.

Дұрыс құрастырылған ас мәзірі шешетін міндеттер ас мәзірінің мәнін ашатын келесі бес тезисте анықталуы мүмкін:

- қарым-қатынасты орнатуға, маркетингті жүргізуге және бағаларды бақылауға арналған тиімді құрал;
- клиенттің талап-тілектер және кез келген тамақтандыру кәсіпорынның мүмкіндіктер индикаторы;
- табыс деңгейін бақылау және қаржылық мәселелерді шешу құралы;
- еңбек үрдісін ұйымдастыру құралы;
- кәсіпорынның болашақ қаржылық айналымының нақты индикаторы.

Ас мәзірін құрастыру өте қиын іс болып саналады, себебі мейрамханалық бизнесте көптеген факторларды ескеру қажет:

• қонақтардың талғамы мен тілектері;
• аспаздар квалификациясы;
• қолда бар құрал-жабдық пен қуаттылық;
• баға және бағалық стратегия (өзіндік құн мен табыстылық);
• нәрлі құндылық;
• жалпы пайда;
• тұжырым дәлдігі;
• ас мәзірінің сапалы анализі;
• ас мәзірінің сыртқы көркемделуі.

Сонымен, ас мәзірі – мейрамханалық кәсіптің сәттілік элементінің ең маңыздысы.

Қазіргі таңда адамдар мейрамханаларда тапсырыс жасағанда, көбіне жақсы қызмет көрсетуді қалайды. Күнделікті дамып келе жатқан бәсекеге байланысты нашар қызмет көрсету өткен шақта қалуда. Мейрамханалар сервиске көп көңіл аударатыны жаңа қызметкерлерді мейрамханалық этикет негіздерін үйретуге бөлінетін уақытты көбейткенімен айқындалады. Мысалы Splendido (Сан-Франциско) мейрамханасында бұл уақыт 40 сағаттан 100 сағатқа дейін көбейген.

Даяшылар тапсырысты қабылдап қана қоймайды, оларды өзінің тауарын толық білетін, мейрамханалық қызметті сатушы деуге болады. Ас мәзірдің қыр-сырын білмейтін даяшы өзінің бизнесіне кері әсерін тигізеді.

Күтілетін қонақтардың контингентіне, тамақтандыру кәсіпорынның категориясы мен жабдықталуына байланысты сервистің әр түрлі түрлері қолданылады. Кеңінен таралған сервис түрлері:

• француз әдісі бойынша;
• орыс әдісі бойынша;
• американ әдісі бойынша.

Француз әдісі бойынша қызмет көрсету жоғары аспазды мейрамханаларда кездеседі, бұл қызмет көрсету түрі атмосфераның элеганттығын айқындайды. Тағам үлкен тәрелкеге салынып қонақтарға көрсетіледі. Бұл әрекеттің мәні адамға тәбетті шақыратын визуалды қабылдау қабілеті ескеріледі. Сол жақтан келіп даяшы үлкен тәрелкедегі тағамды қонақтардың жеке тәрелкелеріне салады. Француз әдісі бойынша қызмет көрсету аса көңілден шығатын әрі ең қымбат мейрамханалық қызмет көрсету түрі болып табылады. Мұндай сервис түрі үшін қызмет көрсетуші персоналдың толық бригадасы қажет, құрамында:

- maitre d'hotel – мейрамхана менеджері;
- chef de rang – шамамен төрт үстелге жауапты болатын бас даяшы. Ол қонақтарды қарсы алып, ас мәзірі бойынша түсіндірмелер беріп, тапсырыс қабылдайды, қызмет көрсетудің оперативтігін қадағалап, қонақтардың тәрелкесіне тағамды өзі салып береді, етті турайды, салаттарды араластырады және т.с.с.;
- demi chef de rang – бас даяшының көмекшісі, сусындарға тапсырысты қабылдап, тағамдарды тартады;

- commis de rang – суды, нанды, майды, сонымен қатар ол ас бөлмеге тапсырыстарды беріп, ол жақтан үстінде тағамы бар арбаларды әкеліп, үстел үстін жинайды.

Орыс әдісі бойынша қызмет көрсеткенде тағам толығымен ас бөлмеде әзірленеді, ет порцияларға бөлініп үлкен тәрелкеге салынады, басқа гарнирлер де дәл солай салынады. Мұндай түрде тағам қонақтар отырған үстелге тартылып, үлкен қасық пен айырдың көмегімен әрбір қонаққа оның жеке тәрелкесіне ет пен гарнир порциясы салынады. Мұндай сервис түрі банкет кезінде ыңғайлы. Ол жағдайда даяшылар әдетте ақ қолқап киеді.

Американ әдісімен қызмет көрсету – бұл орыс әдісінің жеңілдетілген түрі. Тағам тікелей ас бөлмеде әзірленіп жеке тәрелкеге салынады да қонақтарға тартылады. Бұл қызмет көрсету әдісі өзінің оперативтілігіне байланысты кеңінен танымал: тапсырыс тез әзірленеді және тағам ыстық қалпында қонаққа тартылады.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, мейрамханалар тек қонақтарды дәмді тамақтандырып қана қоймай, олардың мейрамханада демалуын ұйымдастыруға көп көңіл бөлуге тырысады. Қонақтардың көңілін аулау шараларын ұйымдастыруға ең көп тараған қызметтер мыналар:

- музыка қызметін ұйымдастыру;
- концерттік бағдарламаларды ұйымдастыру;
- газет, журналдарды ұсыну;
- үстел ойындарымен, ойын автоматтарымен, бильярд, боулингпен қамтамасыз ету.

Сонымен қатар мейрамханалар мынадай ақпараттық-кеңестік қызметтерді ұсынады:

- аспаздық өнімдерді дайындау, әсемдеу бойынша маманның кеңес беруі;
- банкетті ұйымдастыру бойынша кеңес беру;
- қонақты күту, сервировка жасау бойынша кеңес беру.

Қызмет көрсететін персоналдың деңгейіне қарай, қызмет көрсетілетін тұтынушылардың дәрежесіне қарай қызмет көрсету түрлерін кеңейтуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. "Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 192 қаулысы
2. Уокер Джон Р. Введение в гостеприимство. – М., 1999.
3. Броймер Р. Основы управления в индустрии гостеприимства. – М., 1995.
4. www.sirena.com.su
5. Ридель Х. Бары и рестораны. Техника обслуживания. – М., 2002.
6. www.restaurant.org
7. Жукова М.А. Индустрия туризма: менеджмент организации. – М., 2003.
8. www.egorkino.kz
9. Кабушкин Н.И., Бондаренко Г.А. Менеджмент гостиниц и ресторанов. – Минск, 2000.
10. Шматько Л.П. Туризм и гостиничное хозяйство. - Ростов-на-Дону, 2003.
11. Эгертон-Томас К. Ресторанный бизнес. – М., 1999.
12. Филипповский Е.Е., Шмарова Л.В. Экономика и организация гостиничного хозяйства. - М., 2003.

УДК 379.85

ТУРИЗМДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ

Рахимова А.А.

Автор туралы мәліметтер. Рахимова Айнура Ануарбековна – ҚАЕУ, «Туризм» мамандығының студенті.

Аннотация. Туризмде ақпараттық технологияларды қолдану жүйесі басқа барлық сегменттер сияқты маңызды. Мысалы, жаһандық компьютерлендірілген қонақ үй менеджменті жүйесін құруға, қонақ үй залдары бойынша уақытылы бөлме брондау және қонақ үй тізбектеріне арналған жеңілдіктерді сақтау жүйесі қамтамасыз етіледі, бұл өз кезегінде қонақ үйді таңдауда заманауи адам үшін негізгі қағида болып табылады.

Түйін сөздер. Туризм, туризм индустриясы, жаңа технологиялар, қонақ үйді таңдау бойынша жеңілдіктер, қонақ үйлер, қонақ үйлерді таңдау.

Сведения об авторе. Рахимова Айнура Ануарбековна – студент специальности «Туризм» Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. Система применения информационных технологий в туризме также важна и во всех остальных сегментах. Например, в связи с созданием глобальной компьютерной системы управления гостиниц, обеспечивается своевременная бронь номеров и система сохранения скидок для сетей отелей, что, в свою очередь, для современного человека является основным принципом в выборе гостинец.

Ключевые слова. Туризм, туристическая индустрия, новые технологии, скидки для отелей, гостиницы выбор гостиниц.

About the author. Rakhimova Ainura - undergraduate student of major “Tourism” at Kazakh American Free University.

Annotation. The system of application of information technology in tourism is also important in all other segments. For example, in connection with the creation of a global computerized hotel management system, timely room reservations and a system of saving discounts for hotel chains are ensured, which, in turn, is a basic principle for a modern person in choosing a hotel.

Keywords. Tourism, tourism industry, new technologies, discounts for hotels, hotels, hotel selection.

Бәріне мәлім туристік индустрияның негізін фирмалардың туроператорлары құрайды және туристік сапарлармен, оларды жолдама және турлар тур інде сатумен айналысатын турагенттер құрайды; олар туристерді орналастыру мен тамақтандыру (қонақ үйлер, кемпингтер т.б.), елдермен жылжуы, сонымен катар басқару, ақпарат органдары, туризмді зерттеу жарнамалары және оларға кадрлар дайындау; туристік қажетті тауарларды өндіру және сату кәсіпорындары қызметін көрсетуші. Туризмге баска да салалар жұмыс істейді, олар үшін туристерге қызмет көрсету қызметін негізгі түрі болып саналмайды (мәдениет кәсіпорындары, сауда және т.б.). Туризм - ақпараттың маңызды қызмет. Ақпаратты жинау, өңдеу, қолдану және беру туристік индустрия сияқты күнделікті жұмыс. Туризмдегі қызмет көрсету тұтыну және өндіріс тауарлары ретінде сату пунктінде ұсыныла және көрсетіле ала алмайды. Оны көбінесе алдын ала және өндіріс орнынан алыстан сатып алады. Осылайша, туризм нарықта бейнелеу, суреттеу, коммуникация құралдары және ақпарат беруге тұтастай дерлік тәуелді .

Туристік саланың құрылымы әр түрлі басқа экономикалық сфера қызметінің ұйымдастырылуына өте ұқсас. Турагент - ол туроператорлармен құрылған турлар сатуға делдал болып шығатын қоғамның құқықты мүшесі немесе заңды құқығы бар адам. Туроператор - турды жинақтаумен айналысатын туристік ұйым.

Бірақта байланыстыру орталығы, туристік саладағы әр түрлі өндірушілерді ұстап тұрушы болып, ерекшелігі көрінетін, ақпарат болып тұр. Туристік қызмет көрсетуді өндірушілер арасындағы байланысты тауарлар емес, тек ақпараттық ағымдар қамтамасыз етеді. Олар тек мәлімет ағымдары төрінде жүрмейді, сонымен катар қызмет көрсету және

төлем формасында көрсетіледі. Қызметтер, мәселен (қонақ үйде түнеу; автомобиль жалға алу; комплексті турлар және тік ұшақтағы орындар), өзінің кезегінде, тұтынушыларға сатқанша дейін сақтамайтын турагенттерге жөнелтілмейді. Бұл қызметтердің бағасы мен сапасының бар болуы, беріледі және ақпарат пайдаланылады. Дәл осылай нақты төлемдер турагенттерден тур жабдықтаушыларға аударылмайды, ал делдалдық ақшалар тур жабдықтаушылардан турагенттерге аударылмайды. Шынында төлемдер және кірістер туралы ақпарат аударылады.

Кіші мекемеде желілі технологияларды меңгерудің басталуымен (5 машинаға дейін) барлық міндеттерді клиент машиналарымен қайтадан бөлуге болады. Белгілене сервер желісінің структурасына ауысуға жоғарыда айтылған міндеттерді орындау, жеткіліксіз сенімділік немесе әдеттегідей жұмыс өнімділігі үшін жеткіліксіздікті алға бастыру мүмкін. Әңгіме мынада, машинада жұмыс істейтін, қосымша серверлік міндеттерді орындайтын қызметкерлер, ең ойламаған жерде офистің барлық жұмысын тоқтатып немесе қатырып тасау мүмкін, мәселен, дискета форматтай бастағанда немесе кайта-кайта токтап калып және одан кейінгі жүктелуін айтпағанда DOS - режимді іске жіберуі мүмкін. Иемденген конфигурация сервері немесе компьютерді модернизациялау вариантын сервер ретінде қолдану - нақты міндетке нақты спецификалық сұрақ. Мамандарға барып және оны солармен бірігін шешу - ең дұрыс тәсіл. Кебінсе сервер ұзақта алынады, және сәйкес келісімдерді алдыңғы жылдарға ойластырып шешу керек

Туризмнің үш ерекше белгісін көрсетуге болады. Біріншіден, бұл әр түрлі және интегралданған қызметтермен сауда. Екіншіден, бұл ендірушінің және тұтынушының да көзқарасынан кешенді қызмет. Соңында, туризм бұл ақпаратты маңызды қызмет. Сондықтан туризм - халықаралық, сияқты және ішкі де - ақпараттың технологияларды пайдаланудың өсу сферасы. Туризмде қолданатын ақпараттың технологиялар жүйесі, компьютерлік жүйені сақтау, телеконференцияларды өткізу жүйесі бейне система, компьютерлер, ақпараттық басқару жүйеден, электронды ақпараттың жүйе, әуе жолдарымен ақшаны электронды жіберу, телефон жүйесінен, жылжымалы байланыс құралдарынан және тағы басқадан құрылған. Осымен айтсақ, бұл технология жүйесі туристік агентстволардың, қонақ үйлердің немесе әуекомпаниялардың әр қайсысымен жеке емес, барлығымен өрістейді. Олай болса, туризмдегі ақпараттық технологиялар жүйесі сегменттерін қолдану барлық қалған бөлімдерге маңызды. Мәселен, қонақ үйдің ішкі басқару жүйесі компьютерлік глобальді желдермен байланысты болу мүмкін, себебі өзінің кезегінде қонақ үйді сақтау жүйелерімен байланысқа негізгі қамтамасыз етеді, ал кері бағытында туристік агентстволарға олардың компьютерлері арқылы кол жетерлік болу мүмкін.

Демек, біз бұл жерде туризмде тарайтын, интегралданған ақпараттар, технологиялар жүйесімен істеспіз. Жоғарыда айтылғаннан кейін, туристік индустрияда таралатын компьютерлер емес, телефондар емес, және бейне терминалдар да емес - бұл жерде өзара байланысқан компьютерлік және коммуникациялық техникалар жүйесі жұмыс істейді. Сонымен қатар, туристік саланың компоненттері бір-бірімен тығыз өзара байланысты – себебі көптеген тур ендірушілер тік немесе көлденең қызметке бір-бірін қызықтырады. Бұлардың бәрі туризмді жоғары - интегралданған кызметі анықтап қарауға мүмкіндік береді бұл ұйымдастыру және басқаруда ақпараттық технологияларды қолдануға одан да көп қабілетін жоғарылатады. Туристік фирманың менеджерлері, бухгалтерлері, кассирлер, жетекшілері үшін офистік машина, әрине, сөзсіз офистік компьютерлер болып табылады.

Қазіргі уақытта бұл жердегі софтпен көрсетіліп қалыптасқан жағдайға карап, аппаратты платформаны және операциялық, жүйені таңдауда философиялық сұрақ айтарлықтай жік тілінген айрылады деп есептелінеді.

Мас-та жұмыс жасағысы келетіндер, әрине, әркашан болады, бірақ, көпшілік турфирма жетекшілері Мас-ты шындап нақты альтернатив ретінде карауы екіталай, әйтсе де бүгін, оны жаңа, жартылай сфералық версиясын қарастырғаннан кейін, әрине, үлкен жетекшіге ондайды өзше үстелге сувенир ретінде қоюға болады: өйткені бірде-бір Back-office ұсынған программа оны қолданбайды. Бірақ поштаны окып және Интернетке шығуға

болады. Дегенмен Мас - бұл суретші - дизайнерлердің тағдыры, бірақ бүгін қалай болғанда да турфирма менеджерлерінікі емес.

Келесі Brend-тер. Офисті техникамен жабдықтау жағдайларының катарына оны тұтасымен әйгілі бір өндірушінікімен жабдықтау біршама қолайлы болуы мүмкін. Бірақ тәжірибе көрсетеді, бәсекелесті ақшаға тек әйгілі өндірушілердің баяғыда қолданыста болған немесе қоймада жатып калган техникаларын сатып алуга болады, көбінесе ашылмайтын себептермен.

Негізгі құрамды бөліктерін таңдағанда катаң түрде орнатылған маңызды опциялар негіздерімен шек қою керек.

Винчестер - офсеті машиналар үшін Fujitsu немесе қазіргі заманғы сыйымдылығы 20 гигабайт жаңа винчестер үшін минимальды мүмкіндігі 7200 айналымды IBM-де (5400 олда жақсы, бірақ бүгін айырмашылығы жоқ) толығымен тоқтауға болады.

Интегралданған чипсетпен бейне және дауыс таңдағанда қиындық жоқ. 10/100 ағылған жүйесі ол да қиындық тудырмайды. Ондай төлеулер аз, бірақ олар да жұмыс істейді.

Корпусты ец арзанынан алуга болады, бірақ офистік екі машинасының біреуінде қосымша үш дюймді құрылғының орнатылу мүмкіндігі болу керек.

Жады (память). Екі қолымызды Korepin бүгінгі күнде 128 мегабайтқа дауыс берейік. Және де перспектива болып көрінген XP-ді қоюға байланысты 256 да артық болмайды. Екі машинальді процессор, бірақ Intel-ден; яғни Celeron минимальді жиілігімен (800-100), немесе РШ (800-1000), бірақ бұлардың бәрі сөзсіз, жаңа. Ешқандай Refurbished компоненттерін алуга болмайды - бұл принципін түсінік. Жадыны 128-ден аз алу – үнемділіктің бір жарамсыз түрі. Бұдан еңбектің накты өнімділігін түсіреді және де қызметкерлердің де жүйкесін сақтау керек.

Мониторлар. Біздің фирманың принципті талаптары - 800 де 600-ге рұқсат - бүгін енді «шамадан тыс», «жоқшылыққа ұшырататын», тіпті «үлкен» деп сөзбен сипаттауда болмайды. Он төрт дюймді мониторларды пайдалану мерзімі өтіп кетті, осындайлардың жаңасын табуға казіргі кезде (жұмыс істеп керек емес серверді орнатқаннан баскқа) шыңдап қарағанда, әрине, мүмкін емес.

Таңдау - арзан монитордың «15» және «17» модельдерінің арасында. Тепе-теңдік жайлап он жеті дюймді моделінің жағына ауысады, оның $100 бағасымен қызметкер үшін бірнеше ыңғайлы, оның еңбек өнімділігі көтереді көп шаршамауға көмектеседі және де фирманың имиджіне зиян әкелмейді. Өндіруші - фирмалар, бірқалыпты екпінін (17) моделі жағына карай ауысып, он бес дюймді монитордың сапасын ұмыта бастауы айтарлықтай маңызды. 17» таңдау - бүгінгі күш ең дұрыс деп айта беруге болады, өйткені монитордын істен шығуы - сезімтал окига, және де үлкен фирмаларда оның қоры жоқ.

Бүгінгі нарықтағы маңызды программа өнімдердің көпшілігі, есептеуші техникаға аса катаң талап етеді сондықтан рационалды емес программалық қамтамасыз етуді пайдалану, екі есе анықталмаған. Сөйтіп, табысты жұмыстың Негізгі - толтырылған анықтамалар және классификаторлар. Әрі карай ыңғайлы толык функционалды қосымшалардың көмегімен сіз максималды жылдам және ерекше маңыздысы, қатесіз әр түрлі мүмкін сыбыр және бақылау жүйесі арқылы мәлімдемені толтырып, турды ұйымдастыра, телмеді жүзеге асыруға немесе статистикалы материал ала аласыз. Егер жүйеде туристің (тұракты клиент) мәліметтер анкетасы болса, оны кайтардан енпзіп керек емес. Сіз анкетаны әр елшіліктен жылдам ала аласыз, кейін де алуға болады. Әрине, бухгалтер тіркейді және әр мәлімдеме бойынша серіктер бойынша және тұтас тур бойынша турдың төленуін бақылайды, сату кітапшасын және бастапты бухгалтерлік құжаттарды құрады: счеттер, счет – фактуралар, кіріс және шығыс ордерлерге тур толтырылғаннан кейін, және оған дейін болу мүмкінсіз барлық топка немесе әр жеке туристке ваучер, жолдама, сақтандыруды кез келген сақтандыру компанияның, кез келген әуекомпанияның әуе билетіне басып бере аласыз. Қабылдаушы елге керекті топтар тізімін, роуминг-кағаздарды құрастырып жібересіз, ал егер сізде кабылдаушы елмен тікелей байланыс болса, онда олар барлық керектілерді өздері алады.

Қарсы алушы елмен карым-катынас - қисыны бар экономияның ерекше саласы. Жаксы, егер туроператор мәлімдемелерді және тізімді e-mail-мен жіберсе, факспен емес. Әйтпесе қосымша шығындар адам айтысыз көбейеді

Қарым-катынас схемасы туроператор - карсы алушы ел келесідей болу керек. Карсы алушы жак, конак, үйдің ұсынысына негізделген езінің прайс-кагазын құрайды, әрі карай әр түрлі нарыққа, әр түрлі бағаны өсірушілік (mark up) маусым бойынша жасалады және бұл бағалар автоматты түрде туроператорларга түседі. Осыдан кейін тур операторларға қонақ үй бағасын енгізу керек емес. Экономия ете күрделі. Одан әрі әр туроператормен енгізілген мәлімдеме, дағдылы кабылдаушы жатка түседі және қаралудан етеді (расталады / расталмайды), одан кейін қайтадан туроператорда. Егерде туроператорда интернет арқылы ресурстарды брондау жүйесі болса, онда мәлімдемені туроператор енгізбейді, агентство өзі брондауды жүзеге асырады.

Барлық бұл мәселелердің техникалық шешімі кездеседі және турфирманың жакын уақытында пайдаланылмаған жаңа технологиялар, конкуренциядан тыс калады. Құнды жүйені енгізу - ұзақ процесс және көп еңбекті екеніне езіне есеп беру керек және сиқырлы таяқпен ештене шықпайды. Қозғалу керек және жаймен козгалу керек.

Темірді кімге және қалай сатып алып жөндеу керек. Бұл жерде дұрыс шешім жеткілікті тәжірибе болса өзің жинаған жең, немесе жаксы байланыстағы мамандандырылған фирмаға тапсырыс бойынша. Тәжірибе көрсеткендей, дайын, жиналған және мөр басылған компьютерлерді сатып алу міндетті түрде оның құрамындағы кейбір компоненттерді сатып алуды қосады (біреу, немесе бірнеше), олар жоғарыда айтылып кеткен тізімдерге кірмейді, өзімен өзі, сөзсіз, толық емес және тек ұсынылатын үлгіде. Бірақ тек қана осындай ұсынылмаған компоненттердің болуы (арзан) компьютердің бағасын маңызды Түсіруге және бәсекелесті күресте жеңуге мүмкіндік береді әрине сапасымен емес, бағасымен. Ал әрі карай, кажетті болса, сервистік қызмет іске кіріседі. Бірақ шығын жиынтығында машинаны бөліп сатып алсаң және өз күшімен жинасаң немесе басқа қызыққан мамандарды қатыстырсаң ең акрында өзіңді және экономикалық, және саяси жағынан ақтайды.

Қашан және қанша компьютер сатып алу керек. Дұрыс бағыт, әрине, ұйымның қызмет керлерінің саны болып табылады. Олардың қайсысына компьютер шынымен керек десек - онда курьерлерден (әрқашан емес). Аспазшы және тазалаушылардан баскынан бәрін керек. Кімде өзінің жұмыс орны ретінде үстелі болады, сол, толық компьютермен жабдықталуы мүмкін. Көбінесе ондай барлық жерде бар. Ал егер техниканы модернизациялау үшін саналы кез келсе ше? Бұл жерде шындықтың негізгі критерийі - мүмкіндік (мүмкіндік емес) нақты мамандар үшін өзінің жұмысын оған белгіленген компьютерде орындау. Жаңа компьютерді (оның үлкендеу жағына байланысты қызметкерлер санының өзгеруіне) жоғарыда көрсетілген конфигурация бойынша алу керек, ал пайда болған машина пулын барлығының арасынан орынды қайтадан белгі тастайды. Ескі машиналар жадысын 64 немесе 128 мегабайтна өсуін тиімді деп санауға болады немесе винчестерлер орнына сыйымдылығы аз, яғни 2 гигабайтқа дейін ауыстыру. Мониторды тек ештеме керіне калғанда ауыстыруға болады, яғни жұмыс жасауға болмайды, ал жұмысқа қабілеттілігін ауыстырып керек емес.

Локальді есептеуіш жүйесін ұйымдастыруды құру - Локальді компьютерлік жүйені құру үшін, толық дұрыс кездің бастамасы, екіншісі компьютерді сатып алу. Дегенмен коаксальді кабель желісін құру пайдасын толық біршама экономикалық дәлелдер табуға болады. Коаксальді кабель тек бар желілерде немесе арнайы көздерде модернизациялауды қарастыру мүмкін.

Баска сұрақ - 10 және 100 Mbit Eathernet технологияларының арасындағы таңдау, 100 Mbit желісі төлемінің бағасы 10 Mbit төлем бағасымен теңесті Концентраторлар және коммутаторлар қымбаттау турады, бірақ үлкен жүйені күшейткенде шеказ емес. Олай болса егер жүйе қайтадан қойылса (мәселен, жана офис) және кішкентай емес болып жоспарланса, онда таңдаудың ең дұрысы 10/100 Mbit екі стандартты жабдығы Айтпақшы, бұл жерде маңызды 10/100 Mbit төлем, тәжірибе көрсеткендей, бірнеше рет ынғайлы

және орнатуға оңай. Тек 100 Mbit концентраторын сатып алуға кеңес беруге болмайды, себебі желіде тек 10 Mbit түсінетін екі компьютерлер, немесе ноутбук, немесе принт-сервер болуы мүмкін. Жабдықтарды орналастыру тіреулері, кабельдерді салуға арналған корап, коммутациялық панельдер және қабырға розеткаларына кеткен қосымша шығындар міндетті түрде жұмыс желісінің тиімділігімен орнын жабады. Себебі желінің істен шығуы - бұл тек бір компьютердің экранының өшіп қалуы емес, Бұл офистің жұмынын толық токтауы, яғни басу, поштаны орындамау, файлдарға және баска да компьютерлі ыңғайлылыққа қол жетпейтін. Желімен жұмыс істегенде сенімділік проблемасын электропитанияның сенімділік проблемасынан айырып бөлек көрсетуге болмайды. Электроэнергияны жеткізудің тандау әлі ортақ ереже болған жоқ. Бұны тек жаңа құрылыста немесе жана бөлме қарастырғанда істеуге болады. Дәхдыдағыдай, не бар, соған риза болуымызға тура келеді, ал жағдайды - электропитанияның үздіксіз көзінің көлемі арқылы көтеруге болады: қарапайым қолданушылар компьютерлерін де - ең арзанын, 50$ бастап, серверде - әйгілі өндірушілерден (APC сиякты) батареядан 30-40 минут жұмыс.

Желі багасы. Нөлдік деңгейге жуықтау былай болар еді - карап салу, темір желісін сатып алу және серверді сатып алу мен жөнге салу 80-100$ құрайды. Бірақ орнында баға дәл маңызға жету мүмкін, келісімге кол қойылса болғаны, бөлмені бірінші қарағаннан соң. Шын соңғы бағасы офистің конфигурациясынан, кабырға, еден және төбе типтерінен кейін белгілі болады, және машинаға 100-200$ құрайды.

Серверді таңдау. Мекемеде компьютерлердің біреуін сервер ретінде анықтап қолданғанда, яғни оны анықтап жинап, дағдыдағыдай, тым қымбат конфигурациялары және онымен ешкандай басқа жұмыс істемесе, серверлік программаны қамтамасыз ету (обеспечение) жөнге келтіруден басқа және тәуліктік режимде серверлік қолданыстағы – серверлк мәліметтер базасын, электронды пошта серверлерін, Интернет серверлерін, файл – серверлердің функцияларын орындау ма?

Кіші мекемеде желілі технологияларды меңгерудің басталуымен (5 машинаға дейін) барлық міндеттерді клиент машиналарымен кайтардан бөлуге болады. Белгіленген сервер желісінің структурасына ауысуға жоғарыда айтылған міндеттерді орындау, жеткіліксіз сенімділік немесе әдеттегідей жұмыс өнімділігі үшін жеткіліксіздікті алға бастыру мүмкін. Әңгіме мынада, машинада жұмыс істейтін, қосымша серверлік міндеттерді орындайтын қызметкерлер, ең ойламаған жерде офистің барлык жұмысын тоқтатып немесе қатырып тасау мүмкін, мәселен, дискета форматтай бастағанда немесе кайта-кайта тоқтап қалып және одан кейінгі жүктелуін айтпағанда DOS - режимді іске жіберуі мүмкін.

Иемденген конфигурация сервері немесе компьютерді модернизациялау вариантын сервер ретінде қолдану - накты міндетке накты спецификалық сұрақ. Мамандарға барып және оны солармен бірігін шешу - ең дұрыс тәсіл. Кебінсе сервер ұзақта алынады, және сәйкес келісімдерді алдыңғы жылдарға ойластырып шешу керек.

Сонда да, кейбір рекомендацияларды бүгін және қазір беруге болады - бастапқы деңгейдегі серверлер үшін. Бұл машиналарға стереотипті компоненттер наборы пайда болады. Тек қана соны езінің жарнамалық проспекттерінде көптеген ірі жүйелік интеграторлар ұсынады, және бұл набор шынымен табыс әкелу мүмкін. Келесі набор - 8С5000 Intel-ден серверлік корпус, және де кайталанды блок питания варианты жаксырақ, материндік плата (материнская плата) STL2 (SBT2), PIV астындағы Intel-ден немесе Хеорпен сәйкес. 512-1024 Mb жадылы (память), төрт-бес винчестер IBM(Fujitsu) біреуде 36Gb-тан. Процессорлар - 2 шт. lGz-тен. Үздіксіз кезі -APC Back Pro 1400 интерфейсе кабелімен. Шлюз ретінде жұмыс істегендегі 3Com-нан косымша төлем. Дискті подсистеманы Intel-ден RAID - контроллермен күрделендіруге болады немесе Mylex дискті операцияларды орындағандағы процессордың куатын төмендету үшін. Бұндай набор жұмысқа қабілеттілігімен және файлды сервер ретінде, және қосымша сервер ретінде, және де веб-сервер ретінде универсалдылыкқа ие. Сондай жағдайларда, қашан ондай шешім фирма үшін әлсіздеу болғанда, көптеген серверлер арасында ұсынып тарату мүмкін.

Акпараттық технологиялар - ол ақпаратты тарату мен қолдану, сақтау, анализдеу,

өңдеу және жинау үшін пайдаланылып, механизм тәсілінде ең қазіргі заманғы жетілдіру үшін қолданылатын термин. Ақпараттық технологиялар туралы микроэлектроника саласындағы жетістіктер арқылы өндіріс қызметіне, қызмет көрсету сферасына, халықтың жұмыс бастылығына және тұтас адамзат өміріне маңызды ықпал етуге икемді технология ғасыры ретінде айтады. Тек микроэкономика компьютердің көмегімен өндіріс және жобалау сферасында; өндіріс негізін құрды; икемді өндіріс жүйесін, жұмысын, дербес компьютерлердің автоматтандырылған системаны басқару (АСУ), бейне мәтін (видеотекст); телеконференциялар және т.б. өндірудің негізін құрды. Туристік индустрияға ақпараттық технологияларды енгізу өзіне бірнеше этаптарды қосады. Бірінші этап - «мәліметтер жасау». Оның басты мақсаты ақпараттарға негізделген автоматтандыру процесі арқылы кәсіпорынның оперативті қызметтік нәтижелі арттырудан тұрады. Бұл кезең 1960 жылдары басталды және ол үшін мини - компьютерлерді пайдалану тән болды. Екінші этап - «Ақпараттық басқару жүйесі). Бұл ақпараттық технологияларды өңдеу этапы, олар ақпаратты беруді талапқа толық жетілдіруд1 тікелей ұйымдастыру арқылы, басқару нәтижесін жоғарылатуға мүмкіндігін туғызады. Олар 70 жылдары орнатылды және ақпараттық ресурстармен байланысты кәсіпорының спецификалық салалық басқару түрімен пайдаланды. Бұл уақытта, ақпараттық техникалар, ішкі маркетинг және административті функциясына қажетті кезде қолданды Өз кезегінде жүйелі ақпараттың технологиялар ақпараттық технологиялардан дамуының бағытын актуальды және перспектива қылып қарастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Астана қаласының статистика басқармасы. Астана қаласында туризмнің дамуы. - Астана, 2017.
2. Манап А.С. Франчайзингтің жіктелуі // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, Экономика сериясы, 105-108 беттер, №5, 2017 ж.
3. Манап А. Қазақстандағы франчайзингтің артықшылықтары және кемшіліктері // «Экономика негіздері», 27-28 бет, №1, 2017 ж.
4. Ахметова К.И. Тұтыну тауарларының бәселестігін қамтамасыз ету жүйесіндегі маркетинг // «АльПари», №1, 2016. 198-200 бет
5. Сәрсенбаев Ә. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеті // «Экономика и статистика», №1, 2015 ж., 49-51 б.
6. Волков Ю.Ф. Экономика гостиничного хозяйства. - Ростов-на-Дону, 2015.
7. Рахимбекова Ж.С. Гостиничный бизнес в Казахстане // «АльПари», №3-4, 2016 ж. - 238-244 с.
8. Шматько Л.П. Туризм и гостиничное хозяйство. - М., 2015.
9. Бейжанов А.Т. Туризмдегі маркетингтің ерекшелігі // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, Экономика сериясы, 66-69 беттер, №2, 2017 ж.
10. Рахимбекова Ж., Теоретические основы туризма и гостеприимства // Экономика и статистика, 122-125 б., №2, 2015 ж.

УДК 379.85

ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУДЫҢ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

Жұмабеков А.Ш.

Автор туралы мәліметтер. Жұмабеков Ахмет Шағибекұлы - Қазақстан-Американдық еркін университеті «Туризм» мамандығының студенті.

Аннотация. Туристік бизнес көптеген өзара байланысты салаларды қамтиды, олар саяхат пен демалыс үшін жағдай жасайды. Әлемде халықтың әл-ауқатының артуы туристік қызметтерге сұраныстың артуының басты факторы болып табылады және мұндай қызметтер негізінен туризм негізгі экономикалық сектор, мысалы, Кипр, Малайзия, Таиланд елдерінің есебінен қалыптасады. Бүгінгі таңда халықаралық саудада қызмет көрсетудегі туристік бизнестің үлесі 30% -дан асады.

Таяудағы уақытта туристік сапарлардың артуы жылына 1 млрд. болады деп күтілуде.

Түйін сөздер. Туризм, туристік бизнес, саяхаттау және демалыс, туристік фирмалар, туризмдағы маркетинг

Сведения об авторе. Жұмабеков Ахмет Шағибекұлы – студент специальности «Туризм» Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. Туристический бизнес включает в себя множество взаимосвязанных отраслей, создающих условия для путешествий и отдыха. Рост благосостояния населения в мире является ключевым факторам увеличения спроса на туристические услуги, а предложение подобных услуг формируется в основном за счёт стран, для которых туризм является основной экономической отраслью, например, Кипр, Малайзия, Таиланд. Сегодня доля туристического бизнеса в международной торговле услугами составляет более 30%. В ближайшее время ожидается увеличение количества туристических поездок до 1 млрд. в год.

Ключевые слова. Туризм, туристический бизнес, путешествия и отдых, туристические фирмы, маркетинг в туризме.

About the author. Zhumabekov Akhmet - undergraduate student of major “Tourism” at Kazakh American Free University.

Annotation. The tourist business includes many interrelated industries that create conditions for travel and recreation. The growth of population welfare in the world is a key factor in the increase in demand for tourism services, and the offer of such services is formed mainly due to countries for which tourism is the main economic sector, for example, Cyprus, Malaysia, Thailand. Today, the share of tourism business in international trade in services is more than 30%. In the near future, an increase in the number of tourist trips to 1 billion a year is expected.

Keywords. Tourism, travel business, travel and leisure, travel companies, marketing in tourism.

Шетелде турөнімнің жарнамасымен тек турфирмалар ғана емес, сонымен қатар, федералды және жергілікті құрылымдар, қонақ үйлер, театрлар, музейлер, тематикалық парктер, мейрамханалар және басқалар. Мысалы, Голландиядағы қызғалдақтардың өскендері жайлы БАҚ–ғы күшті жарнама арқылы білуге болады. Аты әйгілі Кекенхоф өзінің ғажайып гүлдері бар брошюраларын әлемнің түпкір – түпкіріне жібереді. Бұл брошюраларда парктың тарихы туралы, қандай көлікпен ол жерге жетуге болатындығы және бағаларының қандай екендігі туралы толық ақпарат бар. Қазіргі кездегі турфирманың қызметі рыноктық ортада жүргізіледі. Сұраныс пен ұсыныс қаңдары, еркін бәсекелестік турфирманы рыноктық ойынға бас ұруға әкеледі. Маркетинг фирма ішілік және сыртқы орта шындығымен байланыстыратын механизм болып табылады. Ол рыноктың конъюнктурасы, рыноктағы бәсекелестер, туристік лектерің бағыттары, туристік өнімнің өзгеруі, тұтынушылардың талғамы мен көзқарасының өзгерісі жайлы ақпарат береді

Өндіріс пен капиталдың шоғырлануының күшеюі, монополистік топтар арасындағы бәсеке күресінің күрт шиеленісуі, ғылыми-техникалық прогрестің жоғары қарқыны басқаруды жетілдіру жұмысында ұйымдық мәселелерді бірінші орынға қойды. Техникалық тұрғыдан күрделі өнімдерді шығаратын американдық және жапондық ірі компанияларды салыстырмалы талдағанда, тек негізгі өндірісті автоматтандыруды инвестициялаудан гөрі, мамандықты арттыру мен ұйымдық - басқару құрылымдарын жетілдіруді инвестициялау анағұрлым тиімді болатындығын көрсетті. Сол себепті АҚШ-та өндірістік қызметтің ұйымдық нышандарын мемлекеттік - монополистік капитализмнің жаңа жағдайына бейімдеу, өндірісті одан әрі қарқынды өркендету және неғұрлым көп пайда табу үшін ұйымдық ірі резервтерді пайдалану міндеттері қойылып отыр.

Орталықтан басқарудан гөрі, пайда табатын орталықтардың, бөлімдер мен кәсіпорындардың құқықтары мен жауапкершілігін ұлғайту - АҚШ-тағы шаруашылық өмірде елеулі құбылыс болды. Осының нәтижесінде компанияларда жаңа бөлімшелер құрылды, бөлімше топтарының қызметін үйлестіретін арнайы жоғарғы басқарма енгізілді, штабтық органдар корпорацияның жоғарғы басшыларына қызмет көрсетуге көбірек көңіл бөле бастады, төменгі буындарда (заводтарда) функционалдық қызметтерді толық орталықтан-

дыру жүргізілді.

Менеджмент саласындағы белгілі ғалым Друкер «федералдық қағида» деген ұғымды енгізді. Оның ойынша «федералдық қағиданы» бірте-бірте қолдану мынаған негізделген: жоғарғы басшы кәсіпорынның ең басты мақсатын айқындайды, адам ресурстарын ұйымдастырады, болашақ әкімгерлерді таңдайды, даярлайды және сынайды, қызмет тиімділігін өлшеудің эталондарын белгілейді. Екінші жағынан әрбір бөлімшенің белгілі бір автономиясы болады. Оның меңгерушісі автономдық істің басшысы, ол өндіріс пен техникалық прогреске, өткізу мен сатып алуға, есеп беру мен қызметкерлерге жауапты болып, өзінің бөлімшесін біртұтас жүйе ретінде қарастырады.

Друкердің пікірінше, ұйымдастырудың федералдық қағидасы:

- жоғарғы басшының өзінің тікелей қызметімен шұғылдануына мүмкіндік береді;

- жергілікті жердегі «жоғарғы басшының қызметі мен оның мәселелерін» түсінуге, әрі соның нәтижесінде жоғарғы басшының шешімдерін «жергілікті деңгейде» ойдағыдай орындауға әсер етеді;

- еңбек өнімділігін әділ бағалауға қолайлы жағдай жасайды;

- сабақтас мәселелерді шешіп, «кең профильді» басшыларды құруға және оларға жоғарғы басшыдағы мәселелер мен қызметтер туралы толық түсінік беруге жәрдемдеседі.

Корпорациялық басқарудың біршама шағын органдарына ірі инвестицияға байланысты дамытудың стратегиялық мәселелерін шешу шоғырландырылады. Әрбір бөлімше өз қызметін толық қаржыландырады, коммерциялық негізде кез келген ұйыммен серіктестік қатынас орнатады. Алайда, ұйымдық құрылым мәселелерінің күрделі іс екендігі соншалық, ұйымды құрудың әмбебап схемасын жасау тіптен мүмкін емес. Сондықтан да өндірістің сипатына, сол өндірістегі қызметтің ерекшелігіне, тиісті әкімшілік қызметшілердің санына қарай кез келген ұйымдық шешімдерді өзіндегі жағдайға қарай бейімдеу қажет.

Компанияның табыстылығын арттырудың жаңа жолдарын қарастыруда ғылыми зерттеулер мен ізденістерді тиімді етуге ерекше көңіл бөлінеді. Жаңа нәтижелердің енгізілуіне байланысты іскер компанияның бәсекелесу қабілеттілігін де, олардың «өміршеңдігін» және «болашақтағы белгісіздікті» игеруін де байланыстырады. Сондықтан да басқару ғылымы ғылыми зерттеулер мен ізденіс мәселелерін алдыңғы орындардың біріне қойып, бұл саладағы қызметке жаңа тәсілдер мен құралдарды - жүйелік талдаудың, математикалық және машиналық үлгілеудің, ғалымдар мен инженерлердің еңбегін уәждемелердің және интенсивтендірудің толып жатқан психологиялық амалдарын қолданады. Басқару ғылымы арнайы әдебиеттердегі тақырыптардың біріне айналды, осы мақсатта конференциялар, семинарлар, симпозиумдар өткізілді.

Көптеген американдық мамандардың пікірінше, ең қиын мәселелердің бірі компанияларға ұзақ мерзімді саясат белгілеу, яғни ғылыми зерттеулер мен ізденістер жүргізу.

Соңғы жылдары ақпаратты машиналық жүйемен жинау және өңдеу кең етек алғанда адамдар ақпарат пен шығармашылық идеяны таратушы ретінде көптеген тәжірибелер мен зерттеулердің объектісіне айналды. Ақпараттың ұдайы келуі үшін іргелі зерттеулерді қолданбалы зерттеулермен - өндірісте өтетін нақты процестер туралы мәлімет көздерімен ұштастырудың зор маңызы бар.

Америкадағы университеттер мен ғылыми орталықтарда ғылыми салада идеяны тез тарату мен жинаудың жаңа тәсілі - кибернетикалық сессиялар туралы көп айтады. Оның мәні мынада:

- кез келген ғылыми мәселелер бойынша оны жан-жақты талқылайтын мамандардың бірнеше тобы құрылады;

- әрбір топ үшін сұрақтар белгіленіп, сол бойынша пікір алысып, жаңа идеялар айқындалады;

- бағыт-бағдар жасалып, онда әрбір маманның әр түрлі топқа қатысу тәртібі көрсетіледі;

- жазбаны жүргізетін, әрі әрбір топтағы жаңадан қатысушыларға, олар келгенге

дейін не айтылғаны туралы түсінік беретін арнайы адам бөлінеді. Бағыт-бағдардың көмегімен сессияға қатысушылардың әрқайсысы барлық топқа жұмыс істейді, сонымен қоса, құрамында мамандары бар топ құрамы бірнеше рет өзгереді.

Аталмыш тәсіл әр түрлі орталықтар мен компанияларда пайдаланылады. Американдық мамандардың пікірінше, көп жағдайда қысқа уақыттың ішінде өте мол ақпарат жинауға, нақты қолдануға болатын тұжырымдамалар немесе идеялар алуға мүмкіндік туды. Сонымен қоса, кәдімгі талқылауға қарағанда «кибернетикалық сессияларда» басшылар мен оларға бағыныштылар өздерін едәуір еркін сезінеді. Бұл тәсіл ақпарат жинау, әрекет ету мен рәсім бағыттарын белгілеу үшін ғана емес, басқарушыларды оқыту үшін де кеңінен қолданылады.

«Ми шабуылы» әдісі кеңінен қолданылып, мұнда қысқа мерзімде ғалымдардан құрылған арнайы команда қайсыбір мәселеге «шабуылдап», қажетті шешімді табады.

Соңғы жылдары басқарудың бағдарламалық-мақсаттық құрылымына ауысуы кең етек алды. Мұндайда компанияларда, ғылыми орталықтарда әртүрлі қызмет түрлерін үйлестіріп, біріктіреді де оларды белгілі бір мақсатқа бағындырады. Осындай жолмен американдық мамандар басқарудың тік және көлденең байланыстарын, орталықтандыру мен орталықсыздандыруды тиімді ұштастыру мәселесін шешуге тырысты.

Осыған орай американдық өнеркәсіп компанияларының басқару құрылымында жаңа тұлғалар - «бағдарламалық басшылар немесе жоба басшылары» пайда болады. Олардың міндеті - көлденең басшылық жасап, барлық бөлімшелердің зерттеуден өнім тапсыруға дейінгі барлық қызметті бағындыру, нақты жобалар мен бағдарламаларды орындау. Бағдарламалық басшылық билігі барлық бөлімшедегі басшылардың құқықтары және жауапкершілігімен түйіседі. Қарапайым орындаушылар әкімшілік саладағы бірден екі мекеме басшысының - өз бөлімшесінің баға жөніндегі менеджердің және нақты бағдарламаның орындалу графигін қадағалайтын жоба басшысының бақылауына алынады. Егер бұрын «басқарудың жобалық нышаны» аса маңызды бір-екі жобада немесе бұйымда құрылатын болса, енді көптеген американдық компанияларда жаңадан шығарылатын бұйымдардың барлығы басқарудың және бақылаудың осы жүйелерін қамтиды.

Зерттеу көрсеткеніндей, «жобалық басқаруды» ұйымдастырудағы жаңалық – мақсаттық бағдарламаның пайда болуынан жүзеге асуына дейінгі циклдің өтуін белгілеу. Өнеркәсіптік компаниядағы мақсатты басқару жүйесінің орны мен рөлі, құқықтары, жауапкершілігі мен олардың арасындағы байланыстар айқын белгіленген. Мақсаттық бағдарламаларды басқару жөніндегі бүкіл жұмысқа жетекшілік ететін арнайы комитеттер жоспарларды, нақты жобаларды бекітеді, оларды орталықтан басқаруды жүзеге асырады. Олардың міндетіне жобаның иесіне белгілеу, әр түрлі бөлімшелерден жобалардың өтуіне байланысты компания қызметінің ауқымын үйлестіру, жобаларды шолып шығу, нәтижесін бағалау және орындалу дәрежесін айқындау, жұмыс топтары мен басқа да бөлімшелерде пайда болған жанжалды жою жатады.

Бұл саладағы соңғы қадам, тиісті өкілеттілігі бар автономды органдар құру болды. Мұндайда жаңа өндіріс пен өнімді игеру күнделікті шығарылатын бұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Өкілеттілік пен ресурстарды шоғырландыру жаңа кен орындарын өнеркәсіптік жолмен игеру мерзімін қысқартуға әрі оларға қажетті тұтынушыларды айқындауға мүмкіндік береді.

Өнімнің жаңа түрлеріне жаңалық енгізу тобы жобалық негізде жоспарланып, жүзеге асырылады. Топтың жоба жөніндегі жауапкершілігі, оның коммерциялық жүзеге асшылығы анықталғанша, нарықта сынақтан өткенге дейін сақталады. Бұл кезеңде жоба жұмыс істеп тұрған іскер топтарға беріледі де, онда ол жұмыс істеп тұрған бөлімшенің бір бөлігіне айналады немесе жаңа бөлімшенің ядросын құрайды.

Жапондық менеджмент

Жапондықтарда әлемдік және ұлттық тәжірибе элементтерінің ең тиімдісі жинақталған. Басқарудың жапондық тұрпатының базалық қағидаларын төрт топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа корпорация мен жұмыскерлердің өз корпорациясына ерекше тәуел-

ділігі, фирмаға берілгендігі және оның мүддесі жолында жан аямайтындығы үшін едәуір қолайлы жағдай мен уәде беруі жатады.

Екінші топтағы қағидаларды дара басшылықтан гөрі ұжымдық басшылыққа көбірек көңіл бөлуі, корпорациядағы адамдардың фирма ішінде үнемі көтермелеу, істейтін қызметіне қарамастан жұмыскерлерді тең құқықта қарау деп тұжырымдауға болады.

Үшіншіге - фирманың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін үш негізгі күшке – басқарушыға, басқа жұмыскерлерге және инвесторларға ықпал ету мен бөлу балансын ұтымды ұстау жатады.

Төртінші топқа - әр түрлі фирмалармен - іскер әріптестермен, ең алдымен, жабдықтаушылар және сатып алушылармен түрлі байланыс орнату әдісін қалыптастыру жатады.

Аталған қағидаларды жүзеге асыру механизмінің маңызды элементтеріне мыналар жатады:

еңбекті ұйымдастыру;

өндіріс процестерін басқару және бақылау;

топтық жұмыстарды және корпорацияны ынталандыру;

жалдау және еңбек жағдайы.

Қазіргі Жапониядағы басқаруды американдық менеджеризм мен жапондық традиционализмнің қоспасы деп түсіну қажет. Сондықтан да мұнда «менеджмент» термині толық сай келеді. Жапондықтардың өзі де, басқару туралы әңгіме болғанда, осы терминді қолданады. Олар өздерін американдықтардың шәкірті ретінде есептей отырып, менеджменттің барлық белгілі тұжырымдамаларын мұқият зерттеді әрі өзіне сай етіп құра білді.

Жапонияда істі, өндірісті және басқаруды ұйымдастырудың жоғары деңгейі кімді болса да таң қалдырады. Жапон экономикасының жетістігі басқарудағы әлеуметтік - кәсіптік саланың қызметіне негізделген. Жапония өз экономикасын басқарудың бірегей жүйесі арқасында дамытты. Басқарудың табанды қағидалары нәтижесінде көздеген мақсатына жетіп отырды.

Тұтастай алғанда экономикалық стратегия төрт негізге сүйенеді: экономикалық ресурстарды жинау және консервілеу; елдің бәсеке қабілеттілігін жоғары деңгейде ұстау; адамдарды ғылыми-техникалық прогрестің талаптарына бейімделетіндей етіп баулу; ғылыми зерттеулер мен ізденістерді интенсивтендіру.

Жапондық фирмалар үш деңгейлік негізде ұйымдасқан. Жапондықтардың пікірінше, үш деңгейлік құрылым неғұрлым икемді, әрі бюрократтық қауіпке онша ұшырай қоймайды.

Фирма басшылығы - директорлар кеңесі - басқарудың жоғарғы деңгейі болып саналады. Оған сайланғандардың бәрі фирмада белгілі бір бөлімшелерді басқарады. Батыстан айырмашылығы, фирма директорларды сирек шақырады. Олар әдетте орта буынды басқарушы құрамнан шақырады, бірақ бұлардың жедел басшылық жасайтын тәжірибесі және жасы 50-ден асқан болуы тиіс. Орта буын басшының деңгейінде басқарудың бүкіл практикалық міндеттері шешіледі.

Жапондық корпорацияларда басқарудың ұйымдық құрылымы, әдетте функционалдық қағидамен: көлденең және тік байланыспен құрылған. Көпшілік жапондық компанияларда икемді құрылымдық схема бар.

Жапондық менеджмент ерекшелігі қызметшілерді басқару. Жапонияда жапондықтардың айтуы бойынша бір ғана байлық бар - ол адамдар. Тек соларға ғана сүйеніп, елдің билеуші топтары «кедергілер жарысында» жеңіске жете алады.

Басқарудың жапондық стилі - бірегей. Оған тән нәрсе - басқарудың Коноске Мацусити қағидасы. Басқарудың Мацусити стилі былайша сипатталады:

танысудың белсенділігі (фирманың барлық бөлімшелеріндегі істің жайы, ондағы барлық қызметтің жұмыс істеуі);

фирма жұмыскерлерінің кәсіптік шеберлігін үнемі жетілдіруіне күш салу;

бастаманы батыл көтермелеу;

болатын шешімдердің ең таңдаулысын іздестіру мақсатында менеджерлер арасындағы талқылауды жан-жақты қолдау.

Жапонияда қызметшілерді басқару нақтылы, көбінесе дәстүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Оның ең бастылары: жұмыскерлерді ұзақ мерзімге, өмір бойы жалдау, жасына қарай еңбек ақы төлеу және қызметін жоғарылату болып саналады. Осының арқасында жапондықтар ұзақ уақыт бойы жұмыссыздықты барынша азайтып отыр.

Жапондық корпорацияларға тән нәрсе – топтық жауапкершілік механизмін және басқалардың мақсатты тәсілдерінің бағдарламаларын белсенді пайдалану, ғылыми-зерттеу және жобалау-іздестіру, инвестициялық - құрылыс жобалары секілді міндеттерді шешу. Басқарудың барлық құрылымында топ маңызды ұйымдық элемент болып саналады. Жапондық басқару жүйесінде топтық ынталандыру және топтық жауапкершілік айқын сипат алады. Мұндай топтар ресми бөлімше, яғни ұйымның штаттық құрылымдық компоненттері ретінде ғана емес, бейресми, уақытша бөлімше, мәселен сапаны бақылайтын топ ретінде құрылуы мүмкін.

Жапонияда елдің көзінше сөгіс жариялау сирек қолданылады, өйткені олардың арына өшпес таңба қалдырады, сол себепті сөгістің ықпалы кемиді. Бұларда топтық ахуалға, психологиялық көңіл-күйге ерекше көңіл бөледі. Еңбек өнімділігінің жоғарылауы, немесе, керісінше, төмендеуі, ақаудың кемуі немесе артуы ұйымшылдықпен, жұмыс топтарының мүлтіксіз жұмыс істеуімен байланыстырылады. Бұл сапалар жұмыс тобы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасқа байланысты екендігі сөзсіз.

Жапон кәсіпорындарында жұмыс тобында 4-6, кейде одан көп жұмысшы істейді. Ең қолайлысы 10-20 адам болып саналады. Мұндай топта тығыз байланыс орнату, еңбек операцияларын бірлесіп орындау қамтамасыз етіледі.

Жапондықтарда ұжымдық еңбек әрекеті шағын топтардың күш-жігері арқылы қалыптасады. Бұл топтарға қажетті бағыт-бағдар беру үшін жапон фирмасында арнайы моральдық рух, басқаша айтқанда корпоративтік рух деген енгізілген.

Фирма басшылығы - директорлар кеңесі - басқарудың жоғарғы деңгейі болып саналады. Оған сайланғандардың бәрі фирмада белгілі бір бөлімшелерді басқарады. Батыстан айырмашылығы, фирма директорларды сирек шақырады, және басқарудың бүкіл практикалық міндеттері шешіледі.

Бүгінгі таңда туризм индустриясы экономикамыздың дамуының әлуетті және болашағы зор салаларының бірі болып танылып отыр. Туризм әлеуметтік – тұрмыстық инфрақұрылымның салааралық кешені ретінде әлемдік экономикада басты рөлді алады, әлемдік ұлттық өнімнің 1\10 бөлігін қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде әрбір он бесінші қызметкер туристік бизнесте жұмыс істейді. Туризм үлесіне әлемдік капиталдың шамамен жеті проценті, салық түсімдерінің бес проценті, тұтынушы шығындарының он бір проценті келеді. Бұл көрсеткіштер, әрине туризм индустриясының, оның ішінде, қонақ үй саласының жұмыс істеуіне тікелей экономикалық тиімділікпен сипатталады. Туризм тек қана экономикалық мағынаға ғана емес, сонымен мемлекетаралық байланыстардың әлеуметтік және мәдени дамуына ықпалын тигізіп, халықтың танымдық деңгейін көтереді.

Қазақстанның туризм саласында келесідей қайта құрулар орын алды: туристік қызметтердің жалпы көлемінде ішкі туризм көрсеткіштері өсуде, келу туризмінің көрсеткіштер динамикасы жыл сайын артуда, кету туризмінің көрсеткіштерінің үлесі тұрақталуда.

Қазақстандық туризмнің стратегиялық міндеті - туристік қызметтердің жалпы көлемінде келу туризмінің үлесін арттыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ЮНВТО: сквозь расстояния, сближая народы // Казахстанская правда, 6 октябрь, 2014 г.
2. Қазақстан – 2030. - Алматы, 2016.
3. 2015–2017 жылдарға арналған ШҚО –да туризмді дамытудың аймақтық бағдарламасы. - Өскемен, 2014.
4. Дурович А.П., Копанев А.С. Туризмдегі маркетинг. – Мн., 2015.
5. Папирян Г.А. Халықаралық экономикалық қатынастар. Туризм экономикасы. - М.,

2016.
6. Устенова О.Ж., Смыкова М.Р., Жунісбекова Б.Б. Туризм маркетингі. - Алматы, 2016.
7. Квартальнов В.А. Туризм: Білім беру мекемелеріне арналған оқу құралы. Ресей халықаралық туризм академиясы. - М., 2017.
8. Карпова Г.А. Қазіргі туризм экономикасы. - М., 2015.
9. Котлер Ф. Маркетинг. Қонақжайлылық және туризм. - М., 2000.
10. Ердавлетов С.Р. Қазақстан туризмінің жағрапиясы. - Алматы, 2016.

УДК 379.85

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Зәкиева А.Е.

Автор туралы мәліметтер. Закиева Ақерке Ерболызы - Қазақстан-Американдық еркін университетінің «Туризм» мамандығының студенті

Аннотация. Қазақстандағы туризмнің әлеуметтік-экономикалық дамуына назар аударатын бірқатар факторлар әсер етеді. Ең бастысы - мемлекеттің әлеуметтік саясаты, халықтың урбанизациясы, білім мен мәдениеттің өсуі, халықтың тұрмыс деңгейі мен табысы, сондай-ақ олардың туристік қызметі.

Түйін сөздер. Туризм, туризмді дамыту, экскурсия, экскурсиялық туризм, экономика және туризм.

Сведения об авторе. Зәкиева Ақерке Ерболқызы – студентка специальности «Туризм» Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. На социально-экономическое развитие туризма в Казахстане влияет ряд факторов, на которые необходимо обратить внимание. Основные из них - это социальная политика государства, урбанизация населения, рост образования и культуры, уровень жизни и доходы населения, а также их туристическая активность.

Ключевые слова. Туризм, развитие туризма, экскурсия, экскурсионный туризм, экономика и туризм.

About the author. Zakiyeva Akerke - undergraduate student of major “Tourism” at Kazakh American Free University.

Annotation. The socio-economic development of tourism in Kazakhstan is influenced by a number of factors that need attention. The main ones are the social policy of the state, the urbanization of the population, the growth of education and culture, the standard of living and incomes of the population, as well as their tourist activity.

Keywords. Tourism, tourism development, excursion, sightseeing tourism, economy and tourism.

Қазақстан туризмнің дамуына түрткі болған Президенттің бұл салаға басымды сала ретінде көңіл бөлуі. Үкімет тарапынан Қазақстан туризмінің және елдің бет-бейнесін жасауға байланысты шаралар болды.

2017 жылы туризмнен түскен пайда 151,6 миллиард теңгені құрады. Орналастыру орындарының саны 2000 – жетті.

Арнайы деректер бойынша 2016 жылы мемлекет тарапынан әкімдіктерге 553 млн. тг бөлінді. Оның ішінде ең жоғары қаражат Алматы облысына – 121 млн.тг бөлінген. Ал ең төмен қаражат Атырау және Қызылорда облыстарына – 4млн.тг шамасында бөлінген.

Туризмді дамыту үшін әлеуметтік-экономикалық фактордың ықпалы жоғары. Олардың ішінде маңыздысы: мемлекеттің әлеуметтік саясаты, жұмыстан бос уақыт, урбанизацияның өсуі, білім және мәдениеттің, орташа өмір сүрудің деңгейі, жылдық демалыс күндері мөлшері, халықтың өмір сүруінің деңгейі, табысы, туристік белсенділік жатады.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі қазіргі кезде туризмнің жаппай дамуын тежеп отыр. Қазақстандағы туризмнің даму бағыты экскурсиялық - туризмді ұйымдастырумен байланысты, яғни рухани – мәдени қажеттіліктен туындап отыр. Қазіргі кезде ТМД елдерінде туристерді тарту үлкен бәсекеге ие болып отыр. Көрші елдер Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Монголия туризмді дамытуға барлық күшін салуда және қазір Қазақстанды басып алуда.

Туризмдегі мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру туристік қызметті жүзеге асырудың өзгерген әлеуметтік-экономикалық жағдайларға толық жауап беретін мақсаттарына, қағидаттарына және міндеттеріне сай жаңа көзқарастарды талап етеді. Бүгінгі таңда атқарушы билік органдарымен туризм саласында әрекет ететін ұйымдардың арасындағы өзара іс-қимылды реттеудегі мемлекеттің ролін арттыру қажет. Саланы орталықтандырып басқару Қазақстан Республикасының дамыту және инвестиция және дамыту бойынша министрілігінің туризм индустриясы департаментіне жүктеледі. Туризмді кешенді дамытудың табысты іске асырылуын қамтамасыз ету саланы мемлекеттік басқару әдістерін дұрыс таңдауға тікелей байланысты. Анықталған мәселелерге байланысты шешімін табуға ұсыныстар жасап көрелік.

Бірінші мәселе, экскурсиялық туризмді дамытуға мемлекет тарапынан тиісті көңіл бөлінбегендігі. Яғни экскурсиялық іс-әрекетті орындау үшін мемлекет тарапынан арнайы құжат немесе стандарттардың болмау.

Екінші мәселе, еліміздегі туристік кәсіпорындары ішкі туризмге бағытталмаған, яғни 80% - ы сыртқы туризммен айналысады. Сондықтан да туристік кәсіпорындардың барлығына мемлекет тарапынан, ішкі туризмде кем дегенде бір бағыт болуын талап етілуі қажет.

Үшінші мәселе, экскурсиялық туризмге кәсіби мамандар дайындауда, нақтырақ айтатын болсақ «экскурсовод немесе гид» мамандарын дайындайтын мемлекеттік оқу – орындары немесе арнайы мемлекет тарапынан оқытатын курстар жоқ. Соның себебінен қарапайым халық және туристер тарапынан ішкі туризмге сенімсіздік пайда болды. Ал біз жоғары, сапалы қызметке бағытталуымыз қажет және туристерге Қазақстан туристік саласындағы қызметтер еуропалық қызметтен кем түспейтінін дәлелдеуіміз қажет

Төртіншіден, экскурсиялық туризмде жұмыс істейтін кадр тапшы. Сондықтан да жоғары курс студенттерін өндірістік тәжірибе өтуге шақыру және диплом алғаннан соң жұмыспен қамтамасыз етуге тырысу. Сонымен қатар бұл ел экономикасына оң ықпал етеді және жұмыссыздық та азаяды.

Бесіншіден, экскурсоводтардың білімін жетілдіретін, біліктілігін жоғарылататын семинарлар ұйымдастыруды туризм және индустрия департаменті қолға алуы қажет немесе жеке кәсіпорындарға семинарлар ұйымдастыруға лицензия беруі қажет.

Алтыншыдан, қазақ және ағылшын тілдерінде экскурсия жүргізетін экскурсоводтар жоқ болып отыр. Бұлда экскурсиялық туризмнің дамуына кері әсер етіп отыр. Өйткені талдауға қатысқан адамдардың 30%-ы шетелдік болып шықты және олар Астана бойынша ағылшын тілінде экскурсия ұсынатын мамандандырдың болмағанын сөз етті.

Жетіншіден, экскурсиялық нысандар жанында инфраструктура толық дамымаған. Бұрыннан туристер арасында танылып жүрген бағыттар бойынша инфраструктура қажетті деңгейде дамыған. Ал жаңа экскурсиялық бағыттар бойындағы нысандар жанында инфрақұрылым тиісті дамымаған, әлі де мемлекет тарапынан көңіл бөлуді қажет етеді.

Сегізіншіден, экскурсиялық туризмге қатысты тиісті стандарттардың болмауы. Сондықтан қазір елімізде арнайы тіркелмеген, экскурсия жүргізу талаптарын ұстанбайтын, тиісті оқу орнын бітірмеген мамандар, экскурсовод болып жүргендердің саны аз емес. Алайда талаптарға сай экскурсияның орындалмауына байланысты қарапайым халық арасында және туристер арасында экскурсиялық туризмге деген, жалпы туризмге деген сенімсіздік және сапасыздық түсінігі қалыптасқан;

Тоғызыншы, экскурсиялық туризмге, экскурсиялық нысандарға қажетті деңгейде жарнама жасалмайтындығын. Экскурсиялық туризмнен жетекші Еуропа елдерін алып қарақызшы, олардың әлемге танымал кино –фильмдерінің де астарында жасырын жарнама

жатыр. Бізге де сапалы жарнама жасауды қолға алу қажет.

Онынші, «Астана – Экспо 2017» көрмесіне қатысты Астана қаласы бойынша экскурсиялық маршруттар ұйымдастырылмаған. Егер Астана қаласы бойынша тез арада экскурсиялық маршруттар ұйымдастыруды қолға алмасақ, ел экономикасы келу туризмінен түсетін қыруар қаражаттан құр қалады. Сонымен қатар Қазақстан туризмі Азияда ойындарынан кейінгі дей күй кешеді.

Осы мәселелерді оңтайлы шешілуі біріншіден мемлекет тарапынан қолдау болуы, яғни мамандарды даярлауға ықпал ету, арнайы стандарттардың жүзеге асуы. Мысал ретінде айтатын болсақ менің халықаралық тәжірибені Түркия мемлекетінде өткенімнен бөлісу. Барлығымызға белгілі Түрік елі туризм дамуы бойынша әлде қашан алға шыққан. Халықаралық тәжірибені осы мемлекетте өту бағыты бұйырды. Бұл елде біздер трансферлік гид қызметінде жұмыс атқардық. Яғни біздің міндетіміз қонақтарды әуежайдан күтіп алып, қонақ үйлерге дейін аман – сау жеткізу және сол уақыт арасында туристерге келген ел жайлы баяндап, сонымен қатар кәсіпорын ұйымдастыратын экскурсияларды жарнамалау болды. Ал келесі күні олар кәсіпорын жіберген отель гидтерімен кездесіп, экскурсия сатып алады. Отель гиді оларды онлайн базаға енгізіп, экскурсия сатып алғанын растайтын ваучер береді. Ал экскурсияны «какард гиді», яғни тарихшы гид жүргізеді. Түрік мемлекетінің заңы бойынша экскурсияны Түрік мемлекетінің азаматтығы бар, тиісті тарихшы гид мамандығын бітіріп, сынақтардан өткен, тиісті біліктілігін растайтын құжаты бар азамат қана жүргізе алады. Тіпті қала ішінде «шолу» экскурсиясын жасау үшінде тарихшы гид болу қажет. Көп жағдайда туристер трансферлік гидтер жүргізетін шоп – турды уақытында, қаланың бір көрнекті жерінде тоқтап естелік суретке түсуін өтінеді. Ал егер дәл сол жерде жандарм (полицей) құжаттар тексере қалса кәсіпорынға айыппұл салады. Өйткені әр нысанның өзінің тарихы бар және оны тек тарихшы гид баяндауы қажет. Осы Түрік мемлекетінің моделін қолдана отырып елімізде экскурсиялық туризмді дамытуға болады. Сонда әрбір Қазақстан азаматы өз тарихын біле отырып экскурсиялық қызметті сапалы түрде жүзеге асыратын болады, болашақ тарихымыздың және туризм индустриясының дамуына қосатын үлесі мол болмақ.

ДТҰ-ның ұсынымдарын ескере отырып жүргізілген талдау мен қазіргі тәжірибенің негізінде, қазақстандық тур өнімнің екі базалық құрамдас бөлігін баса көрсетуге болады: Жібек жолы бойындағы танымдық туризм (зиярат ету және дәстүрлі) және онымен тығыз байланысты экскурсиялық туризм. Бұл ретте экскурсиялық туризм үшін Жібек жолы бағытымен өтетін ресурстары бар аймақтарды: Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарын атап өткен орынды. Баяндап болғаннан соны осы күнге дейін экскурсиялық туризм көрсетіліп жүрген аймақтар басымдықтарға сәйкес бірінші кезекте игерілетін мынадай аудандар мен тірек орталықтарында жүзеге асыруға болады:

1) Іле (Алматы қ., Түрген с, Есік қ., Талғар қ., Қаскелең қ., Ұзынағаш с, Қапшағай қ.).

2) Солтүстік Тянь-Шань (Кеген с, Нарынқол с, Жалаңаш с, Шонжы с, Көлжат с).

3) Жаркент-Талдықорған (Жаркент қ., Кектал с, Басши с, Текелі қ., Талдықорған қ., Жаркент-Арасан курорты)

4) Балқаш (Балқаш көлі, Балқаш өңірі с.)

5) Солтүстік Жоңғар (Достық, Алакөл көлінің маңы, Лепсі с., Лепсі өзенінің маңы, Жарбұлақ с, Көктұма с, Сарқант қ., Арасан-Қапал курорты).

6) Жамбыл (Тараз қ., Мерке с, Мойынқұм ауданы);

7) Түркістан (Түркістан қ., Тұрбат с, Отырар с, Шәуілдір с, Баба-ата с, Кентау қ., Шаян с.).

8) Сайрам-Шымкент (Шымкент қ., Сайрам с, Арыс қ., Шардара қ., Сарыағаш қ., Ленгер қ., Ванновка с).

9) Жоғары Бұқтырма (Қатон-Қарағай с, Беріл с, Рахманов бұлақтары курорты, Марқакөл көлінің маңы).

10) Маңғыстау (Фетисово с, Ақтау қ., Ералиев-Құрық а.п.).

Экскурсиялық туризмді дамыту, нақтырақ айтатын болсақ орталық азия аймағындағы ерекшелігін ескеру қажет. Жібек жолы және экскурсиялық туризм сегменттерінде шетелдік туристердің негізгі ағыны барлық көрсетілген аймақтың ішінде. Сөйтіп, қазақстандық өнім тек қана кешенді орталық азия турөнімінің құрамында тиімді ұсынылуы мүмкін, бұдан мынадай қорытынды шығады:

- Турөнімнің институционалдық элементтері үкіметаралық деңгейде келісілуі тиіс.
- Қазақстандық турөнім біздің аймақтағы көршілеріміздің турөнімдерінен (ең болмағанда баға / сапа қатынасында) кем түспеуі тиіс.

Қазақстандық туристік өнімнің ерекше белгісі оның сипатының маусымдығы болып табылады, бұл маусымнан басқа кезде нақты шаралар қабылдауды және туризмнің баламалы түрлерін дамытуды талап етеді. Атаулының барлығы да турфирманың қызмет көрсету барысында ескеріледі.

Туризм жағынан дамыған көпшілік елдерде туризмнен түскен жалпы табыстың 30-дан 50-ге дейінгі пайызын ішкі туристік нарық құрайды. Бұл ретте Қазақстанның болашағы зор. Сонымен бір мезгілде, қазіргі кезде экскурсиялық туризм негізінен бейберекет күйде екенін, ұйымдастырылмағандығы атап өткен жөн. Аздаған курорттар, санаторийлер және туристік базалар ғана жұмыс істеуде. Туризмнің осы түрін дамытуға тиісті көңіл бөлінбей отырғандықтан, мемлекеттің бюджеті қыруар соманы ала алмайды, инфрақұрылымның бұзылуы жалғасуда, табиғи, мәдени және тарихи ескерткіштердің экологиялық жай-күйіне орасан зор нұқсан келтірілуде. Демалу құқығын пайдалануда халықтың аз қамтылған бөлігі ретінде әлеуметтік көмек көрсетілетін оқушыларға, жастарға, зейнеткерлерге, мүгедектерге, соғыс және еңбек ардагерлеріне және өзге әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтарға саяхат жасау үшін жағдай жасау мақсатында мемлекет және мемлекеттік емес қорлардан, басқа да қайырымдылық ұйымдары мен әлеуметтік көмек көрсететін бюджеттен тыс қаржыландыру көздерінен қаражат бөлу арқылы әлеуметтік туризмді дамытудың экономикалық әлеуеті зор. Мемлекеттік және жергілікті басқару органдары шағын бизнес кәсіпорындарына, оның ішінде экскурсиялық туризм саласындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарға қолдау көрсету тәжірибесін жалғастыруы тиіс. Экскурсиялық туризмге қатысты қайырымдылық, жебеушілік және демеушілік көтермелеуі тиіс.

Қазақстан әлемде туристік бағытта әлі де болса белгісіз ел. Сондықтан да Қазақстанның туристік бейнесін көтеру үшін бірқатар кең көлемде шаралар қажет. Негізгі шаралардың бірі туристік фирмалар мен агентстволардың халықаралық туристік жәрмеңке, көрме конференция т.б. әлемдік деңгейдегі шараларға қатысуы және Қазақстан жерінде де өткізу; Қазақстанда Еуразияның қоғамдық және мәдениет орталығын жасау үшін экскурсиялық туризмді дамыту маңызды. Туризм саласында халықаралық ынтымақтастық жұмыстарын жүргізудің ЮНЕСКО және БЭСҰ бағдарламаларына қатысу, сондай-ақ көп жақты шет елдік мемлекеттермен келісім жасау қажет.

Туристік бет-бейнені қалыптастыру үшін туристік хабарлама орталықтарын ұйымдастыру, сондай-ақ шет елдердегі Қазақстан елшілігіндегі өкілетті тұлғаларды араластыру жұмыстарына көңіл бөлуі керек. Еліміздің туристік қуатын жарнамалауда ұлттық әуе қатынасын және басқа да транспорттық кәсіпорындарда пайдалана білу; шет елдерде Қазақстан туралы жоғары сапалы полиграфиялық үнтаспаларды уағыздау жұмысына көңіл бөлуі. Сонымен бірге Қазақстанда әлемдік деңгейде әр түрлі мәдениет, спорт, туристік шараларды өткізу қажет.

Бүкіл өркениетті дүние негізгі туристер ағынын өздеріне тартуға ұмтылуда, себебі туризм мемлекет бюджетінің кіріс бөлігін толықтырудың маңызды көздерінің бірі болып табылады. Сондықтан, Қазақстанға шетелдік туристер ағынын көбейту қажет. Осы мақсатта туристік ұйымдардың қызметін, мұның өзі бірінші кезекте, көлік құралдарының, орналастыру құралы, кадрлық қамтамасыз етудің жай - күйіне байланысты, келуші туризмді дамытуға қайта бағдарлау қажет.

Қазақстан Республикасында экскурсиялық туризмді дамыту жетістіктері келесідей:

- Экскурсиялық туризмді экономиканың табысты салаларының біріне айналдыруға;

- Республиканың туристік потенциалын дамытуға;
- Мәдениет тарихын және табиғи байлықтарымызды сақтау және ұтымды пайдалануға;
- Туристік ресурстарды барлық халықтық қол жеткізу мүмкіншілігіне көңіл бөлу, тұтынушыларды максималды қанағаттандыруға;
- Халықты ынталандыруға;
- Мемлекеттік және жеке меншіктік туризм сферасының тиімділігін арттыруға;
- Экскурсиялық туризмді жүзеге асыратын орта және шағын кәсіпкерлікті дамуы.

Осындай жетістіктерге жету экскурсиялық туризмді дамытуда жаңа экскурсиялық өнімнің ұсынылуымен сипатталады.

Туристік қызметке жасалған талдау көптеген турфирмалардың сыртқа шығу туризмімен айналысатындығын көрсетті, ал бұл бірінші кезекте, Қазақстаннан капиталдың жылыстауына әкеп соғады. Республика азаматтарының шетелге тауарлар сатып алу, оны кейіннен сату мақсатында баратын жол сапарлары бұрынғысынша бұқаралық сипат алып отыр, ал ішкі туризм жеткілікті дәрежеде дамымай отыр.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі туризм жағдайын талдау негізінде еліміздегі туризм индустриясының мәселелері анықталды. Дәлірек айтатын болсақ екінші бөлімде туризм индустриясындағы экскурсиялық туризмнің жағдайы қарастырылды, келесідей мәселелер анықталды:

- экскурсиялық туризмді дамытуға мемлекет тарапынан тиісті көңіл бөлінбеген;
- еліміздегі туристік кәсіпорындары ішкі туризмге бағытталмаған, 80% - ы сыртқы туризммен айналысады;
- экскурсиялық туризмге кәсіби маман дайындауда, нақтырақ айтатын болсақ «экскурсовод немесе гид» мамандарын дайындайтын мемлекеттік оқу – орындар немесе арнайы мемлекет тарапынан оқытатын курстар жоқ;
- экскурсиялық туризмде жұмыс істейтін кадр тапшы;
- экскурсоводтардың білімін жетілдіретін, біліктілігін жоғарылатын семинарлардың ұйымдастырылмай тындығы;
- қазақ және ағылшын тілдерінде экскурсия жүргізетін экскурсоводтар тапшы;
- экскурсиялық нысандар жанында инфраструктура толық дамымаған;
- экскурсиялық туризмге қатысты тиісті стандарттардың болмауы. Сондықтан қазір елімізде арнайы тіркелмеген, экскурсия жүргізу талаптарын ұстанбайтын, тиісті оқу орнын бітірмеген мамандар, экскурсовод болып жүргендер аз емес. Талаптарға сай экскурсияның орындалмауына байланысты қарапайым халық арасында және туристер арасында сенімсіздік және сапасыздық түсінігі қалыптасқан;
- экскурсиялық туризмге, экскурсиялық нысандарға қажетті деңгейде жарнама жасалмайтындығын;
- «Астана – Экспо 2017» көрмесіне қатысты Астана қаласы бойынша экскурсиялық маршруттар ұйымдастырылмаған;

Экскурсиялық туризмді дамыту үшін жоғарыда келтірілген мәселелерді келесі бөлімде ашып қарастырайық.

Экскурсиялық іс–халық арасында мәдени ағарту – жұмысының маңызды белгісі. Кейбір адамдар типі демалыс уақытында жағажайда жатқанды ұнатпайды. Олар үшін күні бойы күн астында қыздырынып жату ақылға қонымсыз. Ал екінші бір топ адамдары күн астында да қыздырынып, әлемді де танып көріп үлгергісі келеді. Бұл жерде көмекке әрине экскурсиялық туризмге жүгінеді. Көп адамдар тобы мәдени – танымдық мақсатта Еуропа, Азия және жақын Шығыс елдеріне барғанды ұнатады. Аз туристертер тобына экскурсия түрінде танымдық тур ұйымдастыруға болады. Музейлерге қазақ халқының әрқашан да қызығушылық жоғары болды, онымен таңдау аз болатын. Бірақ шекаралар ашылғаннан соң барлығы әлемде табиғи күйінде египеттік пирамидалар, Англиядағы сантехника тарихының музейі, Эйфель мұнарасы және Загребте галстуктар музейі, Венеция, ПРагадағы азаптау музейі, Америкадағы «Бостандық статуясы», Иерусалим, Амстердамдағы Сталинге ескерткіш орнатылған «Қызыл шамдар» алаңы барын білгенде таңқалды

және соның барлығын көруді мақсат етті. Отандастарымыз шетелдік кітап және альбомдар арқылы танылған сол бір әлемді тануға Еуропа елдеріне ұмтылды. Әсіресе бір экскурсияда бір емес, төрт – бес елден әсер алуды қалайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан–2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевты Қазақстан халқына Жолдауы. – 2014. 12 желтоқсан.
2. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызметі туралы» 2016 жылы 13 маусымдағы № 211 ҚР Заңы / Қазақстан Республикасының Парламент Жинағы, 2016. № 13 – 14.
3. Биржаков М.Б. Введение в туризм: Учебник. - СПб., 2015.
4. Ковалев Г.С., Манко А.И. Экскурсоведение. – М., 2016.
5. Байғонақов Д.С. Экскурсиялық іс. Алматы, 2015.
6. Бирюков Е.С. Развитие туризма и его влияние на экономику: Автореферат. - М., 2016.
7. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. – М., 2017.
8. Мацкевич В.М. Основы экскурсионного туризма. – М., 2015.

УДК 338.48 (574)

ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ерлан А.Е.

Автор туралы мәліметтер. Ерлан Айгерім Ерланқызы – С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті «Туризм» мамандығы студенті

Аннотация. Мақал туризм саласының қызмет жасауына арналған. Елімізде туризм саласын дамытуда қиындық тудыратын мәселелер анықталған. Бұл анықталған мәселелерді шешу жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер. Туризм, инфрақұрылым, бренд, кластер

Сведения об авторе. Ерлан Айгерім Ерланқызы – студентка специальности «Туризм» ВКГУ им. С. Аманжолова

Аннотация. Статья посвящена вопросам функционирования отрасли туризма. Определены основные проблемы, препятствующие развитию туризма в стране. Проделана попытка решения этих проблемных вопросов.

Ключевые слова. Туризм, инфраструктура, бренд, кластер

About the author. Yerlan Aigerim - undergraduate student of major “Tourism” at EKSU named after S. Amanzholov.

Annotation. The article is devoted to the functioning of the tourism industry. The main problem pripyatstvy development of tourism in the country. An attempt is made to solve these problematic issues.

Keywords. Keywords: tourism, infrastructure, brand, cluster

Туристік сала әлемдегі ең ірі және қарқынды дамып отырған салалардың бірі болып табылады. Дүниежүзілік туристік ұйым деректері бойынша 2014 жылы туризмге әлемдік ЖІӨ-нің 9%-ы, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің әлемдік экспортының 6%-ы тиесілі болды. Осы салада шамамен 100,9 млн. адам жұмыс істеуде, бұл ретте әлемдегі әрбір 11 жұмыс орны туризм саласында құрылады [1].

Туризм телекоммуникация және көлік, құрылыс, сауда, ауыл шаруашылығы және басқалар сияқты аралас салаларға ықпал ете отырып, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдеседі.

Туризм – кез-келген елдің экономикасында үш тиімді ықпалмен әсер етеді. Олар – шетелдік валюта ағынын көбейтеді, тұрғындарды еңбекпен қамтиды, мемлекет инфрақұ-

рылымын дамытуға ықпал етеді. Дүниежүзілік туристік ұйымның мәліметі бойынша, бір турист барған жерінде 1 мың АҚШ долларын тастап кетеді екен. Бұл ешбір өсімсіз, қайтарып берусіз елде қалған ақша.

Турист қаржысының 30%-ін қонақ үйде, 20%-ін көлікте, 35%-ін қоғамдық тамақтандыру орнында және 15%-ін басқа да қызмет көрсету (музей, көрме т.б) орындарында қалдырады.

Біздің еліміз Еуразия материгінің орталығында, Азия құрлығы мен Еуропа сынды алып елдерді біріктіретін жол тораптарында орын тапқан. Сондықтан тиімді географиялық орналасуы халықаралық туристік қарым-қатынастарды дамытуға мүмкіншілік тудырады.

Қазақстан бай туристік - рекреациялық әлеуетке ие бола отырып, туризмнің жеткілікті дамымауымен сипатталады. Оның ЖІӨ-дегі үлесі шамамен 0,9%-ды құрайды.

2017 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумның саяхат пен туризмнің бәсекеге қабілеттілігі индексіне сәйкес, Қазақстан 136 елдің арасында 81 орында тұр. 2015 жылмен салыстырғанда төрт позицияға жоғарылады. 2016 жылы ішкі саяхатта болғандар 9,6 млн адамды құраса, мемлекетімізге сапарлаған шетелдіктер 6,5 млн адам болған. Олардың 90 пайызы Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан секілді ТМД елдерінен болса, 10 пайызы Қытай, Түркия мен Иран және өзге мемлекеттердің азаматтары [2].

Дегенмен де, елімізде туризмді дамытуға қиындық тудыратын негізгі мәселелер жоқ емес.

Біріншіден, туризм орындарындағы инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті дамымауы, туристік объектілерге жету қиындығы, туристер демалатын жерлердегі сервис деңгейінің жоғары болмауы, жол бойы инфрақұрылым объектілері сервис сапасының және санының жеткілікті болмауы.

Бұл ретте «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жаңа экономикалық саясатының негізінде еліміздің автомобиль көлігі саласында 12 жоба (Батыс Еуропа – Батыс Қытай, Орталық – Оңтүстік, Орталық – Шығыс, Орталық – Батыс, Алматы – Өскемен, Астана – Петропавл, Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды, Жезқазған – Петропавл, Орал – Каменка, Үшарал - Достық, Жетібай - Жаңаөзен, Астананың оңтүстік-батыс айналмасы), теміржол көлігі саласында 2 жоба (Боржақты - Ерсай, Алматы – Шу) , су көлігі саласында 2 жоба (Құқық порты аумағында паром кешенін тұрғызу, «Хоргос – Шығыс қақпасы» АЭА), әуе көлігі саласында 1 жоба (Астана қаласы әуежайында жаңа терминал салу және әуежай кешенін қайта жаңарту) жүзеге асырылуда [3].

